Структура платформы. Был разработан удобный и функциональный интерфейс платформы. Далее представлен детальный анализ структуры платформы, элементы которой соответствуют принципам «третьего пространства». Основными вкладками, в которых реализуется идея проектного исследования, стали «Информационный контент», «Проекты» «Структура» (Рисунок 3):



Рисунок 3. Главная страница платформы «Научная и образовательная среда Digital Humanities»

Эти вкладки находятся в центре коллаборативного пространства, которые обеспечивают открытость, доступность, дидактический потенциал партнерских отношений. «Информационный контент» – это продукт вузовской академической теории, которая доступна ученикам и учителям-практикам, а «Проекты» – это продукт рефлексии учащихся и их школьных руководителей, который создан, благодаря полученной от вуза теоретической информации и методической поддержки. Оба раздела являются открытыми для комментирования, реализуя принцип открытости и гибридности «третьего пространства».

Во вкладке *«Информационный контент»* размещены информационные материалы по подготовке и реализации проектов в рамках концепции DH. Кроме того, в разделе имеются подробные инструкции по работе с сайтом, рекомендации по загрузке проектов. В разделе размещены два учебно-методических пособия, в которых доступным для школьников языком, подробно описаны алгоритмы по выполнению научного исследования. Блок «Информационный контент» содержит научно-публицистические статьи о направлении DH, научные статьи, посвященные проблемам проектной деятельности, методический материал, предназначенный для руководителей проектов и содержащий подробные инструкции и методические рекомендации по созданию школьных научных проектов. Обучающий и информационный контент создан и систематизирован на онлайн-платформе и обеспечивает открытость, доступность, образовательную функцию и коллаборативный потенциал платформы.

Раздел *«Проекты»* содержит готовые школьные проекты, выполненные по гуманитарным дисциплинам (язык и литература, история, география, обществознание, социология и др.) с применением инструментария цифровой гуманитаристики. Функционал платформы позволяет

без труда пройти регистрацию и внести на платформу материалы своего исследования. «Проекты» является цифровым архивом исследовательских проектов, выполненных с применением инструментов DH, к которым есть доступ у всех посетителей платформы. Под каждым проектом находится портал для комментирования, каждый может оставить отзыв на проект, предложить новые интересные идеи для его реализации, предложить коллаборацию. Раздел обеспечивает открытый доступ, масштабируемость коллаборации (привлеченные интересным проектом исследователи могут предложить продолжить исследование в другой плоскости или с применением других инструментов). Таким образом, открытое сотрудничество обеспечивает системность функционирования «третьего пространства», которое становится площадкой для накопления интеллектуального потенциала и его дальнейшего масштабирования.

Раздел *«Структура»* содержит карточки организаторов, рецензентов, тьюторов, которые позволяют учащимся и их школьным наставникам получить научную и методическую поддержку, тьюторское сопровождение реализации проекта на всех его этапах, экспертную оценку, ценные рекомендации и советы по усовершенствованию научно-исследовательской деятельности и конечного продукта. «Структура» проекта наглядно демонстрирует, как преодолеваются иерархические барьеры между академической наукой и школьной практикой, а роли внутри коллаборативной среды определяются функциональной значимостью.

Уникальный коллаборативный состав обеспечил трехуровневую систему наставничества научно-исследовательских проектов: школьный учитель, консультант-рецензент из числа преподавателей вуза, тьютор для школьника из числа студентов, магистрантов, докторантов, имеющих опыт в проектной деятельности, помогающий осуществлять исследование. Совместная работа тьюторов и школьников в горизонтальном сотрудничестве способствует развитию их коммуникативных навыков, которые положительно влияют на будущую профессиональную ориентацию школьников, будущую профессиональную реализацию студентов и магистрантов. Дополнительным стимулом для тьюторов в сопровождении школьного научного проекта предполагается возможность совместной публикации результатов исследования, в том числе в рейтинговых изданиях.

Трехуровневую систему наставничества более информативно можно представить в табличном формате (Таблица 1):

Таблица 1. Трехуровневая система наставничества

Функциональный статус наставничества	*Роль*	*Функция в коллаборативной среде*
Вуз (академическая стратегия)	Консультант-рецензент из числа преподавателей или ученых высшей школы	- выстраивает академическую и методологическую стратегию организации научного поиска; - направляет и дает консультации; - оценивает готовый научный продукт.
Вуз (техническое сопровождение)	Тьютор (студент, магистрант, докторант, имеющие опыт работы с инструментами DH)	- обеспечивает техническое сопровождение в работе с цифровыми инструментами; - помощь в сборе и аннотировании научных источников; - обеспечивает менеджмент научно-исследовательского проекта; - обеспечивает поддержку и мотивацию школьника.
Школа (практическая консультация)	Руководитель проекта (школьный учитель)	- обеспечивает практикоориентированность исследования; - обеспечивает связь исследования со школьной программой; - модерирует практический аспект исследования.

Таким образом, трехуровневая система наставничества представляет собой эффективный и непрерывный цикл, который обеспечивает синхронизированную поддержку школьника вузовской академической теорией, школьной практикой и тьюторским сопровождением.

Обучающий потенциал платформы заключается в: формировании у всех участников коллаборации цифровых компетенций; обмене опытом и знаниями между вузом и школой; накоплении массива исследовательских проектов, выполненных в рамках DH; развитии исследовательских навыков учащихся школы и их планомерного совершенствования.

Совершенствование цифровых компетенций участников коллаборации происходит за счет опыта пользования цифровыми инструментами и ресурсами. С одной стороны, умения работать с цифровой платформой, которые заключаются в способности зарегистрироваться, внести необходимые цифровые данные, выполнять навигацию по платформе, оставлять отзывы и т.д. С другой стороны – овладение цифровыми инструментами DH и способность их адекватного применения в исследовательских проектах, использование генеративных моделей ИИ для реализации научных исследований. В обоих случаях пользователи платформы имеют доступ к подробным руководствам и обучающим материалам, расположенным на платформе в формате инструкций работы с платформой, инструкций по загрузке проекта, методических рекомендаций по подготовке к проекту, двух учебных пособий по подготовке научно-исследовательского проекта.

Обучающий контент платформы отвечает принципам «третьего пространства» – открытости и доступности, гибкости (материалы доступны всем, вне зависимости от географических и временных рамок), инновационности, гибридности (успешной коллаборации нескольких видов знаний, в нашем случае школьного и вузовского). Обмен опытом и знаниями между школой и вузом происходит в рамках совместной работы над проектом. Здесь формируются не только устойчивые знания о подготовке, написании и реализации проекта, но и коммуникативные компетенции.

Накопленный массив выполненных и размещенных на платформе научно-исследовательских проектов служит знаниевой базой для посетителей платформы, которые, ориентируясь на готовые шаблоны, могут самостоятельно выполнять научно-исследовательскую работу, развивая навыки поисковой и исследовательской деятельности.

Научный потенциал платформы заключается в развитии методологии применения инструментов цифровой гуманитаристики и возможностей ИИ для осуществления научных исследований в гуманитарных науках. Цифровая гуманитаристика – новое, недостаточно разработанное и не до конца отрефлексированное направление в казахстанской науке. Перспектива развития этого направления во многом определяется курсом Казахстана на цифровизацию, который был обозначен в Послании президента народу Казахстана от 08 сентября 2025 года и в государственной программе «Цифровой Казахстан».

Инструменты цифровой гуманитаристики, наряду с возможностями искусственного интеллекта, становятся новым механизмом исследования как в гуманитарных науках в целом, так и для реализации частнонаучной методологии (например, в литературоведении, лингвистики, истории и др.). Стремительное развитие цифровых технологий и инструментов в науке и образовании открывает широкие возможности для инноваций в области гуманитарных исследований и становится импульсом для развития такой междисциплинарной методологии исследования как Digital Humanities.

В связи с этим следует отметить, что научные исследования, проводимые в рамках коллаборации «школа-вуз» обладают в казахстанской науке высокой степенью новизны и актуальности. А сама платформа становится флагманом в DH исследованиях в Казахстане.

Кроме того, исследования, проводимые в рамках коллаборации, позволят адаптировать инструменты Digital Humanities к специфике казахстанских научных исследований, например в исторических проектах, в исследовании культурного наследия и этнических и этнографических особенностей казахского народа, в изучении казахской латиницы. Будучи открытым ресурсом,

платформа «Научная и образовательная среда Digital Humanities» реализует принципы открытой науки. Все размещенные на платформе данные имеют открытый доступ для широкого круга исследователей, в том числе зарубежных.

Система рецензирования готовых научно-исследовательских проектов, выполненных в «третьем пространстве», позволяет судить о них как о соответствующих академическим стандартам. Этот факт делает возможным публиковать результаты исследований в научных изданиях, повышая публикационную активность участников проекта.

Заключение. Таким образом, проведенное исследование позволило сделать следующие выводы. В рамках исследования были определены научно-методические основы создания третьего пространства. Литературный обзор и обобщение опыта казахстанских и зарубежных исследователей в области сотрудничества между школой и вузом позволили наметить основные свойства «третьего пространства» – гибридность, открытость, гибкость, инновационность. Были описаны механизмы его создания и эксплуатации.

Среди наиболее эффективных и продуктивных форматов «третьего пространства» в исследовании была выбрана цифровая платформа. Этот формат отвечает требованиям времени, когда переход на цифровой формат обеспечивает доступность и открытость совместной работы, отвечая принципам открытой науки и открытого образования.

Главным результатом в рамках представленного исследования становится создание цифровой платформы «Научная и образовательная среда Digital Humanities», описана и обоснована ее структура, обучающий и научный потенциал. Представленная платформа соответствует принципам «третьего пространства»: гибридность, открытость, гибкость, инновационность. Соотнесем эти принципы «третьего пространства» с платформой «Научная и образовательная среда Digital Humanities»:

Таблица 2. Реализация принципов «третьего пространства» в платформе «Научная и образовательная среда Digital Humanities»

Принцип «третьего пространства»	*Реализация этого принципа в платформе «Научная и образовательная среда Digital Humanities»*
Гибридность	На платформе осуществляется коллаборация между двумя образовательными структурами – школой и вузом. Партнерство предполагает гибридизацию методов, подходов, инструментов в реализации научно-исследовательских проектов.
Открытость	Открытость платформы реализуется в возможности для всех пользователей неограниченного использования всех материалов, размещенных на платформе. Кроме того, существует возможность комментирования готовых проектов.
Гибкость	Гибкость платформы определяется ее форматом, который позволяет вступать в коллаборацию вне географических и временных рамок. Принцип гибкости реализуется и в партнерских отношениях состава коллаборативной среды, в которой отсутствует вертикальная иерархия. Все сотрудничество осуществляется в горизонтальной плоскости.
Инновационность	Инновационность платформы «Научная и образовательная среда Digital Humanities» обеспечивается современными тенденциями в образовании и науке – цифровизация, глобализация, применение возможностей ИИ.

На данный момент платформа «Научная и образовательная среда Digital Humanities» функционирует, ведется коллаборативная работа по подготовке научно-исследовательских проектов. В перспективе будет проведено исследование ее эффективности, результаты которого планируется опубликовать.

Благодарности. Исследование финансируется Министерством науки и высшего образования РК в рамках проекта по грантовому финансированию на 2024-2026 годы ИРН AP23489121 «Коллаборативная среда «школа-вуз»: реализация научных проектов в рамках концепции Digital Humanities».

Список использованной литературы:

Баклашова, Т.А. (2022). Тенденция гибридизации в практической подготовке будущих педагогов: международный опыт. Общество: социология, психология, педагогика, 8(100), 192–197. https://orcid.org/0000-0002-3038-6990

Бегалиева, С.Б., Тажибаева, У.М., Татимбетова, К.О., Сикимбаева, А.Б. (2025). Опыт построения совместной среды в организации педагогического образования в КазНУ и РУДН. Вестник Казахского национального педагогического университета имени Абая. Серия: Педагогические науки, 85(1), 76–87. https://doi.org/10.51889/2959-5762.2025.85.1.008

Синицына, Г.П. (2019). Стратегия партнёрского обучения: совместная учебная деятельность. Человек и наука: гуманитарные исследования, 2(36), 78–82. https://doi.org/10.17238/issn1998-5320.2019.36.78

Сошенко, И.И., Матова, О.А., Фролова, П.В. (2021). Обзор и анализ практик преемственности в организации проектной и исследовательской деятельности в образовательных учреждениях разных уровней: монография. Изд-во ТГПУ. https://park.tspu.ru/images/park/labs/PiDIO/02_%D0%9A%D0%BE%D0%BD%D1%84%D0%B5%D1%80%D0%B5%D0%BD%D1%86%D0%B8%D1%8F%202020%20%D0%B3%D0%BE%D0%B4%D0%B0.pdf

Шарифбаева, Х.Я., Абдурашидова, М.Ж. (2024). Интеграция в образование стратегий формирования STEM-компетенций: комплексный анализ от начальной до высшей школы. Экономика и социум, 1(116), 1673–1684. https://cyberleninka.ru/article/n/integrirovannie-v-obrazovanie-strategii-formirovaniya-stem-kompetentsiy-kompleksnyy-analiz-ot-nachalnoy-do-vysshey-shkoly.

Щетинина, А.И., Павлова, М.К., Цатрян, М.А. (2024). Партнёрство школы и вуза: анализ практик развития образовательных организаций зарубежных стран. Казанский педагогический журнал, 3–4(30), 86–102. https://doi.org/10.11621/KPJ-24-10

Akkerman, S.F., & Bakker, A. (2011). Boundary crossing and boundary objects. Review of Educational Research, 81(2), 132–169. https://doi.org/10.3102/0034654311404435

Begaliyeva, S., Shmakova, E., & Zhunisbayeva, A. (2025). Creation of a collaborative "school–university" environment to support research activities in schools. Education Sciences, 15(1), 100. https://doi.org/10.3390/educsci15010100

Bhabha, H.K. (1994). The third space (an interview). In Identity: Community, Culture, Difference, 207–221.

Decuypere, M., Grimaldi, E., & Landri, P. (2021). Introduction: Critical studies of digital education platforms. Critical Studies in Education, 62(1), 1–16. https://doi.org/10.1080/17508487.2020.1866050

de Jong, W.A., de Kleijn, R.A. M., Lockhorst, D., van Tartwijk, J. W. F., & Noordegraaf, M. (2025). Collaborative approaches: Studying horizontal and vertical working relations in schools and how they relate to collaborative-innovation practices. Scandinavian Journal of Educational Research, 69(2), 284–302. https://doi.org/10.1080/00313831.2023.2296898

Green, C.A., Tindall-Ford, S.K., & Eady, M.J. (2020). School-university partnerships in Australia: A systematic literature review. Asia-Pacific Journal of Teacher Education, 48(4), 403–435. https://doi.org/10.1080/1359866X.2019.1651822

Josué, A., Bedoya-Flores, M.C., Mosquera-Quiñonez, E.F., Mesías-Simisterra, Á.E., & Bautista-Sánchez, J. V. (2023). Educational platforms: Digital tools for the teaching-learning process in education. Ibero-American Journal of Education & Society Research, 3(1), 259–263. https://doi.org/10.56183/iberoeds.v3i1.626

Minett, R., Sau, J., & Gray, L. (2025). Building a new school–university partnership: Using theory of change methodology as a collaborative tool. School-University Partnerships, 1–19. https://doi.org/10.1108/SUP-07-2025-0038

Oldenburg, R. (2013). "The problem of place in America": From The Great Good Place (1989). In The Urban Design Reader, Routledge, 285–295. https://www.taylorfrancis.com/chapters/edit/10.4324/9780203094235-30/problem-place-america-ray-oldenburg

Oralbekova, A.K., & Zhunisbayeva, A.S. (2025). The impact of digital technologies on school–university coworking. Izvestiya. Series: Pedagogical Sciences, 77(2). https://doi.org/10.48371/PEDS.2025.77.2.020

Tatham-Fashanu, C. (2023). A third space pedagogy: Embracing complexity in a super-diverse, early childhood education setting. Pedagogy, Culture & Society, 31(4), 863–881. https://doi.org/10.1080/14681366.2021.1952295

Yergebekov, M., & Temirbekova, Z. (2012). The Bologna process and problems in higher education system of Kazakhstan. Procedia – Social and Behavioral Sciences, 47, 1473–1478. https://doi.org/10.1016/j.sbspro.2012.06.845

Zeichner, K.M. (2009). Changing the epistemology of teacher education. Teacher Education and Practice, 22(4), 488–491. https://eric.ed.gov/?id=EJ917434.

Zeichner, K.M. (2010). Rethinking the connections between campus courses and field experiences in college- and university-based teacher education. Journal of Teacher Education, 61(1–2), 89–99. https://doi.org/10.1177/0022487109347671

References:

Baklashova, T.A. (2022). Tendencija gibridizacii v prakticheskoj podgotovke budushhih pedagogov: mezhdunarodnyj opyt. Obshhestvo: sociologija, psihologija, pedagogika, 8(100), 192–197. https://orcid.org/0000-0002-3038-6990

Begalieva, S.B., Tazhibaeva, U.M., Tatimbetova, K.O., & Sikimbaeva, A.B. (2025). Opyt postroenija sovmestnoj sredy v organizacii pedagogicheskogo obrazovanija v KazNU i RUDN. Vestnik Kazahskogo nacional'nogo pedagogicheskogo universiteta imeni Abaja. Serija: Pedagogicheskie nauki, 85(1), 76–87. https://doi.org/10.51889/2959-5762.2025.85.1.008

Sinicyna, G.P. (2019). Strategija partnjorskogo obuchenija: sovmestnaja uchebnaja dejatel'nost'. Chelovek i nauka: gumanitarnye issledovanija, 2(36), 78–82. https://doi.org/10.17238/issn1998-5320.2019.36.78

Soshenko, I.I., Matova, O.A., & Frolova, P.V. (2021). Obzor i analiz praktik preemstvennosti v organizacii proektnoj i issledovatel'skoj dejatel'nosti v obrazovatel'nyh uchrezhdenijah raznyh urovnej: monografija. Изд-во ТГПУ. https://park.tspu.ru/images/park/labs/PiDIO/02_%D0%9A%D0%BE%D0%BD%D1%84%D0%B5%D1%80%D0%B5%D0%BD%D1%86%D0%B8%D1%8F%202020%20%D0%B3%D0%BE%D0%B4%D0%B0.pdf

Sharifbaeva, H.Ja., & Abdurashidova, M.Zh. (2024). Integracija v obrazovanie strategij formirovanija STEM-kompetencij: kompleksnyj analiz ot nachal'noj do vysshej shkoly. Jekonomika i socium, 1(116), 1673–1684. https://cyberleninka.ru/article/n/integrirovannie-v-obrazovanie-strategii-formirovaniya-stem-kompetentsiy-kompleksnyy-analiz-ot-nachalnoy-do-vysshey-shkoly.

Shhetinina, A.I., Pavlova, M.K., & Catrjan, M.A. (2024). Partnjorstvo shkoly i vuza: analiz praktik razvitija obrazovatel'nyh organizacij zarubezhnyh stran. Kazanskij pedagogicheskij zhurnal, 3–4(30), 86–102. https://doi.org/10.11621/KPJ-24-10

Akkerman, S.F., & Bakker, A. (2011). Boundary crossing and boundary objects. Review of Educational Research, 81(2), 132–169. https://doi.org/10.3102/0034654311404435

Begaliyeva, S., Shmakova, E., & Zhunisbayeva, A. (2025). Creation of a collaborative "school–university" environment to support research activities in schools. Education Sciences, 15(1), 100. https://doi.org/10.3390/educsci15010100

Bhabha, H. K. (1994). The third space (an interview). In Identity: Community, Culture, Difference, 207–221.

Decuypere, M., Grimaldi, E., & Landri, P. (2021). Introduction: Critical studies of digital education platforms. Critical Studies in Education, 62(1), 1–16. https://doi.org/10.1080/17508487.2020.1866050

de Jong, W.A., de Kleijn, R.A. M., Lockhorst, D., van Tartwijk, J.W.F., & Noordegraaf, M. (2025). Collaborative approaches: Studying horizontal and vertical working relations in schools and how they relate to collaborative-innovation practices. Scandinavian Journal of Educational Research, 69(2), 284–302. https://doi.org/10.1080/00313831.2023.2296898

Green, C.A., Tindall-Ford, S.K., & Eady, M.J. (2020). School-university partnerships in Australia: A systematic literature review. Asia-Pacific Journal of Teacher Education, 48(4), 403–435. https://doi.org/10.1080/1359866X.2019.1651822

Josué, A., Bedoya-Flores, M.C., Mosquera-Quiñonez, E.F., Mesías-Simisterra, Á.E., & Bautista-Sánchez, J.V. (2023). Educational platforms: Digital tools for the teaching-learning process in education. Ibero-American Journal of Education & Society Research, 3(1), 259–263. https://doi.org/10.56183/iberoeds.v3i1.626

Minett, R., Sau, J., & Gray, L. (2025). Building a new school–university partnership: Using theory of change methodology as a collaborative tool. School-University Partnerships, 1–19. https://doi.org/10.1108/SUP-07-2025-0038

Oldenburg, R. (2013). "The problem of place in America": From The Great Good Place (1989). In The Urban Design Reader, Routledge, 285–295. https://www.taylorfrancis.com/chapters/edit/10.4324/9780203094235-30/problem-place-america-ray-oldenburg

Oralbekova, A.K., & Zhunisbayeva, A.S. (2025). The impact of digital technologies on school–university coworking. Izvestiya. Series: Pedagogical Sciences, 77(2). https://doi.org/10.48371/PEDS.2025.77.2.020

Tatham-Fashanu, C. (2023). A third space pedagogy: Embracing complexity in a super-diverse, early childhood education setting. Pedagogy, Culture & Society, 31(4), 863–881. https://doi.org/10.1080/14681366.2021.1952295

Yergebekov, M., & Temirbekova, Z. (2012). The Bologna process and problems in higher education system of Kazakhstan. Procedia – Social and Behavioral Sciences, 47, 1473–1478. https://doi.org/10.1016/j.sbspro.2012.06.845

Zeichner, K. M. (2009). Changing the epistemology of teacher education. Teacher Education and Practice, 22(4), 488–491. https://eric.ed.gov/?id=EJ917434

Zeichner, K.M. (2010). Rethinking the connections between campus courses and field experiences in college- and university-based teacher education. Journal of Teacher Education, 61(1–2), 89–99. *https://doi.org/10.1177/0022487109347671*

ЖОҒАРЫ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫНАН КЕЙІНГІ БІЛІМ: МӘСЕЛЕЛЕР, ЖАҢАШЫЛДЫҚ, ДАМУ БОЛАШАҒЫ
ВУЗОВСКОЕ И ПОСЛЕВУЗОВСКОЕ ОБРАЗОВАНИЕ: ПРОБЛЕМЫ, ИННОВАЦИИ И ПЕРСПЕКТИВЫ

ҒТАХР 14.35.07 https://doi.org/10.51889/2959-5762.2026.91.3.004

М.А.Ермекбаева, [1] Абсатова М.А.,[1] Б.М.Нарбекова [1]*

[1]Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қ., Қазақстан

СТУДЕНТТЕРДІҢ ӨЗІНДІК БІЛІМ АЛУ МӘСЕЛЕСІ БОЙЫНША КӨЗҚАРАСТАРҒА ШОЛУ ЖӘНЕ ЖҮЙЕЛЕУ

Аңдатпа

Авторлар мақалада жаһандану, жасанды интеллект және цифрландыру дәуіріндегі студенттердің өзіндік білім алу мәселесінің теориялық, әдіснамалық және практикалық негіздерін жан-жақты қарастырады. «Өзіндік білім алу» ұғымының мәні мен мазмұнына ғылыми-педагогикалық , андрагогикалық және психологиялық тұрғыдан терең талдау жасалып, оның қазіргі жоғары білім беру жүйесіндегі орны мен стратегиялық маңызы айқындалады. Зерттеу барысында студенттердің өзіндік жұмысын ұйымдастырудың когнитивті - мотивациялық аспектілері, атап айтқанда , өзіндік білім алу құрылымы білім, іскерлік, дағдылар және метакогнитивті қабілеттердің өзара байланысынан тұратыны жан – жақты негізделеді. Заманауи ақпараттық – коммуникациялық ресурстарды дұрыс таңдау мен тиімді қолдану арқылы тұлғаның танымдық белсенділігін арттыру, академиялық дербестік пен кәсіби жауапкершілікті қалыптастыру жолдары сипатталады.

Мақалада өзіндік білім алу- бұл студенттің тұлғалық және кәсіби қалыптасуының негізгі факторы ретінде анықталады, тек ақпарат жинақтау емес, интеллектуалдық автономияны дамыту үдерісі екендігі дәлелденеді.

Қазіргі білім беру жүйесінде студенттің өзіндік жұмысын сапалы ұйымдастыру үшін тек дәстүрлі аудиториялық сағаттар жеткіліксіз. Осыған байланысты , заманауи цифрлық экожүйелер мен білім алушының ішкі мотивациялық жүйені біріктіретін жаңа әдістемелік модельдер әзірлеуге және өндіріске енгізу қажеттілігі туындайды.

Түйін сөздер: студенттердің өзіндік білім алуы, дербестік, мотивация, өзін-өзі реттеу, андрагогикалық қағидалар.

Ермекбаева М.А., [1] Абсатова М.А.,[1] Нарбекова Б.М.[1]*

[1]Казахский национальный педагогический университет имени Абая, г.Алматы, Казахстан

ОБЗОР И СИСТЕМАТИЗАЦИЯ ВЗГЛЯДОВ НА ПРОБЛЕМУ САМООБРАЗОВАНИЯ СТУДЕНТОВ

Аннотация

В статье авторы всесторонне рассматривают теоретические, методологические и практические основы проблемы самообразования студентов в эпоху глобализации и цифровизации. Проводится глубокий научно-педагогический, андрагогический и психологический анализ сущности и содержания понятия «самообразование», определяются его место и стратегическая значимость в современной системе высшего образования. В исследовании анализируются когнитивно-мотивационные аспекты организации самостоятельной работы студентов: структура самообразования рассматривается как взаимосвязь знаний, умений, навыков и метакогнитивных способностей, реализуемая через эффективный выбор информационных ресурсов. Описывается влияние этого процесса на повышение познавательной активности, формирование академической самостоятельности и ответственности.

Самообразование определяется как ключевой фактор личностного и профессионального становления студента, представляющий собой процесс развития интеллектуальной автономии. Предложены новые методические подходы, объединяющие цифровые экосистемы и внутреннюю мотивационную систему студента.

Ключевые слова: самообразование студентов, самостоятельность, мотивация, саморегуляция, андрагогические принципы.

Yermekbayeva M.,[1]* *Absatova M.,*[1] *Narbekova B.*[1]
[1]*Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan*

REVIEW AND SYSTEMATIZATION OF PERSPECTIVES ON THE PROBLEM OF STUDENT SELF-EDUCATION

Abstract

In this article, the authors provide a comprehensive examination of the theoretical, methodological, and practical foundations regarding the issue of student self-education in the era of globalization and digitalization. A profound scientific, pedagogical, and psychological analysis of the essence and content of "self-education" is conducted, defining its place and strategic significance within the modern higher education system. The study analyzes the cognitive-motivational aspects of organizing independent work, viewing its structure as an interconnection of knowledge, skills, abilities, and metacognitive capacities realized through the effective selection of digital information resources. The impact of this process on enhancing individual cognitive activity, academic independence, and responsibility is described. Self-education is identified as a key factor in personal and professional development, characterizing it not merely as knowledge accumulation, but as a process of developing intellectual autonomy.

New methodological models integrating digital ecosystems and internal student motivation are highlighted.

Keywords: student self-education, independence, motivation, self-regulation, andragogical principles.

Кіріспе. Қазіргі заманғы жаһандық білім беру кеңістігі мен жоғары кәсіби мектептің парадигмасы «өмір бойына жететін білім алудан» (education for life) «өмір бойы үздіксіз білім алуға» (lifelong learning) түбегейлі көшуді талап етіп отыр (ҚР «Білім туралы» Заңы, 2024).

Ақпараттық қоғамның қарқынды дамуы мен технократиялық өзгерістер жағдайында болашақ маманның кәсіби құзыреттілігі тек жоғары оқу орнында аудиториялық сабақтарда алған теориялық білімімен ғана шектелмейді. Бүгінгі таңда ғылыми және кәсіби ақпараттардың «жартылай ыдырау кезеңі» (ақпараттың моральдық тұрғыдан ескіру жылдамдығы) өте қысқа мерзімді құрайды, сондықтан студенттің функционалдық сауаттылығы, ақпаратты сыни тұрғыдан сүзгіден өткізу қабілеті және өз бетінше жаңа білімді игеру тетіктерін меңгеруі шешуші факторға айналуда.

Жоғары білім беру жүйесіндегі бұл өзгерістер тек академиялық ортаның ішкі сұранысы ғана емес, сонымен бірге жаһандық экономиканың сын-қатерлерінен туындап отыр. Бүгінгі таңда жұмыс берушілер дипломы бар маманнан гөрі, жаңа технологияларды жедел меңгере алатын, өз бетінше шешім қабылдайтын және дағдыларын үздіксіз жетілдіретін тұлғаларды жоғары бағалайды. Осы орайда, студенттердің өзіндік білім алу әлеуетін ашу тек педагогикалық міндет қамне, ұлттық бәсекеге қабілеттіліктің маңызды көрсеткіші болып табылады.

Бұл тұрғыда білім алушының ішкі әлеуетін ашу, оның танымдық қабілеттерін жүйелі түрде дамыту және кәсіби бағдарын айқындау жоғары оқу орындарының стратегиялық басымдықтарының қатарына кіреді. Себебі жаһандық еңбек нарығындағы бәсекелестік тек дипломның бар-жоғымен емес, маманның кәсіби икемділігімен, жаңа білімді өз бетінше меңгеру жылдамдығымен және сын тұрғысынан ойлау деңгейімен өлшенеді.

Бұл психологиялық-педагогикалық үдерісте Л.С.Выготскийдің дамыта оқыту теориясы, С.Л.Рубинштейннің іс-әрекет психологиясы мен М.Ноулздың андрагогикалық қағидаларына сәйкес, білім алушының субъектілігі, белсенділігі мен академиялық дербестігі кәсіби қалыптасудың іргетасы болып табылады.

Әлемдік еңбек нарығындағы күрделі өзгерістер мамандардан тұрақты түрде өз біліктілігін арттыруды, жаңа технологиялар мен әдістемелерді жедел игеруді талап етеді. Сондықтан студенттердің өзіндік білім алуы – тек оқу үдерісінің қосымша бөлігі емес, тұлғаның танымдық эволюциясына әсер етіп қана қоймай, оның когнитивтік икемділігін (cognitive flexibility) және кәсіби мобильділігін айқындайтын маңызды жүйелі үдеріс. Классикалық педагогика мен қазіргі заманғы жоғары мектептің басты мақсаты – студенттің жадына дайын ақпаратты толтыру емес, оның өздігінен іздену қабілетін дамыту, метакогнитивті дағдыларын жетілдіру және өзін-өзі басқару (self-regulated learning) құзыреттілігін қалыптастыру болып табылады. (Knowles, 1975; Vygotsky, 1978).

Лев Выготскийдің мәдени-тарихи теориясында оқыту процесі адамның психикалық дамуына озық сипатта ықпал етуі қажет екендігі баса көрсетілген. Яғни, жоғары оқу орнындағы білім беру барысында студент тек пассивті тыңдаушы немесе ақпаратты қабылдаушы емес, дербес ойланушы, жаңа мағыналарды құрастырушы субъект ретінде әрекет етуі тиіс. Ал Даниил Эльконин мен Василий Давыдовтың дамыта оқыту тұжырымдамасы оқушының немесе студенттің белсенді практикалық іс-әрекеті мен теориялық рефлексиялық ойлауын қалыптастыруға ерекше мән береді.

Осы тұрғыдан алғанда, білім алушының танымдық дербестігін арттыру бағытындағы педагогикалық үдеріс оның ішкі мотивациясымен, өзін-өзі бақылау және реттеу тетіктерімен тікелей байланысты келеді. Студент тек қажетті ақпаратты қабылдап қана қоймай, оны сыни тұрғыдан өңдеп, өз тәжірибесінде тиімді қолдана білуге тиіс.

Отандық және шетелдік педагогика тарихында бұл бағытта ауқымды зерттеулер жүргізілген. Исаак Лернер мен Михаил Скаткин өздігінен жұмыс істеу әдістері студенттің танымдық белсенділігін арттырып қана қоймай, оның шығармашылық әлеуетін ашатынын дәлелдеген. Сонымен қатар, американдық ғалым Джон Дьюи білім алуда тәжірибе мен прагматикалық іс-әрекеттің маңызын жоғары бағалап, «әрекет арқылы оқыту» (learning by doing) қағидасын негіздеді (Dewey, 1938).

Қазіргі кезеңде жаһандық білім беру кеңістігіндегі жасанды интеллект (AI) құралдары мен адаптивті оқыту платформаларының қарқынды дамуы студенттің өзіндік білім алу траекториясына тікелей әсер етуде. Бұл жағдай білім беру процесін дербестендіруге жол ашқанымен, студенттен жоғары деңгейдегі цифрлық сауаттылықты, ақпараттық гигиенаны және өзін-өзі реттеу қабілетін талап етеді. Студенттердің өзіндік жұмысын ұйымдастыру барысында кездесетін басты кедергілердің бірі – ақпараттың тым көп болуынан («ақпараттық шу») туындайтын бағдарсыздық. Осыған орай, заманауи университеттерде академиялық экожүйелерді жетілдіру арқылы студенттің өз бетінше білім алуына жағдай жасау мәселесі мемлекеттік деңгейде қолға алынып отыр.

Цифрлық трансформация мен жаһандану үдерістері университеттердің білім беру бағдарламаларын ғана емес, сонымен бірге студенттердің өзіндік білім алу әдістемелерін де түбегейлі жаңартуды талап етіп отыр. Ақпараттық технологиялардың кең таралуы білім алушыға шексіз деректер көздеріне қол жеткізуге мүмкіндік бергенімен, сол ақпараттардың ішінен маңыздысын таңдай білу, оларды сараптау және кәсіби мақсатта тиімді пайдалану сияқты метакогнитивті дағдыларды қалыптастыруды басты міндет етіп қояды.

Қазіргі кезеңдегі зерттеулер көрсеткендей, студенттердің өзіндік білім алуы бірнеше өзара тығыз байланысты құрамдас бөліктен (компоненттен) тұратын кешенді құрылымға ие. Оларға: мотивациялық-қажеттілік, когнитивтік, операциялық-іс-әрекеттік және рефлексивтік-бағалаушы компоненттер жатады. Бұл ретте жоғары оқу орны оқытушысының дәстүрлі бақылаушы-бағалаушы рөлінен біртіндеп фасилитатор, ментор және консультант рөліне көшуі заман талабы болып отыр. Сондықтан студенттердің өзіндік білім алуының теориялық-әдіснамалық негіздерін жан-жақты зерделеу, оның компоненттерін жүйелеу қазіргі жоғары білім беру жүйесінің ең өзекті міндеттерінің бірі болып табылады.

Бұл ретте оқытушы мен студент арасындағы субъект-субъектілік қатынастардың орнығуы, өзара сенім мен академиялық серіктестік атмосферасы білім алушының өзіндік білім алуға деген сенімділігін арттырады. Нәтижесінде, студент тек оқу бағдарламасын меңгеріп қана қоймай, өз бетінше дамуға қабілетті, бәсекеге қабілетті және кәсіби жауапкершілігі жоғары тұлға ретінде қалыптасады.

Материалдар мен әдістер. Зерттеу жұмысының мақсаты мен міндеттерін сапалы түрде іске асыру мақсатында отандық және шетелдік педагогикалық-психологиялық, ғылыми-әдістемелік еңбектер, мемлекеттік нормативтік құжаттар, цифрлық білім беру платформалары мен халықаралық ғылыми жарияланымдар кешенді түрде зерттелді. Зерттеудің әдіснамалық негізін жүйелілік тәсіл (system approach), іс-әрекеттік тәсіл (activity-based approach), тұлғаға бағдарланған тәсіл (person-centered approach) және синергетикалық қағидаттар құрайды.

Зерттеу барысында теориялық және эмпирикалық әдістердің кешенді жиынтығы қолданылды:

- *Контент-талдау (Content analysis):* Студенттердің өзіндік білім алуына қатысты қазақстандық және халықаралық ғылыми әдебиеттерге, түсіндірме сөздіктерге, философиялық, педагогикалық және психологиялық еңбектерге жүйелі шолу жасалып, ұғымның мазмұны мен эволюциясы талданды.

- *Салыстырмалы-педагогикалық талдау (Comparative analysis):* Әлемдік білім беру кеңістігіндегі (М.Ноулз, Б.Мейер, Л.Выготский ілімдері) өзіндік оқыту модельдері мен отандық университеттердегі студенттердің өзіндік жұмыстарын ұйымдастырудың озық тәжірибелері өзара салыстырылды.

- *Құрылымдық-функционалдық модельдеу (Structural-functional modeling):* Студенттердің өзіндік білім алу үдерісінің ішкі құрамдас компоненттері (мотивациялық, когнитивтік, ұйымдастырушылық, бағалау-рефлексивтік) айқындалып, оның кешенді теориялық моделі жасалды.

- *Эмпирикалық әдістер (Сауалнама, педагогикалық бақылау және сараптамалық бағалау):* Студенттердің өзіндік білім алуға деген дайындық деңгейін, кездесетін әдістемелік және психологиялық кедергілерін, ішкі мотивациялық ерекшеліктерін анықтау мақсатында жүйелі сауалнамалар ұйымдастырылып, алынған мәліметтерге статистикалық және сапалық талдау жасалды.

Эмпирикалық зерттеу жұмысы оқу жылы аралығында жүйелі түрде кезең-кезеңімен жүзеге асырылды. Сауалнама барысында респонденттердің жас ерекшеліктері, академиялық курс деңгейлері және педагогикалық бағдарламалардың ерекшеліктері қатаң ескеріліп, кездейсоқ іріктеу әдісі қолданылды. Алынған эмпирикалық мәліметтердің ғылыми шынайылығы мен статистикалық сенімділігін қамтамасыз ету мақсатында заманауи математикалық статистика әдістері, атап айтқанда корреляциялық талдау және пайыздық үлестірім көрсеткіштерін есептеу тетіктері толық пайдаланылды. Сонымен қатар, зерттеу барысында академиялық адалдық пен этикалық қағидаттар қатаң сақталып, қатысушылардың дербес деректерінің құпиялылығы толық қамтамасыз етілді. Кешенді түрде ұйымдастырылған бұл әдістемелік тәсіл студенттердің өзіндік білім алу үдерісіндегі нақты мәселелерін объективті түрде ашып көрсетуге мүмкіндік берді.

Бұл ретте қолданылған әдістер кешені тек констатациялаушы сипатпен шектелмей, білім алушылардың зияткерлік әлеуетін арттыруға бағытталған практикалық ұсынымдарды әзірлеуге негіз болды. Зерттеу барысында алынған нәтижелердің теориялық тұрғыдан негізделуі және әдіснамалық тұрғыдан жан-жақты пысықталуы жұмыстың сапалық көрсеткіштерін едәуір жоғарылатып, оның ғылыми құндылығын арттыра түсті.

Болашақта бұл зерттеу нәтижелерін жоғары оқу орындарының оқу үдерісіне, әсіресе кредиттік оқыту технологиясы мен гибридті білім беру платформаларына жүйелі түрде енгізуге болады. Авторлар ұсынған әдістемелік ұсынымдар болашақ мамандардың кәсіби құзыреттілігін дамытуға, олардың өз бетінше шешім қабылдау мен сын тұрғысынан ойлау қабілеттерін шыңдауға елеулі үлес қосады. Сонымен қатар, бұл жұмыс өзге де гуманитарлық және техникалық мамандықтар бойынша жүргізілетін ғылыми ізденістерге негіз бола алады. Сонымен бірге, ұсынылып отырған модель мен әдістемелік тәсілдер білім беру сапасын арттырудың тиімді құралы ретінде педагогтардың практикалық қызметінде тікелей қолданыс таба алады. Бұл өз кезегінде білім беру үдерісінің тиімділігін арттырады.

Нәтижелер және талқылау. Зерттеудің теориялық маңыздылығын ашу барысында ең алдымен «өзіндік білім алу» (self-education) мен «дербес оқу» (independent learning) ұғымдарының ғылыми-педагогикалық мәні нақтыланды. Педагогикалық энциклопедиялық сөздіктер мен заманауи зерттеулерде өзіндік білім алу — «адамның белгілі бір сала бойынша теориялық білімді, тәжірибелік іскерлік пен дағдыны оқытушының тұрақты тікелей араласуынсыз немесе жетекшілігінсіз, өз бетінше меңгеруге, тереңдетуге бағытталған жүйелі, саналы танымдық іс-әрекеті» ретінде сипатталады.

Қазақтың ұлы ағартушысы А.Байтұрсынұлы өз еңбектерінде білім алушының «өздігінен талпынуы», «ізденуі» мен «жан сезімін оятуы» оқу-тәрбие үдерісінің басты іргетасы екенін атап өткен (Байтұрсынұлы, 1991). Ал батыс педагогикасы мен гуманистикалық психологияда (М.Ноулз, К.Роджерс) бұл үдеріс андрагогикалық қағидаларға сүйенеді. Бұл тұжырымдама бойынша студент – өзін-өзі басқаратын, өз білімінің сапасы мен нәтижесі үшін толық дербес жауапкершілік көтеретін субъект ретінде қарастырылады (Knowles, 1975; Rogers, 1969). Психологиялық тұрғыдан бұл үдеріс тұлғаның ішкі уәжділік жүйесімен (motivation), ерік-жігерімен және өзін-өзі реттеу қабілетімен (Self-regulated learning) тығыз байланыста дамиды (Zimmerman, 2002).

Педагогикалық ғылымда өзіндік білім алудың атқаратын қызметтері (функциялары) аса маңызды. Атап айтқанда: бұған дейін аудиторияда алған білімдерін толықтырады, теориялық білімді практикамен ұштастырып тереңдетеді; базалық білім берудегі олқылықтардың немесе кемшіліктердің орнын жедел түрде толтырады; кәсіби қызметтің жеке стилі мен шығармашылық қабілеттің қалыптасуына тікелей ықпал етеді (Мыңбаева және Садвакасова, 2012). Белгілі педагог-ғалым Е.В.Бондаревская бұл қызметтерді экстенсивті, бағдарлаушы, компенсаторлық, өзін-өзі дамытушы, коммуникативті және психологиялық функциялармен толықтырып, тұлғаның үйлесімді дамуын қамтамасыз ететінін ата көрсетеді (Бондаревская, 1996).

Бұл функциялар жүйесі білім алушының заманауи қоғамдағы өзгерістерге тез бейімделуін, кәсіби тұлға ретінде үздіксіз жетілуін және зияткерлік әлеуетін толық іске асыруын қамтамасыз етеді.

Заманауи ғылыми көзқарастарды жүйелеу мақсатында төмендегі контент-талдау кестесі ұсынылады:

Кесте 1 - Ғалымдардың зерттеулеріндегі «студенттердің өзіндік білім алуы» ұғымының контент-талдауы (2009–2025 жж.)

№	*Автор*	*Анықтамасы*	*Әдебиеттер*
1	Bill Meyer және т.б.	Өзіндік білім алу – студенттің оқу үдерісіне жауапкершілікті өз мойнына алып, оқу мақсаттарын өзі анықтап, оқу әрекетін дербес басқаруы.	Meyer B., Haywood N., Sachdev D., Faraday S. (2008). Independent Learning: Literature Review, pp. 1–5.
2	John Dewey	Өзіндік білім алу – тәжірибе арқылы білімді меңгеруге және проблемаларды шешуге негізделген белсенді үдеріс.	Dewey J. (1938). Experience and Education. New York: Macmillan, pp. 25–35.
3	Carl Rogers	Өзіндік білім алу – студенттің ішкі мотивациясына және тұлғалық дамуына негізделген оқу процесі.	Rogers C. R. (1969). Freedom to Learn. Columbus, OH: Charles Merrill.
4	Лев Семёнович Выготский.	Өзіндік білім алу – әлеуметтік ортада қалыптасатын ішкі танымдық үдеріс.	Vygotsky L. S. (1978). Mind in Society. Cambridge: Harvard University Press, pp. 86–90.
5	Ян Амос Коменский	«Жақсы түсінілмеген нәрсені жаттауға мәжбүрлеуге болмайды».	Коменский Я.А. (1982). Великая дидактика. — М.: Педагогика, с. 159.
6	Константин Дмитриевич Ушинский	«Оқушының өз бетімен ойлай білуі — кез келген оқытудың басты мақсаты болуы тиіс».	Ушинский К.Д. (1988). Человек как предмет воспитания. М.: Педагогика, с. 112.
7	Петр Яковлевич Гальперин	Өзіндік білім алу – білімді кезең-кезеңмен меңгеру арқылы оқу әрекетін қалыптастыру үдерісі.	Гальперин П.Я. (1966). К теории поэтапного формирования умственных действий. М.: МГУ, с. 45–60.
8	Абдыгаппарова С.Б., Ахметова Г.К., Ибатуллин С.Р. және т.б.	Өзіндік білім алу – студенттің оқу әрекетін дербес ұйымдастыру қабілеті және кәсіби дамудың негізі.	Қазақстандық педагогикалық зерттеулер. (2023). №2, 15–20 б.
9	Кусаинов А.К., Булатбаева А.А. және т.б.	Өзіндік білім алу – құзыреттілікке бағытталған білім беру жүйесінде студенттің дербес оқу әрекетін қалыптастыру құралы.	Кусаинов А.К. және т.б. (2014). Эволюция теорий содержания образования. Педагогика, №1, 25–33 б.

Студенттердің өзіндік білім алу үдерісінің ішкі құрылымын талдай отырып, оның өзара тығыз байланысқан төрт негізгі компонентін атап көрсетуге болады:

- *Мотивациялық компонент:* Білім алуға, жаңа ақпаратты игеруге деген ішкі қажеттілік, танымдық қызығушылық және кәсіби өсуге ұмтылыс.
- *Когнитивті компонент:* Теориялық білім жүйесі, кәсіби ақпаратты сыни тұрғыдан өңдеу, талдау және синтездеу қабілеті.
- *Операциялық (ұйымдастырушылық) компонент:* Тайм-менеджментті меңгеру, ақпаратты іздеу әдістерін таңдау, оқу үдерісін жоспарлау және жүйелі түрде жүзеге асыру.
- *Рефлексивтік компонент:* Өз жұмысының нәтижелерін сыни тұрғыдан бағалау, туындаған қателерді түзету және өзін-өзі бақылау (метакогнитивті бақылау).

Бұл компоненттердің сипаттамасы мен өлшемдік көрсеткіштері келесі кетеде толық берілген:

Кесте 2- Студенттердің өзіндік білім алу іс-әрекетінің құрылымдық компоненттері

Компонент атауы	*Мазмұны мен сипаттамасы*	*Көрсеткіштері*
Мотивациялық	Білім алуға деген ішкі қажеттілік және кәсіби өсуге ұмтылыс.	Қызығушылық, мақсат қою, жетістікке ұмтылу.
Когнитивті	Базалық білім деңгейі және ақпаратты өңдеу қабілеті.	Теориялық білім, сыни ойлау, талдау дағдысы.
Ұйымдастырушылық	Оқу үдерісін өз бетінше жоспарлау және басқару.	Тайм-менеджмент, ресурстарды іріктеу, жүйелілік.
Бағалау-рефлексивті	Өз нәтижелерін талдау және түзету енгізу.	Өзін-өзі бағалау, қатемен жұмыс, метакогнитивті бақылау.

Зерттеу жұмысының эмпирикалық кезеңінде студенттердің өзіндік білім алу дағдылары мен компоненттерінің қалыптасу деңгейін анықтау мақсатында жүргізілген диагностикалық сауалнама нәтижелері төмендегідей визуалды диаграмма түрінде жинақталды:



1-сурет. Студенттердің өзіндік білім алу компоненттерінің қалыптасу деңгейінің диаграммасы

Алынған эмпирикалық нәтижелерді терең талқылай келе, студенттердің когнитивті (68%) және мотивациялық (58%) компоненттері салыстырмалы түрде қанағаттанарлық деңгейде болғанымен, ұйымдастырушылық (42%) және әсіресе рефлексивтік (35%) компоненттердің қалыптасу көрсеткіші айтарлықтай төмен деңгейде екендігі анықталды. Бұл жағдай қазіргі студенттердің ақпаратты табуға құштар болғанымен, өз уақытын дұрыс жоспарлауда (тайм-менеджмент), цифрлық ресурстарды әдістемелік тұрғыдан тиімді іріктеуде және өздерінің оқу әрекетіне рефлексия жасауда жүйелі педагогикалық көмекке, арнайы әдістемелік қолдауға мұқтаж екендігін көрсетті.

Заманауи жоғары мектептің басты міндеттерінің бірі — студенттің тек теориялық білімді меңгеріп қана қоюы емес, сол білімді практикалық қызметте шығармашылықпен қолдана білуін қамтамасыз ету. Бұл ретте өзіндік жұмыстың маңызы күн санап артып келеді. Өйткені жаһандық білім беру кеңістігіндегі бәсекелестік тек дипломмен емес, маманның кәсіби мобильділігімен, жаңашылдыққа ұмтылысымен және үздіксіз ізденіс қабілетімен өлшенеді.

Білім беру процесін дербестендіру жағдайында студенттің өзіндік білім алу траекториясын құруы оның тұлғалық және кәсіби эволюциясының іргетасы болып табылады. Оқытушы мен студент арасындағы субъект-субъектілік қатынастардың тереңдеуі білім алушының жауапкершілігін арттырады. Егер студент өз бетінше мақсат қойып, оған жету жолдарын жоспарлай алса, ол болашақта кез келген күрделі кәсіби мәселені шешуге қабілетті тұлғаға айналады. Бұл үдерісте академиялық экожүйенің, цифрлық платформалардың және заманауи педагогикалық технологиялардың атқарар рөлі ерекше.


Осы бағытты одан әрі тереңдете отырып, халықаралық тәжірибеде студенттердің дербестігін дамыту үшін академиялық менторинг институттары кеңінен қолданылатынын атап өткен жөн. Біздің жүргізген сараптамалық бағалауларымыз университеттік ортада студенттердің өзіндік жұмысына бөлінетін академиялық сағаттардың сапалық мазмұнын жаңарту қажеттілігін көрсетті. Егер оқытушы тек тапсырма беріп қоймай, студентке сол тапсырманы орындаудың метакогнитивті стратегияларын (жоспарлау, бақылау және бағалау кезеңдерін) бірге пысықтауға көмектессе, онда рефлексивтік компоненттің көрсеткішін едәуір арттыруға болады.

Тақырыпты жан – жақты зерделеу барысында айқындалған басты проблемалық аспект — студенттердің өзіндік жұмысты әлі де болса тек «оқытушы тарапынан берілген міндетті тапсырманы орындау» ретінде ғана қабылдауы, яғни сыртқы мотивацияның басым болуы. Шнайдер мен Цимерманның зерттеулері көрсеткендей, нағыз сапалы өзіндік білім алу тек ішкі мотивация мен дербес мақсат қоюшылыққа негізделген кезде ғана жоғары нәтиже береді. Осыған орай, жоғары оқу орнындағы оқыту үдерісін жетілдіру барысында оқытушының ұйымдастырушылық-бақылаушылық рөлінен фасилитаторлық, менторлық және бағыттаушылық сипатқа көшуі өте маңызды екендігі дәлелденді.

Дегенмен, практикалық зерттеулер көрсеткендей, студенттердің өзіндік жұмысын ұйымдастыруда бірқатар әдістемелік және психологиялық кедергілер жиі кездеседі. Атап айтқанда, ақпараттық ағынның тым көбеюі студенттердің бағдарсыз қалуына («ақпараттық шу»), уақытты дұрыс басқара алмауына және өз бетінше сапалы дереккөздерді іріктей алмауына әкеп соқтырады. Осы олқылықтардың орнын толтыру үшін жоғары оқу орындарында арнайы тренингтер ұйымдастырылып, метакогнитивті дағдыларды дамытуға бағытталған әдістемелік құралдар кеңінен қолданылуы тиіс.

Өзіндік білім алу мәдениетін қалыптастыру тек бір пәннің немесе бір оқытушының міндеті емес. Бұл — бүкіл университет қабырғасындағы білім беру үдерісінің жүйелі сипатын талап ететін кешенді мәселе. Осы орайда, кредиттік оқыту технологиясы мен қашықтықтан оқыту платформаларын тиімді үйлестіру арқылы студенттің академиялық еркіндігін кеңейту маңызды. Студенттерге өз бетінше таңдау жасауға, альтернативті курстарды оқуға және ғылыми-зерттеу жұмыстарына ерте бастан араласуға мүмкіндік беру қажет.

Бұл ретте халықаралық тәжірибе көрсетіп отырғандай, жобалық оқыту (Project-based learning) пен проблемалық оқыту (Problem-based learning) әдістері өзіндік білім алудың тиімділігін еселеп арттырады. Студент нақты бір өндірістік немесе ғылыми міндетті шешу барысында өздігінен әдебиеттерді іздеп, талдау жасап, тәжірибе жүзінде сынақтан өткізу арқылы терең білім алады. Мұндай тәсіл тек теориялық ақпаратты жаттауға емес, сыни тұрғыдан ойлауға және аналитикалық шешімдер қабылдауға негізделеді.



2 - сурет. Студенттердің өзіндік білім алуының құрылымдық-функционалдық моделі

Осы компоненттер негізінде студенттердің өзіндік білім алу моделін келесі кезектілікпен ұсынуға болады: мақсат қою; оқу әрекетін жоспарлау; ақпаратты іздеу және өңдеу; білімді меңгеру және қолдану; өзін-өзі бақылау және бағалау.

Сонымен қатар, өзіндік білім алудың тиімділігіне әсер ететін бірқатар факторларды атап өту қажет: оқу мотивациясының деңгейі; оқытушының кәсіби шеберлігі (Жұмабаева, 2015); білім беру ортасының сапасы; ақпараттық технологияларды пайдалану деңгейі. Бұл модель студенттің оқу процесіндегі белсенділігін арттырып, оның дербес тұлға ретінде қалыптасуына тікелей ықпал етеді.

Болашақ мамандарды даярлау сапасын арттыру мақсатында ұсынылып отырған теориялық және әдістемелік тұжырымдар жоғары оқу орындарының оқу жоспарларына, элективті пән каталогтарына және оқытушылардың жұмыс бағдарламаларына тікелей енгізіле алады. Бұл өз кезегінде отандық білім беру жүйесінің халықаралық стандарттарға сай дамуына, студенттердің өзіндік әлеуетін толық ашуына және еңбек нарығындағы бәсекеге қабілеттілігін арттыруға елеулі үлес қосады. Үздіксіз білім беру қағидаты заманауи мамандардың кәсіби өсуінің басты кепілі болып қала береді.

Қорытынды. Студенттердің өзіндік білім алу мәселесін теориялық және эмпирикалық тұрғыдан жан-жақты зерттеу нәтижесінде келесі тұжырымдар жасалды:

Өзіндік білім алу – бұл жай ғана ақпарат жинақтау немесе механикалық оқу үдерісі емес, тұлғаның интеллектуалдық дербестігін, сыни ойлауын, кәсіби құзыреттілігі мен шығармашылық әлеуетін жан-жақты дамытатын күрделі педагогикалық жүйе. Бұл үдеріс білім алушының ішкі әлеуетін ашып қана қоймай, оның кәсіби ортада еркін бағдар жасауына және жаңашыл шешімдер қабылдауына негіз қалайды.

Secondly, the review showed that AI has significant pedagogical potential, but its impact on students' digital competencies is ambiguous and depends on the conditions of use. Generative models and intelligent systems are indeed capable of supporting the development of analytical, data processing, critical thinking, and digital reflection skills, but only if there is a well-thought-out pedagogical design. Without methodological support, AI can lead to superficial learning, reduced cognitive effort, and the replacement of independent work with automated solutions. Thus, AI alone does not guarantee the development of digital competencies – the role of the teacher, the organization of the learning environment, and the ethical framework are critically important.

Thirdly, research emphasizes that the development of students' digital and AI competencies is impossible without the accompanying development of teachers' competencies. It is teachers who determine how AI will be integrated into the learning process, which tasks will develop digital literacy, and which, on the contrary, will contribute to dependence on automated prompts. Studies show that a lack of teacher training, insufficient institutional support, and the absence of strategic policies limit the educational impact of AI.

Fourth, learning analytics demonstrates high potential for the indirect development of digital competencies. Using learning activity data enhances self-regulation, the ability to interpret information, and analyze one's own learning strategies-key components of digital literacy. However, these benefits are realized only through adherence to ethical data processing standards, transparency of algorithms, and accessibility of analytical tools for students.

Fifth, the systematization of the results revealed a key research gap (GAP): most existing studies consider AI technologies as local tools, but rarely as a component of a holistic model for developing digital competencies at universities. Insufficient research has been conducted on:

- the long-term effects of AI use on the development of digital competencies;
- the impact of AI in different institutional and national contexts, especially in developing countries;
- the integration of AI into curricula and university strategy at the systemic level;

- the balance between automation and the development of human agency in learning.

Finally, the review's findings demonstrate that AI should be viewed not only as a technological innovation but also as a pedagogical transformation, requiring comprehensive changes – from teacher training to curriculum revisions and the formulation of ethical regulations. The pedagogical potential of artificial intelligence can significantly enhance the development of students' digital competencies, but realizing this potential requires a strategic, scientifically sound, and pedagogically sound approach.

Taken together, this study demonstrates that developing digital competencies in the AI era is a multi-layered process requiring interdisciplinary analysis, experimental verification, and institutional support. The findings can serve as a foundation for reforming educational programs, developing national policies for the digital transformation of higher education, and designing future research aimed at deeply understanding the role of AI in human capital development.

References:

Abdallah, N., Katmah, R., Khalaf, K., & Jelinek, H.F. (2025). Systematic review of ChatGPT in higher education: Navigating impact on learning, wellbeing, and collaboration. Social Sciences & Humanities Open, 12, 101866. https://doi.org/10.1016/j.ssaho.2025.101866

Al-Abdullatif, A.M., & Alsubaie, M.A. (2024). ChatGPT in learning: Assessing students' use intentions through the lens of perceived value and the influence of AI literacy. Behavioral Sciences, 14(9), 845. https://doi.org/10.3390/bs14090845

Baskara, F.R. (2025). Conceptualizing digital literacy for the AI era: A framework for preparing students in an AI-driven world. Data and Metadata, 4, 530. https://doi.org/10.56294/dm2025530

Biagini, G. (2025). Towards an AI-literate future: A systematic literature review exploring education, ethics, and applications. International Journal of Artificial Intelligence in Education, 35(4), 2616–2666. https://doi.org/10.1007/s40593-025-00466-w

Ciampa, K., Wolfe, Z.M., & Bronstein, B. (2023). ChatGPT in education: Transforming digital literacy practices. Journal of Adolescent & Adult Literacy, 67(3), 186–195. https://doi.org/10.1002/jaal.1310

Honigsberg, S., Watkowski, L., & Drechsler, A. (2025). Generative artificial intelligence in higher education: Mediating learning for literacy development. Communications of the Association for Information Systems, 56, 1044–1076. https://doi.org/10.17705/1CAIS.05640

Hwang, H.S., Zhu, L.C., & Cui, Q. (2023). Development and validation of a digital literacy scale in the artificial intelligence era for college students. KSII Transactions on Internet and Information Systems, 17(8), 2241–2258. https://doi.org/10.3837/tiis.2023.08.016

Kleimola, R., & Leppisaari, I. (2022). Learning analytics to develop future competences in higher education: A case study. International Journal of Educational Technology in Higher Education, 19, 17. https://doi.org/10.1186/s41239-022-00318-w

Klimova, B., Bachmann, P., & Frutos-Bencze, D. (2025). The use of ChatGPT in academia: Perspectives of higher education students. Cogent Education, 12(1), 2508216. https://doi.org/10.1080/2331186X.2025.2508216

Laupichler, M.C., Aster, A., Schirch, J., & Raupach, T. (2022). Artificial intelligence literacy in higher and adult education: A scoping literature review. Computers and Education: Artificial Intelligence, 3, 100101. https://doi.org/10.1016/j.caeai.2022.100101

Mah, D.K., Knoth, N., & Egloffstein, M. (2025). Perspectives of academic staff on artificial intelligence in higher education: Exploring areas of relevance. Frontiers in Education, 10, 1484904. https://doi.org/10.3389/feduc.2025.1484904

Ng, D.T.K., Leung, J.K.L., Su, J., Ng, R.C.W., & Chu, S.K.W. (2023). Teachers' AI digital competencies and twenty-first century skills in the post-pandemic world. Educational Technology Research and Development, 71(1), 137–161. https://doi.org/10.1007/s11423-023-10203-6

Rajki, Z., Dringó-Horváth, I., & Nagy, J. T. (2025). Artificial intelligence in higher education: Students' artificial intelligence use and its influencing factors. Journal of University Teaching and Learning Practice, 22(2). https://doi.org/10.53761/j0rebh67

Ravšelj, D., Keržič, D., Tomaževič, N., Umek, L., Brezovar, N., & Iahad, N. A. (2025). Higher education students' perceptions of ChatGPT: A global study of early reactions. PLOS ONE, 20(2), e0315011. https://doi.org/10.1371/journal.pone.0315011

Schei, O.M., Møgelvang, A., & Ludvigsen, K. (2024). Perceptions and use of AI chatbots among students in higher education: A scoping review of empirical studies. Education Sciences, 14(8), 922. https://doi.org/10.3390/educsci14080922

Strutynska, O.V., Torbin, G.M., Umryk, M.A., & Vernydub, R.M. (2021). Digitalization of the educational process for the training of the pre-service teachers. CTE Workshop Proceedings, 8, 179–199. https://doi.org/10.55056/cte.231

Tsai, Y.-S., Rates, D., Moreno-Marcos, P.M., Muñoz-Merino, P.J., Jivet, I., Scheffel, M., Drachsler, H., Delgado Kloos, C., & Gašević, D. (2020). Learning analytics in European higher education—Trends and barriers. Computers & Education, 155, 103933. https://doi.org/10.1016/j.compedu.2020.103933

Wang, J., & Fan, W. (2025). The effect of ChatGPT on students' learning performance, learning perception, and higher-order thinking: Insights from a meta-analysis. Humanities and Social Sciences Communications, 12, 621. https://doi.org/10.1057/s41599-025-04787-y

Xiao, J., Alibakhshi, G., Zamanpour, A., Zarei, M.A., Sherafat, S., & Behzadpoor, S.-F. (2024). How AI literacy affects students' educational attainment in online learning: Testing a structural equation model in higher education context. The International Review of Research in Open and Distributed Learning, 25(3), 179–198. https://doi.org/10.19173/irrodl.v25i3.7720

Yang, Y., Zhang, Y., Sun, D., He, W., & Wei, Y. (2025). Navigating the landscape of AI literacy education: Insights from a decade of research (2014–2024). Humanities and Social Sciences Communications, 12, 374. https://doi.org/10.1057/s41599-025-04583-8

ҒТАХР 14.07.09 https://doi.org/10.51889/2959-5762.2026.91.3.007

С.Б.Коянбекова,[1] Б.Р.Оспанова[2]*

[1]Алматы технологиялық университеті, Алматы қ., Қазақстан
[2]Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті, Алматы қ., Қазақстан

ЦИФРЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ НЕГІЗІНДЕ СТУДЕНТТЕРГЕ ҚАЗАҚ ТІЛІН ИНТЕГРАЦИЯЛЫҚ ОҚЫТУДЫҢ СИНЕРГЕТИКАЛЫҚ МОДЕЛІ

Аңдатпа

Мақалада цифрлық білім беру технологияларын қолдану негізінде қазақ тілі экспрессивтік стилистикасын интеграциялық оқытудың ғылыми-әдіснамалық негіздері қарастырылады. Зерттеудің мақсаты – цифрлық білім беру технологиялары жағдайында қазақ тілі экспрессивтік стилистикасын пәнаралық консолидациялау нәтижелерін синергетикалық модельдеудің қажеттілігі мен мүмкіндіктерін анықтау. Зерттеу барысында ғылыми әдебиеттерді талдау, салыстыру, жүйелеу, модельдеу, индукция, дедукция және синергетикалық тәсіл қолданылды. Қазақ тілі экспрессивтік стилистикасын оқытудың интеграциялық парадигмалары жүйеленіп, тілдік құбылыстардың цифрлық білім беру ортасындағы өзара байланысы талданды. Интерактивті оқыту әдістері, мультимедиялық ресурстар, цифрлық платформалар және жасанды интеллект мүмкіндіктерін пайдалану арқылы білім алушылардың тілдік, коммуникативтік және цифрлық құзыреттерін дамыту жолдары айқындалды. Зерттеу нәтижесінде қазақ тілінің экспрессивтік стилистикасын цифрлық білім беру технологиялары негізінде интеграциялық оқытудың синергетикалық моделі әзірленіп, оның құрылымдық компоненттері, педагогикалық шарттары және ғылыми-әдістемелік негіздері ұсынылды. Ұсынылған модель білім алушылардың танымдық белсенділігін арттыруға, пәнаралық байланысты күшейтуге, коммуникативтік құзыреттілігін дамытуға және қазақ тілін оқытудың тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді.

Түйін сөздер: педагогика, заманауи білім, қазақ тілі, цифрлық технология, пәнаралық консолидация, интеграциялық оқыту.

Коянбекова С.Б.,[1] Оспанова Б.Р.[2]*

[1]Алматинский технологический университет, г.Алматы, Казахстан
[2]Казахский национальный аграрный исследовательский университет, г.Алматы, Казахстан

СИНЕРГЕТИЧЕСКАЯ МОДЕЛЬ ИНТЕГРИРОВАННОГО ОБУЧЕНИЯ СТУДЕНТОВ КАЗАХСКОМУ ЯЗЫКУ С ИСПОЛЬЗОВАНИЕМ ЦИФРОВЫХ ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫХ ТЕХНОЛОГИЙ

Аннотация

В статье рассматриваются научно-методологические основы интегрированного обучения выразительной стилистике казахского языка на основе применения цифровых образовательных технологий. Цель исследования заключается в определении необходимости и возможностей синергетического моделирования результатов междисциплинарной консолидации выразительной стилистики казахского языка в условиях цифровых образовательных технологий. В ходе исследования использованы методы анализа научной литературы, сравнения,

систематизации, моделирования, индукции, дедукции и синергетический подход. Систематизированы интеграционные парадигмы обучения выразительной стилистике казахского языка, проанализирована взаимосвязь языковых явлений в цифровой образовательной среде. Определены возможности развития языковой, коммуникативной и цифровой компетентностей обучающихся посредством использования интерактивных методов обучения, мультимедийных ресурсов, цифровых платформ и технологий искусственного интеллекта. В результате исследования разработана синергетическая модель интегрированного обучения выразительной стилистике казахского языка на основе цифровых образовательных технологий, представлены ее структурные компоненты, педагогические условия и научно-методические основы. Предложенная модель способствует повышению познавательной активности обучающихся, укреплению междисциплинарных связей, развитию коммуникативной компетентности и повышению эффективности обучения казахскому языку.

Ключевые слова: педагогика, современное образование, казахский язык, цифровые технологии, междисциплинарная консолидация, интеграционное обучение.

Koyanbekova S.,[1*] *Ospanova B.* [2]
[1] *Almaty Technological University, Almaty, Kazakhstan*
[2] *Kazakh National Agrarian Research University, Almaty, Kazakhstan*

A SYNERGETIC MODEL OF INTEGRATED KAZAKH LANGUAGE EDUCATION FOR UNIVERSITY STUDENTS USING DIGITAL EDUCATIONAL TECHNOLOGIES

Abstract

The article examines the scientific and methodological foundations of integrated teaching of the expressive stylistics of the Kazakh language based on the application of digital educational technologies. The aim of the study is to determine the necessity and possibilities of synergetic modeling of the results of the interdisciplinary consolidation of the expressive stylistics of the Kazakh language in the context of digital educational technologies. The research employed methods of scientific literature analysis, comparison, systematization, modeling, induction, deduction, and the synergetic approach. The study systematizes the integrative paradigms for teaching the expressive stylistics of the Kazakh language and analyzes the interrelationships of linguistic phenomena within the digital educational environment. The possibilities for developing students' linguistic, communicative, and digital competencies through the use of interactive teaching methods, multimedia resources, digital platforms, and artificial intelligence technologies are identified. As a result, a synergetic model of integrated teaching of the expressive stylistics of the Kazakh language based on digital educational technologies was developed, and its structural components, pedagogical conditions, and scientific and methodological foundations are presented. The proposed model contributes to enhancing students' cognitive activity, strengthening interdisciplinary connections, developing communicative competence, and improving the effectiveness of teaching the Kazakh language.

Keywords: pedagogy, modern education, kazakh language, digital technologies, interdisciplinary consolidation, integration training.

Кіріспе. Қазіргі кезеңде білім беру жүйесін цифрландыру педагогика ғылымының басым бағыттарының біріне айналып отыр. Цифрлық білім беру технологиялары оқытудың мазмұнын, әдістерін және ұйымдастыру формаларын жаңартып, білім алушылардың танымдық белсенділігін, шығармашылық әлеуетін және цифрлық құзыреттерін дамытуға жағдай жасайды. Білім беру кеңістігіндегі мұндай өзгерістер оқу үдерісін дәстүрлі ақпарат беру шеңберінен шығарып, білім алушының өздігінен ізденуіне, ақпаратты талдауына, оны тәжірибеде қолдануына және әртүрлі коммуникативтік ортада еркін әрекет етуіне мүмкіндік береді. Осыған байланысты педагогикада пәнаралық ықпалдастыққа негізделген интеграциялық оқыту тәсілдерін ғылыми-әдіснамалық тұрғыдан негіздеу өзекті мәселе ретінде қарастырылады.

Қазақ тілін студенттеге оқытуда интеграциялық тәсілді қолдану тілдік білімді жеке пәндік шеңберде ғана емес, әдебиеттану, мәдениеттану, когнитивтік лингвистика, психология, педагогика және цифрлық технологиялармен өзара байланыста меңгертуге жол ашады. Мұндай бағыт білім алушылардың тілдік құбылыстарды кешенді қабылдауына, мәтіннің мазмұндық және стильдік ерекшеліктерін терең түсінуіне, сондай-ақ тілдік бірліктерді нақты қарым-қатынас жағдаяттарында орынды қолдануына ықпал етеді. Әсіресе қазақ тілі экспрессивтік стилистикасын цифрлық білім беру технологияларымен ұштастыра оқыту тілдің эмоциялық-экспрессивтік, прагматикалық және коммуникативтік қызметтерін жүйелі меңгертудің тиімді жолдарының бірі болып табылады.

Экспрессивтік стилистика тілдік тұлғаның сөзді бейнелі, әсерлі және мағыналық реңкімен қолдану қабілетін қалыптастыруда маңызды орын алады. Бұл салада метафора, эпитет, теңеу, инверсия, бағалауыштық құрылымдар, эмоциялық бояуы бар тілдік бірліктер сияқты құралдар мәтіннің көркемдік, прагматикалық және коммуникативтік әсерін күшейтеді. Алайда аталған тілдік құралдарды тек теориялық сипатта түсіндіру білім алушының оларды толық меңгеруіне жеткіліксіз. Сондықтан экспрессивтік стилистиканы мультимедиялық мәтіндер, интерактивті тапсырмалар, цифрлық платформалар, онлайн талдау құралдары және жасанды интеллект мүмкіндіктері арқылы оқыту қазіргі білім беру талабына сәйкес келеді.

Соңғы жылдары цифрлық білім беру ресурстары, мультимедиялық платформалар және жасанды интеллект технологиялары оқу үдерісінің ажырамас бөлігіне айналды. Дегенмен қазақ тілі экспрессивтік стилистикасын цифрлық білім беру технологиялары негізінде интеграциялық оқытудың ғылыми-әдіснамалық негіздері мен синергетикалық моделін қалыптастыру мәселесі әлі де жеткілікті деңгейде жүйеленбеген. Көп жағдайда цифрлық құралдар арқылы оқытуда қосымша ресурс ретінде ғана қарастырылып, олардың тілдік тұлғаны қалыптастырудағы, мәтінді экспрессивтік тұрғыдан талдаудағы, пәнаралық байланысты күшейтудегі және білім алушының коммуникативтік құзыреттілігін дамытудағы мүмкіндіктері толық ашылмай келеді. Осы жағдай қазақ тілін оқытуда экспрессивтік стилистиканы цифрлық ортада меңгертудің ғылыми-әдіснамалық негіздерін нақтылауды және оны синергетикалық модель арқылы жүйелеуді қажет етеді.

Зерттеу мәселесінің өзектілігі қазақ тілінің экспрессивтік стилистикасын студенттерге оқытудағы дәстүрлі әдістер мен цифрлық білім беру ортасының мүмкіндіктері арасындағы байланысты ғылыми тұрғыдан негіздеу қажеттілігінен туындайды. Бір жағынан, қазіргі білім беру жүйесі білім алушыдан цифрлық сауаттылықты, шығармашылық ойлауды және коммуникативтік икемділікті талап етеді. Екінші жағынан, қазақ тілін оқытуда экспрессивтік стилистиканың пәнаралық сипаты мен цифрлық технологиялар арқылы меңгерту жолдары толық әдістемелік жүйеге түсе қойған жоқ. Осы қарама-қайшылық зерттеу тақырыбының ғылыми маңызын айқындайды.

Зерттеудің мақсаты – цифрлық білім беру технологиялары негізінде студенттерге қазақ тілі экспрессивтік стилистикасын интеграциялық оқытудың синергетикалық моделін әзірлеудің ғылыми-әдіснамалық негіздерін айқындау.

Зерттеу мақсатына сәйкес төмендегідей міндеттер қойылды:

– студенттерге интеграциялық оқыту парадигмасында қазақ тілі экспрессивтік стилистикасын меңгертудің цифрлық әдістері мен құралдарын жүйелеу;

– студенттерге қазақ тілі экспрессивтік стилистикасының пәнаралық консолидациялануының ғылыми-әдіснамалық негіздерін айқындау;

– қазақ тілі экспрессивтік стилистикасын интеграциялық оқытудың педагогикалық және лингводидактикалық мүмкіндіктерін негіздеу;

– цифрлық білім беру технологиялары негізінде интеграциялық оқытудың синергетикалық моделін әзірлеу және оның құрылымдық компоненттерін сипаттау.

Зерттеудің нысаны – цифрлық білім беру технологиялары жағдайындағы қазақ тілін оқыту үдерісі. Зерттеудің пәні – қазақ тілі экспрессивтік стилистикасын интеграциялық оқытудың синергетикалық моделін қалыптастырудың ғылыми-әдіснамалық негіздері.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы қазақ тілі экспрессивтік стилистикасын цифрлық білім беру технологиялары негізінде интеграциялық оқытуға арналған синергетикалық модельдің әзірленуімен сипатталады. Зерттеу барысында аталған модельдің құрылымдық компоненттері, педагогикалық шарттары және ғылыми-әдіснамалық негіздері айқындалады. Сонымен қатар экспрессивтік стилистиканы меңгертуде цифрлық платформалар, мультимедиялық ресурстар және жасанды интеллект құралдарын қолданудың әдістемелік мүмкіндіктері жүйеленеді.

Зерттеудің теориялық маңызы қазақ тілі экспрессивтік стилистикасын пәнаралық консолидациялау арқылы оқытудың ғылыми негіздерін толықтырумен байланысты. Ал практи-

калық маңызы ұсынылған синергетикалық модельді қазақ тілін оқытуда, цифрлық білім беру ресурстарын әзірлеуде, тілдік және коммуникативтік құзыреттілікті дамытуға бағытталған оқу тапсырмаларын құрастыруда қолдануға болатындығымен анықталады. Зерттеу нәтижелері цифрлық білім беру жағдайында қазақ тілін оқытудың мазмұнын жетілдіруге, оқу үдерісіне инновациялық технологияларды тиімді енгізуге және білім беру практикасына бейімделген интеграциялық оқыту моделін ұсынуға негіз болады.

Материалдар мен әдістер. Зерттеу қазақ тілі экспрессивтік стилистикасын студенттерге цифрлық білім беру технологиялары негізінде интеграциялық оқытудың ғылыми-әдіснамалық негіздерін айқындауға бағытталды. Зерттеу материалдары ретінде қазақ тілінің экспрессивтік стилистикасына, лингводидактикаға, цифрлық педагогикаға, интеграциялық оқытуға және синергетикалық тәсілге қатысты ғылыми еңбектер, оқу бағдарламалары, оқу-әдістемелік кешендер, цифрлық білім беру ресурстары, мультимедиялық материалдар, көркем мәтіндер мен медиамәтіндер алынды.

Зерттеу барысында теориялық және әдіснамалық талдау, салыстыру, жүйелеу, жинақтау, индукция, дедукция, абстракциялау және модельдеу әдістері қолданылды. Ғылыми әдебиеттерді талдау арқылы экспрессивтік стилистиканы оқытудың лингвистикалық, педагогикалық және әдістемелік негіздері анықталды. Салыстыру әдісі цифрлық білім беру технологиялары мен дәстүрлі оқыту тәсілдерінің мүмкіндіктерін өзара саралауға қолданылды. Жүйелеу және жинақтау әдістері қазақ тілі экспрессивтік стилистикасын пәнаралық байланыста оқытудың негізгі бағыттарын айқындауға мүмкіндік берді.

Зерттеуде синергетикалық тәсіл білім беру үдерісін ашық, динамикалық және өзара ықпалдасатын жүйе ретінде қарастыруға негіз болды. Бұл тәсіл қазақ тілі экспрессивтік стилистикасын лингвистика, педагогика, мәдениеттану, психология және цифрлық технологиялармен өзара байланыста талдауға мүмкіндік берді. Модельдеу әдісі цифрлық білім беру технологиялары негізінде интеграциялық оқытудың синергетикалық моделін құру және оның құрылымдық компоненттерін сипаттау үшін пайдаланылды.

Материалдарды талдау барысында экспрессивтік стилистиканың тілдік құралдары, олардың мәтіндегі эмоциялық-экспрессивтік және прагматикалық қызметі, сондай-ақ цифрлық ортада оларды меңгертудің әдістемелік мүмкіндіктері қарастырылды. Зерттеу нәтижелері сапалық талдау, салыстырмалы саралау және ғылыми тұжырымдарды жүйелеу негізінде қорытындыланды.

Нәтижелер мен талқылау. Кешенді ғылым салаларының өзге ғылымдармен кіріктіріліп, әдіснамалық ұстанымдар кешенінің технологиялық құралдармен өзара ықпалдасуын қамтамасыз ете отырып, білім алушының когнитивтік қабілетін дамытады және бәсекеге қабілетті тұлға қалыптастыруға бағытталады. Сондықтан, цифрлық технологияларды пайдалана отырып, қазақ тілін оқытуда тілдік білімді интеграциялық қырынан ғылыми негізде талдаудың маңыздылығын көрсетеді.

Осыған орай цифрлық технология арқылы білім беруде инновациялық әдістерді қолдану өзекті. Ғалымдардың еңбектерінде күрделі жүйелердің заңдылықтарын зерттейтін синергетика құбылысы тілдік жүйелердегі динамикалық, көпқабатты өзара ықпалдасқан құрылым болып табылады. Бұл үрдіс тілдегі бірліктердің, мәтіндегі құрылымдарды, коммуникациялардың өзара консолидациялануын түсіндіреді. Осыған орай, қазақ тілін синергетикалық модельдеуді талдасақ, оқытудағы дәстүрлі әдістерді инновациямен ұштастырып, цифрлық білім беру жүйесінде тілдік құбылыстарды жіті зерттеудің мүмкіндіктерін анықтайды.

Зерттеушілердің пайымдауларында, қазіргі білім беруде цифрлық технологияларды пайдалану оқытудың мазмұндық сапасын арттырып, білім алушының сыни, аналитикалық ойлау және шығармашылық қабілеттерін дамытуға ықпал етеді. Сонымен қатар синергетикалық тәсіл тілдік білімді күрделі ашық жүйе ретінде қарастырып, оқыту үдерісінде өзін-өзі ұйымдастыру, бейімделу және өзара әрекеттесу механизмдерін айқындауға мүмкіндік береді.

Тілді меңгертуде цифрлық білім беру платформаларының және интерактивті технологиялардың инновациялық форматтары қалыптастырылып, тілді оқытумен кіріктірілуде. Мұндай

әдістер онлайн, мультимедиалық ресурстар, жасанды интеллектке негізделген оқу құралдарына бейімделіп, білім алушылардың тілдік құзыреттілігін қалыптастыруға ерекше ықпал етеді.

Цифрлық технологияға байланысты тұжырымдарды қазақ тілі экспрессивтік стилистикасын интеграциялық оқыту парадигмаларында жүйелей отырып, синергетикалық модельдеумен сабақтастыру қазіргі таңда өзекті. Себебі педагогикалық парадигмада қазақ тілі экспрессивтік стилистикасының пәнаралық байланыстағы ақыл-ой өрісін талдау, ғылымдар тоғысындағы әр пәнге тән тілдік ерекшеліктерді анықтап, цифрлық технологияға енгізу аса маңызды. Жалпы экспрессия құбылысын зерделесек, тілдің барлық ғылымдармен астасуындағы кешенді сипаттары анықталып, әрбір ғылымдағы табиғатын тереңінен зерттеу, синергетикалық модельдеу мүмкіндіктері бар.

Синергетика теориясының негізін қалаушы неміс ғалымы Г. Хакен күрделі жүйелердің дамуында өзін-өзі ұйымдастыру құбылысының ерекше рөл атқаратынын атап көрсетеді. Ғалымның тұжырымында, кез келген ашық жүйеде оның элементтерінің өзара әрекеттесуі нәтижесінде жаңа құрылымдар қалыптасады. Бұл қағида білім беру жүйесіне де қатысты, өйткені оқыту үдерісі білім алушы, оқытушы және ақпараттық ортаның өзара ықпалы арқылы жүзеге асатын көпқырлы жүйе болып табылады Синергетикалық тәсілде негізгі түсінік «синергия» ұғымы. Г.Хакеннің айтуынша: «Синергетика – бұл өзара әрекеттестіктің біріккен ұжымдық әсері» (Хакен Г., 1985. – 419 с.) Синергетикалық әдістің білім беру жүйесіндегі орны Г.Хакеннің зерттеуінде тереңінен қарастырылады. Ғалым бұл мәселенің өзектілігін теориялық тұрғыдан түсіндіріп, жүйедегі элементтердің өзара әрекеттесуі арқылы жаңа құрылымдар пайда болатынын дәйектейді. Ғалымның тұжырымында, кез келген ашық жүйе динамикалық дамуға бейім және оның дамуы жүйе компоненттерінің өзара ықпалы арқылы жүзеге асады. *(*Хакен Г., 1985. – 419 с.)

Пайымдалған қағида білім беру жүйесінде оқыту үдерісін анықтап, білім беру ортасындағы өзара әрекет, білім алушы, оқытушының қатысуымен іске асатын күрделі жүйе. Грек тілінен аударғанда «synergeia» «келісілген өзара әрекеттестік», «ынтымақтастық» дегенді білдіреді. *(*Словарь иностранных слов1988.- 608с*)*

Білім беру саласында аталған әдісті жүйелі зерттеген В.И. Буданов синергетика білім беруде пәнаралық байланыстарды нығайта отырып, интеграциялық оқытудың моделін қалыптастыратынына тоқталады. Бұдан байқайтынымыз синергетикалық әдіс білім берудің динамикалық әрі өзін-өзі дамытатын жүйе екеніне назар аударады. *(*Буданов В.И., 2008 – 240 с.)

Сонымен қатар, білім беру үрдісіндегі синергетиканың цифрлық технологиядағы күрделі жүйелердегі сипаты өзара байланыс жаңа сапалық деңгейдің қалыптасуына ықпал етеді. (Берман Н.Д. К 2017.) Талданған идеялар білім беру жүйесін инновациямен ұштастырып, цифрлық технологияларды енгізудің теориялық негізін құрайды.

Зерттеліп отырған тақырыбымызға байланысты цифрлық технологияның тілді оқытудағы мүмкіндіктері Е.С.Полат талдауында цифрлық білім беру ортасы білім алушылардың танымдық белсенділігін арттырып, оқыту үдерісін интерактивті сипатта ұйымдастыруға мүмкіндік беретіні атап көрсетіледі. (Полат Е.С., 2010. – 272 с.) Ақпараттық технологиялар негізінде білім беру мазмұны білім алушылардың жеке жұмыс істеу қабілетін дамытады.

Цифрлық білім беру технологияларын зерттеуші В.П.Беспалько оқытуды технологияландыру білім берудің мазмұндық сапасын арттырудың басты шарттарының бірі екенін көрсетіп, білім берудегі технологиялар педагогикалық мақсатқа бағытталған жүйе ретінде қарастырылуы тиіс деп тұжырымдайды. (Беспалько В.П., 1989. – 192 с.)

Заманауи білім беру траекториясы постнеклассикалық ғылымның қағидаттарын ашық және күрделі жүйе ретінде қарастырады. Осы бағытты зерттеуші ғалымдар Г. Хакен мен И. Пригожиннің іргелі еңбектері кейінгі зерттеулерге негіз болады. Г. Хакен енгізген синергетика теориясы өзін-өзі ұйымдастыру заңдылықтарымен ықпалдасып, пәнаралық байланысты талдауға мүмкіндік береді. Ғалымның «иерархиялық тұрақсыздық» тұжырымы білім берудегі пәнаралық интеграцияны ақпарат алмасу ғана емес, мазмұндық сапалық деңгейге өтуімен сипаттайды.

«Диссипативті құрылымдар» мен «хаостан реттілікке» өту теориясының негізін қалаған И. Пригожин оқу үдерісіндегі білімнің фрагменттілігін жоюдың мета-әдіснамасын ұсынды. (Берман Н.Д. К 2017.) Бұл теорияда пәнаралық байланыстарды модельдеудің когнитивтік жүйедегі тепе-теңдіктен интеллектуалды әлеуетке айналуын көздейді.

Педагогика ғылымында синергетикалық әдісті дамытқан В.Г. Буданов білім берудегі «синергетикалық карта» жасауды ұсынды. Ғалымның пайымдауынша, цифрлық технологиялар ақпараттық катализатор қызметін атқарады. Цифрлық технологияларды пайдалану пәнаралық байланыстарды модельдеу білімнің «бифуркация нүктелерінде» білім алушыға көпнұсқалы траекториялар ұсынуға мүмкіндік береді. (Буданов В.И., 2008. – 240 с.)

Ал С.Пейперт пен Р.Майердің зерттеулерінде цифрлық ортаның когнитивтік архитектурасы талданады. С.Пейперт компьютерлік модельдеуді сараптап, «пәнаралық білім құрастырушы» ретінде сипаттаса, Р.Майер мультимедиялық оқытудың синергетикалық ықпалын дәлелдеді. Зерттеулер нәтижесі цифрлық технологиялардағы пәнаралық байланыстардың визуалды және жүйелеу тиімділігін анықтап берді. (Mayer R. E., 2009. – 314 p.)

Әлемдік ғылымдағы зерттеулерде синергетикалық модельденуіндегі цифрлық технологиялардың маңыздылығы болашақтағы зерттеулердің қажеттілігін айқындайды. Еңбектерді талдасақ, цифрлық технологиялар және пәнаралық байланыстардағы синтез ретінде білім алушының функционалдық сауаттылығымен қатар, біртұтас әлемдік бейнесін қалыптастырып, күрделі лингво-когнитивтік жүйе құрайды. (Бузаубакова К.Д., Амирова А.С., Маковецкая А.А., 2022. – 314 б.)

Педагогикадағы синергетиканы зерттеген ғалымдардың барлығы білім беру жүйесін синергетикамен тікелей ықпалдастыру интеграциялық моделі қалыптастырудағы мүмкіндіктерді атап өтеді. Яғни, синергетикалық әдіс білім беру мазмұнындағы пәнаралық байланысты қарқынды дамытып, білім алушылардың сыни ойлау, проблема қою, шешім қабылдау қабілетін, танымдық белсенділігін арттырып, білім мазмұнын интеграциялайды.

Сондықтан тілдік бірліктердің эмоциялық, бейнелік әсер ету қызметін зерттейтін экспрессивтік стилистиканың пәнаралық байланыста синергетикалық модельденуі өзекті ғылыми бағыт. Қазақ тіл білімінде экспрессияны зерттеген ғалым М. Балақаев тілдің стилистикалық жүйесі сөйлеудің әсерлілігі мен көркемдігін арттыратын маңызды құрал екенін атап көрсетеді. Ғалымның пайымдауында, экспрессивтік құралдар тілдің коммуникативтік қызметін күшейтіп, сөйлеудің эмоционалдық реңкін айқындайды. (Балақаев М., Жанпейісов Е., Томанов М., Манасбаев Б., 1974. – 240 б) Аталған тұжырымда экспрессивтік стилистика ғылымы мен цифр--лық оқыту үрдісінде мәтіндік талдау және контекстік зерттеудің маңыздылығы анықталады.

Педагогика ғылымында Я.А.Коменскийдің еңбектерінің маңызы ерекше. Ол интеграциялық оқытудағы теориялық тұжырымдардың негіздерін қалыптастырды. Зерттеуші оқытудың көрнекілік, жүйелілік және табиғатқа сәйкестік қағидаларын негіздей отырып, білім алушының қабылдау әрекетін белсенді етудің қажеттігін атап көрсеткен. (Коменский, Я.А., 1982.) Заманауи педагогикадағы цифрлық технологиялар бұл ұстанымдарды жаңаша деңгейде жүзеге асыралы. Мәселен, мультимедиалық ресурстар, визуалды контенттер, интерактивті платформалар, цифрлық мәтіндер, экспрессивтік стилистиканы оқытуда тіліміздегі құралдардың эмоцияналды-экспрессивтік сипатын терең түсіндіруге ықпал етеді.

Тіл мен ойлаудың өзара байланысын зерттеген Л.Выготскийдің психологиялық-педагогикалық теориялары да қазіргі интеграциялық оқыту моделінің ғылыми негіздерінің бірі болып табылады. Ғалымның «жақын даму аймағы» теориясы білім алушының танымдық әрекетін ұйымдастыруда оқытушы мен білім беру ортасының жетекші рөл атқаратынын дәлелдейді. (Выготский, Л. С., 1999. –352с). Бұл тұжырым цифрлық педагогика жағдайында ерекше мәнге ие. Себебі электронды платформалар, жасанды интеллект элементтері, онлайн тапсырмалар мен интерактивті жаттығулар білім алушылардың өздігінен ізденуіне, мәтінді интерпретациялауына және экспрессивтік бірліктердің қызметін терең талдауына ықпал етеді.

Интеграциялық оқыту мәселесін Дж.Дьюи педагогикалық тәжірибемен байланыста қарастырып, білім беру үдерісіндегі өмірлік ұстанымдармен ұштасқанда тиімді нәтижеге жеткізетінін дәлелдеген. (Дьюи, Дж. 2000. – 384 с.)

Зерттеушінің бұл көзқарасы қазақ тілі экспрессивтік стилистикасын оқытуда айрықша маңызға ие. Себебі қазіргі цифрлық кеңістікте білім алушылар теориялық біліммен ғана шектелмей, әлеуметтік желілердегі мәтіндерді, цифрлық коммуникация парадигмаларын және медиа ақпараттарды сауатты талдай алады. Бұл функционалдық сауаттылықты арттырып, экспрессивтік құралдарды коммуникативтік жағдаяттарда нақты қолдану мүмкіндіктерін арттырады. Б.Блум білім алушының танымдық әрекеттерін сатылай дамытуды өзінің таксономиялық жүйесінде кешінде қарастырған. (Блум, Б., 1956)

Ғалым танымдық үдерістегі білу, түсіну, қолдану, талдау, жинақтау және бағалау кезеңдерін жүйелі көрсетеді. Ұсынылған модель экспрессивтік стилистиканы цифрлық технологиялар бойынша оқытудағы тиімділігін көрсетеді. Мысалы, білім алушылар ең алдымен тілдік бірліктерді танып, кейіннен олардың экспрессивтік қызметін талдай алады, мәтіндерге интерпретация жасап, цифрлық платформаларда шығармашылық жұмыстарды орындайды.

Белгілі ғалым Р.Сыздық ұлттық тіліміздегі экспрессивтік стилистика мәселесін тереңінен зерттей отырып, сөздің эстетикалық қызметін, көркемдік мүмкіндіктерін, мәтіндегі бейнелілік құралдардың қолданылуын ғылыми негіздеген. Ғалым пайымдауында экспрессивтік құралдар авторлық ойды күшейтіп, мәтіннің көркемдік әсерін арттыруға қызмет етеді. (Сыздық Р., 2005. – 272 б.) Бұл пікірге сүйенсек, экспрессивтік стилистиканы цифрлық оқытуда пәнаралық консолидациялау тілдік бірліктердің құрылымдық ғана емес, прагматикалық, эстетикалық қызметін де қарастыру керек.

Әлемдік зерттеулердегі пікірлермен қатар, отандық педагог ғалымдардың еңбектерінде қазақ тіл білімінің тілдік құрылымы антропоөзектік, интеграциялық тұрғыдан қарастырылады. Мәселен, Ф.Ш.Оразбаева тіл үйретуді коммуникативтік жүйе бойынша қарастырып, қатысымдық әдістің маңыздылығын анықтайды. Ғалым тілдік қатынастың бірнеше компоненттерін мәтін, мәдени орта, тілдік тұлғаның өзара әрекеттесуін ұсынады. (Оразбаева Ф.Ш., 2000. – 208 б.)

Қазақ тіл білімінде тілдік жүйені когнитивтік-мәдени контекстте сабақтастырған ғалым Ж. Манкеева ұлттық тілдегі дүниетанымды мәдени кодпен тікелей байланыста дамитынын көрсетеді. Бұл тілдік оқытуда интеграциялық модельдеудің ғылыми негізін айқындайды. (Манкеева Ж.А., 2008. – 356 б.)

Осы тұжырымдар экспрессивтік стилистиканы пәнаралық синергетикалық модельдеуде ұлттық мәдениетті тануға мүмкіндік береді.

Жүргізілген зерттеу нәтижелерінде қазақ тілі экспрессивтік стилистикасын студенттерге пәнаралық оқытуда синергетикалық модельдің тиімділігін танытады. Педагогикалық зерттеу нәтижелеріне сүйенсек, синергетикалық модель бірнеше компоненттерден тұрады:

– тілдік білім мазмұны;
– цифрлық білім беру ортасы;
– білім алушының танымдық әрекеті;
– оқытушының педагогикалық қызметі;
– нәтижелік компонент.

Жіктелген компоненттердің өзара ықпалдасуы білім алушылардың экспрессивтік стилистиканы қолдана отырып, пәнаралық байланыстағы тілдік құзыреттілігін қалыптастырады. Мысалы, цифрлық білім беру платформасында берілген мультимедиалық материалдар, мәтіндер, интерактивті тапсырмалар білім алушыларға экспрессивтік құралдарды талдауға жағдай жасайды. Цифрлық білім беру шығармашылық белсенділікті арттырып, мәтінді талдау қабілетін дамытады.

Талданған теориялық мәселелерді қазақ тілі экспрессивтік стилистикасының жасанды интеллект ғылымымен интеграциялануын әдістемелік тұрғыдан зерделесек, төмендегідей тұжырымдармен түйіндеуге болады. Қазіргі педагогикада цифрлық қоғам жағдайы тіл ғылымы

мен ақпараттық технологиялардың өзара ықпалдасуы жаңа ғылыми бағыттардың қалыптасуына негіз болып отыр. Соның бірі қазақ тілінің экспрессивтік стилистикасын жасанды интеллект жүйелерімен байланыстыра зерттеу мәселесі. Қазақ тілінің экспрессивтік стилистикасы – тілдік бірліктердің коннотативтік мағынасын, бейнелілігін және эмоциялық реңкін зерттейтін сала. Ал жасанды интеллект – мәтіндерді автоматты түрде өңдеу, талдау, тану және генерациялау қабілетіне ие технологиялық жүйелер жиынтығы. Бұл екі саланың бірігуі тілдік деректерді оқытудың жаңа сапалық деңгейін білдіреді және жаңа әдістер арқылы зерттеуге мүмкіндік береді.

Тіліміздегі экспрессивтік стилистика көбінесе көркем шығармаларда, публицистикада және ауызша дискурста айқын көрінеді. Экспрессивтік стилистика саласында эпитет, теңеу, метафора, эмоционалды сөздер, интонациялық ерекшеліктер мен бағалауыштық құрылымдар маңызды қызмет атқарады. Бұл құбылыстар дәстүрлі лингвистикада сапалық талдау әдістері арқылы зерттеліп келді. Ал жасанды интеллект осы үдерісті сандық және алгоритмдік деңгейде қарастыруға жол ашады. Мәселен, үлкен мәтіндік корпустарды машиналық оқыту модельдерінің көмегімен талдау экспрессивтік бірліктердің жиілігін, контекстік қолданысын және стилистикалық қызметін автоматты түрде анықтай алады.

Жасанды интеллект жүйелері қазақ тіліндегі мәтіндердің стилистикалық ерекшеліктерін тану арқылы авторлық стильді анықтау, мәтіннің эмоциялық реңкін бағалау немесе автоматты мәтін генерациясында стилистикалық әсерді сақтау сияқты міндеттерді атқара алады. Мұндай зерттеулер қазақ тілінің прагматикалық және экспрессивтік қабаттарын сандық модельдер арқылы сипаттауға негіз болады. Сондай-ақ нейрондық тілдік модельдер мәтіннің эмоционалдық, бағалауыштық мазмұнын немесе экспрессивтік құрылымдарын талдай отырып, қазақ тілінің стилистикалық жүйесін ғылыми тұрғыдан сипаттай алады.

Жасанды интеллектінің тағы бір маңызды қырын педагогикалық жүйеде қарастырсақ, ұлттық тілді оқытуда цифрлық ресурстарды қалыптастыру көзделіп отыр. Экспрессивтік стилистикаға қатысты деректерді анықтау, стилистикалық белгілер бойынша мәтін құрау және оларды алгоритмдік талдауға бейімдеу тіліміздің цифрлық лингвистикасын дамытуға ықпал етеді. Екі ғылым саласын ұштастыру нәтижесінде қазақ тіліндегі эмоциялық-экспрессивтік құрылымдардың дерекқоры жасалып, ол жасанды интеллект жүйелерін оқытуда маңызды ресурсқа айналады. Қазақ тілі экспрессивтік стилистикасының жасанды интеллект ғылымымен консолидациялануы лингвистика мен цифрлық технологиялардың жүйесін қалыптастырады.

Қазақ тілі экспрессивтік стилистикасы мен жасанды интеллектінің тоғысуы – тілді цифрлық кеңістікте сақтаудың кепілі. Бұл процесс тек қана технологиялық жетістік емес, сонымен қатар ұлттық тіл мен таным кодтарын технология тіліне аудару. Келешекте жасанды интелект қазақ тіліндегі «сөз астарын» түсінетін деңгейге жеткенде, нағыз интеграциялық синергетикалық модель жүзеге асуы мүмкін. Синергетикалық модельдің парадигмасын төмендегі кестеде ұсынуға болады:

Кесте 1 – Синергетикалық модель

№	*Компоненттері*	*Мазмұны*	*Пәнаралық байланысы*	*Қолдану құралдары*	*Нәтижесі*
1	*Мақсаттылық компонент*	Экспрессивтік стилистиканың интеграция арқылы меңгертілуі, коммуникативтік құзыреттіліктің қалыптасуы	Лингвистика мен педагогика	Оқу бағдарламасы, мақсат қою	Тиімді сөйлеу дағдысы
2	*Мазмұндық компоненті*	Экспрессивтік құралдар тілдік бірліктер, эпитет, метафора, интонация.	Әдебиет және психология, мәдениеттану	Мәтіндер мен көркем әдебиет	Тіл ғылымы бойынша білімнің тереңдеуі
3	*Үдерістік компоненті*	Оқыту әдістері:анализ, синтез және интерпретация	Педагогика мен психология	Тапсырмалар мен тренингтер	Танымдық белсенділік

4	*Технологиялық компоненті*	Цифрлық оқыту, мультимедиа және онлайн платформалар	IT, цифрлық білім беру	LMS, видео, аудио, интерактив	Цифрлық сауаттылық
5	*Синергетикалық механизмі*	Пәнаралық интеграция арқылы жаңа мазмұндық сапа қалыптастыру	Барлық салалар	Интеграциялық сабақ, жобалық жұмыс	Креативті ойлау
6	*Принциптері*	Ашықтық, өзін-өзі ұйымдастыру, көпдеңгейлілік, интеграция	Синергетиканың тілдегі көрінісі	Жүйелі талдау	Білімнің жүйелі қалыптасуы
7	*Нәтижелік компоненті*	Экспрессивтік, әсерлі, сауатты сөйлеу	Коммуникация теориясы	Бағалау, рефлексия	Коммуникативтік құзыреттілік

Қазақ тілі экспрессивтік стилистикасын пәнаралық оқытуды синергетикалық модельдеудің жасанды интеллектімен интеграциялануындағы тапсырма түрінде төмендегідей жүйелеуге болады. Мысалы, оқу үрдісінде білім алушыларға экспрессивтік стилистиканың интеграциялық байланысын «Жасанды интеллект жалғыздыққа әкеле ме?» (*Б.Қайрат*) тақырыбындағы мәтінді қолдана отырып, пәнаралық консолидациядағы келесі тапсырмалармен ұсынуға болады:

1-тапсырма: Мәтіндегі ЖИ мүмкіндіктерін сипаттайтын бейтарап сөздерді экспрессивтік, бояуы қанық баламалармен алмастырыңыз.

Бейтарап сөз	*Экспрессивтік балама (Бейнелі сөз)*
Алгоритм	
Жылдам жұмыс істейді	
Ақпарат жинау	
Ажырамас бөлігі	

2-тапсырма: ЖИ-дің даму тарихын мәтін бойынша хронологиялық ретпен орналастырып, әр кезеңге «үміт» немесе «таңданыс» реңкіндегі эпитет қосыңыз.

1950 жж. Алғашқы қадамдар → 1960 жж. ...→ 1975 ж. ... → Қазіргі уақыт ...

3-тапсырма: Мәтіндегі баланың оқуы мен нейро желінің үйренуі туралы үзіндіні негізге алып, «Уақыт – алтын, алгоритм – тұлпар» тақырыбына қысқаша (3-4 сөйлем) экспрессивтік сипатта салыстыру мәтінін жазыңыз.

4-тапсырма: Жасанды интеллектінің күнделікті қызметтерін адамның қасиеттерімен байланыстырып (кейіптеп) класстер жасаңыз.



5-тапсырма: Мәтіндегі ЖИ мүмкіндіктерінің өсуін (тану – аудару – диагностика – ChatGPT) пайдаланып, алгоритмдердің құдіретін көрсететін өспелі градациялы бір сөйлем құрастырыңыз.

Жалпы алғанда цифрлық технологиялар, синергетикалық әдісте интеграциялық оқыту парадигмасын қазақ тілі экспрессивтік стилистикасымен кіріктіре оқытудың тиімділігін көрсетті.

Бұл талдаудағы тұжырымдар қазақ тілін оқытудың интеграциялық парадигмасын тіл білімінің теориялық негіздері мен сабақтастырып, цифрлық технологияларды қарқынды қолдануды, жаңа әдістемелік модельдерді қалыптастырудың тиімділігін көрсетеді.

Қорытынды. Зерттеу нәтижесінде цифрлық білім беру технологиялары негізінде студенттерге қазақ тілі экспрессивтік стилистикасын интеграциялық оқытудың ғылыми-әдіснамалық негіздері айқындалды. Экспрессивтік стилистиканы пәнаралық байланыста оқыту тілдік білімді лингвистика, педагогика, әдебиеттану, мәдениеттану, психология және цифрлық технологиялармен сабақтастыра қарастыруға мүмкіндік береді. Бұл бағыт білім алушылардың мәтінді талдау, тілдік бірліктердің эмоциялық-экспрессивтік және прагматикалық қызметін түсіну, сондай-ақ оларды нақты коммуникативтік жағдаяттарда қолдану дағдыларын дамытуға негіз болады.

Зерттеу барысында қазақ тілі экспрессивтік стилистикасын цифрлық ортада меңгертудің тиімділігі мультимедиялық ресурстарды, интерактивті тапсырмаларды, цифрлық платформаларды және жасанды интеллект құралдарын мақсатты қолданумен байланысты екені анықталды. Мұндай құралдар экспрессивтік тілдік бірліктерді визуализациялауға, мәтіндік талдауды интерактивті түрде ұйымдастыруға, білім алушылардың танымдық белсенділігін арттыруға және оқу үдерісін жеке білім траекториясына бейімдеуге мүмкіндік береді.

Ұсынылған синергетикалық модель қазақ тілі экспрессивтік стилистикасын интеграциялық оқытудың мазмұндық, әдістемелік және технологиялық негіздерін жүйелеуге бағытталды. Модельдің құрылымдық компоненттері білім алушының тілдік, коммуникативтік және цифрлық құзыреттерін кешенді дамытуға жағдай жасайды. Сонымен қатар бұл модель педагогтің оқу үдерісін ұйымдастырушы, бағыттаушы және цифрлық білім беру ортасын тиімді пайдаланушы ретіндегі қызметін нақтылауға мүмкіндік береді.

Зерттеу нәтижесі бойынша төмендегідей қорытындылар жасалды:

- Қазақ тілі экспрессивтік стилистикасын оқытуда цифрлық білім беру технологияларын қолдану тілдік білім мазмұнын жаңартудың маңызды бағыты ретінде анықталды.
- Экспрессивтік стилистиканы пәнаралық байланыста оқыту білім алушылардың тілдік құбылыстарды кешенді қабылдауына, мәтіннің көркемдік және прагматикалық ерекшеліктерін терең түсінуіне ықпал ететіні негізделді.
- Цифрлық платформалар, мультимедиялық ресурстар, интерактивті тапсырмалар және жасанды интеллект құралдары экспрессивтік стилистиканы меңгертудің әдістемелік мүмкіндіктерін кеңейтетіні айқындалды.
- Қазақ тілі экспрессивтік стилистикасын интеграциялық оқытуға арналған синергетикалық модель әзірленіп, оның құрылымдық компоненттері мен педагогикалық мүмкіндіктері сипатталды.
- Ұсынылған модельді қазақ тілін оқыту тәжірибесінде қолдану білім алушылардың коммуникативтік құзыреттілігін дамытуға, пәнаралық байланысты күшейтуге және цифрлық білім беру ортасында тілдік білімді тиімді меңгертуге негіз бола алады.

Қаржыландыру туралы ақпарат. Ұсынылып отырған зерттеу мақаласы Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым комитеті ИРН AP 23489363 «Цифрлық технология: қазақ тілі экспрессивтік стилистикасын пәнаралық консолидациялау және интеграциялық оқытуды синергетикалық модельдеудің web-платформасы» атты тақырыптың негізінде орындалып отыр.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

Балақаев М., Жанпейісов Е., Томанов М., Манасбаев Б.,(1974). Қазақ тілінің стилистикасы. – Алматы: Ғылым, 240 б.

Берман Н.Д. (2017). К вопросу о цифровой грамотности // Современные исследования социальных проблем. – Том 8. - №6-2. – с. 35-38.

Беспалько В.П. (1989). Слагаемые педагогической технологии. – Москва: Педагогика.

Буданов В.И. (2008). Методология синергетики в постнеклассической науке и образовании. – Москва: ЛКИ, 240 с.

Бузаубакова К.Д., Амирова А.С., Маковецкая А.А. (2022). Цифрлы педагогика. [Электрондық ресурс]: Оқулық. – Тараз, 314 б.

Блум, Б. (1956). Таксономия образовательных целей: сфера познания / Б. Блум. – Нью Йорк : Лонгманс.

Б.Қайрат [Электрондық ресурс] // https://aikyn.kz/262782/zhasandy-intellekt-zhalg-yzdyk-k-a--kele-me

Выготский, Л.С. (1999). Мышление и речь. – Изд. 5-е, испр. – М. : Лабиринт, 352с.

Дьюи, Дж. (2000). Демократия и образование : пер. с англ. / Дж. Дьюи. – М. : Педагогика-Пресс, 384 с.

Коменский, Я. А. (1982). Великая дидактика.– М. : Педагогика, Т. 1. – С. 242–476.

Mayer R. E. (2009). Multimedia Learning. – Cambridge :Cambridge University Press,– 314p.

Манкеева Ж.А. (2008). Қазақ тіліндегі этномәдени атаулардың танымдық негіздері. – Алматы: Ғылым, 356 б.

Оразбаева Ф.Ш. (2000). Тілдік қатынас: теориясы мен әдістемесі. – Алматы: РБК

Полат Е.С. (2010). Новые педагогические и информационные технологии в системе образования. – Москва: Академия, 272 с.

Словарь иностранных слов. 15-е изд., испр. М.: Рус. яз., 1988. 608с

Сыздық Р. (2005). Сөз құдіреті. – Алматы: Санат, 272 б.б.

Хакен Г. (1985). Синергетика: иерархия неустойчивостей в самоорганизующихся системах. – Москва: Мир, 419 с.

References:

Balaqayev, M., Zhanpeisov, E., Tomanov, M., Manasbayev, B. (1974). Stylistics of the Kazakh Language. – Almaty: Gylym,240 p.

Berman, N.D. (2017). On the Issue of Digital Literacy // Modern Studies of Social Problems. Vol. 8. – No. 6-2. – pp. 35–38.

Bespalko, V.P. (1989). Components of Pedagogical Technology. – Moscow: Pedagogy, 1989. – 192 p.

Budanov, V.I. (2008). Methodology of Synergetics in Post-Nonclassical Science and Education. – Moscow: LKI,240 p.

Buzaubakova, K.D., Amirova, A.S., Makovetskaya, A.A. (2022). Digital Pedagogy [Electronic resource]: Textbook. – Taraz, 314 p.

Bloom, B.S. (1956). Taxonomy of Educational Objectives: The Classification of Educational Goals. – New York: Longmans, 207 p.

Kairat, B. Artificial Intelligence Leads to Loneliness? [Electronic resource]. – Available at: https://aikyn.kz/262782/zhasandy-intellekt-zhalg-yzdyk-k-a--kele-me

Vygotsky, L.S. (1999). Thought and Language. – Moscow: Labyrinth, 352 p.

Dewey, J. (2000). Democracy and Education. – Moscow: Pedagogika-Press, 2000. – 384 p.

Comenius, J.A. (1982). The Great Didactic. – Moscow: Pedagogika, Vol. 1. – 476 p.

Mayer, R.E. (2009). Multimedia Learning. – Cambridge: Cambridge University Press,314 p.

Mankeeva, Zh.A. (2008). Cognitive Foundations of Ethnocultural Units in the Kazakh Language. – Almaty: Gylym, 356 p.

Orazbayeva, F.Sh. (2000). Language Communication: Theory and Methodology. – Almaty: RBK, 208 p.

Polat, E.S. (2010). New Pedagogical and Information Technologies in the Education System. – Moscow: Academy, 272 p.

Dictionary of Foreign Words. 15th ed., revised. – Moscow: Russian Language Publ., 1988. – 608 p.

Syzdyq R. (2005). Sөz qydireti. – Almaty: Sanat, 272 b.b.

Haken, H. (1985). Synergetics: Hierarchy of Instabilities in Self-Organizing Systems. – Moscow: Mir,419 p.

ҒТАХР 14.35.07 https://doi.org/10.51889/2959-5762.2026.91.3.008

Н.Ә.Түнғатова, [1] *У.М.Абдигапбарова* [2]*

[1]*Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті, Қызылорда қ., Қазақстан*
[2]*Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қ., Қазақстан*

БОЛАШАҚ БАСТАУЫШ СЫНЫП МҰҒАЛІМДЕРІНІҢ КӘСІБИ СӘЙКЕСТІГІНІҢ ҚАЛЫПТАСУЫН ДЕҢГЕЙЛЕП БАҒАЛАУ

Аңдатпа

Ұсынылып отырған зерттеу жұмысында болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби сәйкестігін қалыптастыру тетіктері, соның ішінде білім алушылардың дивергентті, вариативті және креативті-рефлексивті дағдыларын жетілдіру мәселелері зерделенеді. Білім беру үдерісінде кәсіби тәжірибені терең пайымдауға жағдай жасайтын және болашақ мамандардың педагогикалық қызметте көпнұсқалы әрі шығармашылық шешімдер қабылдауға дайындығын арттыратын мазмұндық-педагогикалық компоненттерді айқындауға баса назар аударылған.

Анықтаушы эксперимент Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті мен Қызылорда «Болашақ» университетінің 6В01303 - «Бастауыш оқытудың педагогикасы мен әдістемесі» білім беру бағдарламасы бойынша 112 білім алушылар арасында жүргізілді. Эксперименттік топта TIMS шкалаларына, Student Teacher Professional Identity Scale

және кәсіби сәйкестіктің бастапқы деңгейін және рефлексивті дағдылардың айқындылық дәрежесін диагностикалауға арналған 60 сұрақтан тұратын сауалнама қолданылды.

Педагогикалық эксперимент нәтижелері дивергентті, вариативті және креативті-рефлексивті дағдыларды дамыту бастапқы кезеңде кәсіби сәйкестіктің жоғары деңгейімен тығыз байланысты екенін көрсетті. Алынған деректер білім беру үдерісіне рефлексиялық технологияларды енгізу кәсіби тәжірибені ой елегінен өткізуге және тұрақты кәсіби ұстаным қалыптастыруға ықпал ететінін дәлелдейді.

Кәсіби сәйкестікті деңгейлеп бағалау жүйесі білім алушылардың өздерінің кәсіби рөлін сезіну динамикасын, заманауи педагогикалық құндылықтарды сіңіру дәрежесін, сондай-ақ олардың бойындағы дивергентті, вариативті және креативті-рефлексивті дағдылардың даму деңгейін нақты уақыт режимінде тіркеп, бақылап отыруға мүмкіндік береді.

Түйін сөздер: болашақ бастауыш сынып мұғалімдері, кәсіби сәйкестік, дивергенттік дағдылар, рефлексивті дағдылар, деңгейлеп бағалау.

Тунгатова Н.,[1] Абдигапбарова У.М.[2]*
[1]Кызылординский университет имени Коркыт Ата, г.Кызылорда, Казахстан
[2]Казахский национальный педагогический университет имени Абая
г.Алматы, Казахстан

ГРАДУИРОВАННАЯ ОЦЕНКА ФОРМИРОВАНИЯ ПРОФЕССИОНАЛЬНОЙ ИДЕНТИЧНОСТИ БУДУЩЕГО УЧИТЕЛЯ

Аннотация

В исследовании рассматривается проблема формирования профессиональной идентичности будущих учителей начальных классов через развитие дивергентных, вариативных и креативно-рефлексивных умений. Особое внимание уделяется педагогическому содержанию, обеспечивающему осмысление профессионального опыта и готовность к вариативным и творческим решениям в образовательной деятельности. Проведен констатирующий эксперимент с участием 112 студентов бакалавриата Кызылординского универстета имени Коркыт Ата, Кызылординского университета «Болашак», обучающиеся по образовательной программе 6В01303 - Педагогика и методика начального обучения. В экспериментальной группе использовались методы опроса по шкалам TIMS, Student Teacher Professional Identity Scale и Опросник из 60 утверждений для диагностики исходного уровня профессиональной идентичности и выраженности рефлексивных умений. Результаты педагогического эксперимента показали, что развитие дивергентных, вариативных и креативно-рефлексивных умений тесно связано с более высокой выраженностью исходного уровня профессиональной идентичности. Полученные данные демонстрируют, что включение рефлексивных технологий в образовательный процесс способствует осмыслению профессионального опыта, вариативности действий и формированию устойчивой профессиональной позиции.

Градуированная оценка профессиональной идентичности позволяет фиксировать уровень осознания профессиональной роли, усвоения ценностей педагогической деятельности и развития дивергентных, вариативных и креативно-рефлексивных умений у студентов.

Ключевые слова: будущие учителя, профессиональная идентичность, дивергентные умения, рефлексивные умения, градуированная оценка.

*Tungatova N.,[1] Abdigapbarova U.[2]**
[1]Korkyt Ata Kyzylorda University, Kyzylorda, Kazakhstan
[2] Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan

GRADUATED ASSESSMENT OF THE FORMATION OF THE PROFESSIONAL IDENTITY OF A FUTURE TEACHER

Abstract

This study examines the problem of forming the professional identity of future primary school teachers through the development of divergent, variable, and creative reflective skills. Particular attention is paid to the pedagogical content that promotes the understanding of professional experience and fosters readiness for flexible and creative decision making in educational practice.

A diagnostic (ascertaining) experiment was conducted involving 112 undergraduate students from Korkyt Ata Kyzylorda University and Bolashak University of Kyzylorda, enrolled in the educational program 6B01303 – Pedagogy and Methods of Primary Education. In the experimental group, the TIMS scales, the Student Teacher Professional Identity Scale, and a 60 item questionnaire were used to assess the initial level of professional identity and the degree of development of reflective skills.

The results of the pedagogical experiment showed that the development of divergent, variable, and creative reflective skills is closely associated with a higher level of professional identity. The findings demonstrate that the integration of reflective technologies into the educational process promotes the understanding of professional experience, enhances flexibility in actions, and contributes to the formation of a stable professional position.

The graduated assessment of professional identity makes it possible to determine the level of awareness of the professional role, the assimilation of the values of pedagogical activity, and the development of divergent, variable, and creative reflective skills among students.

Keywords: future primary school teachers, professional identity, divergent skills, reflective skills, graduated assessment.

Кіріспе. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби сәйкестігін қалыптастыру мәселесі қазіргі педагогикалық зерттеулердегі негізгі мәселелердің бірі болып табылады және педагогика, тұлға психологиясы мен кәсіби даму психологиясы салаларының өзара байланысы аясында қарастырылады. Рефлексиялық технологиялар негізінде қалыптасатын болашақ бастауыш сынып мұғалімінің кәсіби сәйкестігі маманның тұлғалық құндылықтарын, ішкі уәждерін және педагогикалық қызметтің мән-мағынасын терең ұғынуын қамтитын күрделі әрі біртұтас құрылым ретінде айқындалады.

Жас мамандардың педагогикалық қызметі көбіне түсінбеуден, міндеттердің көпқырлылығымен және білім беру жағдаяттарының вариативтілігімен сипатталады, ал бұл өз кезегінде тұрақты когнитивтік және эмоционалдық реттеуді талап етеді. Осындай жағдайларда рефлексивтік дағдылар ерекше рөл атқарады. Олар болашақ педагогке өзінің әрекеттерін, эмоциялық реакцияларын және кәсіби ұстанымдарын талдауға, кәсіби «Мен» тұтастығын сақтауға және тұлғалық әрі кәсіби тәжірибені кіріктіруге мүмкіндік береді.

Болашақ бастауыш сынып мұғалімінің кәсіби іс-әрекеті білім беру жағдаяттарының көпнұсқалылығымен, міндеттердің сан қырлылығымен және әмбебап іс-қимыл алгоритмдерінің жоқтығынан туындайтын педагогикалық айқын емес жағдайда өрбиді. Мұндай тұрақсыз ортада маманның өзіндік тәжірибесін саналы түрде пайымдауына, кәсіби қадамдары мен ішкі толғаныстарын саралауына, орнықты кәсіби ұстанымын қалыптастыруына және кәсіби «Мен» тұтастығын сақтауына мүмкіндік беретін дивергентті, вариативті және креативті-рефлексивті дағдылар басты мәнге ие болады. Дәл осы аталған дағдыларды жүйелі дамыту болашақ мұғалімдердің кәсіби сәйкестігінің орнығуы мен қалыптасуының негізгі тетігі болып табылады.

Е.А.Климов, А.В.Петровский және В.В.Чебышеваның зерттеулерінде болашақ мұғалімнің кәсіби сәйкестігін қалыптастыру рефлексивті дағдыларды дамыту және кәсіби тәжірибені қайта ұғыну үдерісімен байланыстырылады (Petrovskiĭ, 1987; Климов, 2007; Чебышева, 1971). Осы тәсілдер аясында кәсіби сәйкестіктің қалыптасуы педагогикалық жағдаяттарды жан-жақты талдау және баламалы кәсіби шешімдер қабылдау қабілетін дамытумен байланыстырылады. Осы тұрғыда Л. Б.Шнейдер кәсіби сәйкестіктің тұрақтылығы субъектінің жеке кәсіби ұстанымын құрастыруына мүмкіндік беретін рефлексивті дағдыларының қалыптасу деңгейімен анықталатынын атап көрсетеді (Шнейдер, 2001). Ал, У.С.Родыгина мен Т.С.Березина кәсіби сәйкестендіру үдерістеріне ерекше назар аударады. Ғалымдардың пайымдауынша, бұл үдерісте педагогикалық міндеттерді әртүрлі мағыналық қырынан қайта бағамдауды және тұлғалық мотивтерді педагогикалық іс-әрекет құндылықтарымен кіріктіруді қамтамасыз ететін дивергентті әрі вариативті рефлексивті дағдылар басты рөл атқарады. Авторлар аталған дағдылардың қалыптасуын болашақ мұғалімнің кәсіби «Менінің» тұтастығы мен тұрақтылығын қамтамасыз ететін маңызды шарты ретінде қарастырады (Березина, 2008; Родыгина, 2007).

Г.Г.Ермакова, Н.Б.Ковалева және Н.В.Антонованың эмпирикалық зерттеулері рефлексивті дағдыларды дамыту педагогтің кәсіби өзін-өзі айқындауының психологиялық механизмі ретінде көрініс табатынын дәлелдейді. Бұл үдеріс педагогикалық жағдайды репродуктивті талдаудан оны креативті-рефлексивті пайымдауға көшуді қамтамасыз етеді. Дәл осы педагогикалық тәжірибені вариативті қайта пайымдау қабілеті кәсіби сәйкестіктің қалыптасу көрсеткіші ретінде қарастырылады (Антонова, 1997; Ермакова, 1999; Ковалева, 1994).

Л.В.Пановаңың ғылыми ізденістерінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің дивергентті, вариативті және креативті-рефлексивті дағдыларын мақсатты түрде дамыту рефлексиялық

технологияларды және білім алушылардың белсенді субъектілік ұстанымын қамтитын арнайы ұйымдастырылған білім беру үдерісі жағдайында мүмкін болатындығы көрсетілген (Панова, 2005).

Педагогикалық практика болашақ педагогтердің теориялық білімін нақты педагогикалық қызмет жағдайларымен ұштастырып, рефлексивті дағдыларын қалыптастыратын білім беру кеңістігі ретінде қарастырылады. Бұл бағыттағы тұжырымдар Fred Korthagen (2004) және Kenneth Zeichner (2010) еңбектерінде жан-жақты негізделген (Korthagen, 2017; Zeichner, 2010). Veenman (1984) пікірінше, болашақ педагогтердің кәсіби қызмет туралы бастапқы қалыптасқан түсініктері мен педагогикалық қызметтің нақты талаптары арасында белгілі бір қайшылықтар туындайды. Мұндай қайшылықтарды еңсеру кәсіби күтілімдерді қайта зерделеуге және кәсіби ұстанымды жаңаша қалыптастыруға мүмкіндік беретін дивергентті әрі рефлексивті дағдыларды дамытумен байланысты (Veenman, 1984). Кәсіби сәйкестіктің құрылымдық модельдері кәсіби өзін-өзі бағалау, кәсіби мотивация және іс-әрекет тиімділігін бағалау сияқты құрамдас бөліктердің тәжірибені рефлексивті талдау негізінде қалыптасатынын әрі олардың педагогикалық жағдаяттарды түсіндіру қабілетіне сүйенетінін көрсетеді (Gee & Hayes, 2011; Kelchtermans, 2009).

Feiman-Nemser (2001) мен Flores & Day, (2006) зерттеулерінде вариативті және креативті-рефлексивті дағдылар кәсіби дамудың барлық кезеңдерінде оның өтпелі ресурсы ретінде қарастырылады (Feiman-Nemser, 2001; Flores & Day, 2006).

Тұжырымдай келгенде, отандық және шетелдік ғылыми зерттеулерге жасалған мазмұндық талдау дивергентті, вариативті және креативті-рефлексивті дағдыларды жүйелі дамыту болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби сәйкестігін қалыптастырудың айқындаушы шарты екенін айғақтайды. Дәл осы қабілеттер болашақ педагогтің кәсіби ұстанымын саналы түрде қалыптасуына және кәсіби «Мен» құрылымының тұтастығын сақтауға мүмкіндік береді.

Осы тұрғыдан алғанда, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің рефлексивті дағдылары ерекше психологиялық мәнге ие, өйткені олар кәсіби тәжірибеге байланысты сезімдерді, ұстанымдарды және педагогикалық әрекет тәсілдерін саналы түрде түсіну мен қайта пайымдауды қамтамасыз етеді. Дивергентті және вариативті дағдылар кәсіби сәйкестендіру кеңістігін кеңейтіп, педагогикалық жағдаяттарды көпқырлы қабылдауды және жеке кәсіби ұстанымды саналы түрде таңдауды қамтамасыз етеді.

Рефлексивті дағдылар құрылымында E. de Bono (2000) ұсынған латералды ойлау идеяларына негізделген әрекеттің баламалы тәсілдерін рефлексивті іздеу дағдылары ерекше орын алады (Bono, 2000). Бұл дағдылар үйреншікті логикалық-алгоритмдік схемалардың шеңберінен шығуды, баламаларды анықтау және пайымдауды, педагогикалық мәселені және оны шешу тәсілдерін қайта ұғынуды көздейді. Олар педагогикалық шешімдердің вариативтілігін және мұғалімнің кәсіби икемділігін қамтамасыз етеді. Ғылыми зерттеулерде бұл дағдылар дивергентті, вариативті немесе креативті-рефлексивтік дағдылар ретінде де қарастырылады. Осы зерттеу аясында педагогикалық тұрғыдан неғұрлым дәл термин ретінде «дивергентті дағдылар» атауы қолданылды.

Зерттеу шеңберінде негізгі ұғым ретінде «вариативті рефлексивті дағдылар» ұғымы қолданылады, өйткені ол мұғалімнің кәсіби қызметінің педагогикалық ерекшелігін толық сипаттайды. Ал «дивергентті рефлексивті дағдылар» және «креативті-рефлексивті дағдылар» терминдері аталған феноменнің жекелеген қырларын ашатын мағыналық екпіндер ретінде қарастырылады (1-кесте).

1-кесте. Дивергентті, вариативті және креативті-рефлексивті дағдылардың мазмұны

Рефлексивті дағдылардың түрі	Психологиялық-педагогикалық фукциясы (авторлар, дереккөз)	Дағдылардың критериалды мазмұны
Дивергентті рефлексивті дағдылар	Баламаларды генерациялау және педагогикалық жағдаятты пайымдау өрісін кеңейту (проблеманы әртүрлі интерпретацияда анықтау). Е. А. Климов, А.В. Петровский, В. В. Чебышева; Л. Б. Шнейдер; У. С. Родыгина; T.S. Березина; Beijaard, Meijer & Verloop; Hong.	Педагогикалық жағдаят себептерінің бірнеше ықтимал түсініктемесін ұсыну; педагогикалық процесті дамытудың әртүрлі нұсқаларын болжау; педагогикалық міндетті әртүрлі позициялардан (оқушы, мұғалім, ата-ана, білім беру ортасы) қарастыру; талдаудың жалғыз дұрыс тәсілінен бас тарту және бірнеше шешім қабылдау.
Вариативті рефлексивті дағдылар	Педагогикалық шешімдерді саналы түрде таңдау және құрастыру (педагогикалық іс-әрекеттің балама тәсілдерін салыстыру). Л. В. Панова; Korthagen; Zeichner; Flores & Day; Kelchtermans.	білім беру жағдаятының шарттарын ескере отырып, әртүрлі шешімдердің адекваттылығын бағалау; рефлексиялық талдау негізінде оңтайлы әрекет ету әдісін таңдау; педагогикалық шешімдерді өзгермелі шарттарға бейімдеу; өз қызметінің нәтижелерін талдау негізінде оны бағалау.
Креативті-рефлексивты дағдылар	Педагогикалық қызметтің жаңа тәсілдерін қалыптастыру (стандартты тәсілдерді рефлексивті қайта қарау). Т. С. Березина; Feiman-Nemser; Flores & Day; Gee & Hodges; Ермакова Г. Г.; Ковалева Н. Б.; Антонова Н. В.	педагогикалық міндеттерді шешудің өзіндік тәсілдерін құрастыру; белгілі әдістерді нақты жағдаятқа сәйкес трансформациялау; әртүрлі педагогикалық идеялар мен тәсілдерді жаңа шешімге біріктіру; өзінің педагогикалық тұжырымдарының жаңалығы мен өнімділігін пайымдау.

Ұсынылған рефлексивтік дағдылар өзара байланысты және педагогтің рефлексивтік қызметінің әртүрлі қырларын көрсетеді: бұл мүмкін болатын түсіндірмелер ауқымын кеңей-туден (дивергенттік дағдылар) және шешімдерді саналы түрде таңдап, бейімдеуден (вариативтік дағдылар) бастап, кәсіби тәжірибенің жаңа әдістерін жасауға (креативті-рефлексивті дағдылар) дейінгі аралықты қамтиды.

1. Дивергентті, вариативті және креативті-рефлексивті дағдылар болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің рефлексивтік құзыреттілігінің интегративті құрылымын қалыптастырып, кәсіби сәйкестіктің қалыптасуын қамтамасыз ететін өзіндік когнитивтік-тұлғалық тетіктер ретінде қызмет етеді. Олардың дамуы педагогикалық қызметтің құндылықтарын ішкі қабылдауға және жеке кәсіби стильді қалыптастыруға ықпал етеді.

2. Рефлексивтік дағдыларды қалыптастыру үдерісінің болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби сәйкестігінің дамуына әсері эмпирикалық зерттеулерде әлі де жеткілікті түрде дәлелденбеген.

3. Ғылыми-педагогикалық зерттеулерде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің педа-гогикалық қызметке дайындығының негізгі көрсеткіштері ретінде қарастырылатын дивергентті, вариативті және креативті-рефлексивті дағдыларының қалыптасу деңгейін диагностикалау мәселесі өзекті болып табылады.

Осылайша, дивергентті, вариативті және креативті-рефлексивтік дағдылар болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби сәйкестігін қалыптастыруды қамтамассыз ететін рефлексивті дағдылардың тұтас жүйесін құрайды. Оларды дамыту кәсіби рөлді ұғынуға, педагогикалық қызмет құндылықтарын қабылдауға және кәсіби мінез-құлықтың жеке стилін қалыптастыруға ықпал етеді.

Зерттеудің мақсаты болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби сәйкестігінің бас-тапқы деңгейін және бастауыш сынып оқушыларымен жұмыс барысында олардың дивергентті, вариативті және креативті-рефлексивті дағдыларының көріну дәрежесін деңгейлеп бағалау болып табылады.

Зерттеу гипотезасы: бастауыш сынып мұғалімдерінің дивергентті, вариативті және креативті-рефлексивті дағдыларының дамуы олардың кәсіби сәйкестілік деңгейімен оң байланыста болады; рефлексивті дағдылардың жоғары деңгейі кәсіби рөлді тереңірек түсінуге,

педагогикалық тәжірибе құндылықтарын іштей қабылдауға және педагогикалық тұрғыдан өзін-өзі айқындау қабілетіне ықпал етеді.

Зерттеу міндеттері:

1. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби сәйкестігінің бастапқы деңгейін бағалау;
2. Бастауыш сынып оқушыларымен жұмыс барысында дивергентті, вариативті және креативті-рефлексивті дағдылардың даму деңгейін анықтау.

Материалдар мен әдістер. Зерттеудің әдіснамалық құрылымы сандық және сапалық тәсілдерді біріктіру қағидатына негізделді. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби сәйкестігін диагностикалау кәсіби қалыптасудың когнитивтік, құндылықтық және мінез-құлықтық компоненттерін психометриялық бағалауды қамтамасыз ететін Teacher Identity Measurement Scale (TIMS) және Student Teacher Professional Identity Scale стандартталған шкалалары арқылы жүзеге асырылды. Кәсіби өзіндік сана құрылымын айқындау мақсатында бастауыш сынып оқушылармен өзара әрекеттесудің шынайы жағдайларын модельдейтін педагогикалық жағдаяттарға кейс-талдауды қамтитын сапалық әдістер қолданылды.

Зерттеуге қатысушылар: анықтаушы экспериментке Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті мен Қызылорда «Болашақ» университетінің 6В01303 - «Бастауыш оқытудың педагогикасы мен әдістемесі» білім беру бағдарламасы бойынша оқитын 112 білім алушы қатысты. Эксперимент білім беру үдерісінің табиғи жағдайында жүргізілді және арнайы қалыптастырушы ықпалдарды енгізуді көздеген жоқ. Негізгі назар болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби сәйкестігі мен рефлексивтік дағдыларының бастапқы деңгейін айқындауға аударылды.

Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби сәйкестігін қалыптастыру олардың кәсіби рөлін сезінуін, педагогикалық қызмет құндылықтарын қабылдауын және мінез-құлықтың жеке стилін қалыптастыруын көздейді. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби сәйкестігін қалыптастырудың педагогикалық мазмұны өздерінің кәсіби тәжірибесін пайымдауды, педагогикалық шешімдердің вариативтілігін және білім беру тәжірибесін шығармашылық тұрғыдан түрлендіру қабілетін қамтамасыз ететін рефлексивтік дағдыларды дамытудан тұрады (2-кесте).

2-кесте. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби сәйкестігін қалыптастырудың педагогикалық мазмұны

Рефлексивті дағдылардың түрі	Дағдылардың мазмұны	Кәсіби сәйкестікті қалыптастырудың педагогикалық мазмұны
Дивергентті рефлексивті дағдылар	Педагогикалық жағдаяттарды әртүрлі кәсіби көзқарастардан анықтау; педагогикалық қиындықтардың баламалы интерпретацияларын ұсыну; оқу-тәрбие үдерісі дамуының ықтимал нәтижелерін болжау; Бастауыш сынып мұғалімінің кәсіби функцияларының санқырлылығын пайымдау.	Бастауыш сынып мұғалімі мамандығы туралы түсініктерді кеңейту, педагогикалық қызметтің көпөлшемділігі ұғыну, кәсіби «Мен» бейнесінің тұтастығын қалыптастыру.
Вариативті рефлексивті дағдылар	баламалы педагогикалық шешімдерді салыстыру және бағалау; бастауыш сынып оқушыларымен педагогикалық өзара іс-әрекет тәсілдерін саналы түрде таңдау; кәсіби іс-әрекеттерді білім алушылардың жас және жеке ерекшеліктеріне бейімдеу; жеке педагогикалық позицияны түзетіп отыру.	Кәсіби құндылықтарды саналы түрде қабылдау, кәсіби ұстанымын нақтылау және бекіту, кәсіби таңдаудың дұрыстығына деген сенімділікті дамыту.
Креативті-рефлексивті дағдылар	Бастауыш сынып оқушыларын оқыту мен тәрбиелеудің дәстүрлі әдістерін қайта пайымдау; педагогикалық өзара әрекеттестіктің өзіндік формаларын құрастыру; жеке және кәсіби тәжірибені қызметтің жеке оқыту стиліне интеграциялау; жеке кәсіби сәйкестікті рефлексивті бағалау.	жеке кәсіби стильді қалыптастыру, өзін педагогикалық қызметтің суъектісі ретінде сезіну, тұрақты кәсіби өзін-өзі сәйкестендіру.

Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби даярлау үдерісінде кәсіби сәйкестікті қалыптастыру мазмұны мен бағыты әртүрлі рефлексивтік дағдыларды дамытумен тығыз байланыста жүзеге асырылады.

Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби сәйкестігінің қалыптасуын деңгейлеп бағалау – алдын ала белгіленген критерийлер мен деңгейлер бойынша кәсіби рөлді ұғыну, педагогикалық қызмет құндылықтарын меңгеру және рефлексивті дағдылардың (дивергентті, вариативті және креативті-рефлексивтік) даму деңгейін жүйелі түрде бағалау.

3-кесте. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби сәйкестігінің қалыптасуын деңгейлеп бағалау

Деңгейлер	Рефлексивті дағдыларды бағалау критерийлері	Бағалау құралдары
Төмен	дивергентті: бастауыш сынып оқушыларымен туындайтын педагогикалық жағдаяттар туралы үзінді түсініктердің болуы; вариативті: бастауыш сынып оқушыларымен әрекеттерді таңдауда және бағалауда тәуелсіздік деңгейінің төмен болуы. креативті-рефлексивтік: дәстүрлі оқыту тәжірибесін ресми қайта қарастыру; жеке және кәсіби тәжірибенің бірігуінің жеткіліксіздігі.	Teacher Identity Measurement Scale (TIMS) Student Teacher Professional Identity Scale. Сауалнама
Орташа	дивергентті: бастауыш сынып оқушыларымен туындайтын педагогикалық жағдаяттарды интерпретациялаудағы баламалылық. вариативті: бастауыш сынып оқушыларымен педагогикалық өзара іс-әрекет тәсілдерін саналы түрде таңдау; креативті-рефлексивтік: бастауыш сынып оқушыларының ерекшеліктерін ескере отырып, дәстүрлі педагогикалық практикаларды ішінара қайта пайымдау.	
Жоғары	дивергентті: көптеген баламалы нұсқаларды туындату; бастауыш сынып оқушыларымен жасалатын педагогикалық іс-әрекеттердің салдарын болжау. вариативті: бастауыш сынып оқушыларымен туындайтын педагогикалық жағдаяттарда шешімдерді икемді бейімдеу және рефлексивті түрде қайта құру. креативті-рефлексивтік: іс-әрекеттің өзіндік тәсілдерін әзірлеу; жұмыста жеке және кәсіби тәжірибені тиімді интеграциялау.	

Дереккөз: Автордың әзірлемесі. Деңгейлеп бағалау білім алушылардың кәсіби сәйкестігінің қалыптасуының динамикасын анықтауға, педагогикалық шарттар мен дамытушы технологиялардың тиімділігін бағалауға, сонымен қатар рефлексивтік дағдылардың әртүрлі түрлерін дамытудың болашақ мұғалімнің кәсіби ұстанымының қалыптасуына тигізетін әсерін анықтауға мүмкіндік береді.

Анықтаушы эксперимент болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби сәйкестігінің қалыптасу деңгейін және олардың бастауыш сынып оқушыларымен жұмысындағы дивергенттік, креативті-рефлексивтік дағдыларының жүйелі түрде дәрежесін анықтауға бағытталды. Эксперимен жүйелі түрде іске асырылатын үш кезеңді қамтыды: диагностика, анықтау және нәтижелерді бағалау.

Диагностикалау кезеңінде педагогикалық даярлық бағытындағы білім алушылардың кәсіби сәйкестігі мен рефлексивті дағдылары кешенді зерттелді.

Анықтау кезеңі кәсіби сәйкестіктің қалыптасу деңгейлерін (төмен, орта, жоғары) анықтауға және бастауыш сынып оқушыларымен өзара әрекеттесу барысында туындайтын педагогикалық жағдаяттардағы дивергентті, вариативті және креативті-рефлексивті дағдылардың қалыптасу дәрежесін айқындауға бағытталды. Осы кезеңде алынған диагностикалық деректерге талдау жасалып, олар әзірленген критерийлер мен көрсеткіштермен сәйкестендірілді.

Нәтижелерді бағалау кезеңінде эмпирикалық деректерге сандық және сапалық талдау жүргізілді. Бұл кәсіби сәйкестілік пен рефлексивті дағдылар деңгейлерінің таралуын қарастыруды, сондай-ақ қатысушылардың нәтижелерін (қажет болған жағдайда бақылау тобының нәтижелерін қоса алғанда) салыстырмалы талдауды қамтыды. Алынған мәліметтер болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби сәйкестілігінің қалыптасу жағдайы және педагогикалық

қызмет барысында рефлексивті дағдылардың көріну сипаты туралы қорытынды жасауға мүмкіндік берді.

Жоғарыда атап өтілгендей, диагностикалық құралдар кешені сандық және сапалық әдістердің үйлесіміне негізделді, бұл зерттелетін құбылысты кешенді бағалауды қамтамасыз етуге мүмкіндік берді.

Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби сәйкестігін диагностикалау үшін Teacher Identity Measurement Scale (TIMS) қолданылды, ол кәсіби өзіндік сананың қалыптасу деңгейін және білім алушының өзін педагогикалық мамандықпен сәйкестендіру дәрежесін бағалауға бағытталған стандартталған шкала болып табылады. Бағалау бес балдық Лайкерт шкаласы бойынша (1-ден 5-ке дейін) жүзеге асырылды. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби сәйкестігін қалыптастыруда деңгейлік айырмашылықтарды анықтауға мүмкіндік берді. Сондай-ақ, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби сәйкестігін диагностикалау мақсатында Student Teacher Professional Identity Scale (STPIS) шкаласы пайдаланылды, педагогикалық даярлық бағыттарындағы білім алушылардың кәсіби өзіндік санасы қалыптасуының ерекшеліктерін айқындауға бағытталған стандартталған шкала болып табылады.

Бұл әдістеме кәсіби өзін-өзі сәйкестендірудің деңгейін, педагогикалық қызметке деген көзқарасты және кәсіби таңдаудағы сенімділікті бағалауға мүмкіндік береді. Бағалау бес балдық Лайкерт шкаласы бойынша (1-ден 5-ке дейін) жүргізілді, бұл алынған мәліметтерді деңгейлік талдаудан өткізу мүмкіндігін қамтамасыз етті. STPIS әдістемесі анықтаушы эксперимент шеңберінде қолдану үшін әдістемелік тұрғыдан мақсатқа сай болып табылады. Себебі тәжірибелі педагогтарға емес, тікелей білім алушыларға бағытталған; кәсіби сәйкестіктің аяқталғандығын емес, оның қалыптасу үдерісін тіркейді; кәсіби өзін-өзі анықтаудағы деңгейлік айырмашылықтарды айқындауға мүмкіндік береді; TIMS әдістемесін толықтыра отырып, кәсіби сәйкестікті кешенді түрді диагностикалауды қамтамасыз етеді. Әдістеменің сенімділігі Кронбах альфа көрсеткішімен өлшенді.


Мәліметтерді алдын ала өңдеу мен визуалдауға арналған IBM SPSS Statistics (28.0 нұсқасы) және Microsoft Excel бағдарламалық жасақтамасын пайдалану арқылы жүргізілді. SPSS бағдарламасын таңдау оның статистикалық талдаудағы, соның ішінде алынған мәліметтердің сенімділігін бағалаудағы кең мүмкіндіктеріне негізделді.

Нәтижелер мен талқылау. Кәсіби сәйкестік көрсеткіштерін сандық талдау болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби қалыптасу үдерісіндегі басым үрдістерді анықтауға мүмкіндік берді. Стандартталған диагностикалық шкалалар бойынша орташа мәндерді талдау кәсіби сәйкестікті білім алушылардың өздерінің кәсіби мақсатын, құндылықтық бағдарларын және педагогикалық қызметке дайындығын түсіну дәрежесін көрсететін динамикалық құрылым ретінде қарастыруға мүмкіндік береді. Орташа мәндер мен вариативтілік көрсеткіштері болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби өзін-өзі анықтауының жетілу деңгейін сипаттайтын эмпирикалық көрсеткіштер болып табылады (4-кесте).

4-кесте. Диагностикалық шкалалар бойынша болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби сәйкестік көрсеткіштерінің орташа ұпайлары (n = 112)

Диагностикалық шкала	Орташа мән (M)	Стандартты ауытқу (SD)
Teacher Identity Measurement Scale (TIMS)	3,42	0,61
Student Teacher Professional Identity Scale (STPIS)	3,37	0,58

TIMS және STPIS шкалалары бойынша алынған орташа мәндер болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби сәйкестігінің қалыптасу деңгейі негізінен орташа деңгейде екенін көрсетеді. Алынған көрсеткіштер деңгейлік талдау нәтижелерін растап, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби өзін-өзі айқындаудың қалыптасу кезеңіндегі жағдайды сипаттайды (1-диаграмма).




1-диаграмма. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби сәйкестік Көрсеткіштерінің орташа мәндерін салыстырмалы талдау

Эксперимент нәтижелері болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби сәйкестігінің қалыптасу деңгейлерін анықтауға және рефлексивтік дағдылардың дамуындағы жетілдіруді қажет ететін бағыттарды айқындауға мүмкіндік берді.

5-кесте. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің рефлексивті дағдыларының деңгейлік бөлінісі (n = 112)

Рефлексивті дағдылардың түрлері	Рефлексивті дағдылардың бастапқы күйінің деңгейлері (болашақ мұғалімдер, / %)		
	Төмен	Орташа	Жоғары
Дивергентті	41 / 36,6 %	49 / 43,8 %	10 / 19,6 %
Вариативті	35 / 31,3 %	54 / 48,2 %	23 / 20,5 %
Креативті-рефлексивтік	46 / 41,1 %	44 / 39,3 %	10 / 19,6 %


Анықтау экспериментінің нәтижелерін талдау білім алушылардың көпшілігінде кәсіби сәйкестіктің қалыптасуының орташа деңгейі (46,4%) басым екенін көрсетті, бұл бастауыш сынып мұғалімінің кәсіби рөлі туралы ішінара қалыптасқан түсініктердің және базалық рефлексивті дағдылардың бар екенін білдіреді (2-диаграмма).



2-диаграмма. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің рефлексивтік дағдыларының даму деңгейлерінің құрылымы

Төмен деңгей болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің 33,9 %-ында анықталды және ол кәсіби түсініктердің үзік-созық қалыптасуымен, сондай-ақ бастауыш сынып оқушыларымен жұмыс істеудегі рефлексивтік дағдылардың жеткіліксіз деңгейде дамығандығымен сипатталады.

Кәсіби сәйкестіліктің жоғары деңгейі білім алушылардың 19,7 %-ында тіркелді, бұл олардың кәсіби өзін-өзі айқындауының тұрақтылығын және рефлексивтік дағдыларының жоғары деңгейде қалыптасқанын көрсетеді.



3-диаграмма. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің рефлексивтік дағдыларының қалыптасу деңгейлері бойынша бөлінуі

Алынған мәліметтер анықтаушы эксперимент кезеңінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің басым бөлігінде дивергентті және вариативті, рефлексивті дағдылардың қалыптасуының орташа деңгейі басым екенін көрсетті. Ал креативті-рефлексивті дағдылар төмен деңгейде екендігін айқын көруге болады. Бұл білім алушылардың бір бөлігінде педагогикалық тәжірибені терең қайта пайымдау, сондай-ақ бастауыш сынып оқушыларымен жұмыс барысында жеке және кәсіби тәжірибені кіріктіре қолдану қабілетінің жеткілікті деңгейде қалыптаспағанын көрсетеді.

Деңгейлеп бағалау болашақ бастауыш сынып мұғалімдердің кәсіби сәйкестік пен рефлексивті дағдылардың қалыптасуының бастапқы деңгейлері бойынша бөлінісінің біркелкі емес екенін көрсетті.

Білім алушылардың ең үлкен үлесі орташа деңгейге тиесілі, бұл олардың кәсіби ұстанымының ішінара қалыптасқанын және рефлексивтік дағдыларының базалық деңгейде қалыптасқанын көрсетеді.

Сонымен қатар төмен деңгей көрсеткіштерінің едәуір басым болуы креативті-рефлексивті дағдылардың жеткіліксіз қалыптасқанын көрсетеді және болашақ мұғалімдердің педагогикалық тәжірибелерді қайта пайымдау, сондай-ақ бастауыш сынып оқушыларымен жұмыс барысында жеке кәсіби стилін қалыптастыру қабілеттерін дамытуға бағытталған мақсатты педагогикалық жұмыстың қажеттілігін айқындайды.

Анықтау экспериментінің нәтижелері болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби сәйкестігі жалпы алғанда орташа деңгейде қалыптасқанын көрсетті. Бұл болашақ мұғалімдердің көпшілігінде мұғалімнің кәсіби рөлі туралы негізгі түсініктер және бастауыш мектептегі педагогикалық қызметтің ерекшеліктері туралы бастапқы түсінік бар екенін көрсетеді. Сонымен бірге бұл түсініктер әлі де жеткілікті тұрақты әрі жүйелі емес.

Teacher Identity Measurement Scale и Student Teacher Professional Identity Scale шкаласы бойынша алынған орташа мәндер кәсіби сәйкестіктің қалыптасу сатысындағы үдеріс екендігі туралы қорытындыны растайды. Алынған нәтижелер кәсіби өзін-өзі айқындаудың бар екенін көрсеткенімен, оның толық әрі тұрақты қалыптасқанын дәлелдемейді. Бұл қорытынды рефлексивті материалдарды сапалық талдау нәтижелерімен де сәйкес келеді.

Beijaard, D., Meijer, P.C. және Verloop, N. (2004) зерттеулері мұғалімнің кәсіби сәйкестігінің маңыздылығын ерекше атап көрсетеді. Зерттеуде кәсіби даярлықтың ерекше рөлін атап өтіп, «кәсіби сәйкестік» феноменін рефлексивтік ықпалмен үнемі дамып, өзгеріп отыратын динамикалық құрылым ретінде қарастырады (Beijaard et al., 2004).

Sachs, J. (2005) зерттеуінде де осыған ұқсас тұжырымдар жасалған. Зерттеуге қатысушылар барлық негізгі көрсеткіштер бойынша елеулі ілгерілеу көрсеткен. Нәтижелер мұғалімнің кәсіби сәйкестігі педагогикалық мамандықтың негізгі өзегі екенін және оның дайын күйінде қалыптасатын немесе сырттан таңылатын құбылыс емес, мұғалімнің кәсіби тәжірибесі мен жеке сезінуі арқылы қалыптасатынын дәлелдейді (Sachs, 2005).

Жалпы алғанда, анықтаушы эксперимент нәтижелері болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби сәйкестігін қалыптастырудың маңызды педагогикалық шарты ретінде рефлексивті дағдыларды мақсатты түрде дамыту қажеттілігін көрсетеді.

Анықталған деңгейлік ерекшеліктер мен рефлексивтік дағдылардың көрінісі білім алушылардың кәсіби өзіндік санасын тереңдетуге бағытталған педагогикалық технологияларды әзірлеу және эксперименттік жұмысты жалғастыру қажеттігін негіздейді.

Қорытынды. Деңгейлік бағалау негізінде жүргізілген рефлексивтік дағдыларды талдау дивергентті және вариативті дағдылардың білім алушылардың көпшілігінде орташа деңгейде дамығанын көрсетті. Бұл олардың педагогикалық жағдаяттарды әртүрлі қырынан қарастырып, бастауыш сынып оқушыларымен өзара әрекет ету тәсілдерін саналы түрде таңдай алатынын білдіреді. Ал креативті-рефлексивтік дағдылар көбіне төмен және орташа деңгейде байқалды. Бұл дәстүрлі педагогикалық тәжірибелерді қайта қарастыру және жеке тәжірибені кәсіби тәжірибемен ұштастыру қабілетінің жеткілікті деңгейде қалыптаспағанын көрсетеді.

Зерттеудің практикалық маңыздылығы алынған мәліметтердің деңгейлік бағалауды келесідей мақсаттарда қолдануға мүмкіндік беруінде: білім алушылардың рефлексивтік дағдыларының даму деңгейін анықтау; білім беру бағдарламаларын және кәсіби сәйкестікті қалыптастыру әдістемелерін жетілдіру; жеке білім беру траекторияларын жоспарлау және оқу үдерісіне рефлексивті технологияларды енгізу.

Зерттеудің ғылыми құндылығы мынада: болашақ бастауыш сынып мұғалімінің кәсіби сәйкестігін қалыптастырудағы дивергентті, вариативті және креативті-рефлексивті дағдылардың шешуші рөлі расталады; бұл дағдылардың даму деңгейлері бойынша таралу заңдылықтары анықталады; кәсіби өзін-өзі анықтау тетіктерін одан әрі зерттеу және жеке және кәсіби тәжірибені біріктіру үшін алғышарттар жасалады.

Болашақ зерттеулердің перспективалары келесі мүмкіндіктерге жол ашады: креативті-рефлексивті дағдылардың дамуына әсер ететін факторларды тереңдетіп зерттеу; кәсіби сәйкестікті қалыптастыруға арналған тиімді педагогикалық стратегиялар мен бағдарламаларды әзірлеу; деңгейлік бағалауды болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби қалыптасуын бақылау жүйесіне енгізу.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

Антонова, Н.В. (1997). Личностная идентичность современного педагога и особенности его общения. Вопросы психологии, (6), 23–30.

Beijaard, D., Meijer, P.C., & Verloop, N. (2004). Reconsidering research on teachers' professional identity. Teaching and Teacher Education, 20(2), 107–128. https://doi.org/10.1016/j.tate.2003.07.001

Березина, Т.С. (2008). Становление профессиональной идентичности педагога. Педагогическое образование и наука, (7), 24–26.

Чебышева, В.В. (1971). Психологические проблемы профориентации школьников. Вопросы психологии, (1), 14–19.

de Bono, E. (2000). Six thinking hats: Revised and updated. Penguin Books.

Ермакова, Г.Г. (1999). Педагогические условия развития профессиональной рефлексии педагога [Диссертация кандидата педагогических наук]. Оренбург.

Feiman-Nemser, S. (2001). From preparation to practice: Designing a continuum to strengthen and sustain teaching. Teachers College Record, 103(6), 1013–1055. https://doi.org/10.1111/0161-4681.00141

Flores, M.A., & Day, C. (2006). Contexts which shape and reshape new teachers' identities: A multi-perspective study. Teaching and Teacher Education, 22(2), 219–232. https://doi.org/10.1016/j.tate.2005.09.002

Gee, J.P., & Hayes, E.R. (2011). Language and learning in the digital age. Routledge. https://doi.org/10.4324/9780203830918

Kelchtermans, G. (2009). Who I am in how I teach is the message: Self-understanding, vulnerability and reflection. Teachers and Teaching: Theory and Practice, 15(2), 257–272. https://doi.org/10.1080/13540600902875332

Климов, Е.А. (2007). Психология профессионального самоопределения. Академия.

Korthagen, F.A.J. (2017). Inconvenient truths about teacher learning: Towards professional development 3.0. Teachers and Teaching: Theory and Practice, 23(4), 387–405. https://doi.org/10.1080/13540602.2016.1211523

Ковалева, Н.Б. (1994). Развитие и организация рефлексивных методов в совместном решении творческих задач [Автореферат диссертации кандидата психологических наук]. Российская академия управления.

Панова, Л.В. (2005). Педагогические условия формирования рефлексивных умений будущих учителей начальных классов [Автореферат диссертации кандидата педагогических наук]. Удмуртский государственный университет.

Петровский, А. В. (Ред.). (1987). Психология развивающейся личности. Педагогика.

Родыгина, У.С. (2007). Психологические особенности профессиональной идентичности студентов. Психологическая наука и образование, 12(4), 39–51. https://psyjournals.ru/journals/pse/archive/2007_n4/Rodygina

Sachs, J. (2005). Teacher education and the development of professional identity: Learning to be a teacher. In P. M. Denicolo & M. Kompf (Eds.), Connecting policy and practice: Challenges for teaching and learning in schools and universities (pp. 5–21). Routledge. https://doi.org/10.4324/9780203012529-3

Шнейдер, Л.Б. (2001). Профессиональная идентичность. Московский открытый социальный университет.

Veenman, S. (1984). Perceived problems of beginning teachers. Review of Educational Research, 54(2), 143–178. https://doi.org/10.3102/00346543054002143

Zeichner, K. (2010). Rethinking the connections between campus courses and field experiences in college- and university-based teacher education. Journal of Teacher Education, 61(1–2), 89–99. https://doi.org/10.1177/0022487109347671

References:

Antonova, N.V. (1997). Lichnostnaya identichnost sovremennogo pedagoga i osobennosti ego obshcheniya. Voprosy psikhologii, (6), 23–30.

Beijaard, D., Meijer, P.C., & Verloop, N. (2004). Reconsidering research on teachers' professional identity. Teaching and Teacher Education, 20(2), 107–128. https://doi.org/10.1016/j.tate.2003.07.001

Berezina, T.S. (2008). Stanovlenie professionalnoi identichnosti pedagoga. Pedagogicheskoe obrazovanie i nauka, (7), 24–26.

Chebysheva, V.V. (1971). Psikhologicheskie problemy proforientatsii shkolnikov. Voprosy psikhologii, (1), 14–19.

de Bono, E. (2000). Six thinking hats: Revised and updated. Penguin Books.

Ermakova, G.G. (1999). Pedagogicheskie usloviya razvitiya professionalnoi refleksii pedagoga [Kandidatskaya dissertatsiya po pedagogicheskim naukam]. Orenburg.

Feiman-Nemser, S. (2001). From preparation to practice: Designing a continuum to strengthen and sustain teaching. Teachers College Record, 103(6), 1013–1055. https://doi.org/10.1111/0161-4681.00141

Flores, M.A., & Day, C. (2006). Contexts which shape and reshape new teachers' identities: A multi-perspective study. Teaching and Teacher Education, 22(2), 219–232. https://doi.org/10.1016/j.tate.2005.09.002

Gee, J.P., & Hayes, E.R. (2011). Language and learning in the digital age. Routledge. https://doi.org/10.4324/9780203830918

Kelchtermans, G. (2009). Who I am in how I teach is the message: Self-understanding, vulnerability and reflection. Teachers and Teaching: Theory and Practice, 15(2), 257–272. https://doi.org/10.1080/13540600902875332

Klimov, E.A. (2007). Psikhologiya professionalnogo samoopredeleniya. Akademiya.

Korthagen, F.A.J. (2017). Inconvenient truths about teacher learning: Towards professional development 3.0. Teachers and Teaching: Theory and Practice, 23(4), 387–405. https://doi.org/10.1080/13540602.2016.1211523

Kovaleva, N.B. (1994). Razvitie i organizatsiya refleksivnykh metodov v sovmestnom reshenii tvorcheskikh zadach [Avtoreferat kandidatskoi dissertatsii po psikhologicheskim naukam]. Rossiiskaya akademiya upravleniya.

Panova, L.V. (2005). Pedagogicheskie usloviya formirovaniya refleksivnykh umenii budushchikh uchitelei nachalnykh klassov [Avtoreferat kandidatskoi dissertatsii po pedagogicheskim naukam]. Udmurtskii gosudarstvennyi universitet.

Petrovskii, A.V. (Ed.). (1987). Psikhologiya razvivayushcheisya lichnosti. Pedagogika.

Rodygina, U.S. (2007). Psikhologicheskie osobennosti professionalnoi identichnosti studentov. Psikhologicheskaya nauka i obrazovanie, 12(4), 39–51. https://psyjournals.ru/journals/pse/archive/2007_n4/Rodygina

Sachs, J. (2005). Teacher education and the development of professional identity: Learning to be a teacher. In P. M. Denicolo & M. Kompf (Eds.), Connecting policy and practice: Challenges for teaching and learning in schools and universities (pp. 5–21). Routledge. https://doi.org/10.4324/9780203012529-3

Shneider, L.B. (2001). Professionalnaya identichnost. Moskovskii otkrytyi sotsialnyi universitet.

Veenman, S. (1984). Perceived problems of beginning teachers. Review of Educational Research, 54(2), 143–178. https://doi.org/10.3102/00346543054002143

Zeichner, K. (2010). Rethinking the connections between campus courses and field experiences in college- and university-based teacher education. Journal of Teacher Education, 61(1–2), 89–99. https://doi.org/10.1177/0022487109347671

IRSTI 14.35.01 https://doi.org/10.51889/2959-5762.2026.91.3.009

Zhuparkhan A., [1]* *Shalgunbayeva K.,*[1] *Sholpankulova G.,*[1] *Gunduz S.*[2]

[1]*L.N.Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan*
[2]*Bolu Abant İzzet Baysal University, Bolu, Turkey*

CONCEPTUAL FOUNDATIONS FOR DEVELOPING FUTURE PEDAGOGUE-PSYCHOLOGISTS' READINESS TO SUPPORT STUDENTS' COGNITIVE ENGAGEMENT

Abstract

The article examines the conceptual foundations of preparing future pedagogue-psychologists to support students' cognitive engagement. The study analyzes key theoretical approaches, including cultural-historical theory, motivational frameworks, constructivist views of learning, and models describing cognitive activity, which together provide a basis for identifying factors that influence students' engagement with academic tasks. Six core factors-cognitive strategy knowledge, metacognitive competence, autonomy-supportive instruction, instructional design skills, assessment literacy, and psychological and relational awareness-were systematized through a comparative review of theoretical and empirical sources. The analysis shows that teacher readiness to support cognitive engagement develops through the combination of cognitive, motivational, and relational processes present in classroom instruction. The findings underline the importance of integrating these components into teacher education programs to strengthen future specialists' ability to recognize engagement-related behaviors and organize learning environments that encourage sustained cognitive activity. The results offer a conceptual framework for improving teacher preparation in pedagogical psychology and provide directions for further research on the development of engagement-supportive competencies.

Keywords: cognitive engagement, teacher readiness, pedagogical psychology, conceptual foundations, instructional design, metacognition.

А. Жұпархан, [1]* *К.К.Шалғынбаева,* [1] *Г.К. Шолпанкулова,* [1] *S. Gunduz*[2]

[1]*Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана қ., Қазақстан*
[2] *Болу Абант Иззет Байсал университеті, Болу қ., Түркия*

БОЛАШАҚ ПЕДАГОГ-ПСИХОЛОГТАРДЫҢ СТУДЕНТТЕРДІҢ ТАНЫМДЫҚ БЕЛСЕНДІЛІГІН ҚОЛДАУҒА ДАЙЫНДЫҒЫН ДАМЫТУДЫҢ ТҰЖЫРЫМДАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Аңдатпа

Мақалада болашақ педагог-психолог студенттердің танымдық белсенділігін қолдауға даярлаудың тұжырымдамалық негіздері қарастырылады. Зерттеуде мәдени-тарихи теория, мотивациялық үлгілер, конструктивистік оқыту тұжырымдамалары және танымдық әрекетті сипаттайтын модельдер талданып, студенттердің оқу тапсырмаларына қатысуына ықпал ететін факторларды айқындауға негіз жасалады. Теориялық және эмпирикалық дереккөздерді салыстырмалы талдау нәтижесінде алты негізгі фактор жүйеленді: когнитивтік стратегияларды білу, метакогнитивтік құзыреттілік, автономияны қолдайтын оқыту, оқу тапсырмаларын жобалау дағдылары, бағалау сауаттылығы және психологиялық-реляциялық хабардарлық. Талдау нәтижелері педагогтың танымдық белсенділікті қолдауға дайын болуы танымдық, мотивациялық және тұлғааралық үдерістердің үйлесімді әрекетіне тәуелді екенін көрсетеді. Зерттеу қорытындылары педагог-психологтарды даярлау бағдарламаларына осы компоненттерді кіріктірудің маңызын атап өтіп, болашақ мамандардың танымдық белсенділікті қолдайтын орта құру қабілетін дамытуға бағытталған тұжырымдамалық негіз ұсынады. Сондай-ақ, когнитивтік қатысуды қолдау құзыреттерін қалыптастыруға қатысты болашақ зерттеулердің бағыттарын айқындайды.

Түйін сөздер: когнитивтік қатысу, педагогтың дайындығы, педагогикалық психология, тұжырымдамалық негіздер, оқытуды жобалау, метакогниция.

Жұпархан А., [1]* *Шалғынбаева К.К.,* [1] *Шолпанкулова Г.К.,* [1] *Gunduz S.* [2]
[1]*Евразийский национальный университет им. Л.Н.Гумилёва, г.Астана, Казахстан*
[2]*Болу Абант Иззет Байсал Университет, г.Болу, Турция*

КОНЦЕПТУАЛЬНЫЕ ОСНОВЫ РАЗВИТИЯ ГОТОВНОСТИ БУДУЩИХ ПЕДАГОГОВ-ПСИХОЛОГОВ К ПОДДЕРЖКЕ ПОЗНАВАТЕЛЬНОЙ АКТИВНОСТИ СТУДЕНТОВ

Аннотация

В статье рассматриваются концептуальные основы подготовки будущих педагогов-психологов к поддержке когнитивной вовлеченности учащихся. Анализируются ключевые теоретические подходы, включая культурно-историческую теорию, мотивационные модели, конструктивистские представления об обучении и модели когнитической активности, которые позволяют определить факторы, влияющие на вовлеченность студентов в учебные задания. На основе сравнительного анализа теоретических и эмпирических источников систематизированы шесть основных факторов: знание когнитивных стратегий, метакогнитивная компетентность, автономно-поддерживающее обучение, навыки проектирования учебных заданий, оценочная грамотность и психологико-реляционная осведомленность. Анализ показывает, что готовность педагога поддерживать когнитивную вовлеченность формируется через сочетание когнитивных, мотивационных и межличностных процессов, присутствующих в образовательной деятельности. Полученные результаты подчеркивают необходимость интеграции данных компонентов в программы подготовки педагогов для развития у будущих специалистов способности распознавать признаки вовлеченности и организовывать образовательную среду, способствующую устойчивой когнитивной активности. Итоги исследования представляют концептуальную основу для совершенствования подготовки педагогов-психологов и определяют направления дальнейших исследований в области формирования компетенций, поддерживающих когнитивную вовлеченность.

Ключевые слова: когнитивная вовлеченность, готовность педагога, педагогическая психология, концептуальные основы, проектирование обучения, метакогниция.

Introduction. Student engagement is widely treated as a multidimensional construct describing the quality and intensity of students' involvement in learning. It includes observable participation, affective responses, and the cognitive investment that learners make when they attempt to understand, connect, and use academic material. Axelson and Flick emphasize involvement, interest, and connection with the educational environment (Axelson & Flick, 2011), while Wong and Liem describe engagement as a dynamic psychological process shaped by both personal and contextual conditions (Wong & Liem, 2022). This broader view is important because students may appear behaviorally compliant while investing little mental effort in the task.

Among the dimensions of engagement, cognitive engagement is especially relevant to the present study. Fredricks et al. distinguish cognitive engagement from behavioral and emotional engagement by linking it to strategic learning, willingness to invest effort (Fredricks et al., 2004), and persistence in intellectually demanding work. Pintrich and De Groot further connect effective academic performance with self-regulated learning processes, including the use of cognitive strategies, monitoring, and motivational regulation (Pintrich & De Groot, 1990). Greene similarly argues that cognitive engagement should be understood through the depth of students' processing and their deliberate use of strategies rather than through participation alone. Together, these studies suggest that cognitive engagement is visible not simply when students are active, but when their activity involves purposeful thinking, regulation, and meaning-making (Greene, 2015).

The emotional and motivational conditions of learning also influence whether students sustain such cognitive effort. Academic emotions can direct attention, persistence, and the willingness to continue working with difficult material (Pekrun & Linnenbrink-Garcia, 2012). Self-determination theory adds that autonomy, competence, and relatedness are central psychological conditions supporting internally regulated motivation (Ryan & Deci, 2000). From this perspective, cognitively engaging instruction should not only provide challenging tasks but should also create structured opportunities for choice, competence-building feedback, and supportive interaction. Social cognitive theory complements this account by emphasizing self-efficacy: students are more likely to persist when they believe that they can successfully manage the demands of a task (Bandura, 1997).

A second group of perspectives explains cognitive engagement through the design of learning activity. Vygotsky's cultural-historical approach highlights the role of guided participation and support within the zone of proximal development (Vygotsky, 1978), whereas constructivist perspectives emphasize active interpretation, inquiry, and the construction of meaning rather than the passive reception of information (Fosnot, 2013). The ICAP framework provides a more explicit account of differences in the depth of engagement by distinguishing passive, active, constructive, and interactive modes of learning (Chi & Wylie, 2014). These perspectives converge on the idea that the quality of a task, the form of guidance provided, and the opportunities for explanation or interaction can substantially change the level of cognitive work that students perform.

Instructional clarity and feedback constitute another important strand in the literature. Hattie identifies learning intentions, success criteria, and feedback as mechanisms that help learners understand where they are going, how they are progressing, and what they should do next (Hattie, 2008). Formative assessment can also strengthen students' agentive engagement when feedback becomes information that students use to make decisions about their own learning (Mohammadi et al., 2025). Recent evidence further shows that metacognitive ability is associated with learning engagement and can help explain how students regulate effort and avoid unproductive learning patterns (Liu et al., 2025). These findings support the view that teacher readiness for cognitive engagement must include both instructional and metacognitive dimensions.

The presented SWOT analysis demonstrates that, despite high motivation and a basic level of digital literacy among social educators, the effectiveness of using digital platforms in violence prevention is limited by a lack of competencies, methodological frameworks, and specialized tools. At the same time, the identified opportunities point to high potential for further digitalization of this professional activity.

Discussion. The findings of the present study indicate that the integration of digital platforms into the professional activities of social educators represents an increasingly important direction in the modernization of preventive social and educational practice. The growing digitalization of educational and social support systems has significantly transformed the ways in which specialists interact with children, parents, and interagency institutions. In this context, digital technologies create additional opportunities for early identification of family-related risks, remote counseling, and continuous communication with vulnerable. The theoretical analysis conducted within the study demonstrates that digital platforms possess considerable preventive potential, particularly in expanding access to support services and improving coordination between educational and social institutions. Similar conclusions were reached in the studies of O'Campo et al. (2021) and Glass et al. (2022), who emphasized that online safety-planning tools and web-based interventions increase the accessibility of assistance for individuals exposed to violence. The present research confirms these conclusions, showing that social educators actively use digital communication channels to maintain contact with children and parents the same time, the empirical results reveal that the level of digital competence among social educators remains predominantly moderate and does not fully correspond to the demands of the contemporary digital environment. Most respondents demonstrated confidence in using general communication technologies; however, difficulties emerged when working with specialized preventive platforms and digital support systems. Comparable tendencies are discussed in the research of Brookfield et al. (2024), who note that technology-facilitated safeguarding remains insufficiently integrated into professional support practice due to limited institutional preparedness and the absence of specialized digital infrastructure. The study additionally revealed that digital tools are used mainly for communication and organizational interaction rather than for systematic violence prevention. This finding partially corresponds with the conclusions of Anderson et al. (2021), whose research highlights the significant preventive effectiveness of digital interventions while simultaneously emphasizing their limited implementation within everyday professional practice. In contrast to international models where digital safety-planning applications and specialized online services are actively incorporated into social support systems, the preventive use of digital technologies among social educators in Kazakhstan remains fragmented. The obtained data further demonstrate that the most significant barriers to digital prevention are associated with insufficient digital competencies, limited methodological support, the shortage of specialized digital resources, and concerns related to confidentiality and data protection. Similar risks are identified in the works of Woodlock (2017) and Rogers et al. (2022), who examine the problem of technology-facilitated abuse and underline the importance of secure digital environments when supporting victims of domestic violence. The SWOT analysis conducted during the study revealed a clear contradiction between the substantial preventive potential of digital technologies and the limited effectiveness of their practical implementation. Nevertheless, respondents expressed a strong interest in professional digital training and the introduction of specialized digital instruments into preventive practice. This result supports the arguments of Spirina and Spirina (2012), who stress that the effectiveness of preventive work directly depends on the continuous development of professional competencies among specialists working with at-risk families. The scientific contribution of the present research lies in identifying the specific characteristics of digital technology use within the professional activities of social educators involved in preventing domestic violence against children. Unlike many previous studies focused primarily on technological aspects of digitalization, this research concentrates on the practical conditions influencing the implementation of digital resources in preventive social and educational work.

Conclusion. The practical value of the study is associated with the possibility of applying the obtained findings in the development of professional training programs, methodological guidelines, and

specialized preventive digital platforms adapted to the needs of social educators. Overall, the results confirm that improving the effectiveness of violence prevention increasingly depends on the systematic integration of digital technologies into professional practice and on the development of sustainable digital competencies among specialists. At the same time, the study has several limitations related to the size of the empirical sample and the regional scope of the research. Consequently, further investigations are required to explore the long-term effectiveness of digital preventive interventions and to develop integrated digital support models for families and children exposed to domestic violence.

References:

Anderson, E.J., Krause, K.C., Meyer Krause, C., Welter, A., McClelland, D.J., Garcia, D.O., Ernst, K., Lopez, E. C., & Koss, M. P. (2021). Web-based and mHealth interventions for intimate partner violence victimization prevention: A systematic review. Trauma, Violence, & Abuse, 22(4), 870–884. https://doi.org/10.1177/1524838019888889

Antasheva, Yu.A. (2012). Deyatel'nost' shkol'nogo sotsial'nogo pedagoga po zashchite prav rebenka [Activities of a school social educator in protecting children's rights]. Sotsial'naya pedagogika, (1), 41–52.

Ataeva, D.Z. (2018). Rabota sotsial'nogo pedagoga s det'mi, podvergshimisya nasiliyu v sem'e [The work of a social educator with children subjected to domestic violence]. Problemy sovremennogo pedagogicheskogo obrazovaniya, (3), 41–44.

Brookfield, K., Fyson, R., & Goulden, M. (2024). Technology-facilitated domestic abuse: An under-recognised safeguarding issue? The British Journal of Social Work, 54(1), 419–436. https://doi.org/10.1093/bjsw/bcad206

Burnett, C., Crowder, J., Bacchus, L.J., Schminkey, D., Bullock, L., Sharps, P., & Campbell, J. (2021). "It doesn't freak us out the way it used to": An evaluation of the Domestic Violence Enhanced Home Visitation Program to inform practice and policy screening for IPV. Journal of Interpersonal Violence, 36(13–14), NP7488–NP7515. https://doi.org/10.1177/0886260519827161

Choo, E.K., Zlotnick, C., Strong, D. R., Squires, D.D., Tapé, C., & Mello, M.J. (2016). B-SAFER: A web-based intervention for drug use and intimate partner violence demonstrates feasibility and acceptability among women in the emergency department. Substance Abuse, 37(3), 441–449. https://doi.org/10.1080/08897077.2015.11347

Constantino, R.E., Braxter, B., Ren, D., Burroughs, J.D., & Doswell, W.M. (2015). Comparing online with face-to-face interventions in women experiencing intimate partner violence. Issues in Mental Health Nursing, 36. https://doi.org/10.3109/01612840.2014.991049

Digital Code of the Republic of Kazakhstan. (2026). Tsifrovoy kodeks Respubliki Kazakhstan: Kodeks Respubliki Kazakhstan ot 9 yanvarya 2026 goda № 255-VIII ZRK [Digital Code of the Republic of Kazakhstan]. https://adilet.zan.kz/rus/docs/K2600000255

Fiolet, R., Brown, C., Wellington, M., Bentley, K., & Hegarty, K. (2021). Exploring the impact of technology-facilitated abuse and its relationship with domestic violence: A qualitative study on experts' perceptions. Global Qualitative Nursing Research, 8, 1–8. https://doi.org/10.1177/23333936211028176

Ford-Gilboe, M., Varcoe, C., Scott-Storey, K., Perrin, N., Wuest, J., Wathen, C. N., Case, J., & Glass, N. (2020). Longitudinal impacts of an online safety and health intervention for women experiencing intimate partner violence: Randomized controlled trial. BMC Public Health, 20(1), Article 260. https://doi.org/10.1186/s12889-020-8152-8

Glass, N.E., Clough, A., Messing, J.T., Bloom, T., Brown, M.L., Eden, K.B., & Campbell, J.C. (2022). Longitudinal impact of the myPlan app on health and safety among college women experiencing partner violence. Journal of Interpersonal Violence, 37. https://doi.org/10.1177/0886260521991880

Government of the Republic of Kazakhstan. (2017). Ob utverzhdenii Gosudarstvennoy programmy «Tsifrovoy Kazakhstan»: postanovlenie Pravitel'stva Respubliki Kazakhstan ot 12 dekabrya 2017 goda № 827 [On Approval of the State Program «Digital Kazakhstan»]. https://adilet.zan.kz/rus/docs/P1700000827

Government of the Republic of Kazakhstan. (2023). Ob utverzhdenii Kontseptsii razvitiya doshkol'nogo, srednego, tekhnicheskogo i professional'nogo obrazovaniya Respubliki Kazakhstan na 2023–2029 gody: postanovlenie Pravitel'stva Respubliki Kazakhstan ot 28 marta 2023 goda № 269 [On Approval of the Concept for the Development of Preschool, Secondary, Technical and Vocational Education of the Republic of Kazakhstan for 2023–2029]. https://adilet.zan.kz/rus/docs/P2300000269

Government of the Republic of Kazakhstan. (2026). Ob utverzhdenii Kontseptsii «Deti Kazakhstana» na 2026–2030 gody: postanovlenie Pravitel'stva Respubliki Kazakhstan ot 29 yanvarya 2026 goda № 56 [On Approval of the "Children of Kazakhstan" Concept for 2026–2030]. https://adilet.zan.kz/rus/docs/P2600000056

Hegarty, K., Tarzia, L., Murray, E., Valpied, J., Humphreys, C., Taft, A., Gold, L., & Glass, N. (2015). Protocol for a randomised controlled trial of a web-based healthy relationship tool and safety decision aid for women experiencing domestic violence (I-DECIDE). BMC Public Health, 15, Article 736. https://doi.org/10.1186/s12889-015-2072-z

Koziol-McLain, J., Vandal, A. C., Wilson, D., Nada-Raja, S., Dobbs, T., McLean, C., Sisk, R., Eden, K. B., & Glass, N. E. (2018). Efficacy of a web-based safety decision aid for women experiencing intimate partner violence: Randomized controlled trial. Journal of Medical Internet Research, 20(1), e8. https://www.jmir.org/2018/1/e8

Mitryashkina, N.V. (2023). Model' podgotovki sotsial'nykh pedagogov v sisteme nepreryvnogo obrazovaniya k profilaktike nasiliya v internet-kommunikatsiyakh podrostkov [Model of training social teachers in the system of lifelong education for the prevention of violence in the Internet communications of adolescents]. Mir nauki, kul'tury i obrazovaniya, (5), 229–232.

O'Campo, P., Velonis, A., Buhariwala, P., Kamalanathan, J., Hassan, M.A., & Metheny, N. (2021). Design and development of a suite of intimate partner violence screening and safety planning web apps: User-centered approach. Journal of Medical Internet Research, 23(12), e24114. https://doi.org/10.2196/24114

President of the Republic of Kazakhstan. (2026). On the declaration of the Year of Digitalization and Artificial Intelligence: Decree of the President of the Republic of Kazakhstan No. 1151 of January 6, 2026. https://www.akorda.kz/ru/ob-obyavlenii-goda-cifrovizacii-i-iskusstvennogo-intellekta-601222

Rogers, M., Fisher, C., Ali, P., Allmark, P., & Fontes, L. (2022). Technology-facilitated abuse in intimate relationships: A scoping review. Trauma, Violence, & Abuse, 24. https://doi.org/10.1177/15248380221090218

Sabri, B., Glass, N., Murray, S., Perrin, N., Case, J. R., & Campbell, J. C. (2021). A technology-based intervention to improve safety and mental health outcomes for immigrant women experiencing intimate partner violence. BMC Public Health, 21. https://doi.org/10.1186/s12889-021-11930-2

Soldatova, G.U., & Teslavskaya, O.I. (2019). Osobennosti ispol'zovaniya tsifrovykh tekhnologiy v sem'yakh s det'mi doshkol'nogo i mladshego shkol'nogo vozrasta [Features of the use of digital technologies in families with preschool and primary school children]. Natsional'nyy psikhologicheskiy zhurnal, (4), 12–27.

Spirina, V.I., & Spirina, M.L. (2012). Podgotovka sotsial'nogo pedagoga k profilaktike nasiliya nad rebenkom v sem'e: Monografiya [Training of a social educator for the prevention of child abuse in the family: Monograph]. Armavir State Pedagogical Academy.

Tarabrina, K.S. (2023). Vliyanie tsifrovykh tekhnologiy na sovershenie nasil'stvennykh prestupleniy v otnoshenii nesovershennoletnikh [The impact of digital technologies on the commission of violent crimes against minors]. Probely v rossiyskom zakonodatel'stve, 16(8), 161–166.

Woodlock, D. (2017). The abuse of technology in domestic violence and stalking. Violence Against Women, 23(5), 584–602. https://doi.org/10.1177/1077801216646277

Woodlock, D., McKenzie, M., Western, D., & Harris, B. (2019). Technology as a weapon in domestic violence: Responding to digital coercive control. Australian Social Work, 73, 1–13. https://doi.org/10.1080/0312407X.2019.1607510

Yanak, A.L. (2021). Deti i roditeli v informatsionnom prostranstve: vzaimodeystvie, riski i strategii obespecheniya bezopasnosti [Children and parents in the information space: Interaction, risks, and safety strategies]. Izvestiya Saratovskogo universiteta. Novaya seriya. Seriya: Sotsiologiya. Politologiya, 21(1), 64–71.

Zhunusbekova, A., Zelvys, R., Askarkyzy, S., & Bekzhanova, B. (2023). The development of digital competencies among teachers in the context of transition to the "University 4.0". Pedagogy and Psychology, (3), 88–97. https://doi.org/10.51889/2960-1649.2023.15.3.010

ҒТАХР 14.01.11 https://doi.org/10.51889/2959-5762.2026.91.3.020

К.С.Нурова, [1*] *А.М.Джанисенова,* [1*] *Ә.А.Ғалымжан* [1]

[1] *Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті, Ақтау қ., Қазақстан*

БОЛАШАҚ ПЕДАГОГТЕРДІ ОҚУШЫЛАРҒА КӘСІБИ БАҒДАР БЕРУГЕ ДАЯРЛАУ

Аңдатпа

Қазіргі қоғамда еңбек нарығы мен мамандықтардың үздіксіз жаңарып, жедел дамуы және кәсіптер әлеміндегі өзгерістер болашақ педагогтердің оқушыларды кәсіби бағдарлауға даярлау жүйесін жетілдіруді талап етеді. Жалпы алғанда, оқушыларға кәсіби бағдар беру әлеуметтік жүйе ретінде мемлекеттің кадрлік саясатының бөлінбейтін элементі және еңбек ресурстарын басқару тетігінің құрамдас бөлігі. Ол экономиканың сұранысын, халықтың демографиялық және ұлттық ерекшеліктерін ескеруге, еңбекпен қамту құрылымын қалыптастыруға, тұлғалық және қоғамдық қызығушылықты үйлестіруге, олардың шығармашылық қабілеттері мен әлеуметтік белсенділіктерін дамытуға, еңбекпен қанағаттандыруды арттыруға мүмкіндік береді. Бүгінгі қоғамда кәсіби бағдар беру жүйесі қоғам және жеке кәсіпорын деңгейінде әлеуметтік-экономикалық дамудың табыстылығына қол жеткізудің мақсатын анықтайтын маңызды факторлардың біріне саналады. Сондықтан, заманауи қоғамда кәсіби бағдар беру оқушылардың болашақ мамандығына тұлғалық қатынасын, оның мәні туралы түсініктерін, ары қарай кәсіби өзін-өзі жетілдіруіне қажетті еңбек дағдыларын қалыптастыруды жаңаша ойлауды және оны практикалық тұрғыдан шешуді талап етеді.

Түйін сөздер: кәсіби бағдар беру, кәсіп, кәсіби бағдарлау жұмыстары, инновациялық технологиялар, педагогикалық шарттар, психологиялық шарттар**.**

Нурова К.С., [1] Джанисенова А.М., [1*] Галымжан А.А. [1]*
[1] Каспийский университет технологий и инжиниринга имени Ш.Есенова,
г.Актау, Казахстан

ПСИХОЛОГО-ПЕДАГОГИЧЕСКИЕ УСЛОВИЯ ПОДГОТОВКИ БУДУЩИХ ПЕДАГОГОВ К ПРОФОРИЕНТАЦИИ УЧАЩИХСЯ

Аннотация

В современном обществе непрерывное обновление и ускоренное развитие рынка труда и профессий и изменения в мире профессий требуют совершенствования системы подготовки будущих педагогов к профессиональной ориентации учащихся. В целом профориентация учащихся как социальная система является неотъемлемым элементом кадровой политики государства и составной частью механизма управления трудовыми ресурсами. Она позволяет учитывать спрос экономики, демографические и национальные особенности населения, формировать структуру занятости, гармонизировать личностный и общественный интерес, развивать их творческие способности и социальную активность, повышать удовлетворенность трудом. В современном обществе система профориентации считается одним из важнейших факторов, определяющих цель достижения успешности социально-экономического развития на уровне общества и частного предприятия. Следовательно, в современном обществе профориентация требует нового мышления и практического решения личностного отношения учащихся к будущей профессии, понимания ее сущности, формирования трудовых навыков, необходимых для дальнейшего профессионального самосовершенствования.

Ключевые слова: профессиональная ориентация, профессия, работы профессиональной ориентации, инновационная технология, педагогические условия, психологические условия.

Nurova K., [1] Janissenova A., [1] Galymzhan A. [1]*
[1] Caspian University of Technologies and Engineering named after Sh.Yessenov,
Aktau, Kazakhstan

PSYCHOLOGICAL AND PEDAGOGICAL CONDITIONS FOR THE PREPARATION OF FUTURE TEACHERS FOR CAREER GUIDANCE OF STUDENTS

Abstract

In modern society, the continuous renewal and accelerated development of the labor market and professions and changes in the world of professions require the improvement of the system of training future teachers for the professional orientation of students. In general, student career guidance as a social system is an integral element of the state's personnel policy and an integral part of the human resource management mechanism. It allows us to take into account the demand of the economy, demographic and national characteristics of the population, form an employment structure, harmonize personal and public interests, develop their creative abilities and social activity, and increase job satisfaction. In modern society, the career guidance system is considered one of the most important factors determining the goal of achieving successful socio-economic development at the level of society and private enterprise. Consequently, in modern society, career guidance requires new thinking and practical solutions to students' personal attitudes towards their future profession, understanding its essence, and developing the work skills necessary for further professional self-improvement.

Keywords: professional orientation, profession, vocational guidance work, innovative technology, pedagogical conditions, psychological conditions.

Кіріспе. Қоғамның әлеуметтік-экономикалық дамуының қазіргі заманғы кезеңіне сай мамандарды дайындауда оқушыларды кәсіби бағдарлау мектептік білім берудің маңызды мақсатының біріне саналады. Демек, мектеп өмірі оқушылардың белгілі бір мамандықты (кәсіпті) таңдауына, сол мамандыққа бейімділіктері мен қабілеттерін айқындауға және оны ары қарай дамытуға, сонымен бірге кәсіби қызығушылықтарын, болашақ еңбек әрекеті үшін маңызды адамгершілік сапаларын қалыптастыруға мүмкіндік беруі қажет.

Қазақстан Республикасының Конституциясының 24-бабында «Әркімнің еңбек ету бостандығына, қызмет пен кәсіп түрін еркін таңдауына құқығы бар» - деп көрсетілуі құқықтың толығымен жүзеге асырылуы үшін еңбек Отанымыздың барлық азаматтарының табиғи қажеттілігіне айналуы тиіс (Конституция, 1995). Білім беру жүйесі қоғамның маңызды стратегиялық саласы, ол алдымен мемлекеттің болашақ азаматын тәрбиелеу және кәсіби қалыптастыру міндетін

жүзүге асырады. Ол кәсіби білім жүйесінің қазіргі заманғы тенденциясының жаңа деңгейге өтуімен тығыз байланысты.

Қазақстан Республикасында педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғалар лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларында «педагог-кәсіби бағдар беруші» лауазымының енгізілуі білім беру ұйымдарында кәсіби бағдар беру жұмысын пән мұғалімдері, психологтар, әлеуметтік педагогтар, сынып жетекшілері ұйымдастырады, бұл олардың қосымша жұмысын жетілдірудің қажеттілігін көрсетеді (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің бұйрығы, 2022).

Сондықтан, бұл нормативті құжаттардағы қойылған міндеттер мемлекеттің еңбек ресурстарын дайындау теориясы мен практикасы қоғамның сан алуан саласының сұраныстарына сай еңбекке жарамды кадрларды бөлу мен тұлғаны кәсіби дайындау үдерістерінің үйлесуінде мектептің әрекеті оқушыларды мамандықты саналы таңдауға дайындау екендігін көрсетеді.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңына сәйкес «кәсіптік бағдар - білім алушының кәсіптік қызығушылықтарына, жеке қабілеттері мен психикалық-физиологиялық ерекшеліктеріне сәйкес білім беру және кәсіптік мүмкіндіктер саласында, мамандық пен оқитын орнын еркін және саналы таңдау құқықтарын іске асыруына ақпараттар мен консультациялық көмек беру», – деп анықталады (Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы, 2011).

Кәсіптік бағдар берудің ұлттық моделі кәсіби ақпараттандыру мен кеңес беруге негізделеді. Орта білім беруде оқушыларға кәсіби бағдар берудің психологиялық, әлеуметтік, экономикалық және басқа да аспектілерін қамтитын үздіксіз жүйе құрылады. Кәсіптік бағдар беретін педагогтер ата-аналар мен оқушыларға мына мәселелер бойынша кеңес беруге тиіс: экономи-каның аймақтық және ұлттық құрылымы мен даму перспективалары; мамандықтар атласына сәйкес, аймақтағы және елдегі сұранысқа ие мамандықтар; таңдаған бағыты бойынша колледж-дер мен ЖОО-ға түсу мүмкіндігі, грант түрлерінің қолжетімділігі (Тұжырымдама, 2023).

Негізгі мектеп бағдарламасы кәсіпке дейінгі дайындыққа, колледждерде немесежоғары сыныптарда үздіксіз білім алуға бағытталады. 10-11 сыныптарда кәсіпке мамандануның бастапқы машықтарын игеруге жағдай жасалады. Тұрғылықты жерінде колледждер бар жоғары сынып оқушылары жергілікті еңбек нарығындағы сұранысқа орай, сол білім ордаларында білім алады. Мектеп түлектерінің аттестатпен бірге, бастапқы мамандық жөнінде куәлік алып шығуы қарастырылады (Ұлттық баяндама жобасы, 2023).

Әлемде жаңа заманауи мамандықтардың пайда болуымен, еңбекті автоматтандыру, білім беру ұйымдарында кәсіптік бағдар беру білім алушыларға мамандықты таңдаумен бірге, кәсіби өзін-өзі анықтауы, өмір жолында саналы әрі дербес таңдау жасауына мүмкіндік беретін құзыреттерді талап етеді.

«Кәсіби бағдарды» анықтау үшін әлемде «мансаптық көшбасшылық – мансаптық Нұсқаулық» термині қолданылады. Career Guidance түсінігі елдердің кәсіби бағдарлау мәселесіндегі мемлекеттік саясатын, қуатты ақпараттық және әдістемелік ресурстарды қолдана отырып, өз қызметтерін ұсынатын білікті мамандарды қамтитын кең сала. Ақпаратты ыңғайлы қабылдау үшін әрі қарай мәтін бойынша «кәсіби бағдар» термині қолданылады.

Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы (ЭЫДҰ) кәсіптік бағдарлауды «кез келген жастағы және өмірінің кез келген сәтіндегі адамдарға оқыту бағытын, кәсіптік даярлықты және кәсіптік қызмет саласын таңдау және өз мансабын басқару мәселелері бойынша көмек көрсетуге бағытталған» қызмет ретінде айқындайды (OECD, 2004. Career Guidance).

ЭЫДҰ Дүниежүзілік банкпен бірлесіп кәсіби бағдарлаудың үш негізгі элементін ажыратады:

- мансап туралы ақпарат (еңбек нарығы туралы ақпаратты қоса алғанда, мамандықтар, кәсіптер және мансап туралы ақпарат беру);

- мансаптық кеңес беру (жеке немесе шағын топтарда өткізіледі, онда әңгімелесушілер кездесетін мансаптық мәселелерге ерекше назар аударылады);

- мансаптық оқыту (негізгі мақсаты өз мансабын басқару үшін қажетті құзыреттерді дамытуға көмек көрсету) білім беру бағдарламасы шеңберінде жүргізіледі, адамды өмірлік және кәсіптік мансабын құру және таңдау субъектісі ретінде қарастырады (Watts, 2005).

Еуропалық Комиссия кәсіби бағдар беруді «адамдарға өмірлік шешімдер қабылдауға (білімдік, кәсіптік, жеке дара) және осы шешімдерді жүзеге асыруға көмектесуге бағытталған бірқатар іс-шаралар», - деп анықтайды (Modise, 2015).

Сондықтан, кәсіби бағдар беру мәселесін қазіргі заман тұрғысынан түсіну кәсіби даму тұжырымдамасына негізделеді және оны тұлғаның кәсіби өзін-өзі анықтауын белсендендіру бойынша құралдар жүйесі ретінде анықтайды.

Тәжірибедегі жүйені жетілдіруде кәсіби бағдар берудің теориялық-әдіснамалық және практикалық-қолданбалы деңгейге ие күрделі категория екенін ескеру қажет. Бұл ұғым теориялық деңгейде көптеген ғылым саласы, атап айтқанда, экономикалық теория, әлеуметтану, мәдениеттану, педагогика, психология тұрғысынан ашып көрсетіледі.

Сонымен, кәсіптік бағдар беру өскелең ұрпақтың кәсіби қалыптасуына қоғамның қамқорлығы, табиғи таланттарды қолдау және дамыту, сондай-ақ адамның кәсіби өзін-өзі анықтауына және оның қажеттіліктері мен мүмкіндіктерін, еңбек нарығындағы әлеуметтік-экономикалық жағдайды ескере отырып, жұмыспен қамтудың оңтайлы түрін таңдауға көмектесетін арнайы іс-шаралар кешенін жүргізу түрінде көрінетін жалпыадамзаттық мәдениеттің құрамдас бөліктерінің бірінің жалпыланған тұжырымдамасы.

Кәсіби бағдар беру оқушыларға болашақ мамандық немесе білім беру траекториясын таңдауға көмек көрсетуге бағытталған іс-шаралар мен қызмет жүйесі практикалық іс-әрекет ретінде пайда болып, біртіндеп теориялық тұрғыдан негізделді, бұл кәсіби бағдар беруді теориялық және практикалық іс-әрекеттің бірлігі ретінде қарастыруға мүмкіндік береді.

Бүгінгі таңға дейін ғылымда кәсіби бағдар беру бойынша психологиялық-педагогикалық және әдістемелік білімнің едәуір көлемі жинақталған, алайда болашақ педагогтерді оқушыларға кәсіби бағдар беруге даярлау мәселесін теориялық тұрғыдан негіздеудің және оны жүзеге асырудың психологиялық-педагогикалық шарттарын анықтаудың қажеттілігі әлі де байқалады.

Осы орайда болашақ педагогтер ретінде студенттердің оқушылардың кәсіби өзін-өзі анықтау қабілетін ашуы, оқушыларды кәсіби бағдарлаудың педагогикалық технологияларын меңгеруі, кәсіби бағдар берудің сабақтан тыс іс-әрекетін ұйымдастырудың формалары мен әдістерін меңгеруі, сондай-ақ мектептегі кәсіптік бағдарлаудың ерекшелігін білуі қажет.

Болашақ педагогтердің оқушыларымен кәсіби бағдар беру жұмысына дайындығын инновациялық кәсіптік бағдар беру іс-әрекетінің тәжірибесін игеру, оның негізінде жеке тұлғалық және кәсіби сапалар жүйесін қалыптастыру үдерісі және нәтижесі ретінде анықталады, олардың болуы мен қалыптасу дәрежесі оқушылардың кәсіби өзін-өзі анықтаудың пропедевтикалық кезеңінің міндеттерін шешудің нәтижелілігін қамтамасыз етеді:

- оқушыларды оқу-танымдық, зерттеу, сонымен қатар қоғамдық пайдалы және бос уақыттағы іс-әрекеттің сан алуан түрлеріне практикалық тартуға негізделген адамгершілік қатынасты, кәсіби еңбекке қызығушылықты дамыту;

- оқушыларды өз іс-әрекетінің жеке тәсілдерін әзірлеуге, өзін-өзі бағалауға, қарым-қатынас тәжірибесін алуға ынталандыру.

Кәсіби бағдар беру оқушылардың жеке қажеттіліктерін ескере отырып, білім беру бағдарламасын жүзеге асыру арқылы дербес, саналы кәсіби таңдауды сәтті қабылдау, дамудың жеке траекториясын құру үшін педагогикалық шарттар жасауға бағытталған болашақ педагогтердің кәсіби іс-әрекетінің ерекше түрі.

Сонымен болашақ педагогтердің оқушыларға кәсіби бағдар беруге даярлау өзара байланысты компоненттердің (мотивациялық, когнитивтік және іс-әрекеттік) жиынтығын қамтитын жеке тұлғалық білім.

Сондықтан болашақ педагогтерді оқушыларға кәсіби бағдар беруге даярлау деңгейін анықтайтын өлшемдер мен көрсеткіштер мотивациялық, когнитивтік, іс-әрекеттік компоненттеріне сәйкес ұсынылады. Бұл өлшемдер мен көрсеткіштер болашақ педагогтердің оқушыларға кәсіби бағдар беруге даярлау деңгейлерін әзірлеу кезінде ескеріледі және тәжірибелік-эксперименттік зерттеуде қолданылады.

Осы мақсатта мақалада Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университетінде болашақ педагогтерді оқушыларға кәсіби бағдар беруге даярлау мақсатында «6В01101- Педагогика және психология» білім беру бағдарламасының 1-4 курс студенттерімен жүргізілген зерттеу нәтижелері ұсынылады.

Материалдар мен әдістер. Кәсіби бағдар берудің мақсаты мен міндеттері теория мен әдіснаманың дамуына сүйенгенде ғана нәтижелі жүзеге асырылады. Себебі, теория мен әдіснамада ұғымдар, идеялар, көзқарастар, түсініктер, формалар мен әдістер, қағидалар практикалық жұмыстардың тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді және сынақтан өтіп, тексеріледі.

Осыған орай отандық және алыс-жақын шетелдік ғалымдар зерттеулерінде дайындалған тұлғалық-бағдарлық тұрғының әдіснамалық негізін қарастыру қажет:

- кәсіптік бағдар мен жастардың өзін-өзі анықтауы, мектеп, мектепаралық комбинат, өндірістік училищедегі кәсіби бағдар берудің жалпы мәселелері, белгілі бір іс-әрекет түріндегі кәсіби бағдар беру жұмыстарының ерекшеліктері (А.П.Сейтешев, Г.А.Уманов, Г.Т.Хайруллин және т.б.);

- оқушыларды мамандықты саналы таңдауға дайындау (Б.Г.Ананьев, П.П.Блонский, Л.С.Выготский, А.Н.Леонтьев, С.Я. Батышев және т.б.);

- кәсіби бағдар беру жүйесін ұйымдастыру (Л. Кольберг, Д. Сьюпер, Э.Фромм және т.б.). Бұл ғалымдар тұжырымдары қарастырылып отырылған мәселенің әдіснамалық негіздері зерттеуде ерекше маңызға ие.

Зерттелініп отырылған мәселені жүйелілік тұрғыдан қарастыру оқушылардың тұлғалық ішкі іс-әрекет ретінде кәсіби өзін-өзі анықтауына, өз өмірін дербес ұйымдастыруына, кәсіптік жолды өзінің ерекшеліктерін жете ұғыну негізінде саналы таңдауына бағыттайды.

Осы орайда болашақ педагогтерді оқушыларға кәсіби бағдар беруге даярлау мәселелеріне арналған отандық және шетелдік зерттеушілердің жұмыстарын талдау қойылған мәселені практикалық шешудің негізгі тәсілдерін анықтауға мүмкіндік берді. Бұл қарастырылып отырылған мәселе бойынша тәжірибелік-эксперименттік жұмыс бағдарламасын әзірлеуге негіз болады.

Нәтижелер. Сонымен, болашақ педагогтерді оқушыларға кәсіби бағдар беруге даярлаудың мотивациялық, когнитивтік, іс-әрекеттік компоненттерінің сапалық сипаттамалары деңгейлерін анықтауға мүмкіндік береді:

1. Болашақ педагогтерді оқушыларға кәсіби бағдар беруге даярлаудың мотивациялық компонентінің деңгейлері:

- *төмен деңгей:* болашақ кәсіби іс-әрекеті туралы түсініксіз идеясымен, оқушыларға кәсіби бағдар беру қажеттілігіне сенімділіктің болмауымен, оқушылардың кәсіби өзін-өзі анықтау саласында түсініктері, кәсіби өзін-өзі дамытуға және өзін-өзі жетілдіруге қызығушылығы мен ұмтылысының қалыптаспауымен сипатталады;

- *орташа деңгей:* болашақ кәсіби іс-әрекетіне, оның ішінде оқушыларға кәсіби бағдар беруге қатысты қызығушылық байқалады, ол мотивациялық саласын қайта құруымен, кәсіби бағдар саласындағы білімге қажеттілікпен, оқушылардың кәсіби өзін-өзі анықтау мәселесін қабылдау, бірақ оның маңыздылығын түсінбеуімен, өзін-өзі жетілдірудің, өзін-өзі тәрбиелеудің және өзін-өзі дамытудың маңыздылығын салыстырмалы түрде түсінуімен, бірақ өз бетімен жұмыс істеуге ұмтылысының қалыптаспауымен сипатталады;

- *жоғары деңгей:* болашақ кәсіби іс-әрекетінің мақсаттарына, атап айтқанда оқушыларға кәсіби бағдар беруге тұрақты қызығушылық пен хабардарлық көрінеді, кәсіби педагогикалық іс-әрекет контекстінде оқушыларға кәсіби бағдар берудің орны туралы тұтас түсінігі қалыптасқан, оқушыларға кәсіби бағдар берудің қажеттілігіне тұрақты сенімінің болуы, оқушының тұлғасының маңыздылығын мойындауы, жоғары қарым-қатынасы кәсіби өзін-өзі дамыту және шығармашылық іздеу қажеттілігі көрінеді, болашақ педагогтер тұлғасының қалыптасқан кәсіби-педагогикалық бағытының болуымен сипатталады.

2. Болашақ педагогтерді оқушыларға кәсіби бағдар беруге даярлаудың когнитивтік компонентінің деңгейлері:

- *төмен деңгей*: бұрын зерттелген пәндер бойынша жүйесіз біліммен сипатталады (педагогикалық, психологиялық, әдістемелік), оқушыларға кәсіби бағдар беру туралы білімі бар, оларды кәсіби іс-әрекетте қолдану қажеттілігін толық түсінбейді, өйткені өзін-өзі тәрбиелеуге, өзін-өзі дамытуға ұмтылысы қалыптаспаған;

- *орташа деңгей*: педагогика, психология, арнайы және әдістемелік білімді жеткіліксіз меңгеруімен, мамандық таңдау жағдайында оқушыларды педагогикалық қолдаудың мазмұны, формалары, тәсілдері мен әдістері туралы білімнің орташа көрсеткіштерімен ерекшеленеді, оларды практикада қолдану қажеттілігін белгенімен, тек теориялық дайындықтың маңыздылығын түсінеді, оқушыларды тәрбиелеу мен дамытудың тұжырымдамалық психологиялық-педагогикалық негіздері туралы салыстырмалы түсініктерге ие, оқушыларға кәсіби бағдар беру саласындағы білім олқылықтарын толтыруға ұмтылысы бар;

- *жоғары деңгей:* жалпы педагогикалық пәндер (педагогика бойынша білім), психологиялық (оқушылардың жас ерекшеліктері туралы білім, кәсіби өзін-өзі анықтау мәселесі бойынша білім, педагогикалық психология бойынша білім жиынтығы), арнайы, әдістемелік білімнің толық, қалыптасқан көлемінің болуымен сипатталады, болашақ мамандықты таңдауда оқушыларға көмек көрсетуді ұйымдастырудың мазмұны, формалары, тәсілдері мен әдістері туралы теориялық білімнің болуы бойынша жоғары көрсеткіштерге ие, бұл білімді кәсіби іс-әрекетте қолдануға және толықтыруға деген ұмтылысынан айқын көрінеді.

3. Болашақ педагогтерді оқушыларға кәсіби бағдар беруге даярлаудың іс-әрекеттік компонентінің деңгейлері:

- *төмен деңгей:* оқушылармен кәсіптік бағдар беру жұмысында біліктілік пен дағдылардың шамалы жиынтығының, оқушыларға кәсіби бағдар беруді жүзеге асыру біліктілігі, болашақ мамандықты таңдау мәселелерінде шығармашылық белсенділігі қалыптаспаған, іс-әрекет нәтижелері тұрақсыз болуымен сипатталады;

- *орташа деңгей*: оқушыларға кәсіптік бағдар беру жұмысында біліктілігі мен дағдыларының толық емес көлемінің болуымен сипатталады, кәсіби өзін-өзі анықтау мәселелерінде оқушылармен және олардың ата-аналарымен кеңес беру жұмысын жүргізу бойынша белгілі бір дағдылардың болуы, оқушыларға кәсіби бағдар беру саласындағы білімдерін педагогикалық практикада әрдайым дұрыс қолдана бермейді, оқушыларға кәсіби бағдару беру қажеттілігін түсінуімен сипатталады;

- *жоғары деңгей*: оқушыларға кәсіби бағдар беру біліктілігі мен дағдыларын еркін меңгеруімен сипатталады, болашақ педагогтер тұлғасының қалыптасқан кәсіби іс-әрекетінің болуы, оқушыны жеке тұлға ретінде қабылдай білуі, оның маңыздылығын, өз мүдделері мен қабілеттерін тануы, диагностикалық іс-шараларды, кәсіби таңдау мәселелерінде оқушылармен кеңес беру жұмысын жүргізуде қалыптасқан дағдыларының болуы, іс-әрекеті болашақ мамандықты таңдау мәселелерінде оқушыларға қажетті көмек көрсету мақсатында олардың қызығушылықтары мен бейімділігін анықтауға бағытталған, аналитикалық дағдылары қалыптасқан, педагогикалық үдерістің барлық қатысушыларымен (пән мұғалімдері, педагог-психолог, әлеуметтік педагог, оқу ісі жөніндегі директордың орынбасары, оқушылар және олардың ата-аналары) ынтымақтастықпен өзара әрекеттеседі, оқушыларға кәсіби бағдар беру мәселелеріндегі жоғары танымдық және шығармашылық белсенділітігі қалыптасқан, қанағаттану және жоғары өнімділігімен сипатталады.


Тәжірибелік-экспериментке Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университетінің «6В01101- Педагогика және психология» білім беру бағдарламасының жалпы саны N=67 студенті қатыстырылады, олардың ішінде 1-2 курс студенттер (1 курс - 20 студент, 2 курс - 17 студент) бақылау тобына (БТ), 3-4 курс студенттері (3 курс - 15 студент, 4 курс - 15 студент) эксперимент тобына (ЭТ) жатқызылады.

Сонымен, болашақ педагогтерді оқушыларға кәсіби бағдар беруге даярлаудың мотивациялық, когнитивтік, іс-әрекеттік компоненттерінің деңгейлерін анықтау барысындағы жүргзілген тәжірибелік-эксперименттік жұмыс барысындағы жасалған БТ мен ЭТ салыстырмалы талдау

нәтижесінде болашақ педагогтерді оқушыларға кәсіби бағдар беруге даярлаудың барлық компоненттерінің ішінде мотивациялық компонент ең жоғары көрсеткіштерді көрсеткені анықталады. Мысалы: бақылау тобында 40,6%, ал эксперименттік топта 50,2%. Нәтижелеріне талдау жасайтын болсақ, болашақ педагогтер ретінде студенттердің жауаптары келесідей көрсеткіштерді береді: мотивациялық компоненттің мәні 40,6% (БТ – бақылау тобында), 50,2% (ЭТ – эксперименттік топ), когитивтік компоненттің мәні 29,7% (БТ – бақылау тобында), 23,4% (ЭТ – эксперименттік топ), іс-әрекеттік компоненттің мәні 29,7% (БТ – бақылау тобында), 26,4% ЭТ – эксперименттік топ) диаграммалар арқылы көрсетіледі (1-кесте, 1-сурет).

Кесте 1 – Болашақ педагогтердің оқушыларға кәсіби бағдар беруге даярлау компоненттері

Болашақ педагогтерді оқушыларға кәсіби бағдар беруге даярлаудың құрылымдық компоненттері	Салыстырмалы талдаудың нәтижесі, %			
	Бақылау тобы (БТ)		Эксперименттік топ (ЭТ)	
	1 курс 20 студент	2 курс 17 студент	3 курс 15 студент	4 курс 15 студент
Мотивациялық компонент	20% (8 ст.)	20,6% (7 ст.)	23,6% (7 ст.)	26,6% (8 ст.)
Когнитивтік компонент	15% (6 ст.)	14,7% (5 ст.)	13,2% (4ст.)	10,2% (3ст.)
Іс-әрекеттік компонент	15% (6 ст.)	14,7% (5 ст.)	13,2% (4 ст.)	13,2% (4 ст.)



Сурет 2 – Болашақ педагогтердің оқушыларға кәсіби бағдар беруге даярлау компоненттерінің қалыптасу нәтижелерінің салыстырмалы диаграммасы

Сонымен, оқушыларға кәсіби бағдар беру олардың жеке тұлғалық қажеттіліктерін ескере отырып, білім беру бағдарламасын іске асыру арқылы білім берудің одан әрі бағытын сәтті таңдау, дамудың жеке траекториясын құру үшін педагогикалық шарт жасауға бағытталған болашақ педагогтердің кәсіби іс-әрекетінің ерекше түрі. Осыдан, болашақ педагогтер ақпарат берумен бірге үйлестіруші, диалог ұйымдастырушысы, көмекші, кеңесші, олардың жеке қабілеттерін ескере отырып, оқушыларға кәсіби бағдар беруді жүзеге асыруға жағдай жасайды. Кәсіби бағдар берудің практикалық-қолданбалы деңгейі өндірістік міндеттерді тиімді шешу мақсатында ұйымдастырушылық-техникалық, экономикалық, психологиялық -педагогикалық сипаттағы іс-шаралар жүйесінен тұрады.

Зерттеу барысында кәсіби бағдар беру бағытындағы іс-шараларды ұйымдастыру әрбір өлшеміне сәйкес бес балдық шкала бойынша бағаланады:

- презентативтілік (инновациялық идеяның көрінуі, презентация деңгейі, идеяны ұсыну мәдениеті, педагогикасы, әдістемесі мен практикадағы идеяның танымалдығы);

- эксклюзивтілік (идеяларды іске асырудың даралығы, ауқымы мен деңгейі, инновациялық идеяларды шешудің таңдауы, толықтығы мен өзіндік ерекшелігі);

- прогрессивтілік (оқытудың мазмұны мен әдістерінің өзектілігі, қазіргі білім беру үрдістеріне сәйкес келетін стандартты емес идеялардың болуы, тәжірибені әдістемелік және ғылыми жалпылау қабілеті);

- ынталылығы (мотивацияның болуы, жаңа өнімді жасау үшін белсенді шығармашылық іс-әрекетке қосылуы);

- оңтайлылық (сабақта қолданылатын құралдардың жеткіліктілігі, олардың үйлесімі, мақсатпен байланысы, аралық және түпкілікті нәтиже);

- нәтижелілік (өз іс-әрекетінің нәтижелерін талдай білу, әрбір қатысушы үшін алынған нәтиженің маңыздылығы мен мәні).

- технологиялық (сабақтың нақты алгоритмі (фазалар, кезеңдер, процедуралар), өзектендіру, проблемалау («үзіліс») түпнұсқалардың болуы, іздеу және ашу әдістері, таңдану, түсіну, рефлексия, интроспекция, өзін-өзі түзету).

- көркемдік (педагогикалық харизма, импровизация қабілеті, аудиторияға әсер ету дәрежесі, өз тәжірибесін таратуға және насихаттауға дайындық дәрежесі).

Сонымен кәсіби бағдар беру оқушылардың болашақ мамандығын саналы таңдауға дайындығын, тұлғалық қызығушылығы мен қоғамдық сұранысты қанағаттандыруға бағытталған кәсіби білім беру мекемелері, қоғамдық ұйымдар мен өнеркәсіп, отбасы мен мектеп және олардың әлеуметтік серіктестігінің жүйелі ұйымдастырылатын іс-әрекеті. Ол жалпыбілім беретін мектептегі еңбек тәрбиесі жүйесінің және оқу-тәрбие жұмысының бөлігі болып табылады. Бұл болашақ педагогтерді оқушыларға кәсіби бағдар беруге даярлаудың ерекшелігі оның компоненттерінің (мотивациялық, когнитивтік, іс-әрекеттік) мазмұнына, кезеңдердің тұтастығын тікелей байланысты екенін көрсетеді, мектептегі педагогикалық іс-әрекеттің зерттелетін бағытына дайындығының қалыптасуын анықтайтын іс-әрекет тәжірибесін, білім, білік, дағды және белгілі бір іс-әрекет түріне оң қарым-қатынасын, жеке тұлғалық және кәсіби сапаларын қамтиды. Бұл болашақ педагогтердің оқушыларымен кәсіби бағдар беруге даярлаудың құрылымдық компоненттері арасында байланысты «қарым-қатынас» категориясы арқылы түсіндіруге мүмкіндік береді. Өйткені, білімнің, біліктіліктің және дағдылардың болуы іс-әрекет субъектісінің жеке тұлғалық және кәсіби сапаларын қалыптастыруға тікелей әсер ете алмайды, мұнда тұлға үшін кәсіби іс-әрекетке оң қарым-қатынасы субъективті маңызды, жеке тұлғалық белсенділікті күшейтеді, оны өзін-өзі дамыту және тұлғалық сапаларды қалыптастыру үдерістеріне бағыттайды.

Талқылау. Сонымен, жоғарыдағы аталған компоненттер болашақ педагогтерді оқушыларға кәсіптік бағдар беруге даярлау үдерісінің келесі кезеңдерінде қалыптасады:

- бағдарлау кезеңі болашақ педагогтерді оқушыларға кәсіби бағдар беруге даярлаудың мотивациялық компонентін қалыптастыруға бағытталады. Ол болашақ педагогтер ретінде студенттердің оқушылармен жұмыс істеу үшін кәсіби бағдар беру білімі мен дағдыларын меңгерудің маңыздылығын түсінуін, оқушылардың еңбек әлемі мен кәсіптерді білуге қызығушылығын дамыту бағытында жүргізілетін жұмыстардың негізгі ерекшеліктері туралы түсініктерін білуін, тұлғаның кәсіби-педагогикалық бағытылығын, оқушылармен кәсіби бағдарлауды сауатты жүргізу қажеттілігіне сенімнің қалыптасуын қамтиды;

- технологиялық кезең болашақ педагогтерді оқушыларға кәсіби бағдар беруге даярлаудың когнитивтік компонентін қалыптастырумен байланысты. Бұл болашақ педагогтер ретінде студенттердің оқушыларға кәсіптік бағдар беру жұмысы саласындағы кәсіби қызметті жүзеге асыру үшін қажетті білім жүйесіне ие болу дәрежесін, білім беру мен дамытудың тұжырымдамалық психологиялық-педагогикалық негіздерін білудің және оқушыларға кәсіби бағдар беру саласындағы білімнің жүйелілігін және білім беру мазмұнының кәсіптік бағдарлау мүмкіндіктерін меңгеруін, кәсіби бағдар беру бағытындағы сабақтан тыс іс-әрекеттің ерекшеліктерін зерделеуін, мектепте сабақтардың кәсіби бағдарлау компонентін әзірлеуін, «Кәсіптер әлеміне саяхат» сабақтан тыс іс-шараларды жобалауын және оны ұйымдастыруын көрсетеді;

- рефлексиялық кезең болашақ педагогтерді оқушыларға кәсіби бағдар беруге даярлаудың іс-әрекеттік компонентін қалыптастыруға арналған. Бұл кезеңде студенттер меңгерілген кәсіби

бағдар беру білімдерін қолдана отырып, тәжірибеге бағытталған педагогикалық міндеттерді талдауға үйренеді. Іс-әрекет компоненті оқушыларға кәсіби бағдар беру бойынша кәсіби іс-әрекетімен, оқушылардың мүдделері мен қажеттіліктеріне сәйкес қабылданатын шешімдердің барабарлығымен, оқушылардың болашақ мамандықты таңдау мәселелеріндегі танымдық және шығармашылық белсенділігімен, оқушылардың кәсіби өзін-өзі анықтауын талдаудың аналитикалық дағдыларының қалыптасуымен ұсынылған.

Болашақ педагогтердің оқушыларға кәсіби бағдар беруге даярлаудың әрбір кезеңі іс-шаралар мақсаттары, мазмұны мен ерекшеліктері жүйе ретінде қарастырылады. Мұнда жүйеқұраушы негіз интерактивті оқытудың формалары мен әдістері болып табылады, оның міндеттері: студенттердің қазіргі заманғы өзін-өзі анықтауға қызығушылығын ояту; нәтижелі мәселелер кәсіби оқу материалын игеру; болашақ педагогтердің қойылған оқу мәселесін шешудің жолдары мен нұсқаларын өз бетінше іздеуі немесе ұсынылған нұсқалардың бірін таңдау немесе өз нұсқасын табу және шешімнің негіздемесі; студенттер арасында әсер ету, командада жұмыс істеу тәсілдерін игеру, кез-келген көзқарасқа төзімділік таныту; оқушылардың пікірі мен көзқарасын қалыптастыру; өмірлік дағдыларды игеру және т.б. Сондықтан болашақ педагогтердің оқушылардың кәсіби бағдар беруге даярлаудың мотивациялық, когнитивтік және іс-әрекеттік компоненттерінің тұтастығы өзін-өзі дамыту нәтижесінде іс-әрекет тәжірибесін қалыптастырады.

Білім беру саласындағы заманауи үрдістер өскелең ұрпақтың кәсіби бағдар беру жүйесіндегі тәрбиелік бағыттардың өзгеруін анықтайды. Заманауи қоғамның модернизациясы мен инновациялық дамуы жағдайында бастамашылдық, шығармашылық ойлау және стандартты емес шешімдерді табу қабілеті, кәсіби жолды таңдау қабілеті, өмір бойы оқуға дайын болу жеке тұлғаның маңызды сапаларына айналуда. Бұл мәселені ойдағыдай шешуде болашақта оқушылардың бейімділігін, қабілеттері мен мүдделерін, әлеуметтік және кәсіби өзін-өзі анықтауын дамытудың айқындаушы факторларының бірі қосымша білім беруге ерекше рөл берілуі қажет.

Білім беруді цифрландыру жағдайына сәйкес, оның ішінде білім берудегі инновациялық процестерге сүйене отырып, болашақ педагог-психологтерді оқушылармен кәсіптік бағдар беру жұмысына дайындаудың ұйымдастырылуын, құрылымын, мазмұнын қарастырады. Қазіргі педагог-психолог оқушылармен кәсіптік бағдарлау жұмысына дайын болуы, оқушылардың өзін-өзі бағалауын, өзін-өзі тануын, оқушылардың кәсіби өзін-өзі анықтауын қалыптастыру бойынша білім мен дағдыларды игеруі үшін қолайлы жағдайлар жасай білуі, оқушылардың қабілеттерін дамыта білуі, оның ішінде кәсіптік-бағдарлау қызметін цифрландыру жағдайларына бейімдей алуы қажет дей отырып, болашақ педагог-психологтерді білім беруді цифрландыру жағдайында оқушылардың кәсіби бағдарлануына дайындауды ғылыми-теориялық және әдістемелік тұрғыдан негіздеу міндетін қояды. Авторлар болашақ педагог психологтерді оқушылардың кәсіби бағдарлануына дайындау мәселесін қарастырған отандық және шетелдік ғалымдардың жұмыстарына ғылыми-теориялық талдау жасап, жоғары сынып оқушыларының қазіргі заманғы кәсіптік бағдар беру жұмысын жүзеге асырудың жай-күйі мен тәсілдеріне қатынасын анықтау мақсатында олардан сауалнама алынды. Сауалнамаға Е.А.Бөкетов атындағы ҚарУ, Көкшетау университеті және Қарағанды Bolashaq академиясының студенттері қатыстырылады. Авторлар болашақ педагог-психологтердің кәсіби бағдарлау жұмысы бойынша даярлығын әдістемелік тұрғыдан арттыру; білімді цифрландыру жағдайында кәсіптік бағдарлау материалдарының мазмұнын өзектілендіру; кәсіптік бағдар беру жұмысының цифрлық құралдарының мүмкіндіктерін қолдану қажет дей отырып, көмекші құрал ретінде болашақ педагог-психологтер оқушыларды кәсіптік бағдарлау кезінде веб сайтты, цифрлық технологиялардың басқа мүмкіндіктерін пайдалана алады» деген қорытынды жасайды (Нуркенова және т.б., 2024).

Педагогикалық сыныптар білім алушыларының «Педагог» мамандығын таңдауға дайындығын кәсіби бағдарлау және педагогикалық сүйемелдеу құралы ретінде ұсынылған тақырыптың өзектілігі негізделеді. «Педагог» мамандығына қызығушылықты қалыптастыру және жоғары сынып оқушыларының педагогикалық мамандықты саналы түрде таңдауға деген

ынтасын дамыту мәселесіне назар аударады. Авторлар білім алушылардың болашақ кәсіби жолды таңдауға ерте кәсіби бағдарлануының қазіргі кезеңіндегі өзектілігіне баса назар аударады. Білім алушылардың «Педагог» мамандығын таңдауға дайындығын кәсіби бағдарлау және педагогикалық сүйемелдеу құралы ретінде педагогикалық сыныптардың қызметін негіздеу. Осы мақсатқа жету үшін деректерді теориялық талдау және эмпирикалық өңдеу әдістері қолданылады. Авторлар «педагогикалық сыныптар», «кәсіптік бағдар» және т.б. ұғымдарының мәнін ашады, жүргізілген талдау педагогикалық сыныптардың қызметін ұйымдастырудағы принциптер мен әдіс-намалық тәсілдерді негіздеуге мүмкіндік берді. Мақалада білім алушылардың «Педагог» мамандығын таңдауға дайындығын педагогикалық сүйемелдеу процесін ғылыми-әдістемелік қамтамасыз ету сипаттамасы беріледі (Колумбаева және т.б., 2023).

Қоғамның сұранысы мен мамандықтың ерекшеліктері педагогтерді даярлау мен кәсіптік бағдар беруді интеграциялау мүмкіндіктерін қарастырудың қажеттілігін айқындайды. Сондықтан кәсіптік бағдар беру мамандарын даярлау мәселесінің күрделігі, пәнаралық сипаты және қажетті әлеуметтік құзыреттерге ие болуы маңызды. Педагогикалық мамандықтың дамуы әлеуметтік күтулермен тығыз байланысты. Педагогтерді даярлауда үздіксіз білім берудегі кәсіби бағдарлау мазмұнын толықтыруға көңіл бөлу керек (Olteanu, Lucián Liviusz, 2024).

Осы орайда, білім алушыларға кәсіпті саналы таңдауға, оқыту бейініне, білім беру кәсіптік маршрут құруына көмектесу педагогтердің шеберлік деңгейін арттыру әдістемелік сүйемелдеу қызметінің басым бағыты болып табылады. Өйткені, бұл жұмыс педагогтердің біліктілігін арттыру жүйесінде басты орын алады, педагогтың кәсіби құзыреттілігін арттыруға, оның бастамасын дамытуға, шығармашылық әлеуетін ашуға ықпалын тигізеді (Чистякова, 2007).

Педагог-кәсіби бағдар беруші – бұл болашақ мамандықты таңдау кезеңінде кәсіби өзін-өзі анықтауға ықпал ететін жеке тұлғаны кәсіби тәрбиелеуді жүзеге асыратын маман. Педагог-кәсіби бағдар берушінің лауазымдық міндеттеріне мыналар кіреді: тұлғаның жас ерекшеліктері мен әлеуметтік тәжірибесін ескере отырып, мамандық пен біліктілікті таңдау процесін модельдеу; кәсіби қызметке оң мотивация қалыптастыруда жастарға және еңбекке қабілетті халыққа педагогикалық қолдау көрсету; жеке тұлғаның кәсіби өзін-өзі анықтауына, кәсіби таңдау кезеңінде белсенді позицияны қалыптастыруға ықпал ететін іс-шараларды әзірлеу және өткізу; мамандықтар мен біліктіліктердің мазмұнын, олардың әлеуметтік-экономикалық сипаттамаларын, нақты қызмет түрін игеру және орындау үшін қажетті маман мен жұмысшының жеке басының физиологиялық және психологиялық қасиеттерін анықтау; кәсіптік бағдар беру мәселелері бойынша кеңес беру; мамандықтарды иегеру және біліктілік беру шарттары, тәсілдері, нысандары туралы хабардар ету; елдің әлеуметтік-экокномикалық дамуының маңызды бағыттарына сәйкес келетін мамандықтар мен қызметті насихаттау, оларды игеруге оң мотивация қалыптастыру; кәсіби кеңес берулерді ұйымдастыру және өткізу; жеке тұлғаның кәсіби қалыптасуы мен дамуының нұсқаларын іздеуде ақпараттық-педагогикалық қолдауды жүзеге асыру; адамның кәсіби мансабын таңдауға, түзетуге, жоспарлауға жәрдемдесу; жеке тұлғаның кәсіби мүмкіндіктерін нақты өзін-өзі бағалауға көмек ұйымдастыру; медициналық және басқа да шектеулерді ескере отырып, білім берудің бейіндері мен бағыттарын, мамандықтары топтарын олардың әлеуметтік-экономикалық маңыздылығын, даму перспективасын, еңбек жағдайлары мен оған ақы төлеуді айқындай отырып сипаттау; кәсіптік бағдарлау сұрақтары мен мәселелері бойынша конференциялар, семинарлар, кеңестер ұйымдастыру және өткізу (Пряжникова, 2010).

Сонымен, зерттеушілердің пікірінше, кәсіби бағдар беру келесі міндеттерді шешуге бағытталған:

- кәсіптер әлемімен таныстыру;
- қызығушылықтарды, қабілеттерді, бейімділіктер мен іс-әрекеттің мотивтерін зерттеу;
- мамандық таңдау ережелерімен таныстыру;
- өзінің кәсіби болашағы туралы ойлауды ынталандыру.

Қорытынды. Қорыта келгенде, кәсіптік бағдар беру оқушылардың білімі, білігі мен дағдыларындағы сандық көрсеткіштерді экономика мен еңбек нарығының сұраныстарына сәйкес арттыратын құрал болса, ал кәсіби өзін-өзі анықтау мүдделер, құндылық бағдарлары, дүниетаным негізінде қалыптасқан кәсіптік-еңбек мотивациясының сапалық көрсеткіші, яғни мағыналы кәсіби таңдаудың нәтижесі болып табылады.

Сондықтан, болашақ педагогтерді оқушыларға кәсіби бағдар берудің негізгі бағыттары бойынша даярлау қажет:

- кәсіптік білім беру оқушыларды еңбек қызметінің салаларымен, кәсіптерімен және мамандықтарымен таныстыру;
- кәсіптік тәрбие беру оқушылардың белгілі бір мамандыққа тұрақты кәсіптік қызығушылықтарын қалыптастыру;
- кәсіби белсендіру қызметтің әртүрлі салаларында практикалық сынау үшін жағдай жасау;
- оқушының кәсіби диагностикасы кәсіби бағдарлау, еңбек және кәсіби қызығушылықтарын қалыптастыру мақсатында оқушы тұлғасын зерттеу;
- педагогикалық кәсіби кеңес беру оқушыға еңбек қызметінің түрлері, оның қасиеттеріне, білімі мен бейімділігіне неғұрлым сәйкес келетін кәсіптер мен мамандықтар туралы әңгімелеу.
- кәсіптік ақпараттандыру еңбек іс-әрекетінде өндірістің қазіргі түрлерімен, еңбек нарығының жай-күйімен, білікті кадрларға шаруашылық кешеннің қажеттіліктерімен, кәсіптер нарығының мазмұны мен даму перспективаларымен, оларды игеру нысандары мен шарттарымен, кәсіптердің адамға қойылатын талаптарымен, кәсіптік біліктілік даму және өзін-өзі жетілдіру мүмкіндіктерімен таныстыру;
- кәсіби кеңес беру психологиялық ерекшеліктері мен мүмкіндіктерін, сондай-ақ қоғамның қажеттіліктерін ескере отырып, кәсіби жолды таңдау туралы саналы шешім қабылдау мақсатында адамға кәсіби өзін-өзі анықтауға көмек көрсету және т.б.

Сонымен кәсіби бағдар беру мамандық таңдауда оқушыларға тұлғалық-бағдарлық көмек көрсету, еңбек нарығы жағдайында еңбекке қажеттілігі мен дайындығын қалыптастыру, қабілеттері мен икемділіктерін, кәсіби және танымдық қызығушылықтарын айқындау және дамыту бойынша әлеуметтік-экономикалық, психологиялық-педагогикалық, медициналық-биологиялық және өндірістік-техникалық іс-шаралардың ғылыми негізделген жүйесі болып табылады, бұл жүйенің негізгі мақсаты оқу-тәрбие үдерісінде, оқудан тыс және мектептен тыс жүзеге асырылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

Баршаға қолжетімді сапалы білім. Педагогтердің I съезіне Ұлттық баяндама жобасы. (2023). Астана.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы (2011 жылғы 24 қазанда берілген өзгерістер мен толықтыруларымен).

Қазақстан Республикасының Конституциясы. (1995).

«Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023–2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы». Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы №249 қаулысы. https://adilet.zan.kz/rus/docs/P2300000249

Колумбаева, Ш. Ж., Жанбеков, Х. Н., Сайдахметов, Б. С., & Косшыгулова, А. С. (2023). Педагогические классы как средство профессиональной ориентации и педагогического сопровождения подготовки обучающихся к выбору профессии «педагог». Вестник КазНПУ имени Абая. Серия «Педагогические науки», 3(79), 265–275. https://doi.org/10.51889/2959-5762.2023.79.3.023

Нуркенова, Г. К., Маженова, Р. Б., & Молдабекова, С. К. (2024). Білім беруді цифрландыру жағдайында болашақ педагог-психологтерді оқушыларға кәсіби бағыт-бағдар беруге даярлау. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің хабаршысы. Педагогикалық ғылымдар сериясы, 1(78), 100–112. https://doi.org/10.26577/JES2024780109

«Педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғалардың лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы». Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 31 наурыздағы №121 бұйрығы. https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200027394

Пряжникова, Е. Ю. (2010). Профориентация. Москва: Академия.

Чистякова, С. Н. (2007). Педагогическое сопровождение самоопределения школьников. Москва: Академия.

Modise, O. M. (2015). Building the profession of adult education: The case of the University of Botswana's Department of Adult Education. Creative Education, 6, 2481–2492. http://dx.doi.org/10.4236/ce.2015.623255

OECD. (2004). Career guidance: A handbook for policymakers. https://www.amazon.sg/Career-Guidance-Handbook-Policy-Makers/dp/9264015191

Olteanu, L. L. (2024). The possibilities of integrating career guidance into teacher training. OxIPO Interdiszciplináris Tudományos Folyóirat, 3, 79–88. https://doi.org/10.35405/OXIPO.2024.3.79

Watts, A. G. (2005). Career guidance policy: An international review. Career Development Quarterly, 54(1), 66–76. https://doi.org/10.1002/j.2161-0045.2005.tb00142.x

Reference:

Barşağa qoljetimdi sapalı bilim. Pedagogterdiñ I sezine Ulttıq bayandama jobası (2023) [Quality education accessible to all. Draft National Report to the I Congress of Teachers]. Astana.

Qazaqstan Respwblïkasınıñ Konstïtwcïyası [Constitution of the Republic of Kazakhstan] (1995).

Qazaqstan Respwblïkasınıñ «Bilim twralı» Zañı [Law of the Republic of Kazakhstan «On Education»] (2011.24.10. berilgen özgerister men tolıqtırwlarımen).

«Qazaqstan Respwblïkasında mektepke deyingi, orta, texnïkalıq jäne käsiptik bilim berwdi damıtwdıñ 2023 – 2029 jıldarğa arnalğan tujırımdamasın bekitw twralı» [«On approval of the Concept for the development of preschool, secondary, technical and vocational education in the Republic of Kazakhstan for 2023-2029»] (Qazaqstan Respwblïkası Ükimetiniñ 2023 jılğı 28 nawrızdağı № 249 qawlısı) https://adilet.zan.kz/rus/docs/P2300000249

Kolumbaeva, Sh.Zh., & Zhanbekov, Kh.N., Saidakhmetov, B.S., Kosshygulova A.S. (2023). Pedagogicheskiye klassy kak sredstvo professional'noy oriyentatsiii pedagogicheskogo soprovozhdeniya podgotovki obuchayushchikhsya k vyboru professii «pedagog» [Pedagogical classes as a means of professional orientation and pedagogical support for preparing students to choose the profession of "teacher"]// Vestnik KazNPU imeni Abaya. Seriya «Pedagogicheskiye nauki». 3(79), 265-275. https://doi.org/10.51889/2959-5762.2023.79.3.023

Modise, O.M. (2015). Building the Profession of Adult Education: The Case of the University of Botswana's Department of Adult Education. Creative Education, 6, 2481-2492. http://dx.doi.org/10.4236/ce.2015.623255

Nurkenova, G.K. & Mazhenova, R.B., Moldabekova, S.K. (2024). Bilim berwdi cïfrlandırw jağdayında bolaşaq pedagog-psïxologterdi oqwşılarğa käsibï bağıt-bağdar berwge dayarlaw [Training future teacher-psychologists to provide professional guidance to students in the context of digitalization of education]//Äl-Farabï atındağı Qazaq ulttıq wnïversïteti. Pedagogïkalıq ğılımdar serïyası. 1 (78), 100-112. https://doi.org/10.26577/JES2024780109

Olteanu, Lucián Liviusz (2024): The Possibilities of Integrating Career Guidance into Teacher Training. OxIPO – interdiszciplináris tudományos folyóirat, 2024/3. 79-88. Doi: https://www.doi.org/10.35405/OXIPO.2024.3.79

OECD (2004) Career Guidance. A handbook for policymakers. https://www.amazon.sg/Career-Guidance-Handbook-Policy-Makers/dp/9264015191

«Pedagog qızmetkerler men olarğa teñestirilgen tulğalardıñ lawazımdarınıñ ülgilik biliktilik sïpattamaların bekitw twralı» [On approval of model qualification characteristics for the positions of teaching staff and persons equated to them] (Qazaqstan Respwblïkası Bilim jäne ğılım mïnïstriniñ 2022 jılğy 31 nawrızdağı № 121 bwyryğy). https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200027394

Pryazhnikova, E.Y.(2010). Proforientaciâ. Moskva. Akademiya.

Chistyakova, S.N. (2007) Pedagogicheskoye soprovozhdeniye samoopredeleniya shkol'nikov. Moskva. Akademiya.

Watts, A.G. (2005). Career Guidance Policy: an International Review//Paper published in the Career Development Quarterly, 54(1), pp.66-76. https://doi.org/10.1002/j.2161-0045.2005.tb00142.x

ҒТАХР 14.35.07 https://doi.org/10.51889/2959-5762.2026.91.3.021

*Ж.М.Алимкулова,[1] * Н.Б.Калкаева,[2] Д.К.Садирбекова [3]*

[1]Ө.Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті, Шымкент қ., Қазақстан
[2]Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қ., Қазақстан
[3]Қазақ Ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы қ., Қазақстан

БОЛАШАҚ ҚҰҚЫҚТЫҚ- ЭКОНОМИКАЛЫҚ ПӘНДЕР МҰҒАЛІМІНІҢ КӘСІБИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІ: ТЕОРИЯЛЫҚ ТАЛДАУ

Аңдатпа

Зерттеуде авторлар болашақ құқықтық-экономикалық пәндер мұғалімдерінің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру мәселесі бойынша ғылыми әдебиеттерге теориялық талдау жасауға тырысты. Ғылыми- педагогикалық әдебиеттерді талдау барысында педагогтың кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру бойынша үлкен тәжірибе жинақталғанын және ғалымдардың мәселені түрлі бағытта қарастыратынын байқауға болады.

Ең алдымен, кәсібилік, кәсіби іс-әрекет, кәсіби сапаларды қалыптастыру бойынша әдебиеттердің үлкен қоры жинақталғанын басып айтуға болады. Сонымен қатар, ғалымдардың көзқарастарын жүйелей келе, кәсіби құзыреттілікте келесідей элементтер тән екенін анықтаған, яғни бұл әмбебаб, жалпыланған, кешенді және интегративті сипаттама, оның өзегі тұлғаның тек қана ақпараттар жүйесін мен ғылымдар негізін меңгеруі емес, сонымен қатар кәсіби іс- әрекетті жүзеге асыруға қабілеттерді қалыптастыру.

Ғылыми-педагогикалық, философиялық, арнайы еңбектерді саралау барысында, кәсіби құзыреттілікті қалыптастырудың әдіснамалық негіздері нақтыланды: білім берудің іргелілігі, педагогикалық білім берудің гуманистік бағыты, мәдениеттанушылық тұғыр, шығармашылық оқу ортасын құрастыруды жатқызуға болады.

Зерттеуде кәсіби құзыреттіліктің интеллектуалдық, әлеуметтік, ақпараттық, психологиялық, практикалық, коммуникативтік, реттеушілік және тағы басқа түрлері қарастырылған.

Түйін сөздер: құзыреттілік, кәсіби құзыреттілік, болашақ мұғалім, кәсіби іс -әрекет, кәсіби сапа, кәсіби құзыреттілік түрлері.

*Алимкулова Ж.М.,[1] * Калкаева Н.Б.,[2] Садирбекова Д.К.[3]*

[1]Южно- Казахстанский педагогический университет имени О.Жанибекова, г.Шымкент, Казахстан
[2]Казахский национальный педагогический университет имени Абая, г.Алматы, Казахстан
[3]Казахский национальный женский педагогический университет, г.Алматы, Казахстан

ПРОФЕССИОНАЛЬНАЯ КОМПЕТЕНТНОСТЬ БУДУЩИХ УЧИТЕЛЕЙ ЮРИДИЧЕСКО-ЭКОНОМИЧЕСКИХ ДИСЦИПЛИН: ТЕОРЕТИЧЕСКИЙ АНАЛИЗ

Аннотация

В исследовании авторы попытались представить теоретический анализ научной литературы по проблеме формирования профессиональной компетентности будущих педагогов юридическо-экономических дисциплин. Изучив научно-педагогическую литературу исследователи отмечают, что по проблеме формирования профессиональной компетентности будущих педагогов накоплен большой опыт и ученые проблему рассматривают с разных позиций.

Прежде всего необходимо отметить, что большой фонд источников имеется по проблеме профессионализма, профессиональной деятельности, формированию профессиональных качеств. В тоже время систематизируя представления ученых можно отметить, что профессиональной компетентности присущи следующие элементы: универсальность, обобщенность, комплексность и интегративная характеристика, ее ядро это не только освоение личностью системой информации и основами наук, но и формирование способностей реализации профессиональной деятельности.

Анализ научно-педагогической, философской и специальной литературы дал возможность раскрыть методологические основы формирования профессиональной компетентности: фундаментальность образования, гуманистическая направленность, культурологический подход, формирование творческой среды.

В исследовании рассмотрены виды профессиональной компетентности: интеллектуальная, социальная, информационная, психологическая, практическая, коммуникативная и другие.

Ключевые слова: компетентность, профессиональная компетентность, будущий педагог, профессиональная деятельность, профессиональные качества, виды профессиональной компетентности.

*Alimkulova J., [1] * Kalkaeva N.,[2] Sadirbekova D.[3]*
[1]Zhanibekov South Kazakhstan Pedagogical University, Shymkent, Kazakhstan
[2]Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan
[3]Kazakh National Women's Teacher Training University, Almaty, Kazakhstan

PROFESSIONAL COMPETENCE OF FUTURE TEACHERS OF LEGAL AND ECONOMIC DISCIPLINES: THEORETICAL ANALYSIS

Abstract

In the study, the authors tried to present a theoretical analysis of the scientific literature on the problem of the formation of professional competence of future teachers of legal and economic disciplines. Having studied the scientific and pedagogical literature, the researchers note that a lot of experience has been accumulated on the problem of the formation of professional competence of future teachers, and scientists consider the problem from different perspectives.

First of all, it should be noted that there is a large fund of sources on the problem of professionalism, professional activity, and the formation of professional qualities. At the same time, systematizing the ideas of scientists, it can be noted that professional competence has the following elements: universality, completeness, complexity and integrative characteristics, its core is not only the development of a person's information system and the basics of science, but also the formation of abilities to implement professional activities.

The analysis of scientific, pedagogical, philosophical and specialized literature made it possible to reveal the methodological foundations of the formation of professional competence: the fundamentality of education, humanistic orientation, cultural approach, the formation of a creative environment.

The study examines the types of professional competence: intellectual, social, informational, psychological, practical, communicative and others.

Keywords: competence, professional competence, future teacher, professional activity, professional qualities, types of professional competence.

Кіріспе. Экономикалық және ғылыми- техникалық дамудағы заманауи сапалық өзгерістер, Қазақстан республикасының тек әлемдік экономикалық ғана емес, сонымен қатар білім беру кеңістігіне енуі әртүрлі шаруашылық қызмет салалары үшін мамандар даярлау жүйесін түбегейлі реформалаудың, сондай-ақ білім сапасын оның нәтижесі ретінде бағалау өлшемдерін өзгертудің объективті қажеттілігін айқындайды.

Бүгінгі таңда кәсіби білім берудің мақсаты-еңбек нарығында бәсекеге қабілетті, тиісті деңгейі мен бейініне сәйкес білікті маман даярлау. Ол өз кәсібін еркін меңгерген, қызметтің сабақтас салаларында бағдарлай алатын, кәсіби тұрғыдан үнемі дамуға, әлеуметтік және кәсіби ұтқырлыққа дайын болуы қажет.

Оқу үдерісінде тұлғаның әлеуметтік және жеке қажеттіліктерін үйлесімді түрде ескеруге XX ғасырдың соңында шетелдік әлеуметтік теория мен тәжірибеде қалыптасқан негізгі құзыреттер идеясы мүмкіндік береді. Бұл идея білім берудегі құзыреттілік тәсілдің негізіне алынды.

Сонымен қатар, қазіргі таңда білім беру жүйесі қарқынды өзгеріп жатқан қоғамның және заманауи әлемде өмір сүріп жатқан адамның қажеттіліктеріне толық көлемде жауап бере алмайтыны жалпыға ортақ мойындалған факт болып табылады. Сондықтан әлемдік және отандық ғылымда, соның ішінде білім беру тәжірибесінде осы қайшылықты еңсеруге мүмкіндік беретін білім берудің тұжырымдамалық идеяларын іздестіру жұмыстары жүргізілуде. Осы тұста білім беру мен қоғамның дамуындағы қарама -қайшылықтарды шешудің неғұрлым тиімді амалдарының бірі ретінде басым көпшілік ғалымдардың пікірінше негізгі құзыреттер идеясы алынған білім беру парадигмасы танылып отыр. Қазақстанның білім беру саясатының жетекші амалы ретінде де білім берудегі құзыреттілік тұғыр қабылданды, өйткені ол білім беруді ізгілендіру, азаматтық демократиялық қоғам құру және еліміздің қауымдастыққа кірігу идеяларымен толық сәйкес келеді.

Маманның кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру болашақ құқықтық -экономикалық пәндер мұғалімдерін даярлау мәселесіне байланысты ерекше өзектілікке ие болып отыр. Себебі еліміздегі экономикалық, құқықтық өзгерістер өндірісті, персоналды, нарықтық қатынастарды және т.б. басқаруға қабілетті жаңа буын мамандарын даярлау қажеттілігін туындатты. Дәл осы мамандардың кәсіби құзыреттілігі экономиканың құрылымдық қайта құрылуын жеделдетудің және еліміздің экономикалық өсімін қамтамасыз етудің маңызды факторы болып табылады. Қалыптасқан жағдай кәсіби даярлау сипатына өзгерістер еңгізуді талап етеді. Бұл өзгерістер оның бағытына, мақсаттарына, мазмұны мен құрылымына түбегейлі жаңа көзқарасты қарастыруды көздейді.

Сонымен зерттелген дереккөздер талдауы болашақ құқықтық-экономикалық пәндер мұғалімдерінің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру мәселесінің өзектілігін анықтады.

Педагогикалық зерттеулерге назар аударсақ, кәсіби құзыреттілікті қалыптастыру тұлғаның үздіксіз дамуының аса маңызды құрамдас бөлігі ретінде қарастырылады. Бұл ретте адам өзінің кәсіби қалыптасуының кез келген кезеңінде өзін тұлға ретінде де, кәсіби маман ретінде де толық қалыптасып болдым деп есептей алмайтыны атап көрсетілген. Білім берудегі құзыреттілік тәсіл тұлғаның қабілеттерін дамытуға және оларды нәтижелі пайдалануға баса назар аударады. Сонымен қатар, бұл тәсіл мамандарды даярлауда білімнің негізгі әрі іргелі рөлін жоққа шығармайды.

Ғылыми-педагогикалық әдебиеттерге жасалған талдау көрсеткендей, кәсіби даярлауға деген жаңа тәсілдің мәні, ең алдымен, болашақ құқықтық-экономикалық пәндер мұғалімдерінің субъектілік дамуы мен өзін- өзі дамытуынан көрінеді. Ол белгілі бір білім мен дағдылар жиынтығынан жәй ғана жеткізуші емес, кәсіби қызметке қойылатын талаптарды жоғары деңгейде шығармашылықпен тәжірибеде жүзеге асыра алатын маман ретінде қалыптасуы тиіс.

Білім сапасын бағалаудағы құзыреттілік тәсіл- білім беруді дамытудың халықаралық деңгейде басымдыққа ие қазіргі үрдістеріне сәйкес келеді. Жоғары білімнің бәсекеге қабілеттігін арттыру болашақ құқықтық-экономикалық пәндер мұғалімдерінің еңбек нарығында жұмысқа орналасу мүмкіндіктерін кеңейтіп, олардың кәсіби ұтқырлығын қамтамасыз етеді.

Кәсіби даярлау жүйесіндегі құзыреттілік тәсіл пәнаралық ғылыми білімдер жүйесі ретінде қарастырылады. Ол белгілі бір нақты мамандық бойынша маманды тар бейінді, нақты кәсіби даярлаудың әдіснамалық негізін қамтамасыз етумен ғана шектелмейді, сонымен қатар, үздіксіз білім беру жүйесінің барлық буындарына таралады (Батышев et al., 1998).

Кәсібиліктің бір деңгейі ретінде құзыреттілік педагогикалық іс -әрекеттің негізгі құрамдасы деп бірнеше зерттеулерде қарастырылады.

Осы мәселені жиі қарастырып зерттеп жүрген ғалымның бірі А.К.Маркова кәсіби құзыреттілікті педагогикалық қызметті жүзеге асыруға қажетті білімдер, біліктер, дағдылар және іс-әрекет тәсілдері жүйесін меңгеру деңгейі, сондай -ақ кәсіби қызметті тиімді орындауға қажетті психологиялық қасиеттер жүйесі ретінде анықтаған (Маркова,1996).


«Құзыреттілік» ұғымы еңбегінің сипаты шешім қабылдаумен, яғни белгілі бір мәселені шешуге және ол жөнінде пайым жасауға өкілетті болумен байланысты мамандардың белгілі бір санатына қатысты қолданылады.Оларға басқарушылар, сарапшылар және т.б. жатады. Сонымен қатар, бұл ұғым белгілі бір білім саласын терең меңгерген мамандарға да (ғалымдар, оқытушылар, өнертанушылар және т.б.) қатысты қолданылады. Кәсіби құзыреттіліктің негізгі критерийі маман еңбегінің қоғамдық маңызы және оның белгілі бір білім немесе қызмет саласындағы беделі (Батышев et al., 1998).

«Кәсіби құзыреттілік» ұғымын енгізудің орындылығы оның мазмұнының кеңдігімен және интегративті сипатымен түсіндіріледі. Аталған ұғым «кәсібилік», «біліктілік», «кәсіби қабілеттер» және т.б. сол сияқты кеңінен қолданылатын ұғымдарды біріктіреді.

Педагогикалық ғылымда «кәсіби құзыреттілік» ұғымы әртүрлі қырынан қарастырылады. Атап айтқанда, ол:

- еңбек нәтижелілігін айқындайтын білімдер мен біліктер жиынтығы;

- белгілі бір міндетті орындауға қажетті дағдылар көлемі;
- тұлғалық қасиеттер мен ерекшеліктердің үйлесімі;
- кәсіби білімдер мен кәсіби тұрғыдан маңызды тұлғалық қасиеттер кешені;
- кәсібилену үдерісінің бағыты;
- еңбек қызметіне теориялық және практикалық даярлықтың бірлігі;
- мәдениетке сәйкес күрделі іс- әрекет түрлерін жүзеге асыру қабілеті ретінде түсіндіріледі (Батышев et al., 1998).



Сурет -1 «Кәсіби құзыреттілік» ұғымының көпқырлылығы

Кәсіби құзыреттілік біліктілік пен кәсібиліктің сипаттамасы ретінде төмендегілерді қамтиды:

- пәнді терең білу немесе тиісті кәсіби дағдыны меңгеру;
- маманның көптеген шешімдердің ішінен ең оңтайлысын таңдай білуі, қате шешімдерді дәлелді түрде жоққа шығаруы, сыртқы тұрғыдан тартымды болғанымен, тиімділігі төмен шешімдерге сыни тұрғыдан күмән келтіре алуы, яғни сыни ойлау қабілетінің болуы;
- маманның білімін үнемі жаңартып отыруға, жаңа ақпаратты меңгеруге және оны нақты уақыттағы әрі нақты жағдайлардағы кәсіби міндеттерді табысты шешу үшін қолдана білуі, яғни білімнің ұтқырлығы;
- құзыреттіліктің мазмұндық (білім) және үдерістік (білік) компоненттерді қамтуы.

Құзыретті маман мәселенің мәнін түсініп қана қоймай, оны практикалық тұрғыдан шеше білуі тиіс. Сонымен қатар, мәселені шешеудің нақты жағдайларына байланысты ол сол жағдайларға барынша сәйкес келетін белгілі бір әдісті таңдап, қолдана алады. Яғни кәсіби құзыреттілік маманның жағдайға бейімделіп, тиімді әрі икемді әдістерді пайдалану қабілетін де қамтиды (Котенков, 2008).

Әдебиеттер талдауы көрсеткендей, мұғалімнің кәсіби құзыреттілігін қарастыру барысында ең алдымен педагогтің тұлғасына басымдық беріледі.Яғни, ең әуелі мұғалім тұлғасының құндылықтық бағдарлары, ұстанымдары, өмірлік мән- мағыналары мен идеалдары оның педагогикалық қызметінің мәнін айқындайды. ХХ ғасырдың басында П.Ф.Каптерев мұғалім тұлғасының маңыздылығын арнайы атап көрсетіп, «оқыту жағдайында мұғалімнің тұлғасы бірінші орында тұрады, педагог тұлғасының белгілі бір қасиеттері оның тәрбиелік ықпалын және оқыту нәтижелерін арттыру немесе төмендетуі мүмкін» деп тұжырымдаған (Каптерев,1982).

А.Н.Леонтьев студенттің, болашақ педагогтің тұлғалық дамуы – оның кәсіби білімдерді, біліктер мен дағдыларды жай ғана жинақтауымен шектелмейтінін атап көрсеткен. Ең

маңыздысы- болашақ мамандардың тұлғасының мотивациялық саласын қалыптастыру. Болашақ мұғалімнің меңгеріп жатқан білімдерінің қандай мәнге ие болатыны және олардың қандай мақсаттарға бағытталатыны дәл осы мотивациялық салаға байланысты. Педагогтың тұлғалық қасиеттері оның кәсіби қасиеттерінен ажыратылмайды.Кәсіби қасиеттер кәсіби даярлау барысында қалыптасып, арнайы білімдерді, біліктерді, ойлау тәсілдерін және іс -әрекет әдістерін меңгерумен байланысты болады (Леонтьев,2004).

Олардың қатарында И.П.Подласый ғылыми ізденіске қызығушылықты, өзінің кәсіби еңбегіне деген сүйіспеншілікті, эрудицияны, оқытылатын пәнді жетік меңгеруді, пәнді оқыту әдістемесін білуді, психологиялық даярлықты, жалпы эрудицияны, кең мәдени ой- өрісті, педагогикалық шеберлікті, педагогикалық еңбек технологияларын меңгеруді, ұйымдастырушылық білік пен дағдыларды, педагогикалық әдепті,педагогикалық техниканы, қарым -қатынас технологияларын меңгеруді, шешендік өнерді және басқа да қасиеттерді атап көрсетеді (Подласый, 2013).

Материалдар мен әдістер. зерттеу барысында келесідей теориялық (педагогтың кәсіби дамуындағы құзыреттілік амал мәселесі қамтылған философиялық, психологиялық, педагогикалық зерттеулерді талдау және синтездеу, нақтылау, жалпылау, абстракциялау, аналогия) және эмпирикалық (бақылау, құжаттар мен іс -әрекет нәтижелерін зерттеу) әдістерін пайдаландық.

Нәтижелер мен талқылау. Зерттеу барысында университеттің білім беру ортасы -бұл білім берудің мақсатқа сай болуымен, педагогикалық процестің мазмұнымен, оның әлеуметтік-мәдени бағытының туындысы ретінде, сондай -ақ осы мақсаттарды инновациялық білім беру технологияларымен жүзеге асыру тәсілдерімен байланысты орта субъектілерінің өзара әрекеттесуі арқылы студенттің білім беру мүмкіндіктерін өзектендіру жүйесі екендігі анықталды. Студенттердің кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудағы университеттің білім беру ортасының ресурстары- болашақ құқықтық экономикалық пәндер мұғалімдері-білім беру мүмкіндіктерінің көздері, субъектілердің жеке ресурстарын, университеттің ұйымдастырушылық-мәдениеті мен әлеуметтік- серіктестік ресурстарын біріктіреді, олар қоршаған орта компоненттерінде көрінеді және: жоғары оқу орнының гуманистік құндылықтарды, кәсіби құзыреттілікті, болашақ маманның шығармашылық белсенділігін қалыптастыруға бағытталған құндылықтық- мақсатты бағыты; иновациялық -диагностикалық, ақпараттық, білім беру, басқару технологияларын жобалау мен қолдауда, қоршаған орта субъектілерінің шығармашылық өнімділігінің кең спектрінде.

Жеке тұлғалық және кәсіби қасиеттермен қатар, педагог өзінің пәндік- кәсіби құзыреттілігін айғақтайтын бірқатар біліктерге де ие болуы тиіс. Е.А.Панько пікірінше, бұл біліктерді шартты түрде гностикалық, конструктивтік, коммуникативтік, ұйымдастырушылық және арнайы біліктер деп бөлуге болады (сурет -2).



Сурет-2 Педагогтың пәндік- кәсіби құзыреттілігінің біліктер түрлері

Кәсіби құзыреттілік деп маманның белгілі бір қызмет түрін жүзеге асыруға жеткілікті білім, білік, дағды және тәжірибе деңгейін көрсететін, шешім қабылдаумен байланысты іскерлік және тұлғалық қасиеттердің интегралды сипаттамасы түсініледі.

Кәсіби құзыреттіліктің негізгі компоненттеріне келесілерді жатқызамыз (Гарашкина, 2011) сурет -3:

- әлеуметтік-құқықтық құзыреттілік- қоғамдық институттармен және адамдармен өзара әрекеттесу саласындағы білімдер мен біліктерді, сондай- ақ, кәсіби қарым- қатынас пен мінез - құлық тәсілдерін меңгеру;

- персоналдық құзыреттілік -кәсіби тұрғыдан үнемі дамуға және біліктілікті арттыруға, сондай -ақ, кәсіби қызмет барысында өзін- өзі жүзеге асыруға қабілеттік;

- арнайы құзыреттілік – нақты қызмет түрлерін өз бетінше орындауға даярлық, типтік кәсіби міндеттерді шеше білу және өз еңбегінің нәтижелерін бағалау, мамандық бойынша жаңа білімдер мен біліктерді өз бетінше меңгеру қабілеті;

- аутоқұзыреттілік - өзінің әлеуметтік- кәсіби сипаттамалары туралы адекватты түсініктің болуы және кәсіби деструкцияларды еңсеру технологияларын меңгеру;

- экстремалды құзыреттілік- кенеттен күрделенген жағдайларда, апаттар кезінде және технологиялық үдерістер бұзылған жағдайда әрекет ете білу қабілеті.



Сурет -3 Педагогтың кәсіби құзыреттілігің түрлері


Осылайша, білім беру үрдісіндегі педагогикалық қызметтің ең жалпы міндеті тұлғаның үйлесімді дамуына жағдай жасау, өскелең ұрпақты еңбекке және қоғам өміріне қатысудың басқа да нысандарына дайындау болып табылады.

В.А.Сластенин, Г.И.Саранцев,А.И.Мищенко және т.б. кәсіби құзыреттілікті деңгейлік тәсіл тұсынан қарастырып, оны тұлғаның әртүрлі деңгейде түрлі кәсіби міндеттерді шешу қабілеттері деп анықтаған.

Болашақ экономист -менеджердің кәсіби құзыреттілігі құрылымында негізгі орын алатын мынадай компоненттерді қамтитын тұлғалық қасиет ретінде түсіндіріледі (Ролдугина, 2007), сурет-4:

- теориялық-практикалық даярлық – ішкі және сыртқы құрамдастардың бірлігін білдіреді. Ішкі құрамдас кәсіби қызметке деген мотивациялық- құндылықтық қатынасты, белсенділікті және оның нәтижелері үшін жауапкершілікті қамтиды. Ал сыртқы құрамдас -бағдарлау, операциялық, бағалау қызметі мен өзін- өзі бағалаудан тұрады. Олар аналитикалық, болжамдық, жобалаушылық және рефлексивтік біліктерді дамыту негізінде қалыптасатын теориялық даярлықты, сондай- ақ ұйымдастырушылық -басқарушылық, ақпараттық және кәсіпкерлік біліктерді қамтитын практикалық даярлықты сипаттайды.

- кәсіби мәдениеттің негіздері-нақты пәндік білімдерді, іс- әрекет, қарым -қатынас және өзін-өзі дамыту тәсілдерін меңгеруді, праксеологиялық, рефлексивтік және ақпараттық тұрғыдан даярлықты; кәсіби шығармашылықты, дүниетанымды және кәсіби ойлауды қамтиды.



Сурет-4 Экономист менеджердің кәсіби құзыреттілігі құрамы

А.К.Маркованың көзқарасы бойынша, кәсіби құзыреттілік адамның өз бетінше және жауапкершілікпен әрекет етуіне мүмкіндік беретін психикалық қасиеттердің жиынтығы, психикалық күйі, сондай- ақ белгілі бір еңбек функцияларын орындауға қажетті қабілеті мен біліктерінің болуы. Кәсіби құзыреттіліктің қалыптасу деңгейін тек адамның еңбек қызметінің нәтижелерінің сипаты арқылы ғана бағалауға болады (Маркова, 1996).

Аталмыш мәселе бойынша осыған жақын ұстанымды бірқатар басқа да авторлар ұстанады. Олардың пікірінше, кәсіби құзыреттілік маманның белгілі бір қызмет түрінің мақсаттарына қол жеткізуге жеткілікті білім, білік және тәжірибе деңгейін, сондай -ақ оның адамгершілік ұстанымын сипаттайтын іскерлік және тұлғалық қасиеттерінің интегралды сипаттамасы (Алексеева& Шаблыгина, 1994).

Зерттеу авторлары «кәсіби құзыреттілік» ұғымы еңбегінің сипаты шешім қабылдаумен, яғни белгілі бір мәселені шешуге және ол жөнінде пайым жасауға өкілетті мамандардың белгілі бір санатына тән екенін нақтылайды. Осылайша, кәсіби құзыреттілік- маманның кәсіби қызмет мақсаттарына қол жеткізуге жеткілікті білім, білік және тәжірибе деңгейін ғана емес, сонымен қатар тұлғаның әлеуметтік адамгершілік ұстанымын да қамтитын іскерлік және тұлғалық қасиеттерінің интегралды сипаттамасы.

«Кәсіби құзыреттілік» ұғымының мазмұнына өзара байланысты үш негізгі астар кіреді (Сластенин et al., 2004) :

1. Мәселелік -тәжірибелік астар- нақты жағдайды барабар танып, түсіну, сол жағдайға сәйкес мақсаттар, міндеттер мен нормаларды дұрыс тұжырымдау және оларды тиімді жүзеге асыру қабілеті;
2. Мағыналық астар –кәсіби жағдайды неғұрлым кең әлеуметтік -мәдени контексте барабар ұғыну және оның мәнін түсіну қабілеті;
3. Құндылықтық астар- жағдайды, оның мәнін, мақсаттары мен міндеттерін, сондай-ақ нормаларын, жеке тұлғалық және қоғамдық құндылықтар тұрғысынан дұрыс бағалай білу қабілеті.

Құзыреттілікті қалыптастыру студенттерді күмәнануға, теориялық білім мен өз тәжірибесіне негізделген шешім іздеуге, әртүрлі нұсқаларды іздеуге, оларды бағалауға, ең оңтайлы нұсқаларды таңдауға итермелейтін іс- шараларға қосуды талап етеді. Әрине, студентті университетте оның болашақ педагогикалық қызметінің барлық аспектілеріне үйрету, болашақ мұғалімге тап болатын барлық жағдайларды болжау мүмкін емес. Белгілі бір жағдайлардың алдын ала болжанбауына және әр мұғалімнің жеке басына қарамастан, мұғалімнің қызметі барлығына ортақ теориялық және әдістемелік білімге сүйенеді. Кәсіби құзыреттілікті дамыту әмбебаптығы, жалпылануы, күрделілігі бар білім, дағдылар блоктарын игеруді қамтиды. Білімнің, біліктілік пен дағдылардың бұл қасиеттері стандартты жағдайларда ғана емес, сонымен қатар шығармашылық шешімге дайын болуға мүмкіндік береді (Воеводина, 2005).

Қазақстандық ғалымдар болашақ педагог -биологтардың кәсіби құзыреттілігін дамытудың негізін биология саласындағы мәселелер мен міндеттерді өз бетінше шеше білу, сондай -ақ алған білімдері, дағдылары мен біліктері негізінде өзін -өзі дамыту қабілеті құрайды деп нақтылаған.

Авторлардың зерттеулерінде қарастырылған теориялық тұжырымдар мұғалімнің тұлғалық қасиеттерімен қатар, биология, биотехнология және өмір туралы ғылымдар саласындағы жаңа білімдерді меңгеруі қажеттігін көрсетеді. Университеттердегі педагогикалық білім беру үрдісінің ерекшелігі болашақ педагогтың тұлғалық және кәсіби дамуының өзара бірлікте жүзеге асырылуы. Кәсіби құзыреттілікті қалыптастырудың барлық элементтері болашақ педагогтердің мектептер мен жоғары оқу орындарындағы кәсіби қызметіне бағытталады. Әсіресе нақты педагогикалық жағдайларды сындарлы әрі бейбіт жолмен шеше білу қабілетіне ерекше мән беріледі. Мамандардың кәсіби даярлығы алған білімдерін, дағдалыр мен тәжірибесін практикалық қызметте тиімді қолдану қабілетімен, сондай -ақ кәсіби құзыреттіліктің қалыптасуы мен дамуына ықпал ететін тұлғалық және әлеуметтік қасиеттері мен құндылықтарын жұмылдыра білуімен айқындалады (Тергенбаева &Карашолакова,2021).

Н.В.Кузьмина мұғалімнің кәсіби құзыреттілігін келесідей жіктеген (Кузьмина,2001):

- Арнайы және пәндік құзыреттілік;
- Дифференциалды -психологиялық құзыреттілік (сананы ынталандыру және тәртіпке бейімдеу мүмкіндіктері);
- Әдістемелік құзыреттілік (тану және біліктерді қалыптастыру);
- Әлеуметтік- психологиялық құзыреттілік (коммуникативтік);
- Аутопсихологиялық құзыреттілік (жеке жетістіктері бойынша).

Ғылыми әдебиеттерге жасалған талдау негізінде кәсіби құзыреттілікті коммуникативтік, реттеушілік және интеллектуалдық- педагогикалық құзыреттіліктердің бірлігі деп анықталғанын байқадық (Акпарова,2009):

- Коммуникативтік құзыреттілік- эмоционалдық тұрақтылықты, тілдік дағдыларды, тыңдай білу қабілетін, мадақтай және ынталандыра білуді, әдептілікті және жалпы қабілеттерді қамтитын кәсіби интегративті сапа;
- Реттеушілік құзыреттілік – мұғалімнің өзінің іс- әрекетін бақылау және реттеу қабілеті. Оның құрамына мақсатқа ұмтылу, жоспарлау, тұрақты белсенділік, өзін- өзі таныту, рефлексия, өз әрекеттерін бағлау жатады.
- Интеллектуалдық – педагогикалық құзыреттілік – тиімді оқыту үдерісінде қолданылатын аналитикалық біліктердің жиынтығы, сондай- ақ инновациялық қызметті жүзеге асыру қабілеті.

Б.С.Гершунскийдің пікірінше, «кәсіби құзыреттілік»- білім бердуің ең жоғары деңгейі болып табылады. Оның тұжырымдамасында кәсіби құзыреттілік екі өзара байланысты аспектіні қамтиды. Біріншіден, нақты кәсіптің негізін құрайтын ғылым немесе ғылымдар саласындағы білімдерді меігеру. Екіншіден, алынған білімдерді практикалық қызметте қолдану дағдылары мен біліктердің болуы. Басқаша айтқанда, кәсіби құзыреттілік маманның өзінің кәсіби қызмет саласына қатысты білімдерінің жиынтығы және сол білімдерді еңбек қызметінде тиімді қолдана әрі пайдалана білу қабілетін білдіреді (Гершунский, 1998).

Құзыреттілік - бұл адамның интегралды сипатамасы, ол кәсіби қызметтерді сапалы орындауды қамтамасыз ететін құзыреттер жүйесін құрайды. Экономисттің кәсіби құзыреттілігі - маманның интегралды сипаттамасы, ол қаржы- экономикалық, ғылыми- зерттеушілік, ақпараттық -аналитикалық, ұйымдастырушылық -басқарушылық құзыреттіліктерден құралып, кәсіби іс -әрекеттің сапалы орындалуын қамтамасыз етеді. Сонымен, құзыреттілік -адамның кәсіби іс -әрекетін сапалы орындауға қабілеттілігі мен даярлығы.

Болашақ экономика саласының мамандарының кәсіби құзыреттілігі өз құрылымында келесі құзыреттіліктерді кіріктіреді:

- қаржы- экономикалық құзыреттілік,
- ғылыми- зерттеушілік құзыреттілік,
- ақпараттық -аналитикалық құзыреттілік,
- ұйымдастырушылық -басқарушылық құзыреттілік (Фильченко, 2009).

О.В.Юдинаның диссертациялық зерттеуінде маманның кәсіби құзыреттілігінің құрылымына келесі компоненттер енгізілген, кесте -1 (Юдина, 2002):

- Аксиологиялық компонент – кәсіби білімдерді меңгерудің қажеттілігіне деген ішкі сенімділікті айқындайды;
- Ақпараттық компонент – кәсіби қызмет барысында ақпараттық технологияларды қолдану қажеттілігін сипаттайды;
- Мотивациялық компонент – кәсіби қызмет саласына деген қызығушылықтың қалыптасуымен сипатталады;
- Операциялық компонент – кәсіби қызметтің мазмұнын құрайтын біліктер мен дағдыларды меңгеру деңгейін айқындайды;
- Эмоционалдық – еріктік компонент – кәсіби функцияларды орындауға психологиялық даярлықты сипаттайды.

Кесте -1 Маманның кәсіби құзыреттілігінің құрылымы

№	*Компонент*	*Сипаты*
1	Аксиологиялық компонент	Кәсіби білімдерді меңгерудің қажеттілігіне деген ішкі сенімділікті айқындайды
2	Ақпараттық компонент	Кәсіби қызмет барысында ақпараттық технологияларды қолдану қажеттілігін сипаттайды
3	Мотивациялық компонент	Кәсіби қызмет саласына деген қызығушылықтың қалыптасуымен сипатталады
4	Операциялық компонент	Кәсіби қызметтің мазмұнын құрайтын біліктер мен дағдыларды меңгеру деңгейін айқындайды
5	Эмоционалдық- еріктік компонент	Кәсіби функцияларды орындауға психологиялық даярлықты сипаттайды.

А.В.Хуторской (Хуторской, 2001) және А.М.Новиков (Новиков,1997) жүргізген теориялық зерттеулерде кәсіби құзыреттіліктің келесідей компоненттері бөліп көрсетілген:

- Мотивациялық компонент -кәсіби қызметті жүзеге асыруға даярлықты білдіреді;
- Рефлексивтік компонент -кәсіби қызметтің мазмұнына тұлғалық қатынасты, қызмет мақсаттарының маңыздылығын және өз қызметіне өзіндік талдау жасауды қамтиды;
- Когнитивтік компонент- мамандық бойынша қажетті білімдер мен біліктерді меңгеруді сипаттайды;
- Іс -әрекеттік компонент - алынған білімдер мен біліктерді практикалық қызметте қолдана білу қабілетін білдіреді.

В.А.Сластенин кәсіби құзыреттілік құрамына келесі құрамдас бөліктерді кіріктіреді (Сластенин,1997):

- Практикалық (арнайы) құзыреттілік- кәсіби білім мен технологиялар деңгейін анықтайды.
- Әлеуметтік құзыреттілік- жауапты шешімдерді қабылдау қабілетін сипаттайды.
- Психологиялық құзыреттілік -өзін- өзі жүзеге асыру, рефлексия дағдылары, ойлау сапасының қалыптасуын сипаттайды.
- Коммуникативтік құзыреттілік- сөйлеу мәдениеті, коммуникативтік қабілеттер деңгейін анықтайды.
- Ақпараттық құзыреттілік- жаңа ақапараттық технологияларды меңгеру қабілетін сипаттайды.
- Валеологиялық құзыреттілік- салауатты өмір салтын ұстану мүмкіндіктерін сипаттайды.

Қорытынды. Сонымен, жоғарыда қарастырылғандарды түйіндей келе, құзыреттілік амал кәсіби білім берудің мазмұнын жаңартудың құралы ретінде ғана емес, оны заманауи талаптарға сәйкестендірудің тетігі ретінде де қарастырылады. Ол маманды даярлау процесін ұйымдастыруға елеулі өзгерістер еңгізіп, оған іс- әрекеттік және практикалық бағдарланған сипат береді. Болашақ мұғалімнің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру- маманның бүкіл кәсіби қызметі барысында жалғасатын процесс және кәсіби қызметтің басталуына дейін қалыптаса бастайды. Құқықтық -экономикалық пәндер мұғалімдерінің кәсіби құзыреттілігінің негізгі сипаттарының бірі – оның үнемі динамикалық дамуы және аяқталмаған сипаты.

Кәсіби қызмет барысында жаңа білім беру модельдерін, инновациялық оқыту құралдары мен технологияларын пайдалану арқылы кәсіби білімдерді үнемі жетілдіріп отыру қажеттілігі туындайды. Осы тұрғыдан алғанда, кәсіби құзыреттілік бір рет қалыптасып, өзгеріссіз қалатын сапа емес, кәсіби тәжірибенің жинақталуы, жаңа білімдердің игерілуі және заманауи кәсіби талаптарға бейімделу негізінде үздіксіз дамып отыратын тұлғалық кәсіби сипаттама болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

Акпарова Ж.М. Педагогикалық мамандыққа кіріспе: оқу құр. / Ж.М.Акпарова. — Қарағанды: Болашақ — Баспа РББ, 2009. — 171 б.

Алексеева Л.П., Шаблыгина Н.С. Преподавательские кадры: состояние и проблемы профессиональной компетентности. - М.: НИИВО, 1994.

Батышев С.Я. Энциклопедия профессионального образования: в 3 т. / науч. ред. совет: С.Я.Батышев, А.М.Новиков, В.А.Поляков. – М.:РАО; Ассоциация «Профессиональное образование», 1998. – Ч. 1. – С. 76–77.

Воеводина С.А. Формирование профессиональной компетенстности будущих педагогов // Вестник Полоцкого государтсвенного университета. Серия Е Педагогические науки. Педагогика №5, 2005

Ганин Е.А. Современные информационные и коммуникационные технологии как средство самообразования будущих учителей: дис.... канд. пед. наук. Спец. 13.00.01 – «Общая педагогика, история педагогики и образования» / Е.А. Ганин. Чита, 2004. — 175 с.

Гарашкина Н.В. Проектирование учебных программ в системе вузовской подготовки будущих социальных работников: компетентностный подход // Вестник Тамбовского университета. Серия Гуманитарные науки. Тамбов, 2011. Вып. 1 (93). С. 120-124.

Гершунский, Б.С. Философия образования для XXI века / Б.С. Гершунский. – Москва: Совершенство, 1998. – 608 с.

Котенков А.В. Социальное партнерство в сфере профессионального образования: зарубежный и российский опыт // Журнал Проблемы современной экономики. – № 4 (28)

Кузьмина Н.В. Акмеологическая теория повышения качества подготовки специалистов образования: моногр. / Н.В.Кузьмина. — М.: Исслед. центр проблем качества подготовки специалистов, 2001. — 144 с. .

Каптерев П.Ф. Избранные педагогические сочинения, Москва: Педагогика 1982.-122с.

Леонтьев А.Н. Деятельность.Сознание.Личность.Академия, 2004-145 с.

Маркова А.К. Психология профессионализма. - М., 1996.

Новиков, А.М. Профессиональное образование в России: перспективы развития [Текст] / А.М. Новиков. - М.:ИЦПНПО РАО, 1997. -254 с.

Педагогика профессионального образования / Е.П.Белозерцев, А.Д.Гонеев, А.Г.Пашков и др.; Под ред. В.А.Сластенина. - М.: Академия, 2004. - 368 с.

Подласый И.П. Педагогика.Юрайт: 2013,-234 с.

Ролдугина Л.А. Формирование профессиональной компетентности будущего экономиста-менеджера в процессе производственной практики, дисс… к.п.н., Елец 2007

Сластенин, В.А. Педагогика: инновационная деятельность [Текст] / В.А. Сластенин, Л.С. Подымова. - М.: Магистр, 1997.-221 с.

Тергенбаева Ж.Т., Карашолакова Л.Н. Педагогические основы формирования профессиональной компетентности будущих педагогов// Вестник Карагандинского университета, Серия «Педагогика». № 4(104)/2021

Фильченкова И.Ф. Формирование профессиональной компетентности будущих экономистов в вузе.диссерт. на соиск.к.п.н., Нижний Новгород, 2009- 182с.

Хуторской, А.В. Ключевые компетенции и образователь ные стандарты [Электронный ресурс]/А.В. Хуторской. Режим доступа: www.eidos.ru/news/compet-dis.htm

Юдина, О.В. Формирование профессиональной компе тентности студентов экономического вуза средствами информа ционных технологий [Текст] : дис. ... канд, пед, наук: 13.00.08/ О.В. Юдина. Самара, 2002. - 208 с.

References:

Akparova Zh.M. (2009). Pedagogikalyқ mamandyққa kirispe: oқi құr. / Zh.M.Akparova. — Қaraғandy: Bolashaқ — Baspa RBB, 171 b.

Alekseeva L.P., Shablygina N.S. (1994). Prepodavatelskie kadry: sostoyanie i problemy professionalnoj kompetentnosti. - M.: NIIVO.

Batyshev S.Ya. (1998). Enciklopediya professionalnogo obrazovaniya: v 3 t. / nauch. red. sovet: S.Ya.Batyshev, A.M.Novikov, V. A.Polyakov. – M.: RAO; Associaciya «Professionalnoe obrazovanie», Ch. 1. – S. 76–77.

Voevodina S.A. (2005). Formirovanie professionalnoj kompetenstnosti budushih pedagogov // Vestnik Polockogo gosudartsvennogo universiteta. Seriya Pedagogicheskie nauki. Pedagogika №5.

Ganin E.A. (2004). Sovremennye informacionnye i kommunikacionnye tehnologii kak sredstvo samoobrazovaniya budushih uchitelej: dis.... kand. ped. nauk. Spec. 13.00.01 – «Obshaya pedagogika, istoriya pedagogiki i obrazovaniya» / E.A. Ganin. Chita, 2004. — 175 s.

Garashkina N.V. (2011). Proektirovanie uchebnyh programm v sisteme vuzovskoj podgotovki budushih socialnyh rabotnikov: kompetentnostnyj podhod // Vestnik Tambovskogo universiteta. Seriya Gumanitarnye nauki. Tambov, Vyp. 1 (93). S. 120-124.

Gershunskij, B.S. (1998). Filosofiya obrazovaniya dlya XXI veka / B.S.Gershunskij. – Moskva: Sovershenstvo, 608 s.

Kotenkov A.V. (2009). Socialnoe partnerstvo v sfere professionalnogo obrazovaniya: zarubezhnyj i rossijskij opyt // Zhurnal Problemy sovremennoj ekonomiki. – № 4 (28)

Kuzmina N.V. (2001). Akmeologicheskaya teoriya povysheniya kachestva podgotovki specialistov obrazovaniya: monogr. / N.V. Kuzmina. — M.: Issled. centr problem kachestva podgotovki specialistov,— 144 s. .

Kapterev P.F. (1982). Izbrannye pedagogicheskie sochineniya, Moskva: Pedagogika 1982.-122s.

Leontev A.N. (2004). Deyatelnost.Soznanie.Lichnost.Akademiya, 2004-145 s.

Markova A.K. (1996). Psihologiya professionalizma.

Novikov, A.M. (1997). Professionalnoe obrazovanie v Rossii: perspektivy razvitiya [Tekst] / A.M. Novikov. - M.:ICPNPO PAO, -254 s.

Pedagogika professionalnogo obrazovaniya / E.P.Belozercev, A.D.Goneev, A.G.Pashkov i dr.; Pod red. V.A.Slastenina. - M.: Akademiya, 2004. - 368 s.

Podlasyj I.P. (2013). Pedagogika.Yurajt:234 s.

Roldugina L.A. (2007). Formirovanie professionalnoj kompetentnosti budushego ekonomista-menedzhera v processe proizvodstvennoj praktiki, diss… k.p.n., Elec.

Slastenin, V.A. (1997). Pedagogika: innovacionnaya deyatelnost [Tekst] / V.A. Slastenin, L.S. Podymova. - M.: Magistr, 221 s.

Tergenbaeva, Zh.T., Karasholakova, L.N. (2021). Pedagogicheskie osnovy formirovaniya professionalnoj kompetentnosti budushih pedagogov// Vestnik Karagandinskogo universiteta, Seriya «Pedagogika». № 4(104)/

Filchenkova I.F. (2009). Formirovanie professionalnoj kompetentnosti budushih ekonomistov v vuze.dissert. na soisk.k.p.n., Nizhnij Novgorod, 182s.

Hutorskoj, A.V. Klyuchevye kompetencii i obrazovatel nye standarty [Elektronnyj resurs]/A.V. Hutorskoj. Rezhim dostupa: www.eidos.ru/news/compet-dis.htm

Yudina, O.V. (2002). Formirovanie professionalnoj kompe tentnosti studentov ekonomicheskogo vuza sredstvami informa cionnyh tehnologij [Tekst] : dis. ... kand, ped, nauk: 13.00.08/ O.V. Yudina. Samara, - 208 s.

IRSTI 14.35.07 https://doi.org/10.51889/2959-5762.2026.91.3.022

Rakhmetov T.,[1] Mombek A.,[1] Usenova A.,[2] Umirzakova L.,[3] Morar M.[4]*

[1]Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan
[2]I. Zhansugurov Zhetysu University, Taldykorgan, Kazakhstan
[3]M.Utemisov West Kazakhstan University, Uralsk, Kazakhstan
[4]Alecu Russo State University of Bălți, Bălți, Moldova

READINESS OF BACHELOR'S STUDENTS IN MUSIC EDUCATION FOR VOCAL PERFORMANCE

Abstract

The article presents the results of testing a structural and functional model for developing the readiness of bachelor students of music education for vocal and performance activities (VPA). The relevance of the study is driven by the need to overcome the reproductive approach in the vocal training of future music teachers in accordance with the modern requirements of secondary schools. The purpose of the study is to experimentally verify the effectiveness of the developed structural and functional model for developing the readiness of music education bachelors for VPA. To obtain reliable data, a complex of diagnostic methods was used: questioning, testing (M. Rokeach, K. Zamfir – A. Rean methods), and participant observation according to the system of G. Klaus criteria. The assessment of the dynamics of readiness for VPA was carried out according to criteria (motivational-value, cognitive-operational, personal) correlated with algorithmic, interpretative, and creative levels. The system of indicators included: motivational-value attitude (P1); a set of special knowledge and skills (P2); and professionally significant personal qualities (P3). The results were verified using mathematical statistics methods (Student's t-test, Chi-square). The testing results confirmed the effectiveness of the model: in the experimental group, the share of students at the creative level reached 69,44%, with the total elimination of the algorithmic performance level (0%).

Statistical data processing (t = 6,42; x2 = 24,19) confirms the reliability of qualitative changes in the distribution of VPA readiness levels. The scientific novelty of the work lies in the expansion of methodological ideas about the vocal and performance training of bachelors by justifying and developing a model based on the synergistic interaction of systems, information, and personality-oriented activity approaches, ensuring the conceptual integrity of the process of developing the readiness of future music teachers for VPA.

Keywords: Bachelor of Music education, vocal and performance activities (VPA), structural and functional model, readiness development process, professional training of future music teachers.

Т.Б.Рахметов,[1] Ә.Ә. Момбек,[1] А.К. Усенова,[2] Л.К. Өмірзақова,[3] М.М.Морар[4]*
[1]Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қ., Қазақстан
[2]І. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, Талдықорған қ., Қазақстан
[3]М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті, Орал қ., Қазақстан
[4]Алеку Руссо атындағы Бельц мемлекеттік университеті, Бельц қ., Молдова

МУЗЫКАЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ БАКАЛАВРЛАРЫНЫҢ ВОКАЛДЫҚ-ОРЫНДАУШЫЛЫҚ ІС-ӘРЕКЕТКЕ ДАЙЫНДЫҒЫ

Аңдатпа

Ғалымдардың пікірінше, ғылымда көркемдік білім берудегі интеграция тұтастық көзқарас тұрғысынан қарастырылады. Бұл тұжырымдама кезең ретінде анықталады: біріншіден, өнердің қоршаған өмірмен, табиғатпен, мәдениет тарихымен байланысы, өзара әрекеттесуі, ол корреляция ретінде түсіндіріледі; екіншіден, көркемдік ойлауды дамытудың жүйелілігі, өнерді символ, белгі арқылы білдіру, ол синкретизация ретінде анықталады (Савенкова, 2016).

Бүгінгі таңда интеграция көркемдік білімнің жаңа бағыттарының қалыптасуына алып келуде:

- мультимедиялық өнер (технологиялар мен цифрлық платформалардың дамуымен кескіндеме, бейнелеу, дыбыс және интерактивті элементтерді біріктіретін мультимедиялық жобалар);

- пәнаралық интеграция (көркемдік білім берудің психология, әлеуметтану, философия және STEM (ғылым, технология, инженерия және математика) секілді басқа пәндердің элементтерін қамтуы);

- экологиялық өнер (жаһандық экологиялық мәселелер көркемдік білім беру бағдарламалары экологиялық тақырыптарды зерттеуге мүмкіндік туғыза отырып, тұрақты өнер мен экологияға баса назар аударады);

- мәдениетаралық зерттеулер (әр түрлі елдердің өнері мен мәдениетін, мәдени тәжірибелерімен және дәстүрлермен алмасуға бағытталған бағдарламалар құруға алып келеді);

- шығармашылық кәсіпкерлік (білім беру бағдарламаларының өз бренді мен өнер бизнесін құру және ілгерілету үшін қажетті дағдыларды дамытады);

- сыни өнер (аналитикалық ойлау мен өзін-өзі көрсету қабілетін дамытады, қоғамды, саясатты және мәдениетті сынау құралы ретінде өнерді зерттеу мен тәжірибені қамтиды). Бұл бағыттар көркемдік білім берудің жаңа тәсілдері мен әдістемелерін қалыптастырады. Виртуалды және цифрлық өнер заманауи шығармашылықтың ең қарқынды дамып келе жатқан түрлерінің бірі. Компьютерлік технологиялардың көмегімен өнер үдерісінің бір бөлігі болуға мүмкіндік беретін интерактивті және иммерсивті туындылар жасалады. Мұндай өнердің мысалдарына виртуалды галереялар мен көрмелер жатады, мұнда пайдаланушылар үш өлшемді кеңістіктерді зерттей алады, объектілермен өзара әрекеттесе алады, тіпті өз туындыларын жасай алады.

Көркемдік білім беру пәндерін арт-зерттеулерге интеграциялаудың мәні өнерді және оның қоғамдағы рөлін неғұрлым терең түсіну үшін әртүрлі пәндер мен тәсілдерді біріктірумен сипатталады. Бұл бағыт бірнеше негізгі аспектілерді қамтиды:

- пәнаралық интеграция өнер тарихы, психология, әлеуметтану, философия, мәдениеттану және басқа ғылым салаларындағы білімді біріктіруге мүмкіндік береді. Бұл көркем шығарманы және оның контекстін толық қабылдауға ықпал етеді;

- арт-зерттеулерде әртүрлі әдістер мен тәсілдерді қолдану өнер туындыларын талдау мен түсіндірудің жаңа әдіснамасын табуға мүмкіндік береді. Бұл сандық талдау және деректерді визуализациялау сияқты дәстүрлі әдістерді де, заманауи технологияларды да қамтуы мүмкін;

- әртүрлі пәндерді біріктіру сыни ойлау дағдыларын қалыптастыруға ықпал етеді, бұл оларға көркем шығармаларды және олардың қоғамға әсерін тереңірек талдауға және бағалауға мүмкіндік береді;

- мәдениетаралық зерттеулер көркемдік білім беру пәндерінің интеграциясымен әр түрлі мәдениеттер мен дәстүрлер аясында өнерді зерттеуге мүмкіндік береді, бұл әр түрлі көркемдік тәжірибелер мен олардың өзара әсерін толық түсінуге ықпалын тигізеді;

- практикалық қолдану теориялық білімді практикалық дағдылармен біріктіруге, пәнаралық зерттеулер мен тәсілдерге негізделуі мүмкін көркемдік жобаларды жасауға көмектеседі;

- пәндерді біріктіру жобалық оқыту, бірлескен зерттеулер оқытудың жаңа форматтарын енгізуге ықпал етеді, бұл білім берудегі инновацияға негізделеді.

Интеграциялық оқыту жағдайында мектеп немесе жоғары оқу орны дамушы жүйеге айналуы мүмкін. Интегративтік тұғыр білім беруді дамытудың жетекші бағыттарының бірі ретінде бір циклдағы оқу пәндерінің оқу бағдарламаларын үйлестіруді, болашақ педагогтердің кәсіби маңызды құзыреттіліктері мен жеке сапа-қасиеттерін қалыптастыру мақсатында оларды біріктіруді көздейді.

Интеграцияның негізін қоршаған шынайылықты зерттеудің жалпы идеялары, құралдары, әдістері, әртүрлі мәдениеттердің жақындасуы, әртүрлі іс-әрекеттердің құрылымдарының, объектілердің белгілері мен қасиеттерінің ортақтығы анықтай алады.

Сондықтан зерттеуіміздің болашақ көркем білім мұғалімдерінің кәсіби дайындығына қолайлы жағдай жасау үшін сан алуан өнер түрлерін жүйелі интеграциялау мәселесі өзекті. Бұл бейнелі және сыни ойлау дағдыларын, кез-келген нақты шығармашылық мәселені шешуде әртүрлі салалардағы білімдерін ұтымды қолдана білуді дамытумен тығыз байланысты.

Материалдар мен әдістер. Арт-зерттеуде көркемдік білім беру пәндерін интеграциялаудың мәнін ашып көрсетуде зерттеу мәселесінің әдіснамалық негізін құрайтын келесі әдістер қолданылады:

- салыстырмалы талдау – бұл оқшауланған тұтастық компоненттерінің ұқсастығын немесе айырмашылығын сипаттайтын белгілерді анықтау;

- формальды-стилистикалық талдау – бұл «стиль» ұғымын құрайтын белгілердің жиынтығына қатысты кейбір тұтастық компоненттерінің ұқсастығын сипаттайтын белгілерді анықтау;

- иконологиялық тәсіл – бұл өнерді зерттеудің шығармашылық әдісі және кескіннің көркемдік мағынасын, белгілі бір тарихи өнер түрі, бағыты, ағымы, стилі контекстіндегі көркемдік формалардың маңыздылығын ашатын білім саласы, белгілі бір контекстке енгізілген тұтастық туралы білімді анықтау;

- интегративтік тәсіл – бұл білім жүйесін креативті деңгейде қалыптастыруға ықпал ететін оқу-педагогикалық және оқу-шығармашылық іс-әрекеттерді бірыңғай жүйеге біріктіреді, кәсіби даярлаудағы интегративтіліктің негізгі белгілерінің бірі оқыту жүйесінің тұтастығы, оның нәтижесінде жаңа кәсіби міндеттерді шешуге мүмкіндік беретін білім, білік және дағдылардың жүйелілігі қамтамасыз етіледі.

Біздің зерттеуімізде кескіндеме және сурет пәндерін арт-зерттеуде интеграциялаудың мәніне басты назар аударылады. Ол келесідей көрініс табуы мүмкін:

- кескіндеме пәнінде кескіндеменің әртүрлі әдістерін, материалдарын, стильдері мен жанрларын меңгерту, сонымен қатар кескіндеме тарихын және оның мәдениетпен байланысын зерттеу маңызды болып табылады;

- сурет пәні негізінен графикалық бейнелеу дағдыларын дамыту, композиция негіздерін, түсті зерттеу мәселесін қамтиды, сондай-ақ қоршаған әлемді зерттеу және өз идеяларын білдіру құралы ретінде пайдаланылады;

- өзара байланыс кескіндеме мен суреттің бір-бірімен тығыз байланысын қамтамасыз етеді, сурет салу көбінесе кескіндеме жұмыстарының негізі, сурет салу заңдылықтарын зерттеу кескіндеме композицияларын терең түсінуге көмектеседі;

- басқа өнер түрлерімен интеграциялау кескіндеме мен суретті музыкамен, бимен, театрмен, әдебиетпен байланыста зерттеу көркем білімнің жаңа формаларын жасауға мүмкіндік береді. Бұл өнерді терең әрі жан-жақты түсіну үшін көркем шығармашылықтың әртүрлі аспектілерін біріктіруді қамтиды.

Нәтижелер. Арт-зерттеуде көркемдік білім беру пәндерін интеграциялаудың мәні ашу болашақ педагогтердің жалпы педагогикалық дайындық үдерісіне арт-педагогикалық тәсілді енгізу міндеттерін шешудің кезеңдерінде жүзеге асырылады:

- мотивациялық кезең белсенді өзін-өзі көрсетуге және жұмыстың жаңа формаларын түсінуге мотивация арт-педагогикалық тәсіл идеяларын қабылдауға дайындығын көрсетеді. Оқытудың жаңа пәнін түсінуде сыртқы факторлар да маңызды рөл атқарады: аудиторияны, шығармашылық ортаны, қолайлы педагогикалық атмосфераны (достық, теңдік, ашықтық, қарым-қатынасқа бейімділік) көрнекі жағымды ортаны құру;

– танымдық кезең қабылдау, зейін, ойлау, сөйлеу үдерістерімен байланысты. Пәннің мазмұнын пәнаралық байланыстармен, шығармашылық қызметтің сан алуан түрлерімен (өнер түрлерінен білім, шығармашылық материалдармен жұмыс істеу әдістері, әдебиет туындылары, тарихи фактілер және т.б.) қанықтыруды көздейді;

- коммуникативтік кезеңде қарым-қатынас, өзін-өзі көрсету дағдылары негізінен арт-педагогиканың формалары мен әдістерін қолдану арқылы дамиды;

- рефлексивтік кезең шығармашылық өзін-өзі көрсету, өзін-өзі реттеу, мінез-құлықтың жеке стилін дамыту және қарым-қатынас жасау тәсілдерін көрсетудегі дербестігін дамытуды көздейді.

Осы аталған барлық кезеңдер оқу іс-әрекетінің түрінде (оқу-кәсіптік, практикалық, әлеуметтік-мәдени, ғылыми, өзіндік жұмыс) интеграциялау арқылы жүзеге асырылуы мүмкін.

Оқыту жүйесінде оқу материалының интегративті мазмұнын ұсынудың нақты түрлері бөліп көрсетіледі:

- пәнішілік интеграция – жеке пәндегі дағдыларды, ұғымдарды, білімді және ұқсас үдерістерді интеграциялау;
- пәнаралық интеграция – кем дегенде екі түрлі пәндерде ұғымдарды, білімді және т.б. қалыптастыру;
- транспәндік интеграция – жеке пәндерден тыс және бүкіл оқу бағдарламасына енетін жаңа білім беру салаларын немесе ұғымдарды құру, әртүрлі оқу пәндерінің негізгі және қосымша мазмұнының компоненттерін қалыптастыру;
- мультипәндік интеграция – жалпы тақырыпты, мәселені немесе құбылысты зерттеу үшін әртүрлі пәндерден білім мен дағдыларды біріктіру, интеграция жеке тақырыптар, ұғымдар немесе мәселелер деңгейінде жүреді. Оның ішінде, белгілі бір оқу пәні ішіндегі білім мен ұғымдарды жүйелеумен сипатталады, яғни әртүрлі бөлек фактілерден әлемнің біртұтас және нақтыланған бейнесіне біркелкі ауыстыру. Сондықтан, пәнішілік интеграция материалды блоктарға біріктіруге бағытталған, бұл оқу пәнінің құрылымы мен мазмұнының өзгеруіне алып келеді. Нәтижесінде, оқу үдерісінің интеграциялық мазмұны ойлау қабілетін категориялармен қалыптастыруға бағытталған материалмен ұсынылған, бұл қазіргі білім беру кеңістігінде ақпарат ағынына бейімделу үшін қажет.

Арт-зерттеуде көркемдік білім беру пәндерін интеграциялаудың мәнін зерттеуде студенттердің екі тобын салыстыру арқылы эксперимент жүргізілді: бір топ (БТ-бақылау тобы) дәстүрлі түрде оқытылады, екінші топ (ЭТ-эксперименттік топ) өнердің әртүрлі салаларындағы өзара байланысты интеграцияланған тәсілді қолданады. Зерттеу нәтижелерін материалды меңгеру деңгейі, шығармашылық қабілеті, сыни ойлау және эмоционалдық қабылдау, рефлексиясы арқылы бағалауға болады.

Сауаланамаға «6В01404 – Бейнелеу өнері және көркем еңбек» білім беру бағдарламасы бойынша жалпы саны N=40 студент қатыстырылды. Оның ішінде, эксперименттік топтағы 22 студент Ө.Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университетінен, бақылау тобындағы 18 студент Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінен қатысты.

Зерттеу барысында арт-зерттеуде көркемдік білім беру пәндерін интеграциялаудың мәнін ашу анықтау мақсатында студенттердің интеграция, интеграцияның түрлері жөніндегі түсініктерінің бастапқы деңгейін анықтау үшін сауалнама жүргізілді. Сауалнама нәтижелері ұсынылады (1-кесте және 1-сурет).

Кесте 1 – Интеграцияның түрлері жөніндегі түсініктерінің деңгейі

Интеграцияның түрлері	Сауаланама нәтижесі, %	
	Бақылау тобы (БТ)	Эксперименттік топ (ЭТ)
Пәнішілік интеграция	32	36
Пәнаралық интеграция	28	32
Транспәндік интеграция	20	16
Мультипәндік интеграция	20	16

1-кестедегі сауалнама мәліметтері эксперименттік топта студенттердің интеграция және оның түрлері жөніндегі түсініктерінің деңгейі бақылау тобымен салыстырғанда жоғары екені байқалады. Мысалы:


- пәнішілік интеграция туралы түсінік деңгейі бақылау тобында бақылау тобында 32%, ал эксперименттік топта 36%, яғни екі топтың да студенттері бұл ұғымның мазмұнын жеке пәндегі дағдыларды, ұғымдарды, білімді және ұқсас үдерістерді интеграциялау деп түсінетінін білдіреді;
- пәнаралық интеграция жөніндегі түсінік деңгейі бақылау тобында 28% болса, ал эксперимент тобында 32% құрайды, студенттер пәнаралық интеграция екі пәнннің байланысы деп есептейтінін білдіреді, көбінесе, ол әр түрлі пәндердегі ұғымдар мазмұнымен байланыстырады;

- транспәндік интеграция және мультипәндік интеграция жөніндегі түсініктері бақылау тобында 20 %, эксперименттік топта 16% құрайды, екі топтың да студенттері бұл ұғымдарды бірдей деп есептейді, сондықтан екі интеграция туралы түсініктері бірдей десе болады. .

Сондықтан студенттерге мультипәндік интеграция объектілердің «көлденең» байланысы, ал транспәндік интеграция білім мен ойлаудың терең, іргелі деңгейлеріне әсер ететін «тік» байланысы екендігі туралы түсіндіріліп, айырмашылықтарына назар аударылды.

Бұл арт-зерттеуде көркемдік білім беру пәндерін интеграциялаудың мәнін анықтауда транс- және мульти-интеграция түрлері бойынша жүргізілетін алдағы уақытта жұмыстардың перспективасын көрсетеді.

Арт-зерттеулерде көркем білім беру пәндерін интеграциялауда интеграцияның түрлері жөніндегі білімдері бойынша сауалнама нәтижелері диаграммада көрсетіледі (1-сурет).



Сурет 1 – Арт-зерттеулерде көркем білім беру пәндерін интеграциялауда интеграция түрлері бойынша сауалнама нәтижелерінің салыстырмалы диаграммасы


Сонымен бірге зерттеу барысында арт-зерттеуде көркемдік білім беру пәндерін интеграциялаудың мәні ашу анықтау мақсатында студенттердің арт-зерттеу ұғымы, оның мәні мен ерекшелігі, мүмкіндіктері, арт-зерттеуде көркемдік білім беру пәндерін интеграциялаудың практикалық маңыздылығы, сонымен бірге арт-форма түсінігі жөніндегі білімдерінің деңгейіне де назар аударылды.

Құрастырылған сауалнама сұрақтарына берген жауаптарының нәтижесіне жасалған талдау 2-кесте мен 2-суретте ұсынылады.

Кесте 2 – Арт-зерттеу ұғымы, мүмкіндіктері және практикалық маңыздылығы

Сұрақтар мазмұны	Сауаланама нәтижесі, %	
	Бақылау тобы (БТ)	Эксперименттік топ (ЭТ)
Арт-зерттеу ұғымы	27	29
Арт-форма түсінігі	23	26
Арт-зерттеудің мүмкіндіктері	24	22
Арт-зерттеуде көркемдік білім беру пәндерін интеграциялаудың практикалық маңыздылығы	26	23

Құрастырылған сауалнамалар нәтижелеріне талдау жасайтын болсақ, студенттер жауаптары келесідей көрсеткіштерді береді: арт-зерттеу ұғымы 27% (бақылау тобы), 29% (эксперименттік топ), арт-форма 23% (БТ), 26% (ЭТ), арт-зерттеудің мүмкіндіктері 24% (АТФ), 22% (МГФ), арт-зерттеуде көркемдік білім беру пәндерін интеграциялаудың практикалық маңыздылығы 26% (АТФ), 23% (МГФ) диаграммалар арқылы көрсетіледі (2-сурет).



Сурет 2 – Арт-зерттеулерде көркем білім беру пәндерін интеграциялауда арт-зерттеудің мүмкіндіктері мен практикалық маңыздылығы бойынша сауалнама нәтижелерінің салыстырмалы диаграммасы

Сонымен, арт-зерттеулерде көркемдік білім беру пәндерін интеграциялау өнерге байланысты әртүрлі пәндерді бірегей, біртұтас оқыту жүйесіне біріктіруді көздейді. Бұл жеке білім мен дағдыларды меңгеріп қана қоймай, сан алуан өнер түрлерінің өзара байланысын түсініп, оларды шығармашылық қызметінде қолдана алуға мүмкіндік береді.

Талқылау. Көркем білім беру саласындағы интеграциялық үдерістердің мазмұндық және тұлғалық-іс-әрекеттік бағыттары маңызға ие. Мазмұндық бағытта мультипәндік интеграция үш немесе одан да көп пәндердің мазмұнын біріктіреді. Мысалы, меңгеру үдерісінде бейнелеу қызметі теориясының ең көп таралған компоненттеріне: композиция, сурет, колористика, орындау техникасы, пропорция, перспектива жатқызылады. Бұл ұғымдардың (композиция, сурет, колористика, орындау техникасы, пропорционалдылық, перспектива) мазмұны оқу сатысына қарамастан, әр түрлі оқу пәндерін меңгеру үшін түрлі дәрежеде зерттеледі.

Арт-зерттеу (арт-негізделген зерттеулер, arts — based research) зерттеу контекстінде шығармашылық пен өнерді қолдануға негізделген пәнаралық білім саласы. Бұл таным тәсілі ретінде өнер формасын (art-making) құруды талап етеді. Өнер формалары, яғни арт-форма кез-келген өнер түрі деп түсіндіріледі, мысалы: әдеби (эссе, қысқа әңгімелер, новеллалар, эксперименттік жазу, поэзия және т.б.), орындаушылық (музыка, дауыс, ән айту, би, шығармашылық қозғалыс, театр), визуалды (фотография, сурет, кескіндеме, коллаж, инсталляциялар, мүсіндер) және т.б.

«Көркем зерттеу» (artistic research) ұғымы алғаш рет 1990 жылдары еуропалық пікірталастарда пайда болды. Алдымен әкімшілік құжаттарда, содан кейін ғылыми және көркем дискурстарда. Осы салалардың әрқайсысында мағыналық мәндік екпінімен ерекшеленетін осы тұжырымдаманы анықтаудың әр түрлі тәсілдері дәйекті түрде анықталуда. Суретшінің көзқарасы бойынша, artistic research – бұл, ең алдымен, білімнің жаңа, шығармашылық әдісі. Білім беру сарапшысының көзқарасы бойынша әлеуметтік маңызы бар мәселелерді шешудің балама әдісі. Зерттеушінің көзқарасы бойынша жаңа білімді ашу тәсілі. Барлық үш көзқарасты ескере отырып, анықтамаға біршама жалпыланған тәсілді келесідей ұсынуға болады: көркемдік зерттеу – бұл өнерге негізделген зерттеу іс-әрекетінің нәтижесін анықтауды, зерттеуді және көпшілік алдында ұсынуды көздейтін процессуалдық, көркемдік тәжірибе (Венкова және т.б., 2021).

Д.Клейннің пікірінше, «көркемдік тәжірибеге негізделген зерттеу әдісі өнер жанрлары мен академиялық пәндер шеңберінің шекараларын ашудан туындайды. Artistic research зерттеу нысаны да, әдісі де, зерттеу әдістемесід бір уақытта құрылады» (Klein, J., 2017)

М. Ханнуланың пікірінше, Artistic research әдіснамасы көптүрлі және толерантты деп анықтады: «тәжірибе демократиясы мен әдіснамалық әртүрліліктің екі метафорасының мақсаты – көркемдік зерттеудің ықтимал бастапқы нүктесін көрсету» (Hannula M., 2005)

Сондықтан арт-зерттеудің кейбір бағыттары мен түрлеріне тоқталуға болады:

- көрнекі немесе визуалды құжаттарды құру және талқылау арқылы тұлғалық және әлеуметтік-мәдени мағыналарды зерттеу, мысалы: халықтың мәдени мұрасы мен белгілі бір субмәдениет контекстінде жасалған бейнелердің жеке және әлеуметтік-мәдени мағыналарын зерттеу;

- бейнелеу іс-әрекетін талдау негізіндегі диагностикалау тақырыптық тесттер, еркін тақырыптағы суреттер, стихиялық суреттер және басқа сурет салу әдістері автордың жеке ерекшеліктерімен, оның эмоционалды күйлерімен анықталады. Бейнені құру үдерісін зерттеу бейнелеу іс-әрекеті, ол адам немесе топ туралы маңызды ақпарат көзі ретінде қарастырылады, мысалы, сурет отбасы немесе ұжым арқылы жасалады.

Демек, арт-зерттеу көркемдік объектіні қалыптастырудың құралы, шығармашылық пен өнерді танымдық зерттеу ретінде қолданатын пәнаралық тәсіл, соның ішінде шынайылықтың әртүрлі аспектілерін зерттеу үшін арт-формаларды құрастыруға мүмкіндік береді. Интеграциялық үдерістер өнерді жаһандық және қол жетімді етеді. Цифрлық технологиялар (жасанды интеллект, виртуалды және толықтырылған шындық) арт-объектілерді жасаумен қатар мәдени мұраны зерттеу, сақтау, түсіндіру және бейнелеу мәселелерін шешеді, атап айтқанда, өнер саласына заманауи шешімдер мен мүмкіндіктерді енгізу

Интеграция – бұл тұтастық туралы түсінік, әлем туралы біртұтас білім, осы әлемдегі барлық нәрсенің байланысы. Бұл тұтастықтың негізі жүйеге біріктірілген әдістер кешені, олар белгілі бір реттілікпен бір-бірімен байланысады. Интеграция үдерісінде әртүрлі компоненттерді қосу бастапқы компоненттердің жаңа қасиеттерге ие болуымен сапалы түрде ерекшеленеді, мұнда компоненттер сапасының қарапайым механикалық қосындысы емес қасиеттерді ғана интегративті деп санауға болатындығын атап өтеді (Гершунский, 2003).

Бірқатар ғалымдардың (М.Н.Берулава, В.С.Безрукова, И.П. Яковлев және т.б.) пікірінше, интеграция сыртқы және ішкі факторлардың біртіндеп педагогикалық ойдың дамуының жетекші заңдылықтарының біріне айналатынын көрсетеді. Сондықтан интеграцияның мақсаты мен міндеттеріне байланысты типтері мен түрлерінің, деңгейлері мен бағыттарының өзгергіштігі бар күрделі үдеріс ретінде қарастырылады (Берулава және т.б., 2003).

Білім мазмұнын интеграциялауда ғылыми таным қызметінің әдістері мен түрлерін синтездеу маңызды. Интеграция білім мазмұнының негізгі үш компонентінде, атап айтқанда, пәнаралық байланыс әсерімен сапа жағынан өзгертетін білім жүйесінде; пәнаралық байланыс жүзеге асыратын оқу-танымдылық қызметте ерекше қасиетке ие болатын дағдылар жүйесінде; әртүрлі пәндер білімдерін синтездеу процесінде қалыптасатын оқу-танымдық қатынастар жүйесінде көрініс табады. Білім беруде әлемнің интегративті ғылыми бейнесі үш қызмет атқарады: дүниетанымдық, ғылым танымның ажыратылмайтын бөлігі ретінде қарастырылады; әдіснамалық, барлық теорияларды қосу арқылы білім мазмұнында білімді жүйелейді; психологиялық, ойлаудың қазіргі, жүйелі, диалектикалық типтерін қалыптастырады (Шолпанқұлова және т.б., 2020).

Сонымен интеграция бұл үдеріс, өзарабайланыс нәтижесі тұлғаның интеллектуалдық, мотивациялық және мінез-құлық сферасын олардың диалектикалық бірлігінде өсіру және байыту. Тәжірибе көрсеткендей, интеграция бүгінгі ғылым мен қоғамдағы өтіп жатқан интегративті үдерістердің нақты көрінісі болып табылады.

Жоғарыда айтылғандарды қорытындылай келе, интеграциялық оқытуды ұйымдастырудың жалпы құрылымын, ақпаратты қабылдау, түсіну және жете ұғыну үдерісіне арнайы дайындығын (ғылым тұрғысынан, мәдениеттің даму тарихы, әртүрлі өнердің ерекшеліктері, қоршаған табиғат) қайта қарастыруға ықпал етеді.

Арт-педагогикалық тәсілдің шығармашылық технологиясы, арт-педагогикалық тәсіл кешенді технологиялары оқу үдерісіне қойылатын талаптарды біріктіреді. Мысалы, табиғи сәйкестілік, ұйымдастыру және басқару тиімділігі, оқу материалын жетілдіру, ізгілендіру, белсенділікті арттыру. Бұл «өнер түрлерінің педагогикалық әлеуетін пайдаланудың заңдылықтары, қағидалары мен тетіктері туралы заманауи гуманитарлық білімнің интегративті саласы, тәрбиелеу, оқыту және дамыту міндеттерін кәсіби-педагогикалық тұрғыдан оңтайлы шешу мақсатында жеке тұлғаның көркемдік белсенділігінің формалары (Таранова, 2012).

Сонымен арт-зерттеу өнер мен ғылымды біріктіреді, ол өнерді иллюстрация немесе ғылыми зерттеулерге қосымша ретінде ғана емес, оны білім алудың дербес тәсілі ретінде қарастырады. Арт-зерттеулердің мақсаты көркем бейнелер мен тәжірибелер арқылы білім алу, мысалы: көрнекі визуалды өнімдерді (суреттер, мүсіндер, фотосуреттер, бейнежазбалар) талдау. Арт-зерттеу дәстүрлі ғылыми талдауға қиын, соның ішінде эмоционалдық, мәдени немесе әлеуметтік мәселелерді зерттеу үшін де пайдалы болуы мүмкін. Мысалы, суретшінің эмоционалды жағдайына байланысты түс схемасын өзгертетін картиналар сериясын жасау арқылы түстің көңіл-күйге әсерін зерттейтін жобаны атап кетуге болады. Арт-зерттеулер арт-объектілерді құруды көздейді, атап айтқанда, кескіндеме, мүсін, инсталляция, мәтіндер және т.б. болуы мүмкін өнер туындылары жасалады. Арт-зерттеулер тақырыбы кең, сан алуан түрлі. Мысалы: «Сандық әңгімелер» мен өмірбаяндарды, тақырыптық фотоальбомдарды құру – бұл «Мен» бейнесін қолдауға және қайта құруға, жақындарының және қоғамның көзқарасын өзгертуге көмектеседі (Сухарев және т.б., 2010).

Арт зерттеуде өнер нысандарымен бірге осы нысандардың мағынасын, сондай-ақ олардың аудиторияға әсерін көрсетудегі рефлексияның рөлі де қарастырылады. Автордың еңбегі ғылыми зерттеулердегі өнердің қысқаша тарихынан басталады, әрі қарай artsbase зерттеулерінің философиялық негіздерін, әртүрлі зерттеу жобаларын, материалдарды дайындауды, этикалық ойларды, деректерді жинауды, талдауды және есеп беруді терең түсінуді қамтамасыз етеді. Білім беру зерттеушілеріне арналған өнерге негізделген зерттеу әдістері өнерді жаңа идеяларды тудыру және білім беру зерттеулеріне қатысушылардың мүмкіндіктерін кеңейту үшін пайдалануды мақсат етеді. Өз жобаларында өнерге негізделген зерттеулер жүргізуге мүмкіндік береді (Tian, 2023).

Сондықтан, арт-зерттеудің келесі ерекшеліктері бөліп көрсетіледі:

- арт-зерттеу жаңа идеяларды, бейнелер мен әдістерді белсенді іздеуді, сондай-ақ өнер мен мәдениеттің әртүрлі аспектілерін зерттеуді қамтиды;
- арт-зерттеу өз ойларын, сезімдерін, тәжірибелері мен идеяларын білдіруге, өнер арқылы басқа адамдармен қарым-қатынас жасауға, коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыруға мүмкіндік береді;
- арт-зерттеу өнер туындыларын сыни тұрғыдан түсінуді, сондай-ақ көркемдік құбылыстарды талдау және бағалау қабілетін дамытуды қамтиды.

Қорытынды. Сонымен арт-зерттеуде көркемдік білім беру пәндерін интеграциялаудың мәні ашып көрсетіледі. Тұтастай алғанда, арт-зерттеу әлемді танудың, шындықты түсіндірудің және өнер объективі арқылы интеграциялық білімді қалыптастырудың жаңа мүмкіндіктерін ұсынады.

Арт-зерттеуде көркемдік білім беру пәндерін интеграциялаудың мәнін айқындау болашақ педагогтерді кәсіби даярлаудың мазмұндық-мәндік басымдықтарын бөліп көрсетуге мүмкіндік береді:

- тұлғаға бағдарланған, гуманитарлық кәсіби көзқарастарын қалыптастыру;
- әлемнің көптүрлілігі мен педагогикалық шынайылықты тұтас қабылдаудың қажеттілігін түсіну;
- кәсіби-тұлғалық өзін-өзі анықтауын дамыту;
- құбылыстардың мәнін түсіну арқылы педагогикалық теория мен практиканың байланысын түсіну;
- кәсіби маңызды жалпыпедагогикалық дағдыларды дамыту;
- гуманитарлық педагогикалық өзара әрекеттесу тәжірибесін меңгерту;
- арт-педагогикалық іс-әрекет негіздерін игеру.

Сондықтан бұл басымдықтардың арт-педагогикалық іс-әрекеттің келесі қағидаттары негізінде жүзеге асырылатынын ескеру қажет:

- педагогикалық және көркемдік білім беру әлеуетін интеграциялау;
- педагогикалық мазмұнды көркемдік-бейнені сипаттау;
- өнер құралдарымен өзін-өзі көрсетудің стихиялылығын түсіндіру;

- білім беру үдерісінде қатысушылардың шығармашылық бірлігін қамтамасыз ету;
- арт-педагогикалық өзара әрекеттестік шеңберінде көркем өнімді жасауда еркіндігін қалыптастыру;
- кәсіби арт-педагогикалық дискурсқа тарту және әрекет ету.

Болашақ педагогтерді, біздің зерттеу жағдайымызда болашақ көркем білім беру мұғалімдерін кәсіби даярлау үдерісін жүйе деп атауға болады, өйткені, білім беру бағдарламасы бойынша кәсіби даярлау үдерісінің барлық компоненттері (оқу курстары, бағдарламалар, элективті пәндер, практикумдар және т.б.) өзара байланысты және негізгі міндетке сәйкес біріктіріліп, басқарылады.

Осыған сүйене отырып, білім берудегі интеграцияны күрделі құрылымдық педагогикалық үдеріс деп айтуға болады, ол келесі ерекшеліктерге бағытталған:

- кез келген құбылыстарды әртүрлі ұстанымда қарауға үйрету;
- белгілі бір шығармашылық мәселені шешуде әртүрлі салалардан білімді қолдану дағдыларын дамыту;
- шығармашылық зерттеулерді өз бетінше жүргізу қабілетін қалыптастыру;
- кез-келген шығармашылықта өзін белсенді түрде көрсетуге деген ұмтылысын дамыту.

Сондықтан арт-зерттеуде көркемдік білім беру пәндерін интеграциялау мәселесін қарастыру барысында көркемдік білім беру пәндерінің ішінде кескіндеме мен сурет интеграциясының мәні келесі тұрғыдан сипатталады:

- пәнаралық интергация тәсілі кескіндеме, сурет және басқа өнер түрлерін тарихпен, философиямен, әдебиетпен, ғылыммен және басқа пәндермен байланыстыра отырып, жеке пәндер шеңберінен тыс мәселені қамтиды;
- теория мен практиканың байланысын қамтамасыз ету теориялық білімді меңгеруде (мысалы, кескіндеме тарихы, перспектива заңдары) практикалық жұмыстарды жандандырады, практикалық тәжірибе өз кезегінде теориялық түсінікпен байытылады;
- шығармашылық ойлауды дамытуда нтеграция әлемге біртұтас көзқарасты қалыптастыруға, әртүрлі құбылыстар арасындағы байланысты табуға және мәселелерді шешуге шығармашылық көзқарасты қолдануға ықпал етеді;
- арт-зерттеу таным әдісі ретінде қарастыралады, интеграцияға негізделген арт-зерттеу өнер туындыларын жасаудың ғана емес, сонымен қатар шындықтың, өзін-өзі көрсетудің және қарым-қатынастың әртүрлі аспектілерін зерттеудің тәсілі болып табылады.

Сонымен арт-зерттеуде көркемдік білім беру пәндерін интеграциялаудың практикалық маңыздылығы болашақ көркем білім беру мұғалімдерін даярлау тәжірибесінде жоғары оқу орнының нақты кеңістігі жағдайында креативті ізденіс үдерісіне тартуға; көркемдік кеңістікті құруға; нақты кеңістіктегі жұмыстың жобалық формаларына, оның ішінде көркем мәдениет тарихы, құндылықтар, көркемдік ұлттық тақырыптарға негізделген жобаларға тартуға мүмкіндік береді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

Бейсенбаева А.А., & Мендигалиева Г.К. (1999). Теоретические основы интеграции науки и практики в инновационных типах школ. Алматы. РИПК СО.

Данилюк А. Я. (2004). Теория интеграции образования. – Ростов-на-Дону. РГПУ.

Савенкова, Л. Г., & Курбатова, Н. В. (2016). Интеграция — важнейшее педагогическое условие подготовки современного учителя искусства. Гуманитарное пространство: Международный альманах, 5(3), 398–409.

Венкова А.В., & Максимова К.С. (2021).Технологии «Artistic Research» как новая форма художественного высказывания. Международный журнал исследований культуры. 42(1), 109-121. https://doi.org/10.52173/2079-1100_2021_1_109

Klein J. (2017). What is artistic research? Journal for Artistic Research. Retrieved December 24, 2020. from https://www.jar-online.net/what-artistic-research (accessed: 23.11.2020)

Hannula, M., Suoranta, J., & Vadén T. (2005). Artistic Research – Theories, Methods and Practices. Academy of Fine Arts, University of Gothenburg.

Гершунский Б.С. (2003). Образовательно-педагогическая прогностика: Теория, методология, практика. Москва. Наука.

Берулава М.Н. (1998). Интеграция содержания образования. Москва. Совершенство.

Шолпанқұлова Г.К., & Колумбаева Ш.Ж., Махметова Б.Т. (2020). Пәнаралық интеграция негізінде болашақ педагогтардың цифрлық дағдыларын дамыту// Абай атындағы ҚазҰПУ-ң ХАБАРШЫСЫ «Педагогика ғылымдары» сериясы. 68(4), 95-102. https://doi.org/10.51889/2020-4.1728-5496.13

Таранова Е.В. (2012). Анализ термина «артпедагогика» в понятийном поле педагогических и арт-терапевтических категорий // Педагогика и психология. 2(1), 8-12.

Сухарев А.И., Сухарева А.П., & Криса В.Б. (2010). Интеграция как средство реализации системы непрерывного художественного образования// Культурология. Искусствоведение. Омский Научный Вестник. №3(88).247-250.https://cyberleninka.ru/article/ ..obrazovaniya/viewer

Tian M. (2023). Arts-based research methods for educational researchers. New York: Routledge, P.96. https://doi.org/10.4324/9781003196105

References:

Beisenbaeva, A.A., & Mendigalieva, G. K. (1999). Teoreticheskie osnovy integratsii nauki i praktiki v innovatsionnyh tipah shkol [Ғылым мен практиканы инновациялық мектеп түрлерінде интеграциялаудың теориялық негіздері]. RIPK SO.

Danilyuk, A.Ya. (2004). Teoriya integratsii obrazovaniya [Білім беруді интеграциялау теориясы]. RGPU.

Savenkova, L.G., & Kurbatova, N.V. (2016). Integratsiya — vazhneyshee pedagogicheskoe uslovie podgotovki sovremennogo uchitelya iskusstva [Интеграция — қазіргі заманғы өнер мұғалімін даярлаудың маңызды педагогикалық шарты]. Gumanitarnoe prostranstvo: Mezhdunarodnyy al'manakh, 5(3), 398–409.

Venkova, A.V., & Maksimova, K. S. (2021). Tekhnologii «Artistic Research» kak novaya forma khudozhestvennogo vyskazyvaniya [«Artistic Research» технологиялары көркем ойлаудың жаңа түрі ретінде]. Mezhdunarodnyy zhurnal issledovaniy kul'tury, 42(1), 109–121. https://doi.org/10.52173/2079-1100_2021_1_109

Klein, J. (2017). What is artistic research? Journal for Artistic Research. https://www.jar-online.net/what-artistic-research

Hannula, M., Suoranta, J., & Vadén, T. (2005). Artistic research: Theories, methods and practices. Academy of Fine Arts, University of Gothenburg.

Gershunsky, B.S. (2003). Obrazovatel'no-pedagogicheskaya prognostika: Teoriya, metodologiya, praktika [Білім беру-педагогикалық болжау: теория, әдіснама, практика]. Nauka.

Berulava, M.N. (1998). Integratsiya soderzhaniya obrazovaniya [Білім мазмұнын интеграциялау]. Sovershenstvo.

Sholpankulova, G.K., Kolumbaeva, Sh. Zh., & Makhmetova, B. T. (2020). Pänaralyq integraciä negizinde bolaşaq pedagogtardyñ cifrlyq dağdylaryn damytw [Пәнаралық интеграция негізінде болашақ педагогтардың цифрлық дағдыларын дамыту]. Abai atyndağy QazUPU Habarşysy. «Pedagogika ğylymdary» seriyasy, 68(4), 95–102. https://doi.org/10.51889/2020-4.1728-5496.13

Taranova, E.V. (2012). Analiz termina «artpedagogika» v ponyatiynom pole pedagogicheskikh i art-terapevticheskikh kategoriy [«Артпедагогика» терминін педагогикалық және арт-терапевтік ұғымдар аясында талдау]. Pedagogika i psikhologiya, 2(1), 8–12.

Sukharev, A. I., Sukhareva, A. P., & Krisa, V. B. (2010). Integratsiya kak sredstvo realizatsii sistemy nepreryvnogo khudozhestvennogo obrazovaniya [Интеграция үздіксіз көркемдік білім беру жүйесін жүзеге асыру құралы ретінде]. Omskiy nauchnyy vestnik. Kul'turologiya. Iskusstvovedenie, (3), 247–250.

Tian, M. (2023). Arts-based research methods for educational researchers. Routledge. https://doi.org/10.4324/9781003196105

МРНТИ 14.01.11 https://doi.org/10.51889/2959-5762.2026.91.3.025

Чжэнхуй В.,[1] *Кожагулов А.Т.* *[2]

[1]*Ханьшанский педагогический университет, г.Ханьшан, Китай*
[2]*Казахский национальный педагогический университет имени Абая, г. Алматы, Казахстан*

СОВРЕМЕННЫЕ ПЕДАГОГИЧЕСКИЕ ТЕНДЕНЦИИ ПРОФЕССИОНАЛЬНОЙ ПОДГОТОВКИ ХУДОЖНИКОВ-КЕРАМИСТОВ В ВУЗАХ КНР

Аннотация

В статье рассматриваются современные тенденции подготовки художников-керамистов в вузах Китая. Авторы анализируют ключевые направления образовательных программ по подготовке художников-керамистов нового поколения. Исследование выявляет, что современные образовательные программы направлены на гармоничное сочетание художественного мастерства, индивидуальности и профессиональной мобильности, что позволяет выпускникам успешно адаптироваться к глобальным тенденциям в области современного искусства и дизайна.

В работе использованы аналитический и сравнительный методы, а также методы качественного исследования образовательных программ ведущих вузов Китая и других стран мира. Научная новизна исследования заключается в комплексном подходе к анализу современных образовательных практик по подготовке художников-керамистов. Работа позволяет понять, каким образом образовательные программы способствуют подготовке специалистов, способных интегрировать традиционное китайское керамическое искусство в контекст глобальных художественных тенденций.

Анализ научной литературы и учебной практики показал, что современные программы подготовки художников-керамистов в Китае характеризуются интеграцией традиционных и современных техник керамики, что обеспечивает сохранение культурного наследия при развитии инновационных форм; сфокусированностью на индивидуальном творческом развитии студента, позволяя формировать уникальный художественный стиль; включением элементов проектной и исследовательской деятельности, повышающих профессиональную мобильность и способность работать в международных художественных контекстах, а также применением междисциплинарного подхода, что способствует созданию многофункциональных керамических изделий и арт-объектов.

Представленные материалы могут быть полезны для дальнейшего совершенствования процесса профессиональной подготовки художников-керамистов и стимулирования инновационной деятельности в художественном образовании.

Ключевые слова: художественное образование, керамика, подготовка художников-керамистов, образовательные практики, творчество, междисциплинарный подход.

В.Чжэнхуй, [1] *А.Т. Кожагулов* *[2]

[1] *Ханьшань педагогикалық университеті, Ханьшань қ., Қытай*
[2] *Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қ., Қазақстан*

ҚХР ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНДА СУРЕТШІ-КЕРАМИСТЕРДІ КӘСІБИ ДАЯРЛАУДЫҢ ЗАМАНАУИ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТЕНДЕНЦИЯЛАРЫ

Аңдатпа

Мақалада Қытайдың жоғары оқу орындарында қыш өнерінің суретші-шеберлерін даярлаудың қазіргі заманғы үрдістері қарастырылады. Авторлар жаңа буын қыш өнерінің суретші-шеберлерін даярлауға арналған білім беру бағдарламаларының негізгі бағыттарын талдайды. Зерттеу нәтижелері қазіргі білім беру бағдарламаларының көркемдік шеберлікті, даралықты және кәсіби мобильділікті үйлесімді түрде ұштастыруға бағытталғанын көрсетеді, бұл түлектерге заманауи өнер мен дизайн саласындағы жаһандық үрдістерге табысты бейімделуге мүмкіндік береді.

Зерттеу барысында аналитикалық және салыстырмалы әдістер, сондай-ақ Қытайдың және әлемнің басқа да елдеріндегі жетекші жоғары оқу орындарының білім беру бағдарламаларын сапалық зерттеу әдістері қолданылды.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы қыш өнерінің суретші-шеберлерін даярлауға арналған қазіргі заманғы білім беру тәжірибелерін кешенді тұрғыда талдаумен айқындалады. Бұл жұмыс білім беру бағдарламаларының дәстүрлі қытай қыш өнерін жаһандық көркемдік үрдістер контексіне кіріктіре алатын мамандарды даярлауға қалай ықпал ететінін түсінуге мүмкіндік береді.

Ғылыми әдебиеттер мен оқу тәжірибесін талдау Қытайдағы қыш өнерінің суретші-шеберлерін даярлаудың қазіргі бағдарламаларына тән бірқатар ерекшеліктерді анықтады: инновациялық формаларды дамыту арқылы мәдени мұраны сақтауға мүмкіндік беретін дәстүрлі және заманауи қыш жасау техникаларының интеграциясы; студенттің жеке шығармашылық дамуына басымдық беру арқылы бірегей көркемдік стиль қалыптастыру; кәсіби мобильділікті және халықаралық көркемдік контекстерде жұмыс істеу қабілетін арттыратын жобалық және зерттеушілік қызмет элементтерін енгізу; сондай-ақ көпфункционалды қыш бұйымдары мен арт-объектілерді жасауға ықпал ететін пәнаралық тәсілді қолдану.

Ұсынылған материалдар қыш өнерінің суретші-шеберлерін кәсіби даярлау үдерісін одан әрі жетілдіруге және көркемдік білім беру саласындағы инновациялық қызметті ынталандыруға пайдалы болуы мүмкін.

Түйін сөздер: көркемдік білім беру, қыш өнері, қыш өнерінің суретші-шеберлерін даярлау, білім беру тәжірибелері, шығармашылық, пәнаралық тәсіл.

*Zhenghui W.,[1] Kozhagulov A. *[2]*

[1] Hanshan Normal University, Hanshan, China

[2] Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan

MODERN PEDAGOGICAL TRENDS IN THE PROFESSIONAL TRAINING OF CERAMIC ARTISTS IN HIGHER EDUCATION INSTITUTIONS OF THE PEOPLE'S REPUBLIC OF CHINA

Abstract

The article examines contemporary trends in the professional training of ceramic artists in higher education institutions of China. The authors analyze the key directions of educational programs aimed at preparing a new generation of ceramic artists. The study reveals that modern educational programs focus on a harmonious combination of artistic mastery, individuality, and professional mobility, which enables graduates to successfully adapt to global trends in contemporary art and design.

The research employs analytical and comparative methods, as well as qualitative research methods for studying educational programs of leading higher education institutions in China and other countries.

The scientific novelty of the study lies in its comprehensive approach to the analysis of contemporary educational practices in the training of ceramic artists. The research makes it possible to understand how educational programs contribute to the preparation of specialists capable of integrating traditional Chinese ceramic art into the context of global artistic trends.

An analysis of scholarly literature and educational practice demonstrates that contemporary training programs for ceramic artists in China are characterized by the integration of traditional and modern ceramic techniques, which ensures the preservation of cultural heritage while fostering innovative forms; a strong focus on the individual creative development of students, enabling the formation of a unique artistic style; the inclusion of project-based and research-oriented activities that enhance professional mobility and the ability to work in international artistic contexts; as well as the application of an interdisciplinary approach that promotes the creation of multifunctional ceramic products and art objects.

The presented materials may be useful for further improving the process of professional training of ceramic artists and for stimulating innovative activities in art education.

Keywords: art education, ceramics, training of ceramic artists, educational practices, creativity, interdisciplinary approach.

Введение. Художественное образование в силу изначальной специфичности меняется стремительно и постоянно, что обусловлено не только интернационализацией образования Китая как такового, но и самой сущностью искусства как объекта и предмета образовательного процесса. Ежегодно или даже ежемесячно возникают новые технологии и художественные практики, которые необходимо вводить в образовательный процесс.

В таком положении методистам и педагогам художественного образования в процессе обучения керамике и другим видам искусства сложно сохранить гармоничный баланс между требованием времени и традиционными художественными практиками. То есть, мы хотим сказать, что в XXI в. система художественного образования Китайской Народной Республики столкнулась с двойной задачей: дать студентам компетенции, соответствующие цифровой эпохе,

но и в то же время сохранить традиционные технологии изготовления керамических изделий, которые китайский народ обоснованно считает частью своего культурного наследия.

Основные положения. Отсюда, целью данного исследования является анализ образовательных программ в области профессиональной подготовки художников-керамистов ряда вузов Китая, а также выявить современные тенденции в изучаемом направлении.

Для решения поставленной цели мы обращались к ряду научных работ, посвященных осмыслению различных аспектов художественного образования КНР: проблемам интернационализации высшего образования в области керамического искусства на примере Jingdezhen Ceramic University (Zheng, 2023); путям профессиональной и инновационной интеграции, а также проблемам педагогики цифровых искусств (Wang, 2025; Wang, 2024); роли китайского художественного образования в содействии устойчивому развитию (Wang et al, 2025); профессиональному развитию преподавателей искусства (Yang, 2022); сравнительному анализу использования арт-терапевтических практик в образовании (Xing et al, *2024*) и др.

Согласно, обозначенным исследованиям художественное образование КНР на сегодняшний день играет множество ролей в обществе: основополагающую, инновационную и интегративную. Его ценность признается практических на всех уровнях – государственной политики, общественном, научном (Wang et al, 2025). «Политика Китая в сфере образования обусловлена потребностью в грамотных, талантливых людях с нестандартным мышлением, чьи знания и навыки могут принести пользу государству, улучшить и укрепить его позиции на мировой арене», отмечает Jing Yang (Yang, 2022).

Таким образом, в последние несколько лет наблюдаются ряд актуальных тенденций в программах обучения керамическому искусству, что проявляется в разработке обновленных моделей обучения, которые направлены на развитие креативно-инновационного мышления и укрепляют глобальную конкурентоспособность выпускников художественных вузов КНР.

Обзор обозначенной литературы показывает, что, несмотря на широкий спектр исследований в области художественного образования КНР сохраняется существенный пробел в понимании того, какие именно обобщенные тенденции его характеризуют. Большинство исследований рассматривают роль либо традиции, либо технологии в совершенствовании художественного образования. Таким образом, анализ научных трудов позволяет констатировать, что комплексное исследование современных тенденций профессиональной подготовки будущих художников-керамистов в вузах КНР мало разработанная проблематика и представляется актуальной задачей. Изучаемый нами вопрос ранее не был отражен в других научных работах.

Материалы и методы. Материалами настоящего исследования являются образовательные программы профессиональной подготовки художников-керамистов трех региональных педагогических высших учебных заведений КНР: Hanshan Normal University, Shangqiu Normal University и Xinyang Normal University. Выбор данных вузов обусловлен их педагогической направленностью и наличием программ подготовки специалистов в области керамического искусства, ориентированных на последующую профессиональную деятельность в сфере художественного образования. В рамках исследования были проанализированы три образовательные программы, разработанные и утвержденные в 2024 году, по одной от каждого из рассматриваемых университетов.

Основным критерием сравнительного анализа стала степень ориентации образовательных программ на формирование профессиональных, художественно-творческих и педагогических компетенций будущих художников-керамистов. В качестве основных показателей рассматривались: наличие дисциплин, направленных на освоение традиционного китайского керамического искусства и представленность современных художественных и дизайнерских практик на основе инновационных технологий, включая AI.

В качестве основного инструмента исследования использовалась разработанная авторами схема контент-анализа образовательных программ. Каждая дисциплина и соответствующий ей содержательный компонент соотносились с выделенными показателями.

В настоящем исследовании объектом анализа выступили непосредственно образовательные программы и их содержание.

Методология исследования основана на анализе и сравнении широкого круга источников, включая научные труды в области совершенствования художественного образования КНР в целом и, профессиональной подготовки художников-керамистов в частности. В исследовании также использовался комплексный, системный и обобщающий подход. В настоящем исследовании материалами исследования служат творческие работы будущих художников-керамистов.

Результаты и обсуждение. Совершенствование образовательных программ и методик обучения в вузе – это непрерывный процесс, который думается не потеряет своей актуальности во все времена. По мнению историков художественного образования академическое обучение искусству керамики в вузах КНР началось в 1950-х годах, а к концу 1980-х годов ее академический вид уже устоялся. Тем не менее, ресурсы и культурные особенности конкретных регионов оказывали значительное влияние на тематическое направление керамического образования в каждом учебном заведении (Zhang et al, 2024). Эту тенденцию отмечают и другие исследователи, подчеркивая значимость концепции художественного образования на базе местных сообществ (Community-Based Art Education, CBAE).

В Китае этот подход, основанный на взаимодействии с местными сообществами, играет важную роль в Национальных стандартах в области изобразительного искусства (Luo et al, 2020), а преподаватели вузов и художественных школ считают, что он позволяет укрепить у учащихся чувство социокультурной идентичности и контекстуальное понимание местного искусства и культуры.

Сейчас китайские вузы придерживаются политики открытости, предполагающей изучение и анализ моделей обучения в области керамики разных стран мира постепенно, формируя «модель высшего художественного образования с китайской спецификой на основе сочетания зарубежного опыта с конкретными условиями собственной страны» (Zheng, 2023). Среди основных мировых вузов, на чей опыт опирается китайская система художественного образования в области керамики выступают вузы Японии, Южной Кореи и США. Это такие вузы как: Tokyo University of the Arts (Япония), Kyoto City University of Arts (Япония), Hongik University (Южная Корея), Seoul National University, College of Fine Arts (Южная Корея), Alfred University, New York State College of Ceramics (США) и другие. Многие художники-керамисты Китая выпускники названных университетов.

Анализ работ китайских ученых (Wang et al, 2025; Zhang et al, 2024) позволяет выделить два крупных этапа преобразования образовательных программ и методик обучения искусству керамики в высших учебных заведениях художественно-педагогического направления, квалифицирующихся на подготовке художников-керамистов.

На первом этапе (1980-2000 гг.) анализировались сильные стороны образовательных программ обозначенных учебных заведений Японии, Южной Кореи и США. Их рассмотрение демонстрирует, что при всей их специфической уникальности они имеют ряд общих оснований. К ним относятся преобладание студийно-мастерской формы обучения, направленной на развитие творческого потенциала обучающихся; включение студентов в исследовательскую и проектную деятельность, а также тесная связь образовательного процесса с актуальным художественным контекстом, технологиями и бизнесом.

Взяв, данное на «вооружение» китайская система художественного образования на втором этапе (2000-2024 гг.) все больше стала «стремится как к инновационному развитию, так и передаче традиционных знаний в области искусства” (Wang et al, 2025). То есть на современном этапе в приоритете диверсифицированный и модернизированный подход, предполагающий введение инноваций и сохранение исконных традиций изготовления керамики. Как пишут Zhiyan Zhang и Pan Wei, китайские университеты стремятся к поддержке культурного наследия и художественных традиций. Культурная осознанность и стремление сохранять исторические и

региональные традиции должны стать главными в общей академической программе обучению керамике (Zhang et al, 2024).

При этом, как показывает опыт Hanshan Normal University актуальные тенденции технологии и материаловедения современной керамики, а также сам процесс создания авторских керамических произведений (в отличие от производственного процесса на массового потребителя) повлекли за собой введение в образовательные программы целого ряда новых дисциплин (новейшие керамические технологии, дизайн промышленного продукта, технический образ и мн.др.), которые обусловлены конкретным направлением будущего художника-керамиста (художник-керамист, архитектурная керамика, скульптурная керамика, дизайнер керамики, авторская керамика и т.д.).

Аналитический обзор образовательных программ Hanshan Normal University, Shangqiu Normal University, Xinyang Normal University и ряда публикаций по проблемам высшего художественного образования КНР (Zheng, 2023; Zhao et al, 2022*)* позволил определить основные направления совершенствования образовательных программ художественно-педагогических вузов КНР, что графически представлено в Таблице 1.

Таблица 1. Основные направления совершенствования образовательных программ художественно-педагогических вузов КНР

Инновационный компонент	*Примеры практик*
Интеграция традиций	Культурное наследие местного сообщества
The present study aimed to evaluate a pedagogical technology for preschool speech development based on the traditional Kazakh *Asyk* game as a culturally responsive game-based learning resource. The

findings indicate positive dynamics across two pedagogically significant components of oral language: pronunciation and syllable structure of speech (syllable awareness). Following completion of the program, the proportion of children demonstrating medium and high pronunciation levels increased from 30.0% to 74.0%, while the corresponding proportion for syllable structure of speech increased from 80.0% to 92.0%. These results suggest that the assyk-based game intervention may represent a promising approach for organizing speech development activities and supporting early literacy precursors in preschool education.

The observed improvements are consistent with international evidence highlighting the importance of early language development for later educational outcomes. Longitudinal studies indicate that growth in early language skills is associated with school readiness and subsequent reading achievement (Logan et al., 2024), and that early productive vocabulary can serve as a predictor of later academic success (Bleses et al., 2016). Although the present study focused specifically on pronunciation and syllable structure rather than broader language measures, the positive dynamics observed support the general conclusion that systematic pedagogical support for oral language in preschool settings has educational value.

One plausible mechanism underlying the effectiveness of the intervention is the use of play as the organizing core of instructional activities. Meta-analytic evidence demonstrates that game-based learning in early childhood is associated with positive effects on motivation and engagement, thereby creating favorable conditions for repeated practice and consolidation of learning actions (Alotaibi, 2024). Within the *Asyk*-based program, speech tasks were embedded in clear rules, rhythmic game cycles, and object-based actions, which may have reduced fatigue and sustained children's engagement in speech-related activities.

Another important pedagogical resource of the program was the quality of language interaction within the group. Previous research has shown that specific forms of teacher talk such as contingent feedback, clarification, expansion of children's utterances, and questioning are associated with children's language development (Hadley et al., 2022). The assyk-based intervention naturally provides multiple opportunities for such interaction, including explanations of rules, verbalization of action sequences (e.g., "first–then"), prompts for children to describe their choices and actions, and joint discussion of outcomes. This interpretation is consistent with findings indicating that the quantity and quality of adult language input are related to children's language outcomes (Aija et al., 2025). Although Aija et al. (2025) focused on a different population, the underlying principle regarding the importance of adult-mediated language environments supports the pedagogical emphasis of the present intervention.

Peer interaction also appears to play a meaningful role, as game-based formats inherently activate social communication among children. Research on peer-mediated interventions suggests that organizational arrangements promoting interaction within the group can influence both language and social development in preschool children (Justice et al., 2025). The collective *Asyk* game involves negotiation of rules, shared attention, turn-taking, commentary on actions, and brief dialogues, thereby functioning not only as a repetitive practice tool but also as a communicative context for expanding children's interactional experience.

Improvements in syllable structure of speech may additionally be explained by the program's deliberate use of rhythm and rhythmic–syllabic tasks, such as arranging sequences with colored *Asyk* pieces and verbalizing syllable patterns within game cycles. This approach aligns with evidence indicating that rhythmic and musical activities can support speech and language development (Torppa & Huotilainen, 2019). Although Torppa and Huotilainen (2019) primarily examined children with hearing impairments, the broader conclusion regarding the role of rhythm as a structuring resource for linguistic units is applicable to pedagogical contexts in which rhythm is used to support attention and speech production.

The sensorimotor component of the intervention including manipulation of *Asyk* pieces, coordination exercises, and elements of fine and gross motor activity may also have contributed to the observed speech dynamics. A systematic review by Kisjes et al. (2025) highlights the interrelationship between

motor and language skills in children and points to the frequent co-occurrence of difficulties in these domains. From a pedagogical perspective, this supports the rationale for integrated interventions in which speech tasks are complemented by movement and object-based actions that enhance children's participation and engagement.

Another relevant aspect of the intervention is its multimodal nature. Research on multimodal supports in preschool education, such as sign-supported speech, indicates that such supports can enhance children's communicative participation when applied in pedagogically appropriate ways (Larsson et al., 2025). In the present technology, visual and object-based scaffolds including *Asyk* pieces, color coding, visual representations of *zhatystar*, and rhythmic boards served a comparable function by making speech tasks more explicit, reducing cognitive load, and increasing accessibility for children with diverse language experiences, including those in potentially bilingual environments.

From the perspective of international research on language support in multilingual contexts, it is also relevant to consider findings from studies on shared reading, which emphasize adult strategies that actively stimulate children's verbal participation (Zhou et al., 2025). Although the present intervention was not book-based, it follows a similar pedagogical principle: effectiveness is enhanced when adults intentionally structure children's verbal engagement through questioning, prompting, and joint meaning-making. In this sense, the assyk-based intervention can be viewed as an alternative, non-text-based but comparably interactive format of language support.

In terms of practical implementation, the sustainability of such an intervention depends on teachers' readiness to use structured game-based approaches. Evidence suggests that play-based professional development can enhance teachers' scaffolding practices and instructional competencies, which in turn are associated with improved learning outcomes for children (Lazzara et al., 2025). This highlights an important practical implication of the present study: for sustained effects, the *Asyk* technology should be accompanied by methodological resources and teacher training, including lesson models, examples of teacher language, group game scenarios, and criteria for monitoring children's progress.

Finally, the cultural component of the program aligns with the principles of culturally responsive pedagogy, which conceptualizes culturally meaningful practices as resources for enhancing engagement and educational quality (Gunn et al., 2021). The *Asyk* game, recognized as part of UNESCO's intangible cultural heritage (UNESCO, 2017), integrates culturally significant content into preschool education and may strengthen children's motivation as well as family support. Thus, the proposed technology functions not only as a tool for speech development but also as a means of cultural education in early childhood settings.

The study has several limitations, including the use of a one-group design without a control group, reliance on level-based assessment, and the absence of delayed follow-up to examine the sustainability of effects. Future research should employ more robust designs with control groups, incorporate standardized measures of language and phonological/syllable awareness, and examine which specific components of the intervention such as rhythm, object-based scaffolding, peer interaction, or teacher language strategies contribute most strongly to observed outcomes.

Conclusion. This article presented a pedagogical technology for preschool speech development grounded in the traditional Kazakh *Asyk* game as a culturally responsive resource for game-based learning. Implemented over one academic year in an authentic preschool setting, the intervention targeted two pedagogically salient components of oral language: pronunciation and syllable structure of speech (syllable awareness).

Empirical results obtained from a sample of 50 children aged 3–6 years demonstrated clear positive shifts across both indicators. For pronunciation, the proportion of children classified at medium or high levels increased from 30.0% to 74.0%, accompanied by a reduction in the low-level category from 70.0% to 26.0%. For syllable structure of speech, the proportion of children at medium or high levels increased from 80.0% to 92.0%, with the low-level category decreasing from 20.0% to 8.0%. Taken together, these findings suggest that integrating *Asyk* into speech development sessions may represent an effective play-based practice for supporting oral language development and early literacy precursors in preschool education.

The practical value of the proposed technology lies in its reliance on a culturally meaningful traditional game, which can enhance children's motivation and engagement while expanding opportunities for culturally responsive pedagogy in early childhood settings. The intervention may be recommended for preschool educators as part of a systematic approach to fostering oral language, play-based communication, and syllable skills.

Several limitations should be acknowledged, including the one-group design without a control condition, the use of level-based assessment (low/medium/high), and the absence of delayed follow-up to evaluate the sustainability of outcomes. Future research should employ more rigorous comparative designs, expand sample sizes, incorporate standardized measures of oral language and phonological/ syllable awareness, and examine longer-term effects as well as the relative contribution of specific intervention components.

References:

Aija, A., Ståhlberg-Forsén, E., Toome, L., Aarnos, L., Ahlqvist-Björkroth, S., Stolt, S., & Lehtonen, L. (2025). Parents' speech in the NICU and language development of very preterm children at 12 and 24 months. Journal of Pediatrics Clinical Practice, 17, 200156. https://doi.org/10.1016/j.jpedcp.2025.200156

Alotaibi, M. S. (2024). Game-based learning in early childhood education: A systematic review and meta-analysis. Frontiers in Psychology, 15, 1307881.

Berger, C., Angonin, S., & Lafay, A. (2026). Mathematical vocabulary in preschool children: Effects of linguistic and socio-economic factors on the production and comprehension of quantitative and spatial words and concepts. Journal of Experimental Child Psychology, 263, 106416. https://doi.org/10.1016/j.jecp.2025.106416

Bleses, D., Makransky, G., Dale, P. S., Højen, A., & Aktürk Ari, B. (2016). Early productive vocabulary predicts academic achievement 10 years later. Applied Psycholinguistics, 37(6), 1461–1476. https://doi.org/10.1017/S0142716416000060

Bolognesi, C., Cinini, A., Cutugno, P., Ferretti, M., & Chiarella, D. (2025). Towards a preschooler corpus of Italian: An experimental journey. Research Methods in Applied Linguistics, 4(3), 100252. https://doi.org/10.1016/j.rmal.2025.100252

Gunn, A. A., Bennett, S. V., Alley, K. M., Barrera IV, E. S., Cantrell, S. C., Moore, L., & Welsh, J. L. (2021). Revisiting culturally responsive teaching practices for early childhood preservice teachers. Journal of Early Childhood Teacher Education, 42(3), 265–280.

Hadley, E.B., Barnes, E.M., Wiernik, B. M., & Raghavan, M. (2022). A meta-analysis of teacher language practices in early childhood classrooms. Early Childhood Research Quarterly, 59(2), 186–202. https://doi.org/10.1016/j.ecresq.2021.12.002

Justice, L.M., Pelfrey, G.L., Foster, T. J., Brock, M., & Jiang, H. (2025). Effects of a peer-mediated intervention on the language and socialization experiences and skills of preschool children. Early Childhood Research Quarterly, 73, 135–147. https://doi.org/10.1016/j.ecresq.2025.07.002

Kisjes, J., van der Schaaf, A. L., Noordstar, J. J., Mombarg, R., Gerrits, E., Wijnen, F., & Luinge, M. R. (2025). A systematic review of language and motor skills in children with developmental coordination disorder (DCD) and developmental language disorder (DLD). Research in Developmental Disabilities, 161, 104994. https://doi.org/10.1016/j.ridd.2025.104994

Larsson, K., Björk-Willén, P., Haraldsson, K., & Hansson, K. (2025). Teachers' use of sign-supported speech in interaction with multilingual children in Swedish preschools. Linguistics and Education, 87, 101398. https://doi.org/10.1016/j.linged.2025.101398

Lazzara, L., Weber, A., & Leuchter, M. (2025). Building minds with blocks: The impact of a play-based professional development on preschool teachers' competencies and children's learning. Teaching and Teacher Education, 165, 105144. https://doi.org/10.1016/j.tate.2025.105144

Logan, J. A. R., Piasta, S. B., Purtell, K. M., Nichols, R., & Schachter, R. E. (2024). Early childhood language gains, kindergarten readiness, and Grade 3 reading achievement. Child Development, 95(2), 609–624. https://doi.org/10.1111/cdev.14019

Omarbekova, F. K. (2025). Mektepke deiingi uiymdagy balalardyn soileu tilin asyqty zamanaui adistemelik-tekhnologiyalyk negizde koldanu arkyly tuzetu (3 zhastan bastap): Bagdarlama [Correction of preschool children's speech through an assyk-based modern methodological-technological approach (from age 3): Program] [Unpublished program]. Almaty, Kazakhstan.

Pullen, P. C., & Justice, L. M. (2003). Enhancing phonological awareness, print awareness, and oral language skills in preschool children. Intervention in School and Clinic, 39(2), 87–98. https://doi.org/10.1177/10534512030390020401

Torppa, R., & Huotilainen, M. (2019). Why and how music can be used to rehabilitate and develop speech and language skills in hearing-impaired children. Hearing Research, 380, 108–122. https://doi.org/10.1016/j.heares.2019.06.003

UNESCO. (2017). Kazakh traditional assyk games. UNESCO Intangible Cultural Heritage.

Zhou, T., Djonov, E., & Chik, A. (2025). Shared reading of picturebooks for supporting preschool children's multilingual learning: A scoping review. International Journal of Educational Research, 133, 102716. https://doi.org/10.1016/j.ijer.2025.102716

ҒТАХР 14.23.17 https://doi.org/10.51889/2959-5762.2026.91.3.036

М.Адамова,[*1] *F.Tezel,*[2] *Ж. Ишпекбаев*[1]

[1] *Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қ., Қазақстан*
[2] *Гази университеті, Анкара қ., Түркия*

ОЙЫННЫҢ МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ЖАСТАҒЫ БАЛАЛАРДЫҢ ЭМОЦИОНАЛДЫҚ ДАМУЫНА ЫҚПАЛЫ

Аңдатпа

Мақалада біз мектепке дейінгі жастағы балалардың эмоционалдық дамуына ойынның ықпалын зерттеу мақсатында Қазақстанда қабылданған нормативтік-құқықтық актілер мен педагогтардың тәжірибесінің шеңберінде талдау жасадық. Бұған Оқу-ағарту министрлігінің қолданыстағы нормативтік базасын негізге алдық (ҚР Үкіметінің №249, №137 қаулылары, ҚР Оқу-ағарту министрлігінің №348, №499, №422, №130 бұйрықтары). Классикалық педагогика мен заманауи ғылыми әдебиеттерге шолу жасап, талдау нәтижелерін педагогтарымыздың практикасындағы бақыланған ерекшеліктермен байланыстырдық. Отандық және шетелдік зерттеулерге талдау жасалды.

Заманауи зерттеулерге сүйене отырып, ойынның эмоционалдық дамуға әсер ететін тетіктері қарастырылды: ойын ережелерін қабылдау арқылы өзін-өзі реттеу, рөлдік ойын арқылы басқаның көзқарасын түсіну, ойындағы қарым-қатынаста алынған эмоционалдық кері байланыс және стрессті сыртқа шығару. Нәтижелер соңғы онжылдықта баланың тұрақты эмоционалдық дамуы өзекті халықаралық мәселеге айналғанын және қауіпсіз әрі икемді дамытушы заттық-кеңістіктік орта мен эмоционалдық интеллектісі жоғары педагогтар болған жағдайда ойынның сапалы өзара қарым-қатынасты қалыптастырудың маңызды құралы болып табылатынын көрсетеді. Зерттеу сондай-ақ педагогикалық тәжірибедегі жиі кездесетін қиындықтарды да анықтады: уақыт тапшылығы, кәсіби даярлықтың біркелкі еместігі және ресурстардың шектеулілігі. Осылардың негізінде мектепке дейінгі педагогика саласында педагогтардың кәсіби өсуін нығайтуға арналған ұсыныстар бердік.

Мұнда ұсынылған талдау және педагогикалық бақылау арқылы анықталған практикадағы қиындықтар мен тиімді шарттар педагогтарға, әдіскерлерге және осы жалғасып жатқан жұмысқа қатысатын зерттеушілер мен сарапшыларға пайдалы болады және болашақтағы кәсіби даму бастамасына айналады, саладағы сапалы эмпирикалық зерттеулерді жүйелі жобалауды жалғастыруға негіз болады деп үміттенеміз.

Түйін сөздер: мектепке дейінгі жастағы бала, эмоционалдық әл-ауқат, эмпатия, дамытушы орта, сапалы қарым-қатынас орнату құралы.

Адамова М.,[*1] *Tezel F.,*[2] *Ишпекбаев Ж.*[1]

[1] *Казахский национальный педагогический университет имени Абая, г.Алматы, Казахстан*
[2] *Университет Гази, Анкара, Турция*

ВЛИЯНИЕ ИГРОВОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ НА ЭМОЦИОНАЛЬНОЕ РАЗВИТИЕ ДОШКОЛЬНИКОВ

Аннотация

В статье мы провели анализ в рамках принятых в Казахстане нормативно-правовых актов и практики педагогов с целью изучения влияния игры на эмоциональное развитие детей дошкольного возраста. В основе этого лежит действующая нормативная база Министерства просвещения (постановления Правительства РК №249, №137, постановления Министерства просвещения РК№348, №499, №422, №130 приказов). Проанализировав классическую педагогику и современную научную литературу, мы связали результаты анализа с наблюдаемыми особенностями в практике наших педагогов. Проведен анализ отечественных и зарубежных исследований.

На основе современных исследований были рассмотрены механизмы, с помощью которых игра влияет на эмоциональное развитие: саморегуляция через принятие правил игры, понимание точки зрения другого через ролевую игру, эмоциональная обратная связь, полученная в отношениях в игре, и изгнание стресса. Результаты показывают, что устойчивое эмоциональное развитие ребенка за последнее десятилетие стало актуальной международной проблемой и является важным инструментом формирования качественного взаимодействия в условиях безопасной и гибкой развивающей предметно-пространственной среды и педагогов с высоким эмоциональным интеллектом. Исследование также выявило распространенные трудности в педагогической практике: нехватка времени, неравномерность профессиональной подготовки и ограниченность ресурсов. На их основе мы дали рекомендации по укреплению профессионального роста педагогов в области дошкольной педагогики.

Мы надеемся, что выявленные трудности и эффективные условия практики, определяемые здесь с помощью анализа и педагогического наблюдения, будут полезны педагогам, методистам, исследователям и экспертам, участвующим в этой продолжающейся работе, станут инициативой будущего профессионального развития, основой для продолжения систематического проектирования качественных эмпирических исследований в этой области.

Ключевые слова: ребенок дошкольного возраста, эмоциональное благополучие, эмпатия, развивающая среда, средство формирования качественного взаимодействия.

Adamova M., [1] *Tezel F.,* [2] *Ishpekbayev Z.* [1]
[1] *Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty,Kazakhsta*
[2] *Gazi University, Ankara, Turkey*

THE INFLUENCE OF GAME ACTIVITY ON THE EMOTIONAL DEVELOPMENT OF PRESCHOOL CHILDREN

Abstract

In the article, we conducted an analysis within the framework of the regulatory legal acts and practices of teachers adopted in Kazakhstan in order to study the impact of play on the emotional development of preschool children. This is based on the current regulatory framework of the Ministry of Education (Government Resolutions No. 249, No. 137, Resolutions of the Ministry of Education of the Republic of Kazakhstan№348, №499, №422, №130 orders). After analyzing classical pedagogy and modern scientific literature, we linked the results of the analysis with the observed features in the practice of our teachers. The analysis of domestic and foreign studies is carried out.

Based on modern research, the mechanisms by which the game affects emotional development have been examined: self-regulation through acceptance of the rules of the game, understanding the point of view of another through role-playing, emotional feedback received in a relationship in the game, and the expulsion of stred on modern research, the mechanisms by which the game affects emotional development have been examined: self-regulation through acceptance of the rules of the game, understanding the point of view of another through role-playing, emotional feedback received in a relationship in the game, and the expulsion of stress. The results show that the sustainable emotional development of a child has become an urgent international problem oThe results show that the sustainable emotional development of a child has become an urgent international problem over the past dpedagogy.

We hope that the identified difficulties and effective practice conditions, identified here through analysis and pedagogical observation, will be useful to educators, methodologists, researchers and experts involved in this ongoing work, will become an initiative for future professional development, and the basis for continuing the systematic design of qualitative empirical research in this field.

Keywords: preschool child, emotional well-being, empathy, developmental environment, tool for building quality interactions.

Кіріспе. Қазақстанда мемлекеттік саясат мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың барлық балаға тең қолжетімді болуын қарастырады. Нормативтік құжаттарда, соның ішінде мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделінде білім беру үдерісінің барлық қатысушыларының (ата-ана, педагогтер, балабақша) жауапкершілігі мен олардың осы үдеріске саналы қатысуы айқындалған (ҚР Үкіметінің қаулысы, 2021). Мұның дәлелі ретінде, бала өмірінің қауіпсіздігі мен оның денсаулығын қорғау, сапалы тәрбие мен білім беруге байланысты бірнеше мақсатты көрсеткіштердің 2029 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасына енгізілгенін айтуымызға болады. Олардың орындалуы қауіпсіз, эмоционалдық жайлы ортадағы күн бойындағы мейірімді қарым-қатынас пен ойын арқылы оқыту іс-әрекеттерінде іске асырылады деп болжанған. Қазіргі таңда республикада 12 мыңға жуық мектепке дейінгі ұйымда 1 млн астам бала тәрбиеленуде. Сондықтан ел болашағының негізі қаланатын мектепке дейінгі білім беру деңгейіндегі сапалық көрсеткіштердің артуына тікелей әсер ететін ғылыми негізделген бағдарламалық және әдістемелік қолдау - басты басымдылықтардың бірі болуы тиіс деп санаймыз.

Әлемнің жетекші елдері ерте жастағы балалардың дамуы үшін жасалған жағдайлардан болашақтағы елдің сапалы адами капиталының негізі қаланатынын жақсы түсінетінін талданған зерттеулерден анық көреміз. Экономист Дж. Хекманның (2012) зерттеулеріне сәйкес, ерте жастағы сапалы білім беру бағдарламаларына салынған әрбір инвестиция қоғамға жылына орта есеппен 7–10% экономикалық қайтарым әкеледі. Халықаралық зерттеулердің нәтижелері - ерте

даму бағдарламаларын алған балалардың есейгендегі өмір салтының деңгейі жоғары екенін көрсетеді.

Әлемдік тәжірибеде инфрақұрылым мен қоршаған ортаның балалардың психикалық және физикалық дамуына әсеріне ерекше назар аударылады. Әлемдік нейробиологиялық зерттеулердің нәтижелері бойынша, баланың миы өмірінің алғашқы жылдарында аса жоғары қарқынмен дамиды. Ғылыми деректерге сүйенетін болсақ, жаңа туған нәрестенің миындағы нейрондар саны ересек адамның миымен салыстырғанда екі есеге көп және 200 млрд түзіледі. Гарвард университетінің зерттеулерінде бала үш жасқа толғанша әр секундта осы нейрондар арасында 1 млн астам синапстық байланыстар қалыптасатыны айтылған (Center on the Developing Child at Harvard University, n.d.). Бала миының дамуы оның қоршаған ортасы мен өмірден алатын тәжірибесімен тығыз байланыстылығын зерттеген ғалымдар нейрондық байланыстардың қарым-қатынас барысында және ойын арқылы қалыптасатынын айтады. Осыған сабақтас нейробиологиялық тұжырымды Дж. Панксепп (1998) ұсынған. Оның салыстырмалы зерттеулері әлеуметтік және белсенді қимыл-қозғалыс ойындарын басқаратын, қуаныш пен әлеуметтік байланысты реттеумен тығыз байланысты айрықша аффективті-мотивациялық ми тізбегін анықтады. Бұл тұжырымдамада ойын мүмкіндігінен айырылу мазасыздық пен реттелудің бұзылуы деңгейінің жоғарылауымен байланыстырылады, бұл ойынды міндетті емес, қосымша байыту емес, дамудың қажетті шарты ретінде қарастыруға биологиялық негіз береді.

С.Расстың (2004) эмоциялы қиял-ойынға арналған зерттеу бағдарламасы балалардың ойынына агрессия, қамқорлық, қорқыныш сияқты эмоционалдық тақырыптарды өз бетінше енгізу қабілеті кейінгі дамуда эмоцияны реттеудің күштірек болуымен, шығармашылықтың жоғарылауымен байланысты екенін көрсеткен. Бұл балалардың ойынға енгізетін эмоционалдық мазмұнының өзі, тек оның әлеуметтік немесе ережелерге негізделген құрылымы ғана емес, дербес дамытушылық құндылыққа ие екенін білдіреді.

М. Жұмабаев (2013) және Н. Құлжанова (2014) өз еңбектерінде баланың сезімдері және оның эмоционалдық дағдыларының қалыптасуы ойын арқылы іске асатынын дәстүрлі ұлттық ойындарды ойнаған балалардың әрекеттерін сипаттай отырып түсіндіреді. Зер салып қарасақ, әдістемелік жүйеге қазіргі кезде ғана мойындалып, енгізіліп жатқан баланың эмоционалдық дамуын қолдайтын педагогикалық тәсілдерді осыдан бір ғасыр бұрын болжағанын байқаймыз.

Д.Эльконин (1978) ойын арқылы баланың әлеуметтік-эмоционалдық дағдыларын дамыту оның тұлғалық қасиеттерінің негізін қалыптастырады деген. Ойын ұғымын педагогика және психология ғылымдары тұрғысынан кеңірек қарастырған Л. Выготский (1966) ойынды баланың психикалық дамуының жетекші құралы деп атап, ойын барысында бала рөлге кіру арқылы басқа жағдайда қол жеткізе алмайтын тілектерін жүзеге асыра алатынын дәлелдеген. Элькониннің (1978) өз зерттеуі де осы қорытындымен үндеседі: бала үшін «ойын» нақты өмірде кездесетін әлеуметтік қарым-қатынас рөлдерін қайталайды және дәл осы себепті — баланың өзі белгілеп, қабылдаған шарттар аясында жүзеге асырылатындықтан — жетекші әрекет болып табылады. Ж. Пиаже (1951) болса, ойын арқылы бала өмірлік тәжірибесін өз танымдық схемалары мен инстинктивті бейімдерімен сәйкестендіре отырып игереді деп есептеген.

Заманауи психологиялық теория тұрғысынан және осы саладағы соңғы талдаулардың нәтижелеріне сәйкес, ойын бала үшін өзін-өзі тану, ішкі сезімдерін сыртқа білдіру, әлеуметтенудің тәжірибесін алу және тұлға ретінде даму құралы болып шығады. Психолог-ғалымдардың жинақтаған дәлелдері ойынның баланың ішкі эмоционалдық күйлерін — қуанышын, стрессін, қорқынышын, мазасыздығын — еріксіз сыртқа шығару құралы қызметін атқаратынын көрсетеді, ал бұл функцияның негізінде ғалымдар қайта-қайта атап көрсететін екі шарт жатыр: ойын ортасының қауіпсіздігі және балалардың осы орта аясында эмоцияларын еркін білдіру мүмкіндігі. Осы процесс барысында бала біртіндеп эмоциясын реттеуді үйренеді, психикалық денсаулығы қалыптасады, жеке қасиеттері дамиды деп жорамалданады.

Бала өскен сайын оны қоршаған ортадағы эмоцияны тану процесі біртіндеп күрделене түседі, әрі осыған сәйкес әр кезеңде ойынның мазмұны мен құрылымы да өзгеретінін нақты көрсетуге

болады. Тиісті зерттеулерді талдау екі-үш жас аралығындағы эмоционалдық даму негізінен қимыл-қозғалыс және сенсорлық ойындар арқылы жүзеге асатынын, ал бұған қажетті басты шарт — қауіпсіз ортада ересек пен баланың эмоционалдық байланысы екенін көрсетеді. Зерттеушілердің пікірінше, үш-төрт жас аралығында осы алғашқы байланыстар балада басқалардың эмоцияларын неғұрлым жетілген түрде түсіну мен қабылдауға ұласады; осы жаста балалар өз ішкі сезімдерін негізінен рөлдік ойындар арқылы білдіреді. Төрт-бес жаста балалар эмоцияларды ажырата және атай алады, ал біздің талдауымыз бұл қабілеттің дәл сюжеттік-рөлдік ойындар арқылы нығаятынын растайды. Бес жастан асқан бала өзіне жауапкершілік ала алады, сондықтан жанашырлық пен қамқорлық танытуынан оның эмоционалдық қасиеттерін байқап көруімізге болады. Көптеген зерттеу деректерінде бұл жаста баланың эмоцияларын басқара алу қабілеті күрделірек театрландырылған немесе драмалық ойындарда жетілетінін айтқан.

Нормативтік құжаттарға сәйкес, бес жас — мектепке дейінгі даярлық кезеңі, ал алты жаста бала бірінші сыныпқа өтеді. Бес жасар баланың мектепке психологиялық дайындығымен қатар, оның эмоционалдық дағдылары да қалыптасуы тиіс. Бұл мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының күтілетін нәтижелерінде нақтыланған. Дәл осы басымдық Үкімет қаулысымен бекітілген мектепке дейінгі білім беруді дамытудың моделінің қағидаттарында да анықталған: онда баланың эмоционалдық денсаулығы мен қауіпсіздігі оның толыққанды дамуының ажырамас құрамдас бөлігі ретінде қаралады. Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделінің 27-тармағында былай делінген: «Әлеуметтік-эмоционалды оқыту баланың дамуындағы маңызды компонент болып табылады. Ол өз эмоцияларын түсіну мен басқарудан, эмпатиядан және үнемі дамып отыратын қарым-қатынас дағдыларынан тұрады. Бала тәрбиешілермен және мектепке дейінгі ұйымның басқа да ересек адамдарымен қарым-қатынаста неғұрлым сабырлы болса, баланың психоэмоциялық аман-саулығының негізі болып табылатын оның эмоциялық және әлеуметтік құзыреті де сапалы дамиды. Мектепке дейінгі ұйымдар мен үйде балалардың әлеуметтік-эмоциялық дағдыларын дамытуға ерекше назар аудару қажет». Сәйкесінше, тәрбие мен оқытудың үлгілік бағдарламасы тәрбиешілерді ойынды балалардың жасына сай ұйымдастыруға міндеттейді; алайда іс жүзінде тәрбиешілердің баланың эмоционалдық дамуын қамтамасыз етуде ойынның психологиялық қырларын толық ескеруі жиі қиынға соғатынын байқадық. Сондықтан біз тәрбиешілерге ұйымдастырылған әрекет аясында қолданылатын ойын түрлерін неғұрлым саналы түрде таңдауды, ал балалардың еркін, дербес ойынына қатаң бақылау орнатудың орнына жеңілірек ықпал етуді ұсынар едік. Бұл шектен тыс құрылымдаудың қаупіне байланысты. Соңғы зерттеулерде дәл осы кәсіби өлшем барған сайын көбірек назарға алынып отыр. Оның үстіне мақсатты түрде ұйымдастырылған ойынның баланың эмоционалдық дамуына айтарлықтай ықпалы бар деген пікір ғылыми ортада кеі таралғандығы байқалады. Г. Ибрагимова (2024) өз зерттеуінде баланың эмоционалдық дамуын қолдау үшін баланың қызығушылықтарын ескеру және дараланған педагогикалық тәсілдердің әсерін күшейту қажет деген ой айтады. Бұл бағытта педагогтарға ойын арқылы оқытудың тиімділігін арттыратын бірнеше өзінің әдістемелік құралдарын жариялаған. Ондағы негізгі ұстанымы баланың қоршаған ортасы — дамытушы орта талаптарына сәйкес келуі керек және баламен мақсатты, өнімді эмоционалдық қарым-қатынас орнатуға ұмтылу баланың бастамасымен де жүзеге асырылуы мүмкін деп тұжырымдайды.

С. Жиенбаева мен әріптестері (2025) бірге жүргізген зерттеуінде психологиялық жайлы жағдай жасалған дамытушы ортадағы балалардың тілдік дағдыларының дамуы 1,5 – 2 есеге дейін қарқындырақ жетілетінін айтады. Зерттеу нәтижелері позитивті эмоционалдық қарым-қатынас балалар арасындағы коммуникативтік түсіністіктің қалыптасуына оң әсер еткенін көрсеткен.

Қазақстанда 2021 жылы ECERS бағалау шкаласын қолдану арқылы жүргізген зерттеудің нәтижесінде мектепке дейінгі ұйымдардағы дамытушы заттық-кеңістіктік ортаның сапа көрсеткіші төмен — қолданылған шкала бойынша шамамен 2,08 болғаны анықталды (Киикова және басқалары, 2024). Бұл нәтиже ойын арқылы баланың эмоционалдық дамуын қамтамасыз

ету, ең алдымен, дамытушы ортаның өзінің қаншалықты сапалы ұйымдастырылғанына байланысты екенін растайды; жақсы әзірленген педагогикалық ойын жүйесі жұтаң материалдық-заттық ортаны толтыра алмайды. Дәл осы негізде мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың қазіргі үлгілік бағдарламасында (2022) «әлеуметтік-эмоционалдық даму» алғаш рет жеке бағыт ретінде нақтыланса, ал 2021 жылы Үкімет қаулысымен қабылданған мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделінде «баланың эмоционалдық денсаулығы» және «тәрбиешінің құзыреттілігі» ұғымдары ұлттық мектепке дейінгі жүйенің нысаналы құрамдас бөлігі ретінде бекітілді, бұл жоғарыда қарастырылған халықаралық ғылыми зерттеу ұсыныстарымен қазақстандық саясаттың мазмұнды түрде жақындасқанын көрсетеді. Педагогикалық әдіс-тәсілдерді жетілдіру үшін баланың эмоционалдық дамуын қамтамасыз ету мәселесі әрі қарай зерттеуді қажет етеді.

Материалдар мен әдістер. Бұл зерттеу теориялық және нормативтік әдебиеттерді құрылымдалған талдаумен және қазақстандық мектепке дейінгі педагогтардың практикалық тәжірибесінен алынған педагогикалық бақылауларды сапалы синтездеумен біріктіреді. Әдіснамалық құрылым мақаланың зерттеушілік, практикаға бағытталған мақсатын көрсетеді: бір гипотезаны бақыланатын эксперимент арқылы тексеру орнына, зерттеу ойынға негізделген практиканың эмоционалдық дамуға қатысты қазіргі жағдайын сипаттауды және қайталанатын қиындық пен тиімді практика үлгілерін анықтауды мақсат етеді.

Әдебиеттерді талдау компоненті ойын туралы классикалық дамытушы-психологиялық дерек-көздерді (Выготский, 1966; Эльконин, 1978), эмоционалдық қауіпсіздік теориясын, эмоционалдық құзыреттілік туралы заманауи зерттеулерді және кеңірек эмоционалдық интеллект негізін (Саловей мен Майер, 1997) шолуды қамтыды, оған ойын, стрессті реттеу және эмоционалдық тұрақтылық мәселелерін қарастыратын жаңарақ зерттеулер қосымша болды. Бұл еңбектер ойын іс-әрекетінің эмоционалдық дамуға әсер ету механизмдерін анықтайтын тұжырымдамалық негізді құру үшін пайдаланылды: ережеге негізделген өзін-өзі реттеу, рөлге негізделген перспективаны қабылдау, эмоционалдық көріністі құрдастар арқылы кері байланыс алу және стресті символдық және физикалық іс-әрекет арқылы сыртқа шығару.

Нормативтік талдау компоненті жоғарыда аталған негізгі қазақстандық нормативтік құжаттарды (№ 249 және № 137 Үкімет қаулылары; № 348 және № 499 министрлік бұйрықтары; олардың 2022 жылғы 14 қазандағы өзгертуі — № 422 бұйрық) шолуды қамтыды. Ойын іс-әрекетін, дамытушы ортаны ұйымдастыруға және баланы әлеуметтік-эмоционалдық дамытудан күтілетін нәтижелеріне байланысты қағидаларға мән бердік.

Педагогикалық сынақ алаңының жұмысында педагогтардың тәжірибесін бақылап қана қоймай, бақылау деректерін мониторинг қорытындыларымен салыстырмалы талдау жасадық. Негізгі назар аударған нысанымыз — педагогтардың ойынды эмоционалдық-дамытушы мақсатта саналы түрде пайдалануға тырысқанда жиі кезігетін қиындықтары. Осы компоненттің зерттеушілік және сапалы сипатына сай, төменде келтірілген нәтижелер стандартталған сандық өлшеу құралының нәтижесі емес, практикалық тәжірибенің аналитикалық синтезі ретінде түсінілуі керек; олар негізделген гипотезалар туындату және осы саладағы одан әрі, неғұрлым қатаң жоспарланған эмпирикалық зерттеулерге практикалық ұсыныстар беру үшін арналған.

Нәтижелер. Қаралған педагогикалық тәжірибе бойынша педагогтардың балалардың эмоционалдық дамуын қолдауда негізгі құрал ретінде қолданатын бірнеше ойын түрі қайталанады. Әлеуметтік-драмалық немесе рөлдік ойын іс-әрекеті — балалар отбасылық өмір, медициналық көмек немесе қоғамдық рөлдер сияқты күнделікті сценарийлерді бірлесіп құрастырып, орындайтын, ең тұрақты атап өтілетін түрі болып шықты. Педагогтардың айтуынша, бұл ойын түрі балаларға эмоционалдық дағдыны жаттықтырудың, құрдастарымен рөлдер мен ережелерді келісудің және қақтығысқа, көңілсіздікке және ынтымақтастыққа әлеуметтік тұрғыдан лайықты жауап беруді жаттықтырудың қайталанатын, әрі тәуекелі аз мүмкіндіктерін ұсынады. Нақты ережелері бар топтық ойындар (қарапайым командалық ойындар мен кезекпен ойнау ойындарын қоса алғанда) шыдамдылықты, ренжуге төзімділікті және балаға тиімсіз нәтижелерді

қабылдау қабілетін дамыту үшін жиі қолданылады, бұлардың барлығы эмоцияны реттеу дағдыларымен тығыз байланысты. Педагогтар сондай-ақ тосыннан туған ойындар арқылы эмоцияны тану құралдарын қамтитын жетекшілікпен жүретін, жартылай құрылымдалған ойынды (мысалы, балалар бет-әлпет көріністерін немесе суреттерді аталған эмоциялармен сәйкестендіретін немесе әңгіме кейіпкерлерінің сезімдерін баяндайтын іс-әрекеттер) қолданатынын баяндады. Педагогтар физикалық белсенді ашық ауадағы ойын, әсіресе күн ішінде балаларға эмоционалдық реттелудің қажеттілігі үшін керек екенін айтады. Бірнеше әңгімелесуде педагогтар ашық ауадағы немесе ірі моторлы ойын реттеуші «қайта бастау» қызметін атқарады деп сипаттады, содан кейін балалар құрылымдалған іс-әрекеттер мен құрдастарымен қарым-қатынасқа неғұрлым тыныш қайта араласады деп баяндайды. Педагогикалық бақылауларда ойын іс-әрекетінің эмоционалдық дамуды сәтті қолдауымен тұрақты байланысты кейбір шарттарда түйіседі.


Біріншіден, дамытушы заттық-кеңістіктік ортаның сапасы мен икемділігі айтарлықтай маңызды: балаларға өз ойындарын таңдау мен құрылымдауда белгілі бір дербестік беретін, түрлі және қолжетімді ойын материалдары бар топтар материалдары шектеулі немесе қатаң түрде ересектер бақылайтын топтарға қарағанда неғұрлым бай, ұзаққа созылатын әлеуметтік-драмалық ойынды тудырады деп сипатталады, бұл эмоционалдық жаттығуға сәйкесінше көбірек мүмкіндіктер береді.

Екіншіден, ойын кезіндегі тәрбиешінің эмоционалдық ұстанымы шешуші фактор ретінде қайта-қайта аталады. Мұқият бақылаушы және кездейсоқ жәрдемдесуші ретінде өзін ұстанатын — эмоцияларды атап, қақтығысты реттеуге немесе ойын сценарийін жайлап кеңейтуге араласатын, бірақ оның бағытын өз қолына алмайтын — педагогтар ойыннан толығымен шығатын немесе оны алдын ала белгіленген нәтижеге тым қатаң бағыттайтын педагогтарға қарағанда балалардың эмоционалдық қатысуында неғұрлым өнімді нәтижелермен байланысты.

Үшіншіден, талқыланған нормативтік талаптарға сай, ойынға арналған уақытты қорғайтын тұрақты және болжамды күнделікті тәртіп бар. Бұл балалардың неғұрлым ұзақ, үздіксіз ойындарға қатысу мүмкіндігі азаяды деген болжамға әкеледі.

Балаларды ерте дамыту институты (ж.к.) жүргізетін мониторинг қорытындыларында балалардың «әлеуметтік-эмоционалдық дағдыларының дамуы» бойынша 3-5 жас аралығындағы балалардың ілгерілеу динамикасының соңғы 3 жылдағы көрсеткіші орташа есеппен 15,7% құрайды. Күнделікті бұл жұмыстар қаншалықты тиянақты жоспарланатынын талдау үшін Балаларды ерте дамыту институтының 2021 жылы 30% балабақшалардың үлесін қамтып жасаған мониторинг қорытындыларын алып қарадық. Мониторинг арқылы балабақшада күнделікті қолданылатын ойын түрлері туралы ақпарат жиналған. Деректердің сенімділігі жоғары деп санаймыз. Нәтижелерін 1 – диаграммада көрсетіп отырмыз.

Диаграммадан дидактикалық (~18%) және қимыл-қозғалыс ойындарының (~15%) қолданылу жиілігінің жоғары екені көрінеді. Стандартта көзделген ұйымдастырылған оқу іс-әрекеттерін мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес іске асыру керектігін алға тартсақ, дәстүрлі дидактикалық ойындардың таңдалуын түсіндіре аламыз. Тағы, балабақшадағы режимдік сәттерде (ертеңгілік жаттығу, екі мезгіл серуен, сауықтыру шаралары, дербес іс-әрекет) балалар белсенді қимылды ойындарды ойнайды. Диаграммада көрсетілген басқа да ойын түрлерінің аз қолданылуы, өкінішке орай баланың бастамаларын қолдайтын мүмкіндіктердің жасала бермейтінін көрсетіп тұр. Бұл мәселенің бір шешімі ретінде, балаға таңдау мүмкіндігі бар, қызығушылық аймақтары қарастырылған дамытушы заттық-кеңістіктік ортаны ұйымдастыруда соңғы 3 жылдың көлемінде тәжірибе жинақтаған 202 балабақша жанындағы Құзіреттілік орталықтары Балаларды ерте дамыту институтының қолдауымен өздерінің үздік тәжірибелерін таратып келеді. Әлі де, сауалнама қорытындылары ойынның көбіне педагогтардың бастамасымен таңдалатынын көрсетеді.



1-диаграмма. Апта ішінде балабақшада ойналатын барлық ойын түрлерінің үлестік көрсеткіші (2021)

Бақылаулардан бірнеше қайталанатын қиындық анықталады. Бірінші және жиі аталатын қиындық уақыт тапшылығына қатысты: педагогтардың хабарлауынша, бір-бірімен бәсекелес оқу бағдарламалық талаптар мен өлшенетін танымдық немесе мектепалды нәтижелерге басымдық беру қажеттілігі, нормативтік құжаттарда ойынның ресми түрде қорғалған мәртебесіне қарамастан, іс жүзінде ойын кезеңдерінің қысқаруына, үзілуіне немесе құрылымдалған сабақтарға қарағанда төмен басымдыққа ие болуына әкеледі.

Екінші қиындық кәсіби дайындыққа қатысты. Педагогтар ойынды эмоционалдық даму үшін саналы түрде пайдалану қабілетіне деген сенімділіктерінің танымдық немесе тілдік даму мақсаттары үшін пайдалану қабілетіне қарағанда төмен екенін жиі хабарлайды; ойын кезіндегі эмоционалдық делдалдық — қиналудың, оқшаулаудың немесе реттелудің бұзылуының нәзік белгілерін тану және баланың дербестігін бұзбай тиісті түрде араласу — құрылымдалған дайындыққа дейінгі немесе жұмыс барысындағы оқытудан гөрі негізінен тәжірибе арқылы алынатын дағды ретінде сипатталады.

Үшінші қиындық топтағы бала санына және ресурстық шектеулерге қатысты, әсіресе әр балаға шаққандағы педагог саны біреу болған жағдайда, онда топтағы әрбір балаға ойында тұрақты, мұқият жәрдемдесу логистикалық тұрғыдан қиынға соғады, ал педагогтар оңай бақылауға болатын, бірақ эмоционалдық тұрғыдан жұтаңдау іс-әрекет түрлеріне ауысатынын хабарлайды.

Соңында, кейбір баяндаулар іс жүзінде шынымен балаға бағытталған ойын мен ересектердің нақты даму нәтижелеріне жету үшін соншалықты қатты құрылымдайтындығы, оның Выготский (1966) мен Эльконин (1978) анықтаған эмоционалдық пайдасының көзі болатын ерікті, ішкі мотивацияланған сипатын жоғалтқан ойынмен арасындағы шекараны айырудың қиындығын сипаттайды. Педагогтар кейде тиімді жәрдемдесу мен шамадан тыс бағыттаудың арасындағы шекараның қайда жатқанына қатысты негізгі белгісіздікті сипаттайды, әсіресе өлшенетін даму үлгерімін көрсету қажеттілігінің институционалдық қысымы жағдайында: ойын іс-әрекеті нақты, есеп берілетін нәтиже алу үшін алдын ала қаншалықты жобаланса, ол Выготский мен Эльконин оның дамыту күшінің көзі ретінде анықтаған ерікті сипатты және ережелерді ішінара қабылдау қасиеттерін жоғалту қаупі соғұрлым артады. Есеп беру қысымы мен шынайы ойынды сақтау арасындағы бұл шиеленіс — Қазақстанда да, өзге жерлерде де қазіргі мектепке дейінгі практикада кезігетін неғұрлым нәзік, бірақ айтарлықтай маңызды қиындықтардың бірі болып көрінеді. Мысалы, Балаларды ерте дамыту институтының (ж.к.) мониторинг нәтижелері балалардың эмоциялық дамуындағы келесі қиындықтарға назар аударудың қажеттігін көрсетеді. Нәтижелер негізінен балалардың белсенділігі мен қызығушылығын бағалау, ішкі сезімдерін

шығаруын, қоршаған ортамен әлеуметтік қарым-қатынасқа эмоционалды жауап беруін бағалау көрсеткіштеріне негізделіп алынды (1-кестеде).

1-кесте. Мониторинг нәтижесінде анықталған баланың эмоциялық дамуындағы тәуекелдер

Жас кезеңі	*Негізгі қиындықтар*	*Эмоциялық дамуға әсері*
1 жас	21,9% – пассивті, қызығушылық таныпайды; 18,3% – әнге, сөзге, ойынға жауап бермейді; 17,6% – қоршаған ортаға қызықпайды	Эмоциялық реакцияның әлсіздігі, ересекпен байланыс орнатуға қызығушылықтың төмендігі
2 жас	17,3% – сөйлеуі дамымаған; 15,9% – өзін-өзі қызмет ету дағдылары әлсіз; 15,7% – жаңа заттарға қызықпайды	Өзіне сенімсіздік, эмоцияны сөзбен жеткізе алмау
3 жас	14,3% – сөйлеуі дамымаған; 13,2% – сюжет құра алмайды; 11,9% – қауіпсіз мінез-құлық дағдылары әлсіз	Эмоцияны тану мен басқарудағы қиындықтар
4 жас	13,9% – сөйлем құра алмайды; 11,7% – ойын ережесін сақтай алмайды; 11,6% – зерттеуге қызықпайды	Қарым-қатынасқа түсу мен эмоцияны реттеу әлсіз
5 жас	12,4% – байланыстырып сөйлеуі дамымаған; 11,7% – шығармашылық әрекетте қиналады; 10,1% – себеп-салдарды түсінбейді	Өзінің еркін білдіру, эмоционалдық өзін-өзі реттеу жеткіліксіз

Кестедегі мәліметтерде эмоциялық даму тапшылығының негізгі белгілерін және оған себеп болып отырған баланың дамуындағы қиындықтарды келтірдік. Ерте жаста байқалған қиындықтар кейінгі кезеңде әлеуметтік бейімделу мен мінез-құлық мәселелеріне ұласып кетпеу үшін алдын алу қажет және жүйелі педагогикалық қолдауды талап етеді.

Қазіргі таңда мектепке дейінгі ұйымдарда ойын аймақтарын дұрыс ұйымдастыруды үйретіп, баланың эмоциялық жайлы атмосферадағы дамуына жағдай жасау үшін Балаларды ерте дамыту институты тарапынан әдістемелік сүйемелдеу жұмыстары әдістемелік кабинет әдіскерлерімен бірге жасалуда. Осы жасалып жатқан жұмыстардың ішіндегі педагогтардың практикасын әдістемелік жағынан сүйемелдеуде тиімділігі жоғары болып отырғандарының бірі - соңғы 3 жылда еліміздегі 202 балабақша жанынан құрылған құзіреттілік орталықтарының жинақтаған тәжірибесін тарату. Үздік тәжірибелерді жинақтау барысында тәрбиешілерге арналған ойын алаңын дамытушы заттық-кеңістіктік аймақтарға бөлу туралы нұсқаулықтар, әдістемелік ұсынымдар, бейнероликтер, курс барысында әдіскерлермен бірге диагностикалық бақылау парақшалары дайындалды. Маңыздысы, бұл құралдардың барлығы зерттеу негізіндегі талдау нәтижелеріне сүйеніп жасалғандығы және одан бөлек, құзіреттілік орталықтарының базасында педагогикалық процесті тікелей бақылау барысында алынған тұжырымдардың ескерілгендігі. Ойынды сапалы ұйымдастыруда ескеруді қажет ететін кейбір мәселелерге тәрбиешілер дер кезінде назар аудара бермейтінін педагогикалық бақылау нәтижелері көрсетіп отыр. Сонымен бірге, балабақша әдіскерлерінің режимдік сәттер мен ұйымдастырылған іс-әрекетті бақылаулары бойынша толтырған диагностикалық бақылау парақшаларындағы жазбаларын курс кезіндегі талдау да осыны дәлелдейді.

Жүргізілген зерттеулердің барысында менің өзім қатысқан педагогикалық бақылау кейстерімнен де осындай бірнеше мысалдарды көруге болады. Соның ішінде баланың қиялында пайда болған ойынның сюжетін сәтті жалғастырып кетуге кедергі болған бірнеше сәттерді атап өтуге болады.

1-кейс. Балабақшаның ересек тобында (4 жас) жүргізілген бақылау. Ойын аймағы жол белгілері, ойыншық көліктер, бағдаршам макеті, полиция атрибуттары (кепка, таяқша) арқылы жасақталған. Аталған аймаққа келген ер бала полиция кепкасын басына киіп, қолына таяқшасын алады. Бірақ бала бұл жерде ұзақ кідірмеді. Өйткені бағдаршам жерде жатты, ал ойыншық көліктер баланың қолы жетпейтін биікте жинаулы болды, арнайы жол, жол белгілері бар жолақтар жоқ еді. Бұл ойын аймағында дамытушы ортаның жеткілікті дәрежеде ұйымдастырылмағаны баланың ойындағы сюжетін жалғастыруға педагогикалық жағдайлардың толық жасалмағанын көрсетеді. Баланың қысқа мерзімді қызығушылығы ойын мазмұнының түсініксіздігімен, рөлдік әрекеттердің үлгісі ұсынылмауымен байланысты болуы ықтимал.

2-кейс. Бұл «педагог-бала» қарым-қатынасын сипаттайтын өте терең мазмұнды психологиялық кейс. Психолог маман мен 4 жастағы А. есімді, интеллектісі сақталған, аяқтарының төменгі монопарезі салдарынан арбада отыратын қыз баламен жүргізілген жеке сабақ барысында ерекше коммуникативтік жағдай бақыланды. Сабақ психологтың кабинетінде, көрнекіліктермен безендірілген ортада өтті. Психолог пен бала бір-біріне қарсы отырды. Сол сәтте алдына келген мұғаліміне назар аударған бала «Не болды? Сенде бәрі дұрыс па?» деп, бірінші болып сұрақ қойды. Бұл көрініс 4 жастағы бала мен ересек адамның арасындағы бір-біріне терең сенім мен жоғары эмпатияны көрсетеді. Бұл жағдаят маманның жеке тұлғаға бағытталған педагогикалық тәсілдерді ұзақ мерзімде жүйелі қолдануының жемісі болуы мүмкін. Гарвард Орталығының (n.d.) деректерінде эмоционалдық қолдау көрсетуде баланың эмоцияларына дер кезінде жауап беру нәтиже беретіні айтылады. Баланың еркін сұрақ қоюы, үлкен адамның эмоциясын түсініп оған жауап қатуы, оның эмоционалдық дағдыларының қалыптасқанын көрсетеді. Педагог пен бала арасындағы сапалы қарым-қатынаста эмоционалдық ашықтықтың орнағанын байқадық. Бұл кейс, білім алуда ерекше қажеттілігі бар интеллектісі сақталған балалардың психоэмоционалдық дамуы тиісті педагогикалық-пихологиялық қолдау көрсетілген жағдайда жоғары дәрежеге жететінін және эмоционалдық дағдыларының толықтай қалыптасатынын көрсетеді.

Талқылау. Эмоционалдық дағдылардың қалыптасуының түрлі модельдерін ұсынған ғалымдардың зерттеулері (П.Саловей, Д.Майер, 1997; Дж. Готтман, 2014) балада ерте жастан эмоцияны қабылдау, түсіну, реттеу, басқару дағдыларының дамуы мұқияттылықпен сүйемелдеуді талап ететінін дәлелдейді.

Д.Торрано мен әріптестерінің (2026) 2025 жылы Қазақстанның әртүрлі аймақтарындағы мектепке дейінгі ұйымдардан 4 пен 7 жас аралығындағы 316 баланың қатысуымен жүргізген зерттеуі ойынның бала үшін маңыздылығын көрсететін бірден бір дәлел болды. Бұл зерттеу жұмысының негізгі ерекшелігі баланың салған суреті, жазуы, әңгімелеуі арқылы алынған ақпараттарды жинақтаған және бұларды М.Селигманның PERMA-H әл-ауқатты бағалау моделі арқылы талдаған. Бізге, бұл деректерді Назарбаев университетінің жанында зерттеу қорытындыларын жариялауға байланысты ұйымдастырылған дөңгелек үстел отырысында зерттеу тобымен бірге талқылауға мүмкіндік болды. Зерттеу нәтижелерінен балалар үшін ойынның маңыздылығын анық көреміз, балалардың 97%-ы ойынды оларға қуаныш сыйлайтын әрекет деп бағалаған. Соның ішінде, ойын түрлері бойынша бүлдіршіндердің 43%-ы сюжеттік-рөлдік ойындар мен өз қиялынан туындаған еркін ойындарды ойнағанды жақсы көретінін айтқан. Мұндай таңдауды, осы ойын түрлерінің балаларға өз эмоцияларын еркін шығаруға, достарымен коммуникативтік қарым-қатынас орнатуға мүмкіндік беретінімен түсіндіруге болады деген пікірдеміз. Сондай-ақ балалардың 32%-ның топтық қимыл-қозғалыс ойындарын ұнамды деп жауап беруі де олардың өзге балалармен ортақ тіл табысуға ұмтылатынын білдіреді. Әсіресе рөлдік және ережесі бар ойындар баланың өзіне жауапкершілік алуы арқылы оның өз эмоцияларын құрдастарымен қарым-қатынас барысында түсінуіне, реттеуіне, басқаруына ықпал етеді. Балалардың 64%-ның өздерінің әлеуметтік әл-ауқатын достарымен байланыстыруы олардың алдағы уақытта да достарымен бірге ойнау үшін түсіністікті сақтап қалуға ұмтылысын көрсетеді. Бұл - позитивті эмоционалдық қарым-қатынасты нығайтады. Зерттеу тобы балалардың пікірлерін «жалғыз ойнау қызықты болмайды» деген сияқты балалардың қарапайым жауаптарынан жинақтаған, бірге ойнау қуаныш сыйлайтыны балалардың жауаптарынан анық көрінеді. Балалар мерекелер мен түрлі шараларда достарымен бірге ойнаған уақыттарын ең қуанышты сәттері деп бағалаған. Бұл да ойынның бала үшін мәні бар маңызды әрекет екенін дәлелдейді. Бұдан біз ойын педагогикалық практикада баланың эмоционалдық дамуын сүйемелдеу құралы бола алатынына көз жеткіземіз. Бірақ, баланың эмоционалдық дамуын мақсатты сүйемелдеу барысында педагогтың кәсіби шеберлігі қажет. М. Жұмабаевтың сөзімен айтқанда «жалқы, һәм жалпы ойын. Осылардың қайсымен болса да ойнап отырған баланың ойынын бақылауға тәрбиеші міндетті. Бірақ бақылаймын деп бүлдіріп алма. Егер баланың ойынына қатысқың келсе, бала болып қатыс.

Бала сенің ержеткен адам екеніңді сезбейтін дәрежеде болсын» (Жұмабаев, 2013, 97-б.). Зерттеудегі деректердің тағы бірқатары өзін қоршаған ортаның бала үшін қаншалықты маңызды екенімен байланысты. Балалардың 69%-ы ойын алаңдары мен ойын бөлмелерінде ойнағанды жақсы көретінін айтса, 63%-ы табиғатта, ашық алаңдарда ойнағанды ұнатады, екеуі де ұнайтынын атағандары бар. Д. Торрано мен оның әріптестерінің (2026) зерттеуіндегі бала үшін ойынның маңызы барының дәлелденуі біздің зерттеуіміздің өзектілігін ашады.

С.Жиенбаева мен оның әріптестерінің (2025) жүргізген зерттеу нәтижелері баланың ішкі эмоциялық сезімдерін сөзбен жеткізудегі рөлдік ойындардың, сюжеттік суреттерді сөйлету тәсілдерінің тиімділігін қарастырады. Деректерді біз педагогикалық эксперимент құралдарын әзірлеуде ескердік. Рөлдік ойындардың барысында түрлі эмоциялық жағдайларды бала өз бойынан өткізгенде өз эмоцияларын түсініп, оларды сөзбен сипаттап, атауға үйренеді («мен қорықтым», «мен қуандым», «мен ренжідім» т.б.)

Зерттеуіміздің барысында педагогтармен сауалнама жүргіздік. Ондағы мақсатымыз: педагогтардың баланың эмоционалдық көңіл-күйін қаншалықты түсінетінін және ұйымдастырылған іс-әрекетті ойын арқылы жоспарлауда қаншалықты ескеретінін анықтау. Сауалнама сұрақтарына жауап берген кездегі деректердің шынайы болуы үшін қарсы мағыналы сұрақтарды қамтыдық. Сауалнамаға жауап берген 11 783 педагогтың 93,8% — ы баланың эмоционалдық дағдыларын ерте жастан дамыту қажет деп санайды. Бірақ осы мәселені теориялық жағынан түсіну мен оны іс жүзінде ескеріп, жоспарлаудың арасында айырмашылық үлкен екенін келесі кестелерде көрсеттік.

2-кесте. Сауалнама қорытындысы бойынша анықталған теорияны мен практика арасындағы айырмашылықты талдау нәтижесі

(GAP-талдау)

Көрсеткіш	*Болуы тиіс*	*Нақты жағдай*	*Алшақтық*
Эмоциялық дағдыларды дамытушы ойындар	≥ 30 %	7 %	−23 %
Релаксациялық ойындар	≥ 20 %	3 %	−17 %
Әдістемелік қамтамасыз ету	Жеткілікті	25,3 % тапшылық	Айқын
Мамандардың арнайы даярлығы	Жүйелі	34,3 % сұраныс	Жеткіліксіз

3-кесте. Педагогтердің шынайы қиындықтары (терең интерпретация)

Ресми көрсетілген	*Терең себеп*
Балалардың жеке ерекшеліктері (49,4 %)	Дифференциация әдістерін меңгермеу
Әдістемелік материалдың аздығы (25,3 %)	Бірыңғай, құрылымдалған құралдың жоқтығы
Уақыттың жетіспеуі (20,4 %)	Баланы эмоциялық дамыту бағытындағы жұмыстың жоспарға кірмеуі

Әдіскерлерге мониторинг нәтижелеріне сүйеніп, педагогтарға күнделікті ойын арқылы көрінетін балалардың қалыптасып келе жатқан эмоционалдық дағдыларын оларға елеусіз түрде, бағаламай бақылап қадағалауға мүмкіндік беретін қарапайым, практикалық бақылау құралдарын әзірлеуді ұсынар едік. Мұндай ресурстар ата-аналарға да ұсынуға жарамды көмекші құрал болар еді. Бұл ойынды бағалау жаттығуына айналдырмай, балаға қолдау көрсетіп, көмектесуге қажет деп санаймыз.

Қорытынды. Қазақстандық мектепке дейінгі білім берудің нормативтік базасын талдауға және тәжірибелі педагогтардың педагогикалық бақылауларының синтезіне сүйене отырып, ойын іс-әрекеті мектеп жасына дейінгі балалардың эмоционалдық құзыреттілігін — эмоционалдық дағдыны, эмоционалдық білімді және эмоцияны реттеуді, сондай-ақ сапалы әлеуметтік өзара әрекеттесудің негізінде жатқан эмпатия қабілетін — дамытудың негізгі механизмдерінің бірі екені дәлелденді.

Қазақстандық нормативтік базадағы № 249 және № 137 Үкімет қаулылары, № 348 және № 499 министрлік бұйрықтары және олардың 2022 жылғы 14 қазандағы өзгертуі арқылы (№ 422 бұйрық) ойын баланың жетекші іс-әрекеті ретінде ресми қабылданған. Тиісінше, қауіпсіз жайлы дамытушы заттық-кеңістіктік ортаны ұйымдастыру қарастырылған. Осы зерттеуде анықтағанымыздай, негізгі қиындықтар ресми нормативтік шектеулерде емес, оның күнделікті практикаға ауысуында болып тұрғаны байқалады. Уақыттың жеткіліксіздігі, эмоционалдық қолдау көрсетуге келгенде кәсіби дайындықтың аздығы және ресурстық шектеулер ойынды эмоционалдық дамудың құралы ретінде шебер пайдалану дәрежесін төмендетіп отыр.

Дамытушы ортаны қалай жобалау керектігіне (қатаң, бір мақсатты орналастыруға қарағанда икемділік пен балалардың дербестігіне басымдық беру) және педагогтарды кәсіби тұрғыдан қалай дайындау керектігіне (араласпаудан немесе шамадан тыс бағыттаудан гөрі жәрдемдесуші, эмоционалдық жағынан мұқият қолдауға басымдық беру) назарымызды аударады.

Осы зерттеудің шектеулерін атап өткен жөн. Педагогикалық бақылау компоненті шынайы практикалық тәжірибеге негізделгенімен, стандартталған өлшеу құралынан алынған емес, сапалы және сипаттамалық сипатта, сондықтан нәтижелер статистикалық жалпыланатын нәтижелер емес, гипотезалар туындату және кәсіби даму басымдықтарын болжау ретінде қаралуы керек.

Біз мектепке дейінгі педагогтардың кәсіби өсуін нығайту — атап айтқанда, олардың икемді, дербестікті қолдайтын ойын ортасын жобалау және балалардың ойын кезіндегі эмоционалдық тәжірибесіне сезімталдықпен әрі ұстамдылықпен көмектесе алу қабілеті болашақтағы практика мен саяси басымдылықтың ең перспективалы бағыты болып табылады деген қорытындыға келеміз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

Балаларды ерте дамыту институты. (ж.к.). Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту мониторингі. https://irrd.kz/page/read/Monitoring.html (қаралды: 22.01.2026)

Жиенбаева, С. Н., Адамова, М. Е., Сағалиева, Ж. К., & Ерманова, М. Н. (2025). Мектеп жасына дейінгі балалардың тілін дамыту теориясы мен практикасы: Монография. Бика. https://irrd.kz/sites/irrd.kz/uploads/docs/2025/12/1705.pdf

Жұмабаев, М. (2013). Шығармалары (С. Жұбаниязов, құраст.; II тарау, 75–78 б.). Жазушы.

Ибрагимова, Г., & Саттыбаева, Р. (2024). Практикаға бағдарланған тәсіл. Өрлеу. Үздіксіз білім жаршысы.

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі. (2022). Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты (Бұйрық № 348). Астана.

Қазақстан Республикасы Үкіметі. (2021). Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделі (Қаулы № 137). Астана.

Қазақстан Республикасы Үкіметі. (2023). Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023–2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы (Қаулы № 249, 28 наурыз). https://adilet.zan.kz/rus/docs/P2300000249 (қаралды: 25.02.2026)

Құлжанова, Н. (2014). Мектепке дейінгі тәрбие. Жинақта: Шығармалары (16–49 б.). Ана тілі.

Эльконин, Д. Б. (1978). Психология игры. Педагогика.

Gottman, J. (2014). Raising an emotionally intelligent child. Simon & Schuster.

Center on the Developing Child at Harvard University. (n.d.). Home. https://developingchild.harvard.edu/homepage/ (retrieved 22.01.2026)

Heckman, J. J. (2012). The developmental origins of health. Health Economics, 21(1), 24–29. https://doi.org/10.1002/hec.1802

Hernández-Torrano, D., Ibrayeva, L., Sergazina, M., Burambayeva, A., Kulsary, A., Vella-Brodrick, D., & Eadie, P. (2026). What makes young children happy? Exploring well-being through children's perspectives in early childhood education. Early Childhood Education Journal, 54(4), 2911–2928. https://doi.org/10.1007/s10643-025-02081-9

Kiikova, G., Bektemirova, A., Ramazanova, A., Issina, Zh., & Chukurova, S. (2024). Quality of early childhood education and care in Kazakhstan: The first nationwide study. Educational Studies Moscow, 2024(3), 67–87. https://doi.org/10.17323/vo-2024-16870

Panksepp, J. (1998). Affective neuroscience: The foundations of human and animal emotions. Oxford University Press.

Piaget, J. (1951). Play, dreams and imitation in childhood. Routledge & Kegan Paul.

Russ, S. W. (2004). Play in child development and psychotherapy: Toward empirically supported practice. Lawrence Erlbaum Associates.

Salovey, P., & Mayer, J. D. (1997). Emotional development and emotional intelligence. BasicBooks.

Shonkoff, J. P., & Phillips, D. A. (Eds.). (2000). From neurons to neighborhoods: The science of early childhood development. National Academies Press. https://pubmed.ncbi.nlm.nih.gov/25077268/

Vygotsky, L. S. (1966). Play and its role in the mental development of the child. Voprosy Psikhologii, (6), 62–68.

References:

Balalardy erte damytu instituty. (n.d.). Mektepke deiıngı tärbie men oqytu monitoriñı [Monitoring of preschool upbringing and education]. https://irrd.kz/page/read/Monitoring.html (accessed January 22, 2026)

Jienbaeva, S. N., Adamova, M. E., Sağalieva, J. K., & Ermanova, M. N. (2025). Mektep jasyna deiıngı balalardyñ tılın damytu teoriasy men praktikasy: Monografia [Theory and practice of language development in preschool-age children: Monograph]. Bika. https://irrd.kz/sites/irrd.kz/uploads/docs/2025/12/1705.pdf

Jūmabaev, M. (2013). Şyğarmalary [Works] (S. Jūbaniazov, Ed.; Vol. II, pp. 75–78). Jazuşy.

İbragimova, G., & Sattybaeva, R. (2024). Praktikağa bağdarlanğan täsıl [A practice-oriented approach]. Örleu. Üzdıksız bılım jarşysy [Orleu. Continuous Education Herald].

Qazaqstan Respublikasy Oqu-ağartu ministrlıgı. (2022). Mektepke deiıngı tärbie men oqytudyñ memlekettık jalpyğa mındettı standarty [State mandatory standard for preschool upbringing and education] (Order No. 348). Astana.

Qazaqstan Respublikasy Ükımetı. (2021). Mektepke deiıngı tärbieleu men oqytudy damytu modelı [Model for the Development of Preschool Upbringing and Education] (Resolution No. 137). Astana.

Qazaqstan Respublikasy Ükımetı. (2023). Qazaqstan Respublikasynda mektepke deiıngı, orta, tehnikalyq jäne käsıptık bılım berudı damytudyñ 2023–2029 jyldarğa arnalğan tūjyrymdamasyn bekıtu turaly [On approval of the Concept for the Development of Preschool, Secondary, Technical and Vocational Education in the Republic of Kazakhstan for 2023–2029] (Resolution No. 249, March 28). https://adilet.zan.kz/rus/docs/P2300000249 (accessed February 25, 2026)

Qūljanova, N. (2014). Mektepke deiıngı tärbie [Preschool upbringing]. In Şyğarmalary [Works] (pp. 16–49). Ana tılı.

El'konin, D. B. (1978). Psikhologiya igry [Psychology of play]. Pedagogika.

Gottman, J. (2014). Raising an emotionally intelligent child. Simon & Schuster.

Center on the Developing Child at Harvard University. (n.d.). Home. https://developingchild.harvard.edu/homepage/ (accessed January 22, 2026)

Heckman, J. J. (2012). The developmental origins of health. Health Economics, 21(1), 24–29. https://doi.org/10.1002/hec.1802

Hernández-Torrano, D., Ibrayeva, L., Sergazina, M., Burambayeva, A., Kulsary, A., Vella-Brodrick, D., & Eadie, P. (2026). What makes young children happy? Exploring well-being through children's perspectives in early childhood education. Early Childhood Education Journal, 54(4), 2911–2928. https://doi.org/10.1007/s10643-025-02081-9

Kiikova, G., Bektemirova, A., Ramazanova, A., Issina, Zh., & Chukurova, S. (2024). Quality of early childhood education and care in Kazakhstan: The first nationwide study. Educational Studies Moscow, 2024(3), 67–87. https://doi.org/10.17323/vo-2024-16870

Panksepp, J. (1998). Affective neuroscience: The foundations of human and animal emotions. Oxford University Press.

Piaget, J. (1951). Play, dreams and imitation in childhood. Routledge & Kegan Paul.

Russ, S.W. (2004). Play in child development and psychotherapy: Toward empirically supported practice. Lawrence Erlbaum Associates.

Salovey, P., & Mayer, J.D. (1997). Emotional development and emotional intelligence. BasicBooks.

Shonkoff, J.P., & Phillips, D.A. (Eds.). (2000). From neurons to neighborhoods: The science of early childhood development. National Academies Press. https://pubmed.ncbi.nlm.nih.gov/25077268/

Vygotsky, L.S. (1966). Play and its role in the mental development of the child. Voprosy Psikhologii, (6), 62–68.

ҒТАХР 14.25.07 https://doi.org/10.51889/2959-5762.2026.91.3.037

В.Т.Арыстангалиева, [1] А.С. Стамбекова, [1] Ж.Г.Байгалиева [2]*
[1]Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қ, Қазақстан
[2]Махамбет Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті, Орал қ.,Қазақстан

БАСТАУЫШ БІЛІМ БЕРУДЕ DIGITAL STORYTELLING ТЕХНОЛОГИЯСЫН ҚОЛДАНУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Аңдатпа

Цифрлық білім берудің қарқынды дамуы білім беру саласына ауқымды өзгерістер енгізуде. Білім берудегі цифрлық өзгерістер білім беру мен оқыту инновациялық технологияларды тиімді қолдануға жол ашады. Осыған байланысты бұрыннан келе жатқан дәстүрлі педагогикалық тәсілдерді мультимедиялық құралдармен біріктіруге мүмкіндік беретін әдістерге қызығушылық артуда. Солардың бірі отандық білім беру үдерісінде қолданысқа енді еніп келе жатқан Digital storytelling технологиясы. Цифрлық әңгімелерді жасауда сурет, бейнематериал, анимация және басқа да мультимедиялық элементтерді қолдану – бұл әдістің негізгі ерекшелігі деуге болады. Мақаланың мақсаты: бастауыш білім беруде Digital Storytelling технологиясын қолдануға арналған эмпирикалық зерттеулерге жүйелі шолу жүргізу, әлемдік және отандық зерттеулерді салыстырмалы талдау негізінде Қазақстандағы бастауыш білім беру сатысында Digital Storytelling технологиясын қолданудың өзіндік ерекшеліктерін айқындау. Зерттеуде 2015-2025 жылдар аралығында жарияланған бастауыш білім беруде Digital storytelling әдісін қарастырған 35 эмпирикалық зерттеулерге жүйелі шолу жасалынды. Ғылыми еңбектер халықаралық Scopus, ERIC (Education Resources Information Center) және Google Scholar дерекқорларынан алынды.

Түйінді сөздер: Digital storytelling, цифрлық әдістер, мультимедиялық элементтер, бастауыш білім беру, инновациялық педагогикалық тәсіл, XXI ғасыр дағдылары.

Арыстангалиева В.Т., [1] Стамбекова А.С., [1] Байгалиева Ж.Г. [2]*
[1]Казахский национальный педагогический университет имени Абая, г. Алматы, Казахстан
[2]Западно Казахстанский университет имени Махамбета Утемисова, г.Уральск, Казахстан

ОСОБЕННОСТИ ИСПОЛЬЗОВАНИЯ ТЕХНОЛОГИИ DIGITAL STORYTELLING В НАЧАЛЬНОМ ОБРАЗОВАНИИ

Аннотация

Стремительное развитие цифрового образования вносит масштабные изменения в сферу образования. Цифровые изменения в образовании открывают путь к эффективному использованию инновационных технологий в образовании и обучении. В связи с этим растет интерес к методам, которые позволяют интегрировать давние традиционные педагогические подходы с мультимедийными средствами. Одна из них - Digital storytelling, которая только внедряется в отечественный образовательный процесс. Основная особенность этого метода - использование изображения, видео, анимации и других мультимедийных элементов при создании цифровых историй. Цель статьи: систематический обзор эмпирических исследований по применению технологии Digital Storytelling в начальном образовании, выявление специфических особенностей применения технологии Digital Storytelling в начальном образовании Казахстана на основе сравнительного анализа мировых и отечественных исследований. В исследовании был проведен систематический обзор 35 эмпирических исследований, в которых рассматривался метод Digital storytelling в начальном образовании, опубликованный в период с 2015 по 2025 год. Научные труды взяты из международных баз данных Scopus, ERIC (Education Resources Information Center) и Google Scholar.

Ключевые слова: digital storytelling, цифровые методы, мультимедийные элементы, начальное образование, инновационный педагогический подход, навыки 21 века.

Arystangaliyeva V., [1*] *Stambekova A.,* [1] *Baigaliyeva Zh.* [2]
[1]*Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan*
[2]*Makhambet Utemisov West Kazakhstan University, Oral, Kazakhstan*

FEATURES OF USING DIGITAL STORYTELLING TECHNOLOGY IN PRIMARY EDUCATION

Abstract

The rapid development of digital education is making large-scale changes in the field of education. Digital changes in education pave the way for the effective use of innovative technologies in education and training. In this regard, there is a growing interest in methods that make it possible to integrate long-standing traditional pedagogical approaches with multimedia tools. One of them is Digital storytelling, which is just being introduced into the domestic educational process. The main feature of this method is the use of images, videos, animations and other multimedia elements when creating digital stories. The purpose of the article: to conduct a systematic review of empirical research on the use of Digital Storytelling technology in primary education, to identify specific features of the use of Digital Storytelling technology in primary education in Kazakhstan based on a comparative analysis of world and domestic research. The study carried out a systematic review of 35 empirical studies that considered the digital storytelling method in Primary Education, published between 2015 and 2025. Scientific papers were obtained from the international databases Scopus, ERIC (Education Resources Information Center) and Google Scholar.

Keywords: digital storytelling, digital methods, multimedia elements, primary education, innovative pedagogical approach, 21st century skills.

Кіріспе. Әңгімелеу ғасырлар бойы адамзат мәдениетінің бір бөлігі болып келді. Ол тәжірибе, үлгі-өнеге және салт-дәстүрді өскелең ұрпаққа үйрету әдісі ретінде қолданылып келеді. Бұл әдіс тыңдаушының санасын оятып, жаңа білімді үйретіп қана қоймай, оған эмоционалды тұрғыда жағымды әсер етеді. Сол себепті ол оқу үдерісінде жиі қолданылып тұрады. Алайда бүгінгі күні әңгімелеу әдісін құрастыруда және қолдануда айқын өзгерістер орын алуда. Әңгімелеуді цифрлық технологиялармен біріктіру оқушылардың белсенділігін жоғарылатып, оқу үлгеріміне оң ықпал ететіндігі байқалуда. Бұған негізгі себеп Digital storytelling тәсілін қолданғанда әңгіме әсерлі және түсінікті бола түседі. Оған қоса білім беру үдірісінде оны мұғалімдер де, білім алушылар да қолдана алады. Мұғалім оқу материалын баяндаудың сапасын жақсартса, білім алушылар өз идеялары мен тәжірибелерін цифрлық форматта ұсынады және басқалармен онлайн платформалар арқылы бөлісе алады.

Әдебиеттерді талдай отырып, Digital storytelling білім алушылардың оқу үлгерімі мен мотивациясына, тілдік дағдыларды дамытуға және 21 ғасыр дағдыларын жетілдіруге көмектесетінін анықтадық. Мәселен, (Barrett, 2006) Digital storytelling – тің оқушылардың өз ойларын эмоционалды түрде жеткізуге ынталандыратынын айтқан. (Sadik, 2008) бұл тәсіл оқушыларды қызықтырумен қатар оларды қиялдауға және жаңаша ойлауға үйретететінін дәлелдеген. Ал оның білім алушылардың 21 ғасыр құзыреттерін қалыптастыруға мүмкіндік беретінін (Foley, 2013) дәлелдеген. Біз болашақта өз зерттеуімізде осы 21 ғасыр дағдыларының бірі креативті ойлауға ықпалын қарастыратын боламыз. Себебі Digital storytelling тәсілінің орта және жоғары сынып оқушыларының креатиâті ойлауына ықпалын зерттеген еңбектер бар. Бірақ білімнің негізі қаланатын бастауыш білім сатысында бұл тәсілдің креативті ойлауға ықпалын қарастырған еңбектер аз деуге болады.

Бастауыш білім беруде Digital storytelling технологиясын қолданған эмпирикалық зâрттеулерге жүйелі шолу жүргізіп, Қазақстандағы бастауыш білім беруде оны қолданудың ерекшеліктерін айқындау біздің *зерттеуіміздің мақсаты* болып отыр. Бұл мақалада 2015-2025 жылдар аралығында бастауыш білім беру саласында Digitl storytelling -ті қарастырған Scopus, ERIC және Google Scholar дерекқорларында жарияланған эмпирикалық зерттеулер қамтылды. Аталғау жылдары Digital storytelling тәсілін бастауыш білім беруде қолдануын қарастырған, оның әлемдік және Қазақстандық бастауыш білім беруде қолдану ерекшеліктерін салыстырған зерттеулер анықталмады. Бұл зерттеудің *ғылыми жаңалығын* айқындайды.

Жүйелі шолуға ғылыми журналдарда 2015-2025 жылдар аралығында жарияланған 35 жұмыс таңдалды.

Жүйелі шолуда келесі зерттеу сұрақтарына жауап беру көзделді:

1. 2015-2025 жылдар аралығында бастауыш білім беруде Digital storytelling тәсіліне арналған зерттеулердің жариялану динамикасы қандай?

2. 2015-2025 жылдар аралығында бастауыш білім беруде Digital storytelling тәсілін қарастырған ғылыми еңбектердің зерттеу бағыттары қандай?

3. 2015–2025 жылдар аралығында бастауыш білім берудегі Digital storytelling-ке арналған эмпирикалық зерттеулердің әдіснамалық ерекшеліктері қандай?

4. Қазақстандық бастауыш білім беруде Digital Storytelling технологиясын қолданудың ерекшеліктері қандай?

Әдебиеттік шолу. Әлемдік педагогикада Digital storytelling көп жағдайда үш мақсатта қолданылады. Біріншіден, бастауыш сынып оқушыларының 21 ғасыр дағдыларын дамыту болса, екіншіден академиялық үлгерімін арттыру және үшіншіден тілдік дағдыларын жетілдіру мақсатында жиі қолданылатыны байқалады. Мысалы, (Barrett, 2006) өз зерттеуінде Digital storytelling оқушылардың білім алуына оң ықпал етеді, себебі ол білім алушылардың өз идеяларын ерекше тәсілмен жеткізуге және оқу үдерісін тиімді ұйымдастыруға түрткі болады деген. Ал келесі тұжырым бойынша, Digital storytelling әдісін қолдану оқушыларды жаңаша ойлауға ынталандырады және өз оқиғаларын қиял элементтерін қолдана отырып ұсынуға ықпал етеді (Sadik, 2008). (Kajder, 2010) бойынша Digital storytelling білім алушылардың жоғары деңгейлі когнитивті дағдыларды жетілдіруде тиімді құрал екенін дәлелдеген. Білім беруде Digital storytelling – ті қолдануды терең зерттеген танымал американдық ғалым (Ohler, 2013) «Digital storytelling in the classroom» еңбегінде егер оқушылардың креативті ойлауын олардың коммуникативтік және мәселені шешу қабілеттерін ұштастыра отырып ынталандыру басты мақсат болса, онда осы мақсатқа жетудің тиімді жолы – Digital storytelling екенін дәлелдеп берді.

Бастауыш білім беруде Digital storytelling – ті қолдануды зерттеген (Smeda et al, 2014) пайымдауынша, бұл әдістің бастауыш сынып оқушыларына тиімді болуының басты себебі - оқу үдерісінің тартымды әрі қызықты болуы. Бұл осы саладағы белгілі зерттеуші (Robin, 2016) тұжырымына ұқсас келеді. Оның пайымдауынша, бүгінгі жас ұрпақ технологиялық тұрғыдан анағұрлым білімді, олар компьютерді пайдалану арқылы жүзеге асырылатын әрекеттерге барған сайын белсендірек қатысуда; тіпті өте жас балалардың өзі цифрлық әңгімелер сияқты компьютерлік негіздегі материалдарды жасауға қызығушылық танытып, оған ынталана қатысады.

Бұл тұжырым (Elahi A. N. et al., 2015)пікірімен тұспа-тұс келеді. Олар өз зерттеулерінде дәстүрлі оқытудан цифрлық оқыту ортасына көшу жағдайында Digital storytelling оқушылардың оқу үлгерімінің жоғарылауына әкелетінін анықтаған. Бұл тек ағылшын тілі, тарих сияқты гуманитарлық пәндерде ғана емес, математика, жаратылыстану, қоғамтану пәндерінде де оқушылардың ынтасының артуына әсер ететінін дәлелдеген. Яғни аталған зерттеулер Digital storytelling-тің бастауыш сынып оқушыларының белсенділігін арттыруға болатынының дәлелі. Цифрлық әңгімелеу оқушылардың тілдік дағдыларын дамытуда да жиі қолданылады. Ғалымдар оның сөйлеу, тыңдау және жазу дағдыларына оң ықпал ететінін дәлелдеген. Мәселен, (Nair V. & Yunus M. M., 2021) зерттеуінде цифрлық әңгімелеуді осы мақсатта қолданған.

Цифрлық әңгімелеуді ресейлік ғалымдардың басым бөлігі білім алушылардың сөйлеу және жазу дағдыларын дамыту үшін қолданады. Бұған (Колядко С.В. & Мартыненко Л.Г., 2019) зерттеуі мысал бола алады. Ол шет тілін меңгеруде сандық әңгімелеу форматындағы тапсырмалар тиімді екенін айтады. Бұл оқушылардың медиасауаттылығын дамытатынын да анықтаған.

Қазақстандық білім беруде де Digital storytelling көбінде шет тілін оқытуда қолданылатыны белгілі болды. (Баграмова С. Н., 2015) бұл тәсілді ағылшын тілінде қолдану тиімді дей келе, оның ұйымдастырушылық және мәселені шешу дағдыларының дамуына себеп болатынын айтады. Digital storytelling – ті ағылшын пәнін оқытуда қолдануылуы (Kudaibergen & Turebayeva, 2025) еңбегінде де көрініс табады. Оған қоса авторлар бұл тәсіл білім алушылардың сыни және креативті ойлауын жетілдіретінін байқаған.

(Bratitsis & Ziannas, 2015) сторителлингті адамдардың қарым-қатынас жасауының және жаңа нәрсені үйретудің ежелден қолданылып келе жатқан тәсілі ретінде сипаттàйды. Дегенмен, технологиялардың көз ілеспей дамуы оның жаңа цифрлық форматқа көшуіне ықпал етті (Castaneda, 2013). Басында Digital storytelling – ті театр қызметкерлері өз әңгімелерін жазу үшін қолданған, кейін ол білім беру саласындағы оқыту мен үйренуді жеңілдету мақсатында қолданыла бастады (Lambert, 2009; Xu et al., 2011).

1990 жылдардың басында Dana Atchley Digital storytelling тұжырымдамасын дамытуда алғашқылардың бірі болды. Ол түрлі мультимедиалық құралдарды пайдаланып, әсерлі әңгімелер жаза бастады. Оған қоса фото, бейне, музыка сияқты элементтерді қолдана отырып, баяндаудың көркемдік деңгейін арттырды. Ол осы бағдарламалар мен құрылғыларды біріктіре отырып, Калифорния штатының Беркли қаласында Digital Storytelling орталығын құрды (McLellan & Wyatt, 2006)

Digital storytelling жеке тәжірибені бейнелер, анимациялар мен дыбыстарды қолдана отырып, екі-үш минуттық қысқа фильм түрінде жеткізу дағдысын қалыптастырады. Цифрлық сторителлинг қауымдастығының анықтамасы бойынша, ол - “ежелгі әңгімелеу өнерінің заманауи көрінісі” (Robin, 2008).

«Digital storytelling» ұғымының нақты анықтамасы болмағанымен, зерттеушілердің басым бөлігі оқиғаны баяндау үшін графика, аудио, видео және анимацияны қамтитын мультимедиялық құралдар ретінде түсіндіреді. Gere оны “тіл мен жестті қолдана отырып, әсерлі көріністерді бірізді құру әрекеті” деп сипаттайды (Elahi A. N. et al., 2015).

Digital storytelling білім беру технологиясының мультимодальді табиғаты білім алушылардың тәжірибесі не біліміне қарамастан шынайы өмір жағдайына жақын орта құруға мүмкіндік береді (Chubko, 2020). (Smeda et al., 2014) DS-ті оқушылардың терең әрі мәнді оқуына алып келетін инновациялық педагогикалық тәсіл ретінде сипаттайды. Ал (Dakich, 2008) көзқарасы бойынша, Digital storytelling оқушылардың технологияны қолдану дағдысын дамытып қана қоймай, қосымша білім беру нәтижелеріне жетуге ықпал етеді.

Материалдар мен әдістер.

Деректерді жинақтау

Зерттеу барысында 2015-2025 жылдар аралығында бастауыш білім беру сатысында Digital storytelling әдісін зерттеген ғылыми еңбектерді іздедік. Зерттеуімізге қажетті мәліметтерді іздеу кілт сөздер тізімін құрудан басталды. Нәтижесінде біз келесі кілт көздерді үш тілде (қазақ, ағылшын, орыс) қолдандық: «бастауыш білім беру» («бастауыш мектеп») және «цифрлық әңгімелеу» («цифрлық әңгімелер»). Аталған кілт сөздер Scopus, ERIC (Education Resources Information Center) және Google Scholar дерекқорларына енгізілді. Сонымен қатар бұл мәселені одан әрі зерттеу үшін мақалалардағы әдебиеттер тізімін тексердік. Жүйелі шолу үшін зерттеулерді іріктеу барысында келесі критерийлер қолданылды:

- бастауыш білім беруде Digital storytelling -ті қолдануды қарастырған зерттеулер;
- 2015-2025 жылдар аралығында жарияланған;
- эмпирикалық сипатқа ие;
- ғылыми журналдарда жарияланған.

Мақала мәтіндерін шолу арқылы іріктеу критерийлеріне сәйкес келетін зерттеулерді талдадық. Қарастырылған барлық зерттеулердің ішінен 35 мақала барлық критерийге сәйкес келді. 1-суретте жүйелі шолуға қажетті мәліметтерді жинақтау үшін негізгі қадамдар бейнеленген.



Сурет 1- Жүйелі шолуға қажетті деректерді жинақтау қадамдары

Деректерді талдау

Сәйкес келетін зерттеулерді жинақтағаннан соң ғылыми еңбектердің қысқаша сипаттамасын құруға тырыстық. Шолу мақсаттарына сәйкес нақты сипаттамалар бойынша зерттеулерді талдау үшін кодтау сызбасы құрылды. Онда әрбір эмпирикалық зерттеу бойынша келесі мәліметтер қамтылды:

- жариялану жылы;
- зерттеу жүргізілген ел;
- зерттеу бағыты;
- зерттеу тәсілі;
- зерттеу әдістері.

Алынған мәліметтер кестеге салынды. Кесте 1 кодтау сызбасына сәйкес зерттеулердің қалай жіктелгеніне мысал бола алады.


Кесте 1 - Талдау үшін іріктелген зерттеулерді кодтау сызбасының мысалы

Зерттеу	Ел	Зерттеу бағыты	Зерттеу тәсілі	Мәліметтерді жинақтау әдістері
The impact of Digital Storytelling on the academic achievement and democratic attitude of primary school students (Erdogan, 2021)	Түркия	DS-тің 4 сынып оқушыларының академиялық жетістігіне және демократиялық ұстанымына ықпалын зерделейді	Аралас	Сұхбат, оқу жетістігін бағалау тесті, демократиялық ұстанымын анықтау шкаласы
Using Digital Storytelling to Help First grade students' adjustment to school (Fokides, 2016)	Греция	DS-ті 1-сынып оқушыларының мектепке бейімделуін қолдау мақсатында қолдану нәтижелерін ұсынады.	Сапалық	Бақылау, сұхбат

Кодтарды тізбектеп жазған соң зерттеу бағыты бойынша кодтардағы ұқсастықтарды іздеп, оны сәйкес тақырыптарға топтастырдық. Мысалы, «Бастауыш мектепте оқушылардың сөйлеу дағдыларын арттыруда Digital storytelling медианы қолдану» және «Digital storytelling арқылы Малайзиялық бастауыш сынып оқушлыларының сөйлеу дағдыларын дамыту» тақырыптарын біріктіріп, зерттеу бағытын «Сөйлеу дағдыларын дамытуда Digital storytelling әдісінің тиімділігін анықтау» деп атадық. Зерттеудің басқа сұрақтарына да синтездеу және сандық талдау қолданылды.


Нәтижелер мен талқылау. Жүйелі шолудың бұл кезеңінде негізгі нәтижелерді талқылау ұсынылады. Зерттеу барысында бастауыш білім сатысында Digital storytelling әдісін қолданған 2015-2025 жылдар аралығында жарияланған зерттеу жұмыстары қамтылды.

Алдымен зерттеудің жариялану динамикасын талдай отырып, бастауыш білім берудегі Digital storytelling әдісін қолдануға арналған жарияланымдардың саны соңғы онжылдықта артып жатқанын 2-суреттен көруге болады, тек 2025 жылы бұл бағыттағы жарияланымдар саны аздау болғаны анықталды. Зерттеулердің санының артуы соңғы жылдары Digital storytelling – ке қызығушылықтың артқанын білдіреді.



Сурет 2 - 2015-2025 жылдар аралығында зерттеулердің жариялану динамикасы (N-35)

Шолудың негізін құраған 35 іріктелген зерттеуде әлемнің 15 елінде жүргізілген эмпирикалық зерттеулер ұсынылған. Бастауыш сыныптарда Digital storytelling-ті қолдануға бағытындағы зерттеулер Түркия (13) елінде ең жиі жүргізілген, ал Индонезия (5) екінші орынды алып тұр. Бұл жағынан зерттеу нәтижесі (Wu & Chen, 2020) жүйелі шолуының нәтижелеріне ұқсас. Олардың білім берудегі Digital storytelling-ке арналған жүйелі шолуында бастауыш, орта және жоғары мектеп сатылары қамтылды. Бұл зерттеуде де Түркияда жүргізілген зерттеулер саны көбірек (8). Және бұл зерттеулер мектепке дейінгі және бастауыш білім беру саласына арналған. 3-суретте зерттеулердің елдер бойынша таралуы ұсынылды.



Сурет 3 - Зерттеулердің елдер бойынша таралуы (N-35)

Digital storytelling тәсілін қарастырған еңбектердің зерттеу мәселелері әр-түрлі. Бірақ бір ортақ мақсатты көздейді. Ол бастауыш сынып оқушыларын дамыту. Біз алынған мәліметтерді талдай отырып, барлық зерттеулерді негізгі жеті зерттеу бағыттарына біріктірдік (1 кесте).

Кесте 1 - Зерттеулердің негізгі бағыттары

№	Зерттеу бағыттары	Жиілігі	%
1	Digital storytelling – тің оқу белсенділігі мен академиялық жетістікке ықпалын зерттеу	8	22.9
2	Сөйлеу дағдыларын дамытуда Digital storytelling әдісінің тиімділігін анықтау	3	8.6
3	Digital storytelling – тің 21 ғасыр дағдыларын дамытудағы мүмкіндіктерін зерттеу	6	17.1
4	Жазылым дағдыларын арттыруға цифрлық әңгімелеудің әсері Digital storytelling әдісінің тыңдалым дағдыларын дамытуға әсері	10	28.6
5	Оқушылардың өзін-өзі реттеу құзыреттіліктерін дамытуға Digital storytelling ықпалы	2	5.7
6	Digital storytelling қолдануда әлеуметтік-эмоционалдық қатынастарды зерттеу.	2	5.7
7		4	11.4
	Барлығы	35	100.0

Зерттеу бағыттырының басым бөлігі (42,9%) бастауыш сынып оқушыларының тілдік дағдыларын дамытуға арналған. Мұнда зерттеулердің көпшілігі ана тілі пәнінде (80%) жүргізілген. Ал қалған 20%-ы ағылшын тіліндегі сауаттылықты арттыруға бағытталған. Бұл нәтиже (Wu & Chen, 2020) жүйелі шолуымен пара-пар. Онда барлық зерттеулердің 36,8 % -ы тілдік сауаттылықты арттыруға арналған. Жалпы алсақ, Digital storytelling тәсілі түрлі пәндерде қолданылған. Олардың ішінде ана тілі, ағылшын, математика әлеуметтік ғылымдары бар.

Ендігі кезекте зерттеулерді әдістемелік тәсілдер бойынша талдаймыз. Жалпы тәсілдер сандық, сапалық және аралас болатыны белгілі. Сандық тәсілдер айнымалалыр арасындағы байланысты түсіндіру үшін сандық деректер жинайды (Creswell J. W., 2018). Digital storytelling технологиясына қатысты бұл тәсіл оның тиімділігін нақты көрсеткіштер арқылы бағалауға бағытталады. Мұнда тест нәтижелелері, бағалау шкалалары сияқты сандық деректер статистикалық әдістермен талданады. Сапалық зерттеу бұл жеке тұлғалар не топтардың қандай да бір әлеуметтік не адами мәселеге қатысты ойларын не түсінігін зерттеу. Біздің жағдайда оқушылар мен мұғалімдердің Digital storytelling әдісін қолдануға көзқарастарын және тәжірибесін тереңірек зерттеуге мүмкіндік береді. Аралас тәсілге келетін болсақ, ол сандық та сапалық та деректерді жинақтауды көздейді. Зерттеушілер бұл тәсілді зерттеу мәселесін жақсырақ түсіну үшін қолданады (Creswell J. W., 2018). Сандық және сапалық дизайнды біріктіре қолдану Digital storytelling – тің тиімділігі мен жүзеге асыру үдерісін жан-жақты және кешенді зерттеуге жол ашады.

3-суреттен көріп отырғандай, 35 зерттеудің басым бөлігі сапалық тәсілді қолданып жүргізілгені, одан кейін саны бойынша сандық және аралас тәсілдер қолданылғаны бейнеленген.



Сурет 3 – Зерттеулерді әдістемелік тәсілдер бойынша бөлу

Осы зерттеу тәсілдерін жүргізуде қолданылған зерттеу әдістерін қарастырайық. Сапалық зерттеуде бақылау, сауалнамалар, оқушылармен және мұғалімдермен сұхбат, аудио және бейне жазбалар, күнделіктер және құжаттар. Алайда ең жиі қолданылған әдіс сұхбат екені анықталды. Бұл сұхбат сапалы мәліметтерді алуда ең кең таралған әдіс деп тұжырымдаған (Thelwall & Nevill, 2021) көзқарасын растайды. Сандық тәсілде тест, бағалау шкалалары, креативті жазу рубрикалары қолданылған. Жоғарыда айтылғандай, сандық және сапалық тәсілдерді біріктіретін аралас зерттеу мәселені толық түсінуге мүмкіндік береді. Біз қарастырған зерттеулерде аралас тәсіл ең аз (25,7%) қолданылған (3-сурет).

Келесі қадам әлемдік және отандық ғылыми зерттеу жұмыстарын талдай отырып, Қазақстандық бастауыш білім беруде Digital storytelling технологиясын қолданылу ерекшеліктерін анықтау болды. Бастауыш білім беруде цифрлық әңгімелеуді эмпирикалық тұрғыдан зерттеген еңбектер аз болғандықтан, теориялық ғылыми мақалаларды да қарастырғанымызды айта кету қажет. Отандық зерттеулерге Қазақстанда жүргізілген зерттеулер, ал халықаралық дереккөздерге алыс шетел мемлекеттермен қоса Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы (ТМД) елдерінде зерттелген жұмыстар алынды. Талдау барысында Digital storytelling-ті қолдануды бірнеше критерийлер бойынша бағаладық. Онымен толығырақ 2-кесте таныса аласыз.

Кесте 2 – Digital storytelling тәсілінің отандық және халықаралық бастауыш білім беру тәжірибесінде қолданылуы

Зерттеу нысаны	*Отандық зерттеулер (Қазақстан)*	*Әлемдік зерттеулер (Европа, АҚШ, Азия, ТМД т.б.)*
Зерттеу мақсаттары	Ағылшын тілін меңгеру дағдыларын жетілдіру және білім алушылардың мотивациясын арттыру.	Оқу үлгерімін арттыру, тілдік дағдыларды жетілдіру, өзін-өзі реттеу құзыреттілігін дамыту, 21 ғасыр құзыреттіліктерін (креативті ойлау, ынтымақтастық, цифрлық сауаттылық,сыни ойлау т.б.) дамыту, әлеуметтік-эмоционалдық қатынастарды реттеу .
Педагогикалық тәсілдер	Көп жағдайда мұғалімге бағдарланған тәсіл, сторителлинг сыныптық іс-әрекет не жоба ретінде қолданылады.	Оқушыға бағдарланған тәсіл, жобалық оқыту, конструктивтік және мультимодальды тәсілдер
Қолданылған технологиялар	Power Point, Storybird, Moviemaker, бейнередактор, веб-платформаларды шектеулі пайдалану.	Цифрлық платформалардың кең ауқымы (Toontastic, Storybird, Scratch, Adobe Spark, WeVideo, Canva etc.)
Зерттеу әдістері	Сапалық бақылаулар, мұғалімдердің рефлексиялық талдаулары не оқушы сауалнамалары.	Аралас зерттеу әдістері, сандық портфолиолар, бағалау рубрикалары, тест, өзара бағалау, күнделіктер, сұхбат, креативті жазбаларды, оқушы жұмыстарын талдау және т.б.
Пәндерде қолданылуы	Шет тілі пәнін оқытуда қолданылады.	Әр түрлі пәндерді оқытуда кіріктірілген (тіл және сауаттылық, әлеуметтік ғылымдар, математика, өнер, STEM)
Анықталған артықшылықтар	Білім алушылардың қызығушылығы мен мотивациясы артқан, ауызша және жазбаша тілдік дағдылары дамыған.	Академиялық үлгерімінің жоғарлауы, тілдік дағдыларының жетілуі, топпен жұмыс, коммуникативтік, мәселені шешу дағдыларына, цифрлық сауаттылық, креативті ойлауға оң ықпалы,
Туындаған кедергілер	АКТ ресурстарының шектеулілігі, мұғалім сандық құзыреттілігінің жеткіліксіздігі, әдістемелік қолдаудың қажеттілігі.	Уақыт шектеулері, шығармашылық және бірлескен жұмыс нәтижелерін бағалау
Зерттелмеген бағыттар	Эксперименттік және лонгитюдтік зерттеулер қажеттілігі, әлсіз теориялық негіздеме	Теориялық модельдері мен практикалық негіздемелері жүйеленген зерттеу саласы

Дереккөз: автор дайындаған.

Зерттеу нәтижесі отандық бастауыш білім беруде цифрлық сторителлинг тілдік сауаттылықты дамыту үшін қолданылатынын көрсетті. Ал әлемнің басқа елдерінде бұл тәсілді түрлі мақсатта қолданатыны анықталды. Digital storytelling тәсілінің құралдары мен бағалау әдістері де алуан түрлі екенін байқадық. Яғни бұл оның қосымша іс-әрекет емес, негізгі педагогикалық тәсіл ретінде қолданылатынының айғағы. Жалпы, зерттеу нәтижелері еліміздің бастауыш білім беру сатысында Digital storytelling – ті тиімді қолданудың мүмкіндіктерін одан әрі зерттеу қажеттігін білдіреді.

Қорытынды. Зерттеу нәтижесінде жүйелі шолудың басында қойылған зерттеу сұрақтарына толық жауап алдық. Анықталған зерттеудің нәтижелері Digital storytelling технологиясы дәстүрлі әдіске қарағанда бастауыш сынып оқушыларының кешенді дамуына оң ықпал ететінін анықтады. Яғни оны тек тілдік сауаттылықты арттыру үшін ғана емес, тұлғалық қасиеттерді дамытуда кең қолданылатыны белгілі болды. Бұл жүйелі шолу Digital storytelling тәсілінің отандық білім беру тәжірибесіндегі әлеуеті әлі де толық ашылмағанын көрсетіп отыр.

Жүйелі шолудың бізге қолжетімді болған дерекқорлардағы еңбектерді қамтуы зерттеудің шектеуі болды. Болашақта еліміздің бастауыш білім беру жағдайында Digital storytelling технологиясының оқушылардың оқу үлгеріміне және 21 ғасыр дағдыларының дамуына ықпалын анықтау үшін эмпирикалық зерттеулер жүргізу қажет.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

Peshevska M., Koceska N. The effect of digital storytelling on primary school students // International Journal of Computers in Education. – 2024. – Vol. 7, № 1. – P. 18–26. – URL: https://izlik.org/JA66AU58GT.

Gürsoy G. Digital storytelling: Developing 21st century skills in science education // European Journal of Educational Research. – 2021. – Vol. 10, № 1. – P. 97–113. DOI: 10.12973/eu-jer.10.1.97.

Rodríguez C. L., García-Jiménez M., Massó-Guijarro B., Cruz-González C. Digital storytelling in education: A systematic review of the literature // Review of European Studies. – 2021. – Vol. 13, № 2. DOI: https://doi.org/10.5539/res.v13n2p13

Ohler J. B. Digital storytelling in the classroom: New media pathways to literacy, learning, and creativity. – Thousand Oaks: Corwin Press, 2013. – 233 p. DOI: https://doi.org/10.4135/9781452277479.

Smeda N., Dakich E., Sharda N. The effectiveness of digital storytelling in the classrooms: A comprehensive study // Smart Learning Environments. – 2014. – Vol. 1. – Art. 6. DOI: https://doi.org/10.1186/s40561-014-0006-36.

Robin B. The power of digital storytelling to support teaching and learning // Digital Education Review. – 2016. – № 30. – P. 17–29. – URL: https://dialnet.unirioja.es/servlet/articulo?codigo=5772440.

Elahi A. N., Mahmood Z., Shazadi M., Jamshed S. Digital storytelling: A powerful educational tool for primary school student // Proceedings of the 2015 International Conference on Information and Communication Technologies (ICICT). – Karachi, 2015. – P. 1–4. DOI: https://doi.org/10.1109/ICICT.2015.7469583

Nair V., Yunus M. M. A systematic review of digital storytelling in improving speaking skills // Sustainability. – 2021. – Vol. 13, № 17. – P. 9829. DOI: https://doi.org/10.3390/su13179829

Колядко С. В., Мартыненко Л. Г. Развитие иноязычной коммуникативной компетенции посредством использования заданий формата «цифровое повествование» [Электронный ресурс] // Известия Российского государственного педагогического университета им. А. И. Герцена. – 2019. – № 192. – С. 105–111. – URL: https://cyberleninka.ru/article/n/razvitie-inoyazychnoy-kommunikativnoy-kompetentsii-posredstvom-ispolzovaniya-zadaniy-formata-tsifrovoe-povestvovanie/viewer

Баграмова С. Н. Digital Storytelling in Foreign Language Education // Вестник КазУМОиМЯ имени Абылай хана. Серия «Педагогические науки». – 2015. – № 1(36). – URL: https://rmebrk.kz/journals/4292/54864.pdf

Құдайберген А.И., Туребаева Ш.М. Digital Storytelling as an innovation to enhance college students' speaking skills in English language // Bulletin of the Karaganda University. Pedagogy Series. – 2025. – Vol. 30, № 3(119). – P. 60–70. DOI: https://doi.org/10.31489/2025ped3/60-7012.

Robin B. R. Digital storytelling: A powerful technology tool for the 21st century classroom // Theory into Practice. – 2008. – Vol. 47, № 3. – P. 220–228. – DOI: https://doi.org/10.1080/00405840802153916

Wu J., Chen D. T. V. A systematic review of educational digital storytelling // Computers & Education. – 2020. – Vol. 147. – Art. 103786. – DOI: https://doi.org/10.1016/j.compedu.2019.103786

Creswell J. W. Educational research: Planning, conducting, and evaluating quantitative and qualitative research. 6th ed. – Boston : Pearson, 2018. – URL: https://www.pearson.com/en-us/subject-catalog/p/educational-research-planning-conducting-and-evaluating-quantitative-and-qualitative-research/P200000000920/9780136874416.

Thelwall M., Nevill T. Is research with qualitative data more prevalent and impactful now? Interviews, case studies, focus groups and ethnographies // Library & Information Science Research. – 2021. – Vol. 43, № 2. – Art. 101094. DOI: https://doi.org/10.1016/j.lisr.2021.101094

References:

Peshevska M., Koceska N. The effect of digital storytelling on primary school students // International Journal of Computers in Education. – 2024. – Vol. 7, № 1. – P. 18–26. – URL: https://izlik.org/JA66AU58GT.

Gürsoy G. Digital storytelling: Developing 21st century skills in science education // European Journal of Educational Research. – 2021. – Vol. 10, № 1. – P. 97–113. DOI: 10.12973/eu-jer.10.1.97.

Rodríguez C. L., García-Jiménez M., Massó-Guijarro B., Cruz-González C. Digital storytelling in education: A systematic review of the literature // Review of European Studies. – 2021. – Vol. 13, № 2. DOI: https://doi.org/10.5539/res.v13n2p13

Ohler J. B. Digital storytelling in the classroom: New media pathways to literacy, learning, and creativity. – Thousand Oaks: Corwin Press, 2013. – 233 p. DOI: https://doi.org/10.4135/9781452277479.

Smeda N., Dakich E., Sharda N. The effectiveness of digital storytelling in the classrooms: A comprehensive study // Smart Learning Environments. – 2014. – Vol. 1. – Art. 6. DOI: https://doi.org/10.1186/s40561-014-0006-36.

Robin B. The power of digital storytelling to support teaching and learning // Digital Education Review. – 2016. – № 30. – P. 17–29. – URL: https://dialnet.unirioja.es/servlet/articulo?codigo=5772440.

Elahi A. N., Mahmood Z., Shazadi M., Jamshed S. Digital storytelling: A powerful educational tool for primary school student // Proceedings of the 2015 International Conference on Information and Communication Technologies (ICICT). – Karachi, 2015. – P. 1–4. DOI: https://doi.org/10.1109/ICICT.2015.7469583

Nair V., Yunus M. M. A systematic review of digital storytelling in improving speaking skills // Sustainability. – 2021. – Vol. 13, № 17. – P. 9829. DOI: https://doi.org/10.3390/su13179829

Kolyadko S.V., Martynenko L.G. Razvitie inoyazychnoi kommunikativnoi kompetentsii posredstvom ispolzovaniya zadanii formata «tsifrovoe povestvovanie» // Izvestiya Rossiiskogo gosudarstvennogo pedagogicheskogo universiteta im. A.I. Gertsena. – 2019. – № 192. – S. 105–111. – URL: https://cyberleninka.ru/article/n/razvitie-inoyazychnoy-kommunikativnoy-kompetentsii-posredstvom-ispolzovaniya-zadaniy-formata-tsifrovoe-povestvovanie

Bagramova S.N. Digital Storytelling in Foreign Language Education // Abylai khan atyndagy QazHQjATU Habarshysy. Seriya «Pedagogika gylymdary». Bulletin of Ablai Khan KazUIR&WL. Series «Pedagogical Sciences». – 2015. – № 1(36). – P. 75–83. – URL: https://rmebrk.kz/journals/4292/54864.pdf#page=75.

Qudaibergen A.I., Turebaeva Sh.M. Digital Storytelling as an Innovation to Enhance College Students' Speaking Skills in English Language // Bulletin of the Karaganda University. Pedagogy Series. – 2025. – Vol. 30, № 3(119). – P. 60–70. – DOI: https://doi.org/10.31489/2025ped3/60-70.

Robin B. R. Digital storytelling: A powerful technology tool for the 21st century classroom // Theory into Practice. – 2008. – Vol. 47, № 3. – P. 220–228. – DOI: https://doi.org/10.1080/00405840802153916

Wu J., Chen D. T. V. A systematic review of educational digital storytelling // Computers & Education. – 2020. – Vol. 147. – Art. 103786. – DOI: https://doi.org/10.1016/j.compedu.2019.103786

Creswell J. W. Educational research: Planning, conducting, and evaluating quantitative and qualitative research. 6th ed. – Boston : Pearson, 2018. – URL: https://www.pearson.com/en-us/subject-catalog/p/educational-research-planning-conducting-and-evaluating-quantitative-and-qualitative-research/P200000000920/9780136874416.

Thelwall M., Nevill T. Is research with qualitative data more prevalent and impactful now? Interviews, case studies, focus groups and ethnographies // Library & Information Science Research. – 2021. – Vol. 43, № 2. – Art. 101094. DOI: https://doi.org/10.1016/j.lisr.2021.101094

ҒТАХР 14.25.07 https://doi.org/10.51889/2959-5762.2026.91.3.038

*Л.Кожаханова,[1] * Б.Баймуханбетов [2]*

[1]Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық унвиерситеті,
Алматы қ., Қазақстан
[2]Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті,
Түркістан қ., Қазақстан.

СЫНИ ОЙЛАУ ТЕХНОЛОГИЯСЫ НЕГІЗІНДЕ БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ МЕДИАСАУАТТЫЛЫҒЫН ДАМЫТУДЫ ДИАГНОСТИКАЛАУ

Аңдатпа

Мақала бастауыш сынып оқушыларының медиасауаттылығын дамыту мәселесіне бағытталған, оның негізгі құралы болып сыни ойлау технологиясы таңдалған. Зерттеу ақпараттық қоғамдағы көкейтесті тақырыпты қозғайды, себебі жас ұрпақ қоғам талаптарына сай, бесекеге қабілетті, оқу мазмұны бойынша күтілетін нәтижелерге қол жеткізген, әлеуметтік ортада коммуникацияға түсе білетін тұлға болуы шарт. Осы тұста ақпаратпен жұмыс жасау, ақпаратты сыни талдау, бағалау, өңдеу, қолдану дағдыларын қамтитын медиасауаттылықты дамытудың маңыздылығы айқындалады. Зерттеуде тақырыпқа байланысты отандық және шетелдік зерттеушілердің теориялық еңбектеріне шолу жасалып, «медиа», «медиасауаттылық», «сыни ойлау» ұғымдарына берілген түсініктер жинақталған. Бастауыш сынып оқушыларының медиасауаттылығының компоненттері, өлшемдері, көрсеткіштері, деңгейлері белгіленіп, диагностикалауды жүзеге асыру үшін анықтаушы және қалыптастырушы кезеңдерден тұратын эксперименттік жұмыстың жүру барысы мен одан алынған сандық мәліметтер көрсетілген. Зерттеуде алынған медиасауаттылықтың дамуы бойынша бастапқы көрсеткіштердің орта деңгейде болуы себепті қалыптастырушы эксперименттік кезеңнің жоспары құрылып, үлгісі ұсынылған. Ол бастауыш сынып оқушыларының медиасауаттылығын дамытуды ұйымдастыру формаларынан, жұмыс түрлерінен және қолданылатын құралдардан тұрады. Жұмыс формалары сабақ, "Virtual MediaClub" үйірмесі және сыныпішілік медиаапта болып белгіленген. Зерттеу теориялық мәліметтердің тәжірибемен тексерілуі тұрғысынан практикалық мәні бар жұмыс болып табылады.

Түйін сөздер: сыни ойлау, медиасауаттылық, ақпарат, цифрлық дағды, бастауыш сынып.

Кожаханова Л.,[1] Баймуханбетов Б.[2]*

[1]Казахский национальный педагогический университет имени Абая,
г.Алматы, Казахстан
[2]Международный казахско-турецкий университет имени Ходжи Ахмеда Ясави,
г.Туркестан, Казахстан.

ДИАГНОСТИКА РАЗВИТИЯ МЕДИАГРАМОТНОСТИ УЧАЩИХСЯ НАЧАЛЬНЫХ КЛАССОВ НА ОСНОВЕ ТЕХНОЛОГИИ КРИТИЧЕСКОГО МЫШЛЕНИЯ

Аннотация

Статья посвящена развитию медиаграмотности учащихся начальной школы, основным инструментом которой является технология критического мышления. Исследование затрагивает актуальную тему информационного общества, поскольку молодое поколение должно быть человеком, отвечающим требованиям общества, способным адаптироваться, достигшим ожидаемых результатов в образовательном плане и умеющим общаться в социальной среде. В данном контексте подчеркивается важность развития медиаграмотности, включающей навыки работы с информацией, критического анализа, оценки, обработки и применения информации. В исследовании рассматриваются теоретические работы отечественных и зарубежных исследователей по данной теме и обобщаются понятия «медиа», «медиаграмотность» и «критическое мышление». Определяются компоненты, измерения, показатели и уровни медиаграмотности учащихся начальной школы, а также представлен ход экспериментальной работы, состоящий из определяющих и формирующих этапов проведения диагностики и полученных на ее основе количественных данных. В связи с тем, что полученные в исследовании исходные показатели развития медиаграмотности находятся на среднем уровне, разработан план формирующего экспериментального этапа и предложена модель. Она включает в себя организационные формы, виды работы и инструменты, используемые для развития медиаграмотности у учащихся начальной школы. Формы работы определены как урок, кружок «Виртуальный медиаклуб» и внутриклассная медианеделя. Исследование имеет практическое значение с точки зрения проверки теоретических данных на практике.

Ключевые слова: критическое мышление, медиаграмотность, информация, цифровые навыки, начальная школа.

Kozhakhanova L.,[1] Baimukhanbetov B.*[2]
[1]Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan
[2]Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University, Turkestan, Kazakhstan

DIAGNOSTICS OF MEDIA LITERACY DEVELOPMENT IN PRIMARY SCHOOL STUDENTS BASED ON CRITICAL THINKING TECHNOLOGY

Abstract

This article focuses on the development of media literacy in primary school students, using critical thinking as a key tool. The study addresses the pressing issue of the information society, as the younger generation must be responsive to society's demands, adaptable, achieving expected educational outcomes, and able to communicate socially. In this context, the importance of developing media literacy, including skills in working with information, critical analysis, evaluation, processing, and application of information, is emphasized. This study examines theoretical works by Russian and international researchers on this topic and summarizes the concepts of "media," "media literacy," and "critical thinking." It identifies the components, dimensions, indicators, and levels of media literacy in elementary school students. It also presents the experimental process, which includes the defining and formative stages of the diagnostic process and the resulting quantitative data. Given that the initial media literacy development indicators obtained in the study were average, a plan for a formative experimental phase was developed and a model was proposed. It includes organizational forms, types of work, and tools used to develop media literacy in elementary school students. The work forms are defined as lessons, a "Virtual Media Club," and an in-class media week. The study has practical significance in terms of testing theoretical data in practice.

Keywords: critical thinking, media literacy, information, digital skills, primary school.

Кіріспе. Қазіргі заманғы интеграциялық үдерістердің ең бастысы болып табылатын ақпараттық-коммуникациялық жаһанданудың бір мысалы өмір сүрудің барлық аясында ақпараттар легінің молдығы, цифрландырылуы болып табылады. Бұл білім беру саласына да етене еніп, кең таралып жатқан көрініс. Білім беру ұйымының қызметін ұйымдастыру, басқару, оқу үдерісін жоспарлау, ұйымдастыру, бақылау, білім алушылардың әрекеттерін реттеу де ақпараттық-коммуникациялық технологияның сүйемелдеуімен жүзеге асуда. Өзгермелі қоғам талабына сай бүгінгі білім алушылар үшін үлкен ақпараттар ағынымен жұмыс жасаудағы сауаттылықты: ақпаратты сын тұрғысынан талдау, бағалау, іріктеу әрекеттерін меңгеруі – маңызды қажеттілік. Ақпараттық сауаттылықтың бір тармағы – медиасауаттылық екенін және оқушының оқудан бөлек уақытының басым бөлігі экран алдында өтетінін ескерсек, бастауыш сынып оқушыларының медиасауаттылығын дамытудың өзекті мәселе екені айқындалады.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының 3-бап 9-тармағында Заңның негізгі міндеттері болып оқытудың жаңа технологияларын, оның ішінде кәсіптік білім беру бағдарламаларының қоғам мен еңбек нарығының өзгеріп отыратын қажеттіліктеріне тез бейімделуіне ықпал ететін кредиттік, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды енгізу және тиімді пайдалану болып белгіленуі білім алушылардың медиасауаттылығын дамытудың маңыздылығын нақтылай түседі (2007).

Бүгінгі күнгі медианың қолданысы бойынша медиасауаттылық оқушының медиамен бетпе-бет келуде жалған ақпараттар мен киберқауіптен сақтану құралы болып отыр. Себебі цифрлық технология қарқынды дамып, ақпараттар легі артқан сайын одан келетін күнделікті қауіп-қатерлер саны да арта түсуде, оған қоғамдағы жағдайлар дәлел болып отыр. Алайда медиасауаттылықты техникалық жағынан емес, ойлау, талдау, дәлелдеу тұрғысынан қалыптас-тыруымыз қажет, бастауыш сынып оқушыларына медиа құралдармен жұмыс жасау жолын үйретуіміз қажет, бұл оқушылардан жаңа дағдыларды талап етеді.

Бастауыш сынып оқушыларының медиасауатылығын дамытуға қатысты зерттеулерде медиасауаттылықтың құрамды бөлігі ретінде ақпаратты сыни қабылдау белгіленген. Біздің ойымызша медиасауаттылықты дамыту жолындағы тиімді құрал – сыни ойлау технологиясы.

Медиасауаттылық қалыптастыру және сыни ойлау дағдыларын дамыту жөнінде біршама зерттеулер жүргізілген. Медиасауаттылық туралы отандық ғалымдардан А. Аралбаева, А. Кариев, Г. Абдрасилова (Abdrasilova, G., 2025), П.К. Елубаева, Г.О. Беркинбаева, А.Х. Хамидова (Elubaeva, P., Berkinbaeva, G., Khamidova, A. Kh., 2023), шетелдік ғалымдардан Aufderheide

Firestone (Aufderheide, P., 1993), B. Duncan (Duncan, B., 1989), А.В. Федоров (Fedorov, A.V., 2010), Р. Кьюби (Fedorov, A.V., 2008), Renee Hobbs (Hobbs, R. 2025) қарастырса, сыни ойлау дағдысын Д. Халперн (Halpern, D., 2000), Brown Lesley (Brown, L., 1993), R. Paul және L.Elder (Paul, R., Elder, L., 2008), Marfiah Ab Wahid (Marfiah Ab Wahid, 2025) және т.б. зерттеу жүргізген. Алайда бұл екі бағыт жеке-жеке зерттеліп келеді, өзара байланысы байқалатын зерттеулер тек медиасауаттылық арқылы сыни ойлау дағдыларын дамытуға қатысты жүргізілген. Олардың қатарын А.М. Абдыхалыкова, Б.Х. Кусанова және А. Дауренкызы (Abdykhalykova, A., Kussanova, B., Daurenkyzy, A., 2025), П. Елубаева, Ш. Кудьярова және С.Тлеубай (Elubaeva, P., Khudiarova, Sh., Tleubai, S., 2023), Г.С. Таженова (Tazhenova, G. S., 2022), шетелдік зерттеушілерден Hibai Lopez-Gonzalez (Lopez-Gonzalez, H., Sosa, L., Sánchez, L., Faure-Carvallo, A., 2023), Reem Al- Zou'bi (Al-Zou'bi, R., 2021), Javier Pagán-Castaño (Pagán-Castaño, J., 2025) зерттеулері құрайды. Зерттеу қорының жинақталуына қарамастан, олардың басым бөлігінің зерттеу объекті студент болуын және зерттеу мақсатының өзгерек екенін ескере отырып, негізгі ұғымдардың интеграциясы, нақтылай түссек, сыни ойлау технологиясының негізінде бастауыш сынып оқушыларының медиасауаттылығын дамыту әлі де зерттелуі тиісті ғылыми мәселе деген тұжырымға келеміз.


Білім берудегі медиасауаттылықтың ұлттық ассоциациясында «медиа - хабар таратуда қолданылатын барлық электронды және цифрлық құралдар, сондай-ақ баспа немесе көркем визуалдық материалдар», ал «медиасауаттылық - түрлі коммуникация құралдарымен берілетін хабарламаларды қолдану, талдау, бағалау, жасау және іске асыру қабілеті» деп көрсетілген (National Association for Media Literacy Education. n.d.)

«Медиасауаттылық» ұғымына түрлі еңбектерде берілген түсініктерді жинақтап, 1-кестеде ұсынамыз.

Кесте 1 - «Медиасауаттылық» ұғымына берілген түсініктер

Дереккөз	*Түсінік*
Aufderheide Firestone	Медиасауаттылық – адамдарға аудиовизуалды және баспа мәтіндердің мәдени маңыздылығын түсінуге, жасауға және бағалауға көмектесуге арналған қозғалыс (Aufderheide, P.,1993).
B. Duncan	Медиасауаттылық – білім алушыға медианы сыни көзқараспен қарауына, олардың өміріндегі медианың маңыздылығын түсінуге көмектесетін қабілет (Duncan, B., 1989).
А.В. Федоров	Медиасауаттылық – кеңістік-уақыт болмысында шынайылықты талдау және жинақтау, медиамәтінді «оқу» қабілеті, яғни медиабілім берудің нәтижесі (Fedorov, A.V., 2010).
Р. Кьюби	Медиасауаттылық – түрлі формадағы хабарламаларды қолдану, талдау, бағалау және тарату қабілеті (Fedorov, A. V., 2008).

Медиасауаттылық туралы зерттеулер түрлі сала бойынша жүргізілген, олар: философия, педагогика, психология, журналистика, саясаттану, медицина және т.с.с. Сондай еңбектердің қатарындағы Renee Hobbs еңбегінің ауқымы кең, ол өзінің медиасауаттылыққа қатысты еңбегінде медиасауаттылықтың қалыптасу кезеңдерін және дамыту стратегияларын 1-суретпен түсіндіреді.



Сурет 1 - Renee Hobbs ұсынған медиасауаттылық кезеңдері және дамыту стратегиялары
Ескерту: https://www.mlaction.com/chapter-11 дерекөзінен алынған (Hobbs, R. 2025).

Ғалымның сызбасын түсіндіріп өтер болсақ, ол төмендегіше мәліметтерді береді:

- қолжетімділік (цифрлық дағдылар; сұраныс/зерттеу; іздеу және іріктеу);
- талдау (түсіну; сыни ойлау; сенім);
- жасау (қызығушылық; шығармашылық; ынтымақтастық);
- рефлексия (эмоционалды жауап; диалог және талқылау; этикалық пайымдау);
- іс-әрекет (әлеуметтік жауапкершілік; азаматтық, белсенділік).

Ол білім, фактчекинг бастамалары, сыни тұрғыда ойлауға арналған жаттығулар, дереккөздердің әртүрлілігін насихаттау, әлеуметтік желідегі сауаттылық, мүдделі тараптар арасындағы ынтымақтастықты кез келген сала бойынша медиасауаттылықты дамыту жолы ретінде көрсеткен.

А.Аралбаева, А.Кариев және Г.Абдрасилова бастауыш сынып оқушыларының медиасауаттылығын эмпирикалық түрде зерттеген. Олар медиасауаттылықтың компоненттерін ақпаратты сыни тұрғыда қабылдау, цифрлық қауіпсіздік және медиамазмұнды құру және түсіну түрінде белгілеген. Зерттеу нәтижесінде оқушылардың ақпаратты сыни қабылдау деңгейінің төмендігін анықтаған, сол арқылы медиасауаттылықты ерте диагностикалаудың маңыздылығын және бастауыш сынып оқушыларында сыни ойлауды қалыптастыруды педагогикалық қолдау қажеттілігін нақтылаған (Abdrasilova, G., 2025).

П.К.Елубаева, Г.О.Беркинбаева және А.Х.Хамидова медиасауаттылықты тіл сабақтарында оқыту жайын, ондағы мәселелер мен мүмкіндіктерді қарастырған. Олар медиасауаттылықтың қазіргі маңызына қарамастан, оның ұлттық білім беру бағдарламасының бөлігі болып саналамайтынын анықтаған. Эксперименттік зерттеу нәтижесінде студенттің толық тұлғалық және кәсіби қалыптасуында медиасауаттылықтың ықпалы зор екені анықталып, 21 ғасырда сұраныстағы маман қалыптастыру үшін оны білім берудің маңызды компоненті ретінде тануды ұсынады (Elubaeva, P., Berkinbaeva, G., Khamidova, A. Kh., 2023).

Теориялық зерттеулерде берілген мәліметтерді саралай отырып, бастауыш сынып оқушыларының медиасауатылығы келесідей дағдылардан байқалатыны туралы тұжырымға келеміз:

- ақпаратты түсіну және қабылдау;
- сыни ойлау дағдысы;
- медиа құралдарды қолдану біліктілігі;
- қауіпсіздік пен этиканы сақтау;
- шығармашылық медиа жасау әрекеті.

Көрсетілген әрекеттер мен дағдылар жүйесін қалыптастырудың, дамытудың тиімді жолдарының бірі – сыни ойлау технологиясы. Жалпы «медиасауаттылық» және «сыни ойлау технологиясының» байланысы көптеген зерттеулерге арқау болған.

Белгілі психолог Д. Халперн «сыни ойлау – күтілетін соңғы нәтижені алу мүмкіншілігін ұлғайтатын когнитивті техникаларды немесе стратегияларды пайдалана отырып, ойланушы нақты оқиға мен шешілетін міндеттер типі үшін, негізделген және тиімді дағдыларды пайдаланады деген пікір білдіреді (Halpern, D., 2000).

Сыни ойлау термині халықаралық термин жүйесінде ойлаудың "критикалық" түрі ретінде аталады, ол яғни грек. κριτικός = kritikos = «сын», «бағалау», «тексеру», тб. көп мағыналы сөзден шыққан; мұндағы «сын» ұғымы күнделік тұрмыстағы «айыптау» мағынасында емес, интеллектуалды қабілетті білдіреді, әрі «бағалау», «анықтау», «пайымдау» және «ажырата білу» секілді мағыналарға ие (Brown, L., 1993).

Жоғары деңгейде сыни ойлауға ие тұлғаның белгісі:

- өзекті мәселелерді көтереді, оларды қысқа да нұсқа, анық құрылымдайды;
- тиімді интерпретациялау үшін абстрактілі идеяларды қолданып сәйкес ақпараттарды жинайды және бағалайды; критерийлер мен стандарттарға сәйкестігін тексере отырып негізделген қорытындылар мен шешімдер шығарады;
- баламалы көзқарастар жүйесін қарастырып, қажет жағдайда болжам, салдар мен практикалық нәтижелерді мойындай және бағалай отырып өзгеше ойланады;

- күрделі мәселелерді шешу мақсатында өзгелермен тиімді қарым-қатынас орната алады (Paul, R., Elder, L., 2008).

Dr. Marfiah Ab Wahid сыни ойлау туралы зерттеуінде сыни ойлау компоненттері мен үдерісін көрсететін сызба ұсынған. Ол 2-суретте көрсетілген. Онда сыни ойлау үдерісі келесідей компоненттерден тұратыны көрсетілген: идентификация, яғни сәйкестендіру; бейтараптық, яғни таразылау; өзектілігі; қызығушылық; зерттеу; қорытынды жасау; үдеріске ендіру және ұтымдылық. Сыни ойлаудың бұл көрсетілген дағдылары мәселелерді шешу мен шығармашылық іс-әрекет барысына зор ықпал етеді. Ғалымның бұл сызбасы объективті пайымдауларды қалыптастыру үшін ақпараттарды талдау мен бағалаудың жүйелілік тәсілін білдіреді (Marfiah Ab Wahid, 2025).



Сурет 2 - Сыни ойлау үдерісі мен компоненттері
Ескерту: https://esti.my/developing-critical-thinking-skills-in-the-information-age/ дереккөзінен алынған (Abdykhalykova, A., Kussanova, B., Daurenkyzy, A., 2025).

Зерттеу мәселесі аясындағы Scopus деректер қорында жарияланған еңбектерге шолу жасау арқылы анықталған төмендегідей мақалалалар біздің зерттеу жұмысымыздың теориялық негізін құрайды:

Hibai Lopez-Gonzalez Сыни ойлау технологиясы мен медиасауаттылық туралы Core Collection of the Web of Science және Scopus деректер қорында жарияланған мақалаларға әдебиеттік шолу жасаған. Зерттеу нәтижесінде ұғымдардың өзара тығыз байланысты екенін, оларды бір мақсатта дұрыс қолданса, жақсы нәтиже алуға болатынын, алайда олардың шектеулері бар екені туралы қорытынды жасаса (Lopez-Gonzalez, H., Sosa, L., Sánchez, L., Faure-Carvallo, A., 2023), Reem Al-Zou'bi өз зерттеуінде медиасауаттылық пен сыни ойлау технологиясының өзара байланысы туралы қарастырған. Ол медиасауаттылықтың студенттердің сыни ойлау дағдысын дамытуға ықпалын зерттеген. Теориялық материалдарға талдау 134 студенттің қатысуымен жүргізген экспермиенттік жұмысқа ұласып, нәтижесінде медиа және ақпараттық сауаттылық, сондай-ақ оны білім беру үдерісінде қолдану туралы ғылыми зерттеулер жүргізуді ұсынған (Al-Zou'bi, R., 2021) .

Javier Pagán-Castaño бастаған зерттеушілер сыни ойлау дағдысын бекіту және оның жаңа медиасауаттылыққа ықпалы жөнінде зерттеу жүргізген. Ол студенттердің сыни ойлау дағдысын дамыту бағдарламасын сипаттай келе, сыни ойлау дағдысын медиасауаттылық арқылы дамытуды қарастырған. Зерттеу нәтижесінде сыни ойлауды дамыту медиасауаттылықты толық қалыптастыруға жеткіліксіздігін, ол үшін арнайы мақсат көзделген оқыту қажет екені жөнінде қорытынды жасаған (Pagán-Castaño, J., 2025).

ҚР БҒМ білім және ғылым саласындағы бақылау жөніндегі комитет ұсынған басылымдарында сыни ойлау және медиасауаттылық туралы келесідей еңбектер барын анықтадық:

А.М.Абдыхалыкова, Б.Х. Кусанова және А.Дауренқызының бірлескен авторлығымен жарияланған зерттеуі медиасауаттылықты ағылшын пәнін оқытуда сыни ойлау арқылы қалыптастыруға бағытталған, сонымен қатар онда ағылшын пәнін оқытуда туындайтын негізгі мәселелерді шешу жолдары мен стратегиялары ұсынылған. Зерттеу нәтижесінде сыни оайлау арқылы медиасауаттылықты дамытудың артықшылықтары мен кемшіліктері, ондағы мәселелерді шешу жолдары көрсетілген (Abdykhalykova, A., Kussanova, B., Daurenkyzy, A., 2025).

П.Елубаева, Ш.Кудьярова және С.Тлеубай тілдік сабақтарды сыни коммуникацияны дамытудағы медиасауаттылықтың рөлі туралы да зерттеу жүргізген. Ғалымдар медиасауаттылықты тілдік сабақтарға кіріктіру арқылы практикалық ұсыныстарды әзірлеген. Онда сыни коммуникацияны дамытуға ықпал ететін тапсырмалар мен жұмыс түрлерін ұсынған (Elubaeva, P., Khudiarova, Sh., Tleubai, S., 2023).

Г.С.Таженова өз диссертациялық жұмысында медиа мен медиамәтіндер жүйесіне қатысты сыни ойлау ойдың күрделі рефлексивті үрдісі, оған ассоциативті қабылдау, социумдағы медианың қызметі және адамға медиамәтін, ақпараттар, хабарламалардың бұқаралық коммуникациясы арқылы келіп түсетін тетіктерін синтездеу, талдау және бағалау деп түсіндірген. Бұл ретте сыни ойлауды дамыту, ғалымның пікірінше, медиабілімнің қорытынды мақсаты емес, ол оның тұрақты компоненті. Медиаға қатысты сыни ойлау медиа және медиамәтіндер, медиа саласындағы аудивизуалды елестету, виртуалды түрде тәжірибеден өткізу, логикалық және интуитивті болжау қосылған медиа мен медиамәтіндердің социумда қызмет ету қызметтерін ассоциативті қабылдау, жинақтау, талдау мен бағалау кіретін күрделі рефлексивті ойлау үрдісі (Tazhenova, G. S., 2022).

Зерттеудің мақсаты – сыни ойлау технологиясы негізінде бастауыш сынып оқушыларының медиасауаттылығын дамытуды диагностикалау және оны дамыту әдістемесін анықтау.

Зерттеудің маңыздылығы: осы тақырыпта кешенді зерттеу жүргізу білім беру мазмұнын жаңартуға, оқушы тұлғасын қалыптастыруға, қоғамға бейімдеуге, бәсекеге қабілетті етуге үлес қосатын болады деп пайымдаймыз.

Негізгі ережелер. Сыни ойлау технологиясы - ақпаратты талдау, таразылау, өңдеу, қорытынды жасау әрекеттерін қамтитын, бағалау мен пайымдау арқылы жүзеге асатын технология түрі.

Бастауыш сынып оқушыларының медиасауаттылығы - оқушылардың ақпаратты түсіну және қабылдау; сыни ойлау дағдысы, медиа құралдарды қолдану біліктілігі, қауіпсіздік пен этиканы сақтау, шығармашылық медиа жасау әрекеті дағдылары жиынтығы.

Бастауыш сынып оқушыларының медиасауаттылығын дамыту - қоғам талаптарына жауап беретін, орын алып жатқан өзгерістерге тез бейімделетін тұлға қалыптастыру жолы.

Диагностикалау - үдерістің, дамудың, жай-күйдің барысын бақылау, бағалау, өлшеу.

Материалдар мен әдістер. Диагностикалау - қандай да бір қабілет не дағдының даму деңгейін анықтау, бағалау, талдау. Біздің зерттеуіміз бойынша, диагностикалау бастауыш сынып оқушыларының медиасауаттылығының бастапқы даму деңгейін анықтау, талдау, бағалау, сыни ойлау технологиясы негізінде оны жақсартудың тиімді жолдарын ұсынуды білдіреді. Зерттеу мәселесі ғылыми зерттеудегі теориялық және эмпирикалық зерттеу әдістері арқылы жүргізілді. Жалпы абстрактілі түсініктер мен модель жасауға бағытталатын теориялық әдіс арқылы «медиа», «медиасауаттылық», «сыни ойлау» ұғым-түсініктердің мән-мағынасы, тақырыптың зерттелу жайы қарастырылды, талдау, жинақтау, жалпылау, қорытындылау әрекеттері жүзеге асты.

Эмпирикалық зерттеу әдісі – теориялық болжауды тексеруге, жаңартуға, дамытуға, яғни теориялық әдіс негізінде жасалынған ой-тұжырымдарды тәжірибе жүзінде тексеруге мүмкіндік беретін әдіс. Қолданылған эмпирикалық зерттеу әдістері:

Эксперимент әдісі - ғылыми зерттеу жұмысымыздың практикалық құндылығын құрайтын әдіс. Ол анықтаушы және қалыптастырушы кезеңдерден тұрады. Анықтаушы кезеңнің мақсаты – бастауыш сынып оқушыларының медиасауаттылығының даму деңгейін анықтау, бастапқы көрсеткіштерді алу. Қалыптастырушы эксперименттік кезең бастапқы көрсеткіштерді жақсарту мақсатында жүргізіліп, ғылыми негізделген ұсыныстар әзірлеуге ықпал етеді.

Интервью респонденттердің медиасауаттылығының қалыптасу деңгейін анықтау мақсатында қолданылды. Бұл үшін жартылай құрылымдық интервью жоспарланды, яғни алдын ала дайындалған сұрақтармен қатар еркін диалог құру көзделді.

Эмпирикалық зерттеу барысында объективтілік, жүйелілік, этикалық қағидалары ескерілді; әдеп нормалары мен қағидалары: құпиялылық (респонденттердің жеке мәліметтерінің қор-

ғалуы); келісім алу (зерттеу жұмысына ерікті түрде қатыстырылуы) және зерттеу нәтижелерінің шынайылығы (алынған деректерді бұрмалауға жол берілмеуі) сақталды. Экспериментке Алматы облысы, Талғар қаласы, А.Байтұрсынұлы атындағы №7 жалпы білім беретін лицей-мектептің 3-сынып оқушылары қатыстырылды. Жалпы саны 51 оқушы эксперименттік және бақылау топтарына бөлінді: эксперименттік топта – 25 оқушы, бақылау тобында – 26 оқушы.

Бастауыш сынып оқушыларының медиасауаттылығын сыни ойлау технологиясы негізінде қалыптастыру мәселесі аясындағы ғылыми еңбектерді жоғарыда қарастыра келе, мұның өзекті тақырып екендігіне нақты көз жеткіздік. Бастауыш сынып оқушыларының медиасауаттылығының компоненттерін, өлшемдері мен көрсеткіштерін, оларды диагностикалау әдістемелерін 2-кестедегідей етіп белгілеп алдық.

Кесте 2 - Бастауыш сынып оқушыларының медиасауаттылығының компоненттері, өлшемдері мен көрсеткіштері, диагностикалық әдістемелер

Компонент тері	*Мазмұны*	*Өлшемдері*	*Көрсеткіштері*	*Диагностикалық әдістемелер*
Ақпараттық - коммуникативтік	Ақпаратты табу және қолдану; қарапайым медиамәтінмен жұмыс істеу; коммуникативтік дағдылар	Ақпаратпен жұмыс істеу білігі	Мәтінді түсінеді, сұраққа жауап береді, негізгі ойды айта алады	Интервью
Сыни және этикалық ойлау	Ақпараттың шынайылығын бағалау; жауапкершілік таныту; интернеттегі қауіпсіз іс-әрекет	Ақпаратты сыни қабылдау және медиаэтика	Шын және жалған ақпаратты ажырата алады, этикалық норманы сақтайды	Тест
Шығармашылық және тәжірибелік	Қарапайым медиаөнімдер жасау; цифрлық құралдарды қолдану	Медиа құралдарды шығармашылықпен қолдану	Қарапайым медиажоба жасайды, цифрлық құралды пайдалана алады	Практикалық тапсырма

Бастауыш сынып оқушыларының медиасауаттылығының қалыптасу деңгейлері:

Жоғары деңгей – ақпаратты өз бетінше іздейді, түсінеді, негізгі ойды анықтайды, мазмұндап береді, сұрақтарға толық жауап беріп, пікірін ортаға салады; ақпаратты талдап, ажырата алады, қауіпсіздік ережелерін сақтайды; цифрлық құралдарды еркін қолданып, медиаөнім жасай алады.

Орта деңгей – ақпаратты мұғалім көмегімен табады, мәтіннің жалпы мазмұнын түсінеді, сұрақтарға жауап береді; ақпараттың шынайылығын толық ажырата алмайды, ережелерді кейде сақтай бермейді; медиажобаны жасауда мұғалім көмегін қажет етеді, цифрлық құралды толық қолдана алмайды.

Төмен деңгей – ақпаратты түсінуде, ойын жеткізуде қиналады, сұрақтарға жауап бере алмайды; ақпаратты сыни бағалай алмайды, қауіпсіздік ережелерін сақтамайды не білмейді; цифрлық құралдарды қолдануда қиналады, тапсырманы өзбетінше орындай алмайды.

Ғылыми зерттеу жұмысы бастауыш сынып оқушыларының медиасауаттылығының қалыптасуын анықтау мақсатында эмпирикалық зерттеулермен жалғасты. Ол үшін интервью, тест және практикалық тапсырма әзірленді.

Бастауыш сынып оқушыларының медиасауаттылығының қалыптасу деңгейін ақпараттық-коммуникативтік компонент бойынша анықтау үшін интервью әдісі қолданылды. Интервью - белгілі бір тақырып бойынша адаммен сұхбат жүргізу әдісі. Экспериментке қатысушыларға жартылай құрылымдалған интервьюге қатысу ұсынылды.

Интервью «Оқушылардың медиамен жұмыс жасау дағдысы» деп аталынып, төмендегідей негізгі сұрақтардан және қосымша сұрақтардан құрастырылды:

1. Сен ақпаратты көбіне қайдан іздейсің?
2. Интернеттегі барлық ақпарат шынайы деп ойлайсың ба? Неге?
3. Қандай сайттарды немесе қосымшаларды жиі қолданасың?

4. Көбіне қандай ақпараттарды іздейсің?
5. Ақпараттың шын не жалған екенін қалай анықтауға болады деп ойлайсың?
6. Сен көретін видеолар немесе мультфильмдер не туралы, ол жердегі көрсетілгеннің бәрі шынайы деп ойлайсың ба?
7. Ақпаратқа түсінбесең, кімнен көмек сұрайсың?
8. Сен өз ойыңды интернет арқылы жібере аласың ба, қалай?
9. Сенің ойыңша, медианың (теледидар, интернет, қосымшалар) пайдасы неде?
10. Медиа арқылы қарым-қатынас жасау жолдары қандай?

Интервью сұрақтарына берілген жауаптарды бағалау үшін төмендегідей критерий белгіленді:

Жоғары деңгей – толық, нақты, өз ойын еркін жеткізеді, мысал келтіріп жауап береді (3 ұпай);

Орта деңгей – жалпылай жауап береді, нақтылықты қажет етеді, ойын жеткізуі толық емес (2 ұпай);

Төмен деңгей – жауабы өте қысқа, нақтылық жоқ немесе мүлде жауап бермейді, сұрақты түсінбейді (0-1 ұпай).

Бағалау шкаласы:

21-30 ұпай – жоғары деңгей

11-20 ұпай – орта деңгей

0-10 ұпай – төмен деңгей

Медиасауаттылықтың келесі компоненті - сыни және этикалық ойлау бойынша оқушылардың деңгейін анықтау үшін тестілеу әдісі қолданылды. «Сыни және этикалық ойлауды анықтау» тестінің сұрақтары төмендегіше үлгіде құрастырылды:

1. Бейнежазбада жалған ақпарат айтылып жатса, не істеу керек?
2. Біреудің суретін немесе видеосын рұқсатсыз интернетке жүктеуге бола ма?
3. Егер өзің туралы жағымсыз пікір оқысаң, не істейсің?
4. Сенімді ақпаратты қалай ажыратуға болады?
5. Егер біреу сенің жеке ақпаратыңды сұраса, сенің әрекетің қандай болмақ?

Тестілеуді бағалау шкаласы:

Әр дұрыс жауапқа 1 ұпай беріледі.

5 ұпай – жоғары деңгей

3-4 ұпай – орта деңгей

0-2 ұпай – төмен деңгей

Бастауыш сынып оқушыларының шығармашылық және тәжірибелік компоненті бойынша медиасауаттылығының деңгейін анықтау үшін практикалық тапсырма ұсынылды. Ол үшін практикалық тапсырма тақырыбы беріліп, ережелер түсіндірілді.

Тақырыбы: «Интернет қауіпсіздігі».

Ережелері:

1) оқушының таңдауы бойынша медиаөнім жасау, ол қысқа бейнеролик, цифрлық құралдармен суретті комикс немесе ақпараттық графика түрінде болуы мүмкін.

2) өз медиаөнімін ауызша таныстыру.

Бұл тапсырма арқылы оқушы тақырып аясында ақпарат іздейді, сыни тұрғыда талдайды, бағалайды және өңдейді, сол арқылы медиасауаттылықтың шығармашылық және тәжірибелік жағынан қаншалықты деңгейде қалыптасқанын анықтау мүмкіндігі туады.

Практикалық тапсырманы бағалау критерийлері:

- Мазмұнның ашылуы;
- Шығармашылық көзқарас;
- Ақпаратты қолдану және өңдеу дағдысы;
- Техникалық орындалуы;
- Уақыты мен талапты сақтау.

Бағалау шкаласы:

Әр критерий 3 ұпаймен бағаланады.

12-15 ұпай – жоғары деңгей
7-11 ұпай – орта деңгей
0-6 ұпай – төмен деңгей

Эмпирикалық зерттеу әдістерінің жүру барысы және одан алынған нәтижелер келесі бөлімде қарастырылады.


Нәтижелер мен талқылау. Бастауыш сынып оқушыларының медиасауаттылығының қалыптасу деңгейін ақпараттық-коммуникативтік компонент бойынша анықтау үшін жүрізілген интервью әдісіне оқушылар қызыға, белсенділікпен қатысты, сұрақтарды мұқият тыңдап, толық жауап беруге тырысты. *«Сен ақпаратты қайдан іздейсің?»* сұрағына респонденттердің 63%-ы *«Интернеттен»,* 27%-ы *«Кітаптардан»,* 10%-ы *«Ересектерден сұраймын»* деп жауап берген. *«Интернеттегі барлық ақпарат шынайы деп ойлайсың ба? Неге?»* сұрағына 81%-ы *«иә»*, 19%-ы *«нақты білмеймін»* деп жауап берді, неге олай ойлайтынын түсіндіріп бере алғандар үлесі өте аз. *«Қандай сайттарды немесе қосымшаларды жиі қолданасың?»* сұрағына респонденттердің басым көпшілігі тіл үйрету қосымшалары мен онлайн платформаларды атады. *«Көбіне қандай ақпараттарды іздейсің?»* сұрағына респонденттердің барлығы дерлік үй тапсырмаларына байланысты ақпарат іздейтінін жеткізді. *«Сен көретін видеолар немесе мультфильмдер не туралы, ол жердегі көрсетілгеннің бәрі шынайы деп ойлайсың ба?»* сұрағына оқушылар мультфильмнің ойдан шығарылатынын, ал видеолар шынайы болуы мүмкін екенін, 58%-ы теледидардағы мультфильмдерді көретінін, 38%-ы тек интернеттегі видеоларды көретінін, 6%-ы ешбірін көрмейтінін, оның себебі ата-анасының шектеу қойғандығы деп түсіндірді. Оқушылар түсінбеген ақпараты үшін ата-анасынан, апа-ағаларынан, апайынан көмек сұрайтынын айтты. Сонымен, берілген жауаптарды критерийлерге сай бағалай отырып, келесідей сандық мәліметтер аламыз: эксперименттік топ бойынша 6 оқушы – жоғары деңгей, 10 оқушы – орта деңгей, 9 оқушы – төмен деңгей, бақылау тобы бойынша 7 оқушы – жоғары, 9 оқушы – орта, 10 оқушы – төмен деңгейдегі ұпайларды жинақтады. Жуықтап алғандағы пайыздық мәні 3-кестеде берілген.

«Сыни және этикалық ойлауды анықтау» тесті оқушылар үшін қиындық тудырмады, себебі тек 5 сұрақтан ғана құралды және дайын жауап нұсқалары ұсынылды. Экспериментке қатысушылар тестіні уақытылы тапсырып үлгерді. Нәтижелері: эксперименттік топ бойынша: 5 оқушы – «5», 6 оқушы – «4», 8 оқушы – «3», 6 оқушы – «2» ұпай жинаса, бақылау тобы бойынша: 5 оқушы– «5», 7 оқушы – «4», 9 оқушы – «3», 3 оқушы – «2», 2 оқушы – «1» ұпай жинады. Жуықтап алғандағы пайыздық көрсеткіш 3-кестеде берілген. Жалпы көрсеткіш интервью жауаптарына қарағанда жоғарырақ, ол тестілеуді тапсыру жеңілдігіне, яғни жауап нұсқаларының берілуіне байланысты болар деп пайымдаймыз.

Практикалық тапсырма оқушылардың ақпаратпен тікелей жұмыс жасап, медиаөнім жасауына бағытталған шығармашылық сипатта ұсынылды. Тапсырма тақырыбы түсіндірілді, уақыт пен тапсырманы орындау талабы көрсетілді. Оқушылардың практикалық тапсырманы орындауы жеңіл болуы үшін осындай сипаттағы тапсырманың орындалу үлгісі көрсетіліп, бағыт-бағдар берілді. Тапсырма белгіленген критерийлер бойынша бағаланды. Нәтижесі: эксперименттік топтың 3 оқушысы тапсырманы талапқа сай орындай алған, 8 оқушысының тапсырмаларында тақырып пен негізгі ой толық ашылмаған, шығармашылық элементтері жеткіліксіз, 7 оқушының тапсырмасы толық ақталмаған, 5 оқушының тапсырмасында ақпарат дұрыс өңделмеген, 2 оқушы тапсырмасын кеш тапсырғаны анықталды, бақылау тобы бойынша 5 оқушы тапсырманы талапқа сай орындаған, 8 оқушының тапсырмаларында тақырып ашылмаған, 6 оқушы тапсырманы толық аяқтамаған, 5 оқушының тапсырмасында ақпарат дұрыс өңделмеген, 3 оқушы тапсырманы кеш тапсырған. Эксперимент нәтижелері 3-кестеде жинақталып ұсынылған және 3-суретте диаграмма түрінде көрсетілген.

Кесте 3 - Анықтаушы эксперименттік кезеңде алынған мәліметтер

Деңгей	Эксперименттік топ	Бақылау тобы
Интервью: «Оқушылардың медиамен жұмыс жасау дағдысы»		
Жоғары	24%	27%
Орта	40%	35%
Төмен	36%	38%
«Сыни және этикалық ойлауды анықтау» тесті		
Жоғары	20%	19%
Орта	56%	62%
Төмен	24%	19%
Практикалық тапсырма		
Жоғары	12%	19%
Орта	50%	44%
Төмен	38%	37%



Сурет 3 - Анықтаушы эксперименттік кезеңде алынған мәліметтер

Эксперименттің анықтаушы кезеңінің нәтижесі бойынша экспериментке қатысушы респонденттердің медиасауаттылық компоненттері бойынша даму деңгейлері орта деңгейді құрайтыны (орташа есеппен алғанда, эксперименттік топ бойынша: жоғары деңгей – 18%, орта деңгей – 48%, төмен деңгей – 36%, бақылау тобы бойынша: жоғары деңгей – 22%, орта деңгей – 47%, төмен деңгей - 31%) және эксперименттік топ пен бақылау тобының көрсеткіштері өзара жобалас екенін байқаймыз. Бұл бастауыш сынып оқушыларының медиасауаттылығын дамыту бойынша арнайы ұйымдастырылған жағдайлардың қажеттігін көрсетеді. Біз бұл міндетті қалыптастырушы эксперимент барысында жүзеге асыратын боламыз.

Қалыптастырушы экспериментке тек эксперименттік топ қамтылды және ол 4-суреттегідей жұмыс түрлерінен тұрды. Көрсетілген жұмыс түрлерін ұйымдастыруда UNESCO MIL (Media and Information literacy), Digital Citizenship тұжырымдамасы сынды әлемдік тенденция бағыттары ескерілді.



Сурет 4 - Қалыптастырушы экспериментті ұйымдастыру формалары, жұмыс түрлері және құралдар

Сабақ мазмұнында жалған және шынайы ақпаратты салыстыру; ақпаратты тексеру тәсілдері; медиамәтінге анализ жасау; цифрлық этика; ақпараттық графика жасау; медиажоба құру тәрізді медиасауаттылық дағдыларын меңгерту көзделді. Мұны сыни ойлау технологиясының озық стратегияларын: RAFT, SWOT-талдау, кластер және т.б. мен онлайн платформаларды қолдану арқылы жүзеге асыру жоспарланды. Сабақтан күтілетін нәтижелер: бастауыш сынып оқушыларының ақпаратты сыни бағалау, өңдеу және қолдану дағдылары дамиды; медиатұтынушы ретіндегі мінез-құлқы қалыптасады; медиаөнімдер жасаай алатын шығармашыл тұлға қалыптасады.

"Virtual MediaClub" үйірмесі сыныпқа ыңғайлы уақытқа белгіленген Zoom платформасында онлайн кездесу түрінде жүргізіледі. Виртуалды үйірме барысындағы жұмыс типтері:

- «Медиасағат» – аптасына 1 рет қызықты видео не жаңалық көрсетіп, бірге талдау;
- «Жалған немесе шын» – фейк жаңалықтарды анықтау ойыны;
- «Медиадетектив» –ақпаратты тексеру тапсырмалары;
- «Медиаөнер» – оқушылар жекелей фото, видео немесе пост дайындап, сыныптастарымен бөліседі, пікір қалдырады;
- «Сыни ойла және бөліс» – ой қозғайтын сұрақтарға пікірлерін қалдырады. Әр оқушының жеткен жетістігі онлайн медиапортфолиода сақталады.

Сыныпішілік медиаапта әр күнге түрлі бағыттағы медиатапсырма, көрме, флешмоб ұйымдастыру арқылы жүргізіледі.

Эксперименттік жұмыстарды жүргізуде оқытудың ғылымилық, көрнекілік, жүйелілік, бірізділік, өмірмен байланыс ұстанымдары сақталынды. Оқыту ұстанымдарының ескерілуі көздеген мақсатқа оңтайлы қол жеткізуге, жанама кері ықпалдарды болдырмауға, оқу бағдарламасынан ауытқымауға және оқушылардың жай-күйіне, қабылдауына теріс әсер етпеуге мүмкіндік береді.

Сыни ойлау технологиясының негізінде бастауыш сынып оқушыларының медиасауаттылығын дамыту мақсатында жоспарланған қалыптастырушы эксперименттік жұмыс жоспарының жалпы оқу үдерісі үшін табысты шара боларына сенім мол. Себебі оқу жоспарына сәйкес негізгі оқу пәндерін оқыту үдерісін сыни ойлау технологиясына негіздей отырып, медиасауаттылығының компоненттерін дамытуда осы жұмыстар дұрыс, ұстанымдарға сай жүзеге асырылса, оқушылардың ақпаратпен жұмыс жасау дағдылары дамып, шығармашылық қабілетінің артуына, коммуникативтік құзыреттіліктерін, цифрлық дағдыларын дамытуға қолайлы жағдай жасалады.

Қорытынды. Сыни ойлау технологиясы - оқушыны жан-жақты ойлауға, талдауға, бағалауға үйретіп, мәселенің шешімін табуға, субъективті жаңалық жасауға ұмтылдыратын, өзіне сенімділігін қалыптастыруға ықпал ететін тиімді әдіс. Сыни ойлау технологиясын оқушылардың медиасауаттылығын дамытуда тиімді пайдаланудан алатын нәтиже мол болуы мүмкін. Себебі олардың сыни ойлауға қатысты ортақ ұғымы, түйісер тұсы бар. Сыни ойлау технологиясын оқу үдерісінде арнайы ұйымдастырылған жағдайларда қолданып, медиасауаттылық дағдыларын дамытуға болады. Біз зерттеу барысында түйінді ұғымдардың мәнін қарастырып, бастауыш сынып оқушыларының медиасауаттылығының компоненттерін, көрсеткіштері мен өлшемдерін, деңгейлерін белгіледік. Диагностикалау барысында екі кезеңнен тұратын эксперименттік жұмыс арқылы сыни ойлау технологиясы негізінде бастауыш сынып оқушыларының медиасауаттылығын дамытудың жоспар үлгісін әзірледік.

Зерттеу мәселесін қарастыру нәтижесінде төмендегідей ұсыныстарды жеткіземіз:

- Бітіруші топтардың дипломдық жұмыстарына бастауыш сынып оқушыларының медиасауаттылығын дамыту туралы тақырыптар қосу;
- Медиасауаттылықты дамыту бойынша әлемдік тәжірибелердегі озық идеяларды әдістемелік құрал мазмұнына жинақтау;
- Бастауыш сынып мұғалімдеріне арналған оқушылардың медиасауаттылықтарын дамыту шеберлік курстарын ұйымдастыру.

Сыни ойлау технологиясы негізінде бастауыш сынып оқушыларының медиасауаттылығын дамытуды диагностикалау мәселесі бір зерттеудің аясында толық қарастырылды деуге келмейді. Тақырыпты қорытынды эксперименттік кезеңмен жалғастырып, көрсетілген әдіс-тәсілдерден де басқа ұтымды жолдарды қарастырып терең зерделеу қажет. Жалпы жасалынған теориялық талдаулар мен ұсынылған жоспар үлгіні бастауыш сынып мұғалімдері, болашақ бастауыш сынып мамандары өз кәсіби оқу-зерттеу жұмыстарында қолдана алады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

Abdykhalykova, A., Kussanova, B., Daurenkyzy, A. (2025). Mediagramotnost cherez kriticheskoe chtenie v prepodavanii angliiskogo iazyka. Scientific Journal of Pedagogy and Economics, 415(3), 48–62. https://doi.org/10.32014/2025.2518-1467.951

Al-Zou'bi, R. (2021). The impact of media and information literacy on acquiring the critical thinking skill by the educational faculty's students. Thinking Skills and Creativity, 39, 100782. https://doi.org/10.1016/j.tsc.2020.100782

Aralbaeva, A., Kariev, A., Abdrasilova, G. (2025). Issledovanie mediagramotnosti mladshikh shkolnikov: Vospriyatie informatsii, tsifrovaia bezopasnost i rabota s media. Bilim-Obrazovanie, 113(2), 49–57. https://doi.org/10.59941/2960-0642-2025-2-49-57

Aufderheide, P., Firestone, C. M. (1993). Media literacy: A report of the National Leadership Conference on Media Literacy. The Aspen Institute.

Brown, L. (Ed.). (1993). The New Shorter Oxford English Dictionary on historical principles. Clarendon Press.

Duncan, B. (Ed.). (1989). Media literacy resource guide. Ministry of Education of Ontario, Publications Branch, the Queen's Printer.

Elubaeva, P., Berkinbaeva, G., & Khamidova, A. Kh. (2023). State of media literacy education in language classrooms: Challenges and opportunities. Bulletin of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, 5(405), 71–87. https://doi.org/10.32014/2023.2518-1467.577

Elubaeva, P., Khudiarova, Sh., Tleubai, S. (2023). Rol mediagramotnosti v razvitii navykov kriticheskoi kommunikatsii na iazykovykh zaniatiiakh. Izvestiia: Seriia Pedagogicheskie nauki, 70(3). https://doi.org/10.48371/PEDS.2023.70.3.013

Fedorov, A.V. (2008). Razvitie mediakompetentnosti i kriticheskogo myshleniia studentov pedagogicheskikh vuzov. Moskva.

Fedorov, A.V. (2010). Slovar terminov po mediaobrazovaniiu, mediapedagogike, mediagramotnosti, mediakompetentnosti. Izdatelstvo Taganrogskogo gosudarstvennogo pedagogicheskogo instituta.

Halpern, D. (2000). Psikhologiia kriticheskogo myshleniia. Piter.

Hobbs, R. (2025). Media literacy in action: Questioning the media. https://www.mlaction.com/chapter-11

Lopez-Gonzalez, H., Sosa, L., Sánchez, L., Faure-Carvallo, A. (2023). Educación mediática e informacional y pensamiento crítico: Una revisión sistemática. Revista Latina de Comunicación Social, 81, 399–423. https://doi.org/10.4185/rlcs-2023-1939

Marfiah Ab Wahid. (2025). Developing critical thinking skills in the information age. https://esti.my/developing-critical-thinking-skills-in-the-information-age/

National Association for Media Literacy Education. (n.d.). The National Association for Media Literacy Education unites a community of educators committed to advancing media literacy education. https://namle.org/

Pagán-Castaño, J., Pagán-Castaño, E., Callarisa-Fiol, L., Sánchez-García, J. (2025). Strengthening critical thinking and its impact on new media literacy. ESIC Market, 56(1), e348. https://doi.org/10.7200/esicm.56.348

Paul, R., Elder, L. (2008). The miniature guide to critical thinking: Concepts and tools. Foundation for Critical Thinking.

Qazaqstan Respublikasy. (2007). Bilim turaly: Qazaqstan Respublikasynyn 2007 zhylgy 27 shildedegi № 319-III Zany. https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000319

Tazhenova, G. S. (2022). Studentterdin mediaquzyrettiligin qalyptastyrudyn psikhologiialyq-pedagogikalyq sharttary [Doctoral dissertation]. Almaty. https://www.kaznpu.kz/docs/doctoranti/gulsara/dis.pdf

ҒТАХР 14.25.01 https://doi.org/10.51889/2959-5762.2026.91.3.039

А.Нургалиева,[1] С.Нургалиева,[1] О.Колюх,[2] Н.Сабанбаев[3]*

[1]Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қ., Қазақстан
[2]Әлкей Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университеті, Павлодар қ., Қазақстан
[3]Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университеті, Қарағанды қ., Қазақстан

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНДА ҚАУІПСІЗ ӨМІР САЛТЫ МӘДЕНИЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ТИІМДІ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТӘСІЛДЕРІ: ЖҮЙЕЛІ ШОЛУ

Аңдатпа

Бұл жүйелі шолуда бастауыш білім беру ұйымдарындағы оқушылар арасында қауіпсіз өмір салты мәдениетін қалыптастыруға бағытталған педагогикалық тәсілдердің тиімділігі қарастырылады. Өмір бойы қауіпсіздік әдеттерін қалыптастырудағы бастауыш білім берудің маңыздылығын негізге ала отырып, шолу оқушылардың қауіпсіздікке қатысты хабардарлығын, білімін және мінез-құлықтық дағдыларын арттыруға бағытталған бағдарламалар мен стратегиялардың соңғы ғылыми нәтижелерін жүйелейді. Шолуға енгізілген зерттеулер интерактивті оқыту, тәжірибеге негізделген оқыту, сондай-ақ отбасы мен қауымдастықты оқу үдерісіне тарту сияқты әртүрлі педагогикалық тәсілдерді талдайды. Олардың оқушылардың білім деңгейіне, көзқарасына және қауіпсіз мінез-құлық қалыптастыруына әсері бағаланады. Нәтижелер теориялық біліммен қатар практикалық және тәжірибелік оқытуды біріктірудің маңыздылығын көрсетіп, жас ерекшеліктеріне сәйкес келетін интегративті білім беру тәсілдерінің тиімділігін дәлелдейді. Сонымен қатар, бастауыш мектептерде қауіпсіздік білімін жетілдіруге бағытталған болашақ зерттеулер мен педагогикалық тәжірибелер үшін ұсыныстар беріледі. Атап айтқанда, қауіпсіздікке қатысты білім, көзқарас және мінез-құлық өзгерістерін өлшеуге арналған стандартталған бағалау құралдарын әзірлеу қажеттілігі атап өтіледі. Нәтижелердің бірізді көрсеткіштері әртүрлі зерттеулерді салыстыруға мүмкіндік беріп, жүйелі шолулардың сенімділігін арттырады. Болашақ бағдарламалар оқушыларды, педагогтарды және ата-аналарды қамтитын кешенді тәсілді дамытуға бағытталуы тиіс. Сонымен қатар, қауіпсіз өмір салты мәдениетін қалыптастыруда цифрлық технологиялар мен ресурстарды пайдаланудың әлеуеті тереңірек зерттелуі қажет.

Түйін сөздер: бастауыш білім беру, қауіпсіздік, зерттеу, тиімділік, мәдениет, жүйелі шолу.

Нургалиева А.,[1] Нургалиева С.,[1] Колюх О.,[2] Сабанбаев Н.[3*]*
[1]Казахский национальный педагогический университет имени Абая, г. Алматы, Казахстан
[2]Павлодарский педагогический университет имени Әлкей Марғұлан, Павлодар, Казахстан
[3]Карагандинский национальный исследовательский университет имени академика Е. А. Букетова, Караганда, Казахстан

ЭФФЕКТИВНЫЕ ПЕДАГОГИЧЕСКИЕ ПОДХОДЫ К ФОРМИРОВАНИЮ КУЛЬТУРЫ БЕЗОПАСНОГО ОБРАЗА ЖИЗНИ У МЛАДШИХ ШКОЛЬНИКОВ: СИСТЕМАТИЧЕСКИЙ ОБЗОР

Аннотация

В данном систематическом обзоре рассматривается эффективность педагогических подходов, направленных на формирование культуры безопасного поведения у младших школьников. Учитывая ключевую роль начального образования в развитии устойчивых навыков безопасного поведения на протяжении всей жизни, обзор обобщает современные научные данные о программах и стратегиях, направленных на повышение осведомлённости учащихся, а также их знаний и поведенческих навыков в данной области. Включённые исследования анализируют различные педагогические подходы, включая интерактивное и практико-ориентированное обучение, а также участие семьи и сообщества в образовательном процессе. Оценивается их влияние на уровень знаний, установки и формирование безопасного поведения у учащихся. Результаты исследования подтверждают значимость сочетания теоретического и практического обучения, а также эффективность интегративных возрастно-ориентированных педагогических подходов. Кроме того, подчёркивается необходимость разработки стандартизированных инструментов оценки знаний, установок и поведенческих показателей, связанных с безопасностью. Сопоставимость результатов повышает надёжность и методологическую устойчивость систематических обзоров в данной области. Будущие образовательные программы должны основываться на комплексном подходе, включающем учащихся, педагогов и родителей. Дополнительно отмечается необходимость дальнейшего изучения потенциала цифровых технологий и образовательных ресурсов в формировании культуры безопасного поведения.

Ключевые слова: начальное образование, безопасность, исследования, эффективность, культура, систематический обзор.

Nurgaliyeva A.,[1] Nurgaliyeva S.,[1] Kolyukh O.,[2] Sabanbayev N.[3*]*
[1]Abai Kazakh National Pedagogy University, Almaty, Kazakhstan
[2] Pavlodar Pedagogical University named after Alkey Margulan, Pavlodar, Kazakhstan
[3]E.A.Buketov Karaganda National Research University, Karaganda, Kazakhstan

EFFECTIVENESS OF PEDAGOGICAL APPROACHES TO THE FORMATION OF A CULTURE OF SAFE LIFESTYLE AMONG PRIMARY SCHOOL STUDENTS: A SYSTEMATIC REVIEW

Abstract

This systematic review evaluates the effectiveness of pedagogical approaches aimed at developing a culture of safe living among primary school students. Recognizing the crucial role of primary education in establishing lifelong safety habits, the review synthesizes recent research findings on programs and strategies designed to enhance students' awareness, knowledge, and safety-related behavioral skills. The included studies examine various pedagogical approaches, such as interactive learning, experiential and practice-based instruction, as well as the involvement of families and communities in the educational process. Their impact on students' knowledge, attitudes, and safety-related behaviors is analyzed. The findings emphasize the importance of integrating theoretical and practical learning and demonstrate the effectiveness of age-appropriate, integrative educational approaches. Furthermore, the review highlights the need for standardized instruments to measure changes in knowledge, attitudes, and safety-related behaviors. Standardized outcome measures improve comparability across studies and enhance the reliability of systematic reviews in this field. Future educational programs should adopt a holistic approach involving students, teachers, and parents. In addition, further research is needed to explore the potential of digital technologies and educational resources in promoting safe living practices.

Keywords: primary education, safety, research, effectiveness, culture, systematic review.

Кіріспе. Қарқынды дамып келе жатқан әлемде балалардың қауіпсіздігі мен әл-ауқатын қамтамасыз ету бірінші кезектегі міндеттердің бірі болып табылады. Қауіпсіз өмір салты мәдениетін ерте жастан қалыптастыру балаларға ықтимал қауіп-қатерлерді тануға, негізделген шешімдер қабылдауға және олардың денсаулығы мен әл-ауқатын қорғайтын мінез-құлықтарды ұстануға мүмкіндік береді (Stiles-Shields et al., 2023). Демек, бастауыш білім беру жүйесінде қауіпсіз өмір салты мәдениетін енгізу оның тиімділігі мен тұрақтылығын қамтамасыз ету үшін ғылыми дәлелдерге негізделген стратегиялық тәсілді талап етеді.

Бастауыш сынып оқушылары жаңа мінез-құлық үлгілерін меңгеруге және қабылдауға айрықша бейім, бұл ерте білім беруді қауіпсіз өмір салтын қалыптастыру үшін ерекше маңызды кезеңге айналдырады (Lekše et al., 2023; Kiviranta et al., 2024). Бұл бағыттағы оқыту жеке қауіпсіздікті түсінуден және жол қозғалысы ережелерін білуден бастап, төтенше жағдайларда әрекет ету дағдыларын қалыптастыруға, сондай-ақ психикалық және эмоционалдық әл-ауқатты қолдауға дейінгі кең ауқымды қамтиды.

Интерактивті оқыту әдістері, «тең-теңімен» бағдарламалары, отбасының оқу үдерісіне қатысуы және қоғаммен ынтымақтастық сияқты әртүрлі педагогикалық араласу стратегиялары бастауыш сынып оқушылары арасында қауіпсіздік мәдениетін дамыту мақсатында білім беру ұйымдарында кеңінен қолданылуда (Orr et al., 2022). Бұл тәсілдердің тиімділігі мен оларға ықпал ететін факторлар зерттеушілердің ерекше қызығушылығын тудырып, осы саладағы әрі қарайғы зерттеулердің өзекті бағыты болып табылады.

Осы тұрғыда аталған зерттеу бастауыш сынып оқушыларына қауіпсіздікке қатысты білім беруге бағытталған педагогикалық араласулардың тиімділігін бағалауға арналған. Зерттеудің мақсаты – қолданыстағы зерттеу әдістерін, араласулардың ауқымы мен олардың нәтижелерін жүйелі түрде синтездеу арқылы озық тәжірибелерге жан-жақты шолу жасау және бастауыш білім беру деңгейінде қауіпсіз өмір салты мәдениетін қалыптастырудың әлеуетті бағыттарын айқындау.

Бұл шолу білім алушылардың білімді меңгеруі, мінез-құлқының өзгеруі және қауіпсіз тәжірибені ұзақ мерзімді сақтау сияқты негізгі аспектілерге баса назар аударады. Сонымен қатар, мұғалімдердің, ата-аналардың және жергілікті қоғамдастықтың мектеп ішінде және одан тыс ортада осы тәжірибелерді нығайтудағы рөлі қарастырылады. Ақырында, бұл шолу педагогтарға, білім беру саясатын әзірлеушілерге және оқу бағдарламаларын құрастырушыларға тиімді әрі ұзақ мерзімді қауіпсіздік бағдарламаларын әзірлеуге қатысты ғылыми негізделген ұсыныстар ұсына отырып, бастауыш мектептердегі қауіпсіздікке қатысты ғылыми әдебиеттер қорын кеңейтуге ықпал етеді.

Педагогикалық тұрғыдан алғанда, қауіпсіз өмір салты мәдениетін қалыптастыру – бастауыш сынып оқушыларының қауіпсіз мінез-құлық дағдыларын, әлеуметтік жауапкершілігін және тәуекелдерді бағалау қабілетін дамытуға бағытталған мақсатты педагогикалық үдеріс. Сондықтан қауіпсіздікке оқыту тек ақпарат берумен шектелмей, оқушылардың практикалық әрекеттеріне, өмірлік жағдаяттарды талдауына және қауіпсіз шешім қабылдау дағдыларын қалыптастыруына негізделген педагогикалық тәсілдер арқылы жүзеге асырылуы тиіс.

Осы зерттеу аясында қауіпсіздік ұғымы тек физикалық қауіпсіздікпен ғана шектелмейді. Қауіпсіз өмір салты мәдениеті оқушылардың денсаулығы мен өміріне тікелей қауіп төндіретін жағдайлардың алдын алумен қатар, олардың психологиялық және әлеуметтік әл-ауқатын қамтамасыз етуді де қамтиды. Осы зерттеу шеңберінде қауіпсіздік өзара байланысты үш құрамдас бөліктің жиынтығы ретінде қарастырылады: физикалық, психологиялық және әлеуметтік қауіпсіздік.

Физикалық қауіпсіздік оқушылардың жарақаттанудан, жазатайым оқиғалардан және қоршаған ортадағы қауіп-қатерлерден қорғалуын білдіреді. Психологиялық қауіпсіздік оқушылардың эмоционалдық жай-күйін, мектептегі қолайлы ахуалды және психикалық денсаулықты сақтауды қамтиды. Ал әлеуметтік қауіпсіздік мектеп ұжымындағы өзара сыйластыққа, буллингтің алдын алуға, әлеуметтік қолдауға және мектепке тиесілілік сезімін қалыптастыруға негізделеді.

Осыған байланысты жүйелі шолуға енгізілген зерттеулер қауіпсіздік мәдениетін қалыптастырудың әртүрлі қырларын қамтиды. Атап айтқанда, мектеп климаты, буллингтің алдын алу, оқушылардың психологиялық әл-ауқаты және мектепке тиесілілік сезімі мәселелеріне арналған зерттеулер қауіпсіз өмір салты мәдениетінің әлеуметтік және психологиялық құрамдас бөліктерін сипаттайтын маңызды ғылыми дереккөздер ретінде қарастырылды.

Осы зерттеулердің авторлары Wolff және өзге де зерттеушілер ерте білім беру кезеңінде қауіпсіздік мәдениетін дамыту балалардың өмір бойы салауатты әдеттерді қалыптастыруы мен қауіп-қатерлер туралы хабардар болуына негіз болатын маңызды фактор екенін атап өтеді (Wolff et al., 2020).

Сондай-ақ Tsinidou және басқа зерттеушілер бастауыш сынып оқушыларының когнитивтік және мінез-құлықтық дамуының ерте кезеңдерінде қауіпсіздікке қатысты негізгі өмірлік қағидаларды қалыптастыруда ерте педагогикалық араласулардың ерекше маңызға ие екенін көрсетеді (Aboud & Prado, 2018; Michail et al., 2024). Бұл көзқарастар қарастырылып отырған зерттеу үшін маңызды ғылыми негіз болып табылады және оның өзектілігін арттырады.

Берілген жүйелі шолудың әдіснамалық негізі Li et al. (2008), Gorely et al. (2009), Moreno-Gómez et al. (2020), Stilwell et al. (2024), Bright et al. (2022), Ivaniushina & Alexandrov (2022), Benbenishty et al. (2016), Killer et al. (2019), Arslan (2021), Pentek & Eisenberg (2018) зерттеушілерінің білім беру саласында қауіпсіз өмір салты мәдениетін дамытуға бағытталған табысты бағдарламаларды әзірлеу және енгізу жөніндегі еңбектеріне негізделеді.

Елімізде балалардың қауіпсіздігі мен әл-ауқатына қатысты қоғамда өсіп отырған алаңдаушылықты ескере отырып, бастауыш сынып оқушылары арасында қауіпсіздік мәдениетін шынайы және тұрақты түрде қалыптастыру ерекше маңызға ие.

Зерттеудің маңыздылығы. Бұл зерттеудің маңыздылығы қауіпсіздікке оқытудың тиімді педагогикалық әдістерін терең түсінуге мүмкіндік беруімен айқындалады. Мұндай түсінік барлық мүдделі тараптарға ғылыми негізделген шешімдер қабылдауға, ресурстарды тиімді бөлуге және әртүрлі өңірлердегі бастауыш сынып оқушыларының даму қажеттіліктері мен оқу мүмкіндіктеріне сәйкес келетін педагогикалық араласуларды әзірлеуге жағдай жасайды.

Сонымен қатар, бұл бағыттағы зерттеулер балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге және салауатты шешім қабылдау дағдыларын қалыптастыруға ықпал ететін қолдаушы әрі білімді қоғам қалыптастыру сияқты қауіпсіздік білімінің кең әлеуметтік әсерін көрсетеді. Зерттеу нәтижелері бастауыш сынып оқушыларының тікелей қауіпсіздігін арттырумен қатар, олардың ұзақ мерзімді бейімделгіштігін, тұрақтылығын және тәуекелдерді тану қабілетін дамытуға ықпал етеді. Бұл өз кезегінде балалардың күрделене түскен әлеуметтік ортада сенімді әрі жауапты әрекет етуіне мүмкіндік береді.

Жалпы алғанда, бұл зерттеу бастауыш білім беру жүйесінде қауіпсіз өмір салты мәдениетін дамытуға бағытталған педагогикалық тәжірибелерді жетілдіруге арналған ғылыми негізделген ұсыныстар ұсына отырып, қауіпсіздікке оқытудың маңызды рөлін айқындайды.

Осылайша, бастауыш мектептерде қауіпсіздік мәдениетін қалыптастыруға бағытталған педагогикалық стратегиялар мен араласулардың тиімділігін зерттеу ерекше өзектілікке ие. Әртүрлі зерттеулер нәтижелерін жүйелі түрде синтездеу арқылы бұл шолу аталған араласулардың оқушылардың қауіпсіздікке қатысты біліміне, көзқарасына және мінез-құлықтық дағдыларына әсері жөнінде маңызды ғылыми ақпарат береді.

Материалдар мен әдістер. Зерттеу PRISMA (Preferred Reporting Items for Systematic Reviews and Meta-Analyses) нұсқаулығына сәйкес орындалды. Әдіснама зерттеулерді анықтау, іріктеу, сапасын бағалау және нәтижелерін синтездеу кезеңдерінен тұрды.

Дереккөздер және іздеу стратегиясы

Ғылыми әдебиеттерді іздеу халықаралық дерекқорлар арқылы жүзеге асырылды:

- PubMed
- ERIC
- PsycINFO
- Web of Science

Іздеу 2008–2024 жылдар аралығында жарияланған рецензияланған зерттеулермен шектелді.

Іздеу барысында келесі негізгі кілт сөздер мен олардың комбинациялары қолданылды:

- «бастауыш мектепте қауіпсіздік бойынша білім беру»
- «мектеп қауіпсіздігі бағдарламалары»
- «балалар қауіпсіздігіне арналған араласулар»
- «қауіпсіз мінез-құлықты дамыту»

Қосу критерийлері:

Жүйелі шолуға келесі талаптарға сәйкес зерттеулер енгізілді:

- зерттеу нысаны — бастауыш мектеп оқушылары;
- қауіпсіздікке қатысты білім беру немесе мінез-құлықтық араласулардың болуы;
- эмпирикалық зерттеу дизайндары (рандомизацияланған бақылаулы зерттеулер, квази-эксперименттер, алдын ала/кейінгі өлшеулер);
- сандық, сапалық немесе аралас әдістердің қолданылуы.

Алып тастау критерийлері:

Келесі зерттеулер шолудан алынып тасталды:


- бастауыш білім беру деңгейіне қатысы жоқ жұмыстар;
- теориялық мақалалар, әдеби шолулар (егер жүйелі шолуға кірмесе);
- толық мәтіні қолжетімсіз зерттеулер;
- қауіпсіздік тақырыбына сәйкес келмейтін зерттеулер.

Зерттеулерді іріктеу төрт кезең бойынша жүргізілді:

- Қайталанған жазбаларды жою
- Тақырып пен аннотация бойынша скрининг
- Толық мәтінді бағалау
- Соңғы іріктеу және талдауға енгізу

Жалпы іздеу нәтижесінде 770 зерттеу анықталды. Қайталанған жазбалар жойылғаннан кейін және алғашқы скринингтен соң толық мәтінді бағалау жүргізілді. Нәтижесінде 104 зерттеу жүйелі шолуға енгізілді.

Іріктеу үдерісі PRISMA диаграммасы арқылы көрсетілген (1-сурет).



Сурет 1- PRISMA бойынша зерттеулерді іріктеу үдерісі

Сапаны бағалау (Mixed Methods Appraisal Tool: MMAT)

Енгізілген зерттеулердің әдістемелік сапасы MMAT арқылы бағаланды. Бұл құрал әртүрлі зерттеу дизайндарының (сандық, сапалық және аралас) сапасын кешенді талдауға мүмкіндік береді.

Кесте 1. MMAT бойынша зерттеулер сапасын бағалау

Сапа деңгейі	*Зерттеулер саны (n)*	*Үлесі (%)*
Жоғары сапа	72	69,23
Орташа сапа	24	23,08
Төмен сапа	8	7,69
Барлығы	104	100

MMAT нәтижелері бойынша зерттеулердің басым бөлігі жоғары әдістемелік сапаға ие (n = 72; 69,23%). Орташа сападағы зерттеулер 23,08%-ды (n = 24), ал төмен сападағы зерттеулер 7,69%-ды (n = 8) құрады. Бұл шолуға енгізілген деректердің жалпы әдістемелік сенімділігі жоғары екенін көрсетеді.

Нәтижелер. Әдебиеттерді жүйелі іздеу нәтижесінде төрт халықаралық дерекқордан (PubMed, ERIC, PsycINFO, Web of Science) барлығы 770 ғылыми жұмыс анықталды. Скрининг, дубликаттарды жою және толық мәтінді бағалау кезеңдерінен кейін 104 зерттеу жүйелі шолуға енгізілді. Іздеу тек ағылшын тіліндегі рецензияланған мақалалармен шектелді, бұл енгізілген деректердің ғылыми сапасын қамтамасыз етуге мүмкіндік берді.


Әрбір зерттеуден араласу түрі, зерттеу дизайны, үлгі сипаттамалары, нәтижелік көрсеткіштер және негізгі қорытындылар бойынша деректер алынды. Алынған мәліметтер нарративті синтез әдісі арқылы тақырыптық категорияларға біріктіріліп талданды. Сандық зерттеулер нәтижелері статистикалық көрсеткіштер негізінде қарастырылса, сапалық зерттеулерден араласулардың іске асырылу ерекшеліктері мен әсер ету тетіктері бойынша негізгі тақырыптар анықталды.

Жалпы алғанда, енгізілген зерттеулердің басым бөлігі қауіпсіздікке бағытталған білім беру бағдарламаларының оқушылардың білім деңгейіне, қауіпсіз мінез-құлық дағдыларына және практикалық әрекеттеріне оң әсер ететінін көрсетті. Көптеген сандық зерттеулерде алынған нәтижелер статистикалық тұрғыдан маңызды болды.

2-кестеде әдебиеттерді іздеу нәтижелері бойынша анықталған зерттеулердің бастапқы саны және іріктеу кезеңдерінен кейін жүйелі шолуға енгізілген зерттеулер саны көрсетілген. Ал сурет 2-те зерттеулерді іріктеу нәтижелерінің сандық көрсеткіштері көрнекі түрде ұсынылған.

Кесте 2. Іздеу нәтижесінде анықталған және іріктеуден кейін жүйелі шолуға енгізілген зерттеулер саны

Дерекқор	*Бастапқы зерттеулер*	*Іріктеуден кейін*
PubMed	180	24
ERIC	210	30
PsycINFO	160	22
Web of Science	220	28



Сурет 3 - Бастауыш мектептегі қауіпсіздік бойынша зерттеулерді іріктеу нәтижелерінің сандық көрсеткіштері

Ең көп зерттеулер Web of Science (n = 220) және ERIC (n = 210) дерекқорларында анықталса, PsycINFO базасында бұл көрсеткіш салыстырмалы түрде төмен болды (n = 160). Скрининг және іріктеу кезеңдерінен кейін барлық дерекқорлар бойынша енгізілген зерттеулер саны бір-біріне жақын деңгейде қалыптасты, бұл зерттеулерді іріктеу барысында қолданылған критерийлердің бірізді және қатаң сақталғанын көрсетеді. Алынған нәтижелер бастауыш мектеп оқушылары арасында қауіпсіз өмір салты мәдениетін қалыптастыру тақырыбының халықаралық ғылыми әдебиеттерде кеңінен қарастырылатын өзекті зерттеу бағыты екенін айғақтайды.

Жүйелі шолуға енгізілген зерттеулердің зерттеу дизайны, араласу түрі және географиялық таралуы бойынша жалпыланған сипаттамалары 3-кестеде ұсынылған.

Кесте 3. Жүйелі шолуға енгізілген зерттеулердің жалпы сипаттамасы

Көрсеткіш	*Зерттеулер саны (n)*	*Үлесі (%)*
Зерттеу дизайны		
Рандомизацияланған бақыланатын зерттеулер	28	26,92
Квази-эксперименттік зерттеулер	34	32,69
Алдын ала және кейінгі тестілеу дизайны	25	24,04
Сапалық зерттеулер	9	8,65
Аралас әдістерді қолданған зерттеулер	8	7,69
Барлығы	104	100,00
Араласу түрі		
Дағдыларға негізделген оқыту	46	44,23
Отбасы және қоғамдастық қатысуына негізделген бағдарламалар	31	29,81
Технологияға негізделген оқыту	27	25,96
Барлығы	104	100,00
Географиялық таралуы		
Солтүстік Америка	39	37,50
Еуропа	28	26,92
Азия	24	23,08
Австралия және Океания	9	8,65
Басқа өңірлер	4	3,85
Барлығы	104	100

Зерттеулер әртүрлі зерттеу дизайндарын қамтып, қауіпсіз өмір салты мәдениетін қалыптастыруға бағытталған бірнеше педагогикалық араласу түрлерін қарастырды. Зерттеулердің нәтижелері негізінен оқушылардың қауіпсіздік туралы білімін, мінез-құлқын және практикалық дағдыларын дамытуға бағытталған бағдарламалардың тиімділігін бағалауға арналған.

Нарративті синтез нәтижесінде үш негізгі араласу категориясы анықталды:

1. Дағдыларға негізделген оқыту.

Дағдыларға негізделген оқыту тікелей оқыту, интерактивті сабақтар және тәжірибелік оқыту әдістерін қамтитын ең жиі қолданылатын араласу түрі болды. Рөлдік ойындар, қауіпсіздік жаттығулары және практикалық іс-шаралар сияқты әдістерді қолданған зерттеулер оқушылардың қауіпсіздік бойынша білімі мен мінез-құлқының айтарлықтай жақсарғанын көрсетті.

2. Қоғам мен отбасының қатысуы.

Қоғам мен отбасының қатысуын қамтамасыз ететін араласулар ата-аналар мен қоғам мүшелерінің белсенді рөлін көздейтін бірлескен қауіпсіздікке қатысты білім беруге баса назар аударды. Отбасына бағытталған семинарлар мен қоғамдастық деңгейіндегі бастамалар сияқты бағдарламалар қауіпсіздік тұжырымдамаларын нығайтуда және балалардың мінез-құлқының ұзақ мерзімді сақталуын жақсартуда оң нәтижелер көрсетті.

Нарративті синтез нәтижелері интегративті дағдыларға негізделген және технологияға негізделген оқыту тәсілдерінің бастауыш білім беруде қауіпсіз өмір салты мәдениетін ілгерілетуде ерекше тиімді екенін көрсетті. Қоғам мен отбасының қатысуы тұрақты мінез-құлық өзгерісінің маңызды факторы ретінде анықталды, бұл мектептегі қауіпсіздік бойынша білім беруді нығайтуда қолдаушы ортаның рөлін айқындайды. Жалпы алғанда, бұл нәтижелер бастауыш сынып оқушыларының даму қажеттіліктеріне бейімделген көпқырлы араласулардың қауіпсіздік бойынша білімді арттыруда, көзқарастарды қалыптастыруда және практикалық қауіпсіздік дағдыларын дамытуда тиімді екенін көрсетеді.

Енгізілген зерттеулерден алынған деректер бастауыш мектептердегі қауіпсіздік біліміне бағытталған араласулардың сандық және сапалық нәтижелері туралы жан-жақты түсінік береді. Сандық зерттеулер нәтижелік көрсеткіштердің статистикалық маңыздылығы тұрғысынан талданды, ал сапалық зерттеулер араласулардың әсері мен олардың практикалық іске асырылуы бойынша қайталанатын тақырыптарды анықтау мақсатында қарастырылды. Негізінен рандомизацияланған бақыланатын сынақтар мен алдын ала және кейінгі тестілеу дизайнын қолданған сандық зерттеулер қауіпсіздік бойынша білімді меңгеру, мінез-құлықты өзгерту және дағдыларды дамыту сияқты өлшенетін нәтижелерге басымдық берді. Барлық зерттеулерде негізгі көрсеткіштер бойынша статистикалық тұрғыдан маңызды нәтижелер тіркелді, бұл қауіпсіздік бойынша оқыту шараларының оқушылардың нәтижелеріне оң әсер еткенін көрсетеді.

Сандық және сапалық талдаудың интеграцияланған нәтижелері бастауыш мектептерде қауіпсіздікке оқытуға бағытталған араласулар интерактивті және дағдыларға негізделген элементтерді қамтып, сондай-ақ отбасы мен қоғамның қолдауын енгізген жағдайда тиімді болатынын көрсетті. Сандық деректер білім, мінез-құлық және дағдылардың статистикалық тұрғыдан маңызды жақсарғанын растады, ал сапалық деректер ұзақ мерзімді әсерді қамтамасыз етуде қатысудың, мазмұнның өзектілігінің және қолдау жүйелерінің маңыздылығын атап өтті. Бұл тұжырымдар бастауыш сынып оқушылары арасында қауіпсіздік мәдениетін қалыптастыру үшін көпқырлы және контекстке бейімделген араласулардың қажеттілігін көрсетеді және олар қауіпсіздік бойынша білім беру саясаты мен тәжірибесін жетілдіруге ықпал етеді.

Енгізілген зерттеулердің сапасы. Енгізілген зерттеулердің сапасы сандық, сапалық және аралас зерттеулер бойынша әдістемелік қатаңдықты, деректердің сенімділігін, өзектілігін және есеп берудің анықтығын жан-жақты бағалауға мүмкіндік беретін аралас әдістерді бағалау құралы арқылы мұқият бағаланды. Бұл бағалау синтезге тек сапаның минималды талаптарына сәйкес келетін зерттеулердің ғана енгізілуін қамтамасыз етті, бұл шолу нәтижелерінің сенімділігіне ықпал етті.

Сандық зерттеулердің сапасы, негізінен рандомизацияланған бақыланатын сынақтар мен алдын ала және кейінгі тестілеу дизайндарын қамтыған зерттеулерде, жалпы алғанда жоғары деңгейде болды.

Нәтижелік өлшемдер, жалпы алғанда, сенімді және валидті болды, көптеген зерттеулер қауіпсіздік бойынша білім, мінез-құлық өзгерістері және дағдыларды өлшеу үшін стандартталған бағалау құралдарын пайдаланды. Алайда, тек қатысушылардың өзін- өзі есеп беру деректеріне сүйенген және қосымша объективті тексерусіз жүргізілген кейбір зерттеулер ықтимал қиғаштыққа байланысты төмен бағаланды.

Сапалық зерттеулерден алынған нәтижелер практикалық іске асыру қиындықтарын және қауіпсіз мінез-құлыққа мәдени әсерлерді түсіндіруде маңызды контекстік ақпарат берді және тұрақты түрде өзекті болды.

Аралас әдістермен жүргізілген зерттеулер сандық және сапалық нәтижелерді біріктіру деңгейі және әдістемелік триангуляцияның беріктігі негізінде бағаланды:

- Аралас әдістерді қолданған зерттеулер сандық нәтижелер мен сапалық тақырыптардың жоғары деңгейде интеграцияланғанын көрсетті, бұл нәтижелердің дәйектілігі мен негізділігін арттырды.

- Сауалнама нәтижелерін сұхбат деректерімен біріктіру сияқты әдістемелік триангуляция аралас әдістердің сенімділігін күшейтті.

Талқылау. Бұл жүйелі шолу бастауыш сынып оқушылары арасында қауіпсіз өмір салты мәдениетін ілгерілетуге бағытталған қауіпсіздік бойынша оқыту араласуларының тиімділігі туралы құнды дәлелдер ұсынады. Нәтижелер дағдыларға негізделген оқытуды, отбасы мен қоғамдастықтың қатысуын және технологияға негізделген оқытуды біріктіретін көпқырлы тәсілдер қауіпсіздік бойынша білімді, көзқарасты және мінез-құлықты нығайтуда әсіресе тиімді екенін көрсетеді.

Төтенше жағдайларды басқару және тәжірибелік оқыту сияқты практикалық әрекеттерді қамтитын араласулар оқушылардың қауіпсіздік бойынша білімі мен дағдыларын айтарлықтай арттырғаны анықталды. Бұл нәтижелер оқушыларға нақты өмірлік жағдайларда қауіпсіздік принциптерін қолдануға мүмкіндік беретін белсенді оқыту компоненттерін мектеп бағдарламаларына енгізу қажеттілігін көрсетеді. Интерактивті дағдыларды дамытуға бағытталған бағдарламалар балалардың қауіпсіздікті түсінуін жақсартып қана қоймай, олардың ықтимал қауіпті жағдайларға жауап беру сенімділігін де арттырады.

Отбасы мен қоғамдастықтың қатысуы қауіпсіз мінез-құлықты нығайту мен тұрақтандырудың маңызды факторы ретінде анықталды. Ата-аналар мен қоғам мүшелері қатысқан араласулар оқушылардың мінез-құлқына ұзақ мерзімді оң әсер еткен, бұл мектептен тыс қолдаушы ортаның қауіпсіздік бойынша білім беру әсерін күшейтетінін көрсетеді. Отбасылардың қауіпсіздік бағдарламаларына қатысуы балалардың қауіпсіздікке деген жауапкершілігін арттырады. Осыған байланысты педагогтар мен саясаткерлер қауіпсіздік бойынша білім беруде біртұтас және жүйелі тәсілді қамтамасыз ету үшін отбасы мен қоғамдастықты белсенді түрде тартатын араласу бағдарламаларын дамытуы тиіс.

Анимациялық бейнелер мен цифрлық модульдер сияқты технологияға негізделген оқыту әдістері бастауыш сынып оқушыларының назарын аударуда және олардың оқу үдерісіне қатысуын арттыруда тиімді екені анықталды. Қауіпсіздік бойынша білім беруде цифрлық құралдарды қолдану оқушылардың белсенділігін күшейтіп, білімді меңгеруді жақсартатын динамикалық тәсіл ретінде дәстүрлі оқыту әдістеріне маңызды толықтыру болып табылады.

Дегенмен, маңызды шектеулердің бірі — зерттеу дизайнының, араласу түрлерінің және нәтижелік өлшемдердің жоғары өзгермелілігі, бұл зерттеулер арасындағы тікелей салыстыруды қиындатады. Қауіпсіздік бойынша білімді, мінез-құлықты және көзқарасты өлшеу әдістерінің әртүрлілігі болашақ зерттеулерде стандартталған бағалау құралдарын әзірлеу қажеттілігін көрсетеді.

Сонымен қатар, кейбір зерттеулерде ресурстардың шектеулілігі және мектеп әкімшілігі мен ата-аналардың жеткіліксіз қолдауы сияқты енгізу кедергілері байқалды. Бұл факторлар, әсіресе ресурстары шектеулі мектептерде, қауіпсіздік бойынша кешенді бағдарламаларды енгізуді қиындататын практикалық шектеулерді көрсетеді. Болашақ зерттеулер бұл кедергілерді еңсеру үшін цифрлық шешімдер мен қоғамдастық серіктестіктерін дамыту жолдарын қарастыруы тиіс.

Тағы бір шектеу — кейбір зерттеулердің тек өзін-өзі есеп беру деректеріне сүйенуі, бұл мінез-құлық өзгерістерін бағалауда ықтимал қиғаштыққа әкелуі мүмкін.

Жалпы алғанда, енгізілген зерттеулердің сапасы жоғары деңгейде болды, олардың көпшілігі күшті әдістемелік қатаңдықты, сенімді деректерді және тиісті нәтижелерді көрсетті. Бұл жоғары

сапалы дәлелдер базасы бастауыш мектептерде қауіпсіздік бойынша оқытудың тиімді араласуларын дамытуға берік негіз қалыптастырып, осы шолудың негізгі қорытындылары мен ұсыныстарын қолдайды.

Болашақ зерттеулер мен тәжірибеге арналған ұсыныстар. Бастауыш мектептерде қауіпсіздік бойынша оқытуды ілгерілету мақсатында болашақ зерттеулер мен педагогикалық тәжірибелер үшін бірқатар ұсыныстар беріледі:

1. Болашақ зерттеулер қауіпсіздік бойынша оқытуға байланысты білім, көзқарас және мінез-құлықтағы өзгерістерді өлшеуге арналған стандартталған құралдарды әзірлеуге бағытталуы тиіс. Мұндай құралдар зерттеу нәтижелерін әртүрлі контексттер мен салыстырмалы (кросс-секциялық) зерттеулер арасында бірізді түрде салыстыруға мүмкіндік береді және осы саладағы жүйелі шолулардың сенімділігін арттырады.

2. Зерттеу нәтижелері отбасы мен қоғамдастықтың қатысуын қамтитын, сондай-ақ дағдыларға негізделген оқытуды біріктіретін көпкомпонентті араласулардың жоғары тиімділігін көрсетеді. Осыған байланысты болашақ білім беру бағдарламалары оқушыларды және олардың қолдау ортасын (отбасы, қоғам) қамтитын кешенді және жүйелі тәсілге басымдық беруі тиіс. Бұл қауіпсіз өмір салты мәдениеті туралы тұрақты және бірізді білім жүйесін қалыптастыруға ықпал етеді.

3. Қазіргі таңда технология балалардың өмірінде маңызды рөл атқаратындықтан, болашақ зерттеулер қауіпсіздік бойынша оқытуды жетілдірудегі цифрлық құралдар мен ресурстардың әлеуетін тереңірек қарастыруы қажет. Атап айтқанда, электрондық оқыту модульдері мен интерактивті бейнелер сияқты технологиялардың ұзақ мерзімді тиімділігі зерттелуі тиіс, сондай-ақ олардың оқу нәтижелеріне әсерінің уақыт өте келе сақталу деңгейі бағалануы қажет.

Қорытынды. Бұл жүйелі шолу бастауыш білім беруде қауіпсіздік бойынша оқытудың көпқырлы араласуларының маңызды рөлін айқындады. Қауіпсіздік бойынша тиімді бағдарламалар жас оқушыларда қауіпсіз өмір салты мәдениетінің берік негізін қалыптастыру үшін дағдыларға негізделген оқытуды, отбасы мен қоғамдастықтың қатысуын және технологияға негізделген тәсілдерді біріктіреді.

Белгілі бір шектеулерге қарамастан, алынған нәтижелер бастауыш білім беру саласында қауіпсіздік мәдениетін дамытуға ұмтылатын педагогтар мен зерттеушілер үшін маңызды ғылыми негіз ұсынады. Бастауыш мектептер кешенді, тартымды және қолжетімді қауіпсіздік бойынша білім беру стратегияларына басымдық беру арқылы оқушылардың қауіпсіздік мәдениетін қалыптастыруда шешуші рөл атқара алады.

Бұл тәсілдер оқушыларға ықтимал қауіптерді анықтауға, негізделген шешімдер қабылдауға және өз денсаулығы мен әл-ауқатын қорғауға бағытталған мінез-құлықты қалыптастыруға мүмкіндік береді. Зерттеу нәтижелері бастауыш білім беру бағдарламаларына қауіпсіздік мәдениетін дамытуға бағытталған арнайы педагогикалық модульдерді енгізудің қажеттілігін көрсетеді. Мұндай модульдер оқушылардың қауіпсіз мінез-құлық дағдыларын дамытып қана қоймай, олардың өмірлік құзыреттіліктерін қалыптастыруға да ықпал етеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

Arslan, G. (2021). School belongingness, well-being, and mental health among adolescents: Exploring the role of loneliness. Australian Journal of Psychology, 73*(1), 70–80. https://doi.org/10.1080/00049530.2021.1904499*

Aboud, F. E., & Prado, E. L. (2018). Measuring the implementation of early childhood development programs. Annals of the New York Academy of Sciences, 1419(1), 249–263. https://doi.org/10.1111/nyas.13642

Benbenishty, R., Astor, R. A., Roziner, I., & Wrabel, S. L. (2016). Testing the causal links between school climate, school violence, and school academic performance: A cross-lagged panel autoregressive model. Educational Researcher, 45*(3), 197–206. https://doi.org/10.3102/0013189X16644603*

Bright, M. A., Sayedul Huq, M., Patel, S., Miller, M. D., & Finkelhor, D. (2022). Child safety matters: Randomized control trial of a school-based, child victimization prevention curriculum. Journal of Interpersonal Violence, 37*(1–2), 538–556. https://doi.org/10.1177/0886260520909185*

Gorely, T., Nevill, M. E., Morris, J. G., Stensel, D. J., & Nevill, A. (2009). Effect of a school-based intervention to promote healthy lifestyles in 7–11-year-old children. International Journal of Behavioral Nutrition and Physical Activity, 6*(1), 5. https://doi.org/10.1186/1479-5868-6-5*

Ivaniushina, V., & Alexandrov, D. (2022). School structure, bullying by teachers, moral disengagement, and students' aggression: A mediation model. Frontiers in Psychology, 13, *883750. https://doi.org/10.3389/fpsyg.2022.883750*

Killer, B., Bussey, K., Hawes, D. J., & Hunt, C. (2019). A meta-analysis of the relationship between moral disengagement and bullying roles in youth. Aggressive Behavior, 45*(4), 450–462. https://doi.org/10.1002/ab.21833*

Kiviranta, L., Lindfors, E., Rönkkö, M. L., & Luukka, E. (2024). Outdoor learning in early childhood education: Exploring benefits and challenges. Educational Research, 66*(1), 102–119. https://doi.org/10.1080/00131881.2023*

Lekše, R., Godec, D., & Prosen, M. (2023). Determining the impact of lifestyle on the health of primary school children in Slovenia through mixed membership focus groups. Journal of Community Health, 48*(5), 857–869. https://doi.org/10.1007/s10900-023-01231-7*

Li, W., Wright, P. M., Rukavina, P. B., & Pickering, M. (2008). Measuring students' perceptions of personal and social responsibility and the relationship to intrinsic motivation in urban physical education. Journal of Teaching in Physical Education, 27*(2), 167–178.*

Michail, S., Grace, R., Ng, J., & Shier, H. (2024). Cultivating child and youth decision-making: The principles and practices of the ReSPECT approach to professional development. Children & Society, 38*(5), 1451–1470. https://doi.org/10.1111/chso.12812*

Moreno-Gómez, A., Luna, P., & Cejudo, J. (2020). Promoting school success through mindfulness-based interventions in early childhood. Revista de Psicodidáctica, 25*(2), 136–142. https://doi.org/10.1016/j.psicoe.2019*

Orr, N., Chollet, A., Rizzo, A. J., Shaw, N., Farmer, C., Young, H., … Melendez-Torres, G. J. (2022). School-based interventions for preventing dating and relationship violence and gender-based violence: A systematic review and synthesis of theories of change. Review of Education, 10*(3), e3382. https://doi.org/10.1002/rev3.3382*

Pentek, C., & Eisenberg, M. E. (2018). School resource officers, safety, and discipline: Perceptions and experiences across racial/ethnic groups in Minnesota secondary schools. Children and Youth Services Review, 88, *141–148. https://doi.org/10.1016/j.childyouth.2018.03.008*

Stiles-Shields, C., Reyes, K. M., Archer, J., Lennan, N., Zhang, J., Julion, W. A., & Karnik, N. S. (2023). mHealth uses and opportunities for teens from communities with high health disparities: A mixed-methods study. Journal of Technology in Behavioral Science, 8*(3), 282–294. https://doi.org/10.1007/s41347-022-00278-y*

Stilwell, S. M., Heinze, J. E., Hsieh, H. F., Torres, E., Grodzinski, A., & Zimmerman, M. (2024). Positive youth development approach to school safety: A comprehensive conceptual framework. Journal of School Health, 94*(9), 848–857. https://doi.org/10.1111/josh.13485*

Wolff, L. A., Skarstein, T. H., & Skarstein, F. (2020). The mission of early childhood education in the Anthropocene. Education Sciences, 10*(2), 27. https://doi.org/10.3390/educsci10020027*

ҒТАХР 14.29.01 https://doi.org/10.51889/2959-5762.2026.91.3.040

З.А.Мовкебаева, [1] *Д.С.Хамитова* [2*]

[1] *І. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, Талдықорған қ., Қазақстан*
[2] *Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана қ., Қазақстан*

МҮМКІНДІГІ ШЕКТЕУЛІ ЖАСӨСПІРІМДЕРДІҢ КӘСІБИ ӨЗІН-ӨЗІ АНЫҚТАУЫНА ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КӨЗҚАРАСТАР

Аңдатпа

Мақалада мектептік білім беру кезеңінде мүмкіндігі шектеулі білім алушылардың кәсіби болашағына қатысты педагогтердің негізгі ұстанымдары мен дефициттері айқындалады. Мүмкіндігі шектеулі білім алушылармен тікелей өзара әрекеттесетін білім беру ұйымдарының педагогтері мен мамандарымен жүргізілген сұхбаттар негізінде оқушылардың кәсіби болашағы туралы, мектеп пен педагогтің кәсіби бағдар берудегі рөлі жөніндегі, тиімді кәсіпалды даярлықты қамтамасыз ету үшін мектеп жағдайлары мен инфрақұрылымына қойылатын талаптар туралы педагогикалық түсініктер жіктеліп, құрылымдалды.

Алынған нәтижелер негізінде мектеп оқушыларының кәсіби өзін-өзі анықтау үдерісіндегі педагогтердің рөлі, олардың ұстанымдары мен мүмкін болатын кедергілерінің маңыздылығы атап өтіледі. Авторлар білім беру ұйымдарындағы кәсіби бағдар беру мен кәсіпалды даярлау үдерістерін жеке дараландырудың, еңбек нарығында сұранысқа ие заманауи кәсіптер мен мамандықтарға бағдарланудың маңызын ерекше көрсетеді.

Мақалада мүмкіндігі шектеулі оқушыларды олардың қалауы мен қажеттіліктеріне сүйене отырып, психофизикалық денсаулық жағдайын ескере отырып ерте кәсіби бағдарлаудың қажеттілігі, сондай-ақ дамуында бұзылыстары бар оқушылардың кәсіпалды даярлығы мәселелері бойынша педагогтердің қосымша даярлығын ұйымдастырудың орындылығы жөнінде ұсынымдар беріледі.

Мақаланың мақсаты – мүмкіндігі шектеулі білім алушылардың кәсіби өзін-өзі анықтау мүмкіндіктері туралы педагогтердің пікірлерін анықтау және талдау.

Мақалада мүмкіндігі шектеулі балаларды жалпы білім беретін пәндерге оқыту мен еңбекке баулудың заманауи педагогикалық және ұйымдастырушылық шарттары, кәсіби бағдар беру мен кәсіпалды даярлауды күшейту мәселелері сипатталады. Зерттеу нәтижелері психофизикалық дамуы бұзылған балаларды еңбекке оқыту және кәсіпалды даярлау үдерісінің бағдарламалық және оқу-әдістемелік қамтамасыз етуін әзірлеу кезінде қолданылуы мүмкін.

Түйін сөздер: кәсіби өзін-өзі анықтау, мүмкіндігі шектеулі балалар, кәсіпалды даярлық, педагогикалық көзқарастар, педагогикалық қолдау.

Мовкебаева З.А., [1] *Хамитова Д.С.* [2*]
[1] *Жетысуский университет имени И.Жансугурова, г.Талдыкорган, Казахстан*
[2] *Евразийский национальный университет имени Л.Н.Гумилева, г.Астана, Казахстан*

ПЕДАГОГИЧЕСКИЕ ПОДХОДЫ К ПРОФЕССИОНАЛЬНОМУ САМООПРЕДЕЛЕНИЮ ПОДРОСТКОВ С ОГРАНИЧЕННЫМИ ВОЗМОЖНОСТЯМИ

Аннотация

В статье определяются основные установки и дефициты педагогов относительно профессионального будущего обучающихся с ограниченными возможностями на этапе школьного обучения. На основании интервью с педагогами и специалистами образовательных организаций, которые непосредственно взаимодействуют с обучающимися с ограниченными возможностями, классифицированы и структурированы педагогические представления о профессиональном будущем учеников, о роли школы и педагога в профориентации, о требованиях к школьным условиям и инфраструктуре для эффективной предпрофильной подготовки и др.

На основании полученных результатов подчеркивается роль педагогов в профессиональном самоопределении школьников, значение их установок и возможных барьеров в понимании профессионального будущего детей с ограниченными возможностями. Авторами особо отмечается важное значение индивидуализации процессов профориентации и предпрофильной подготовки в организациях образования с ориентиром на современные профессии и специальности, наиболее востребованные на рынке труда. Делаются рекомендации, которые обосновывают необходимость ранней профориентации учащихся с ограниченными возможностями на основе их желания и потребностей, с учетом состояния их психофизического здоровья, а также целесообразность дополнительного обучения педагогов по проблемам предпрофильной подготовки школьников с нарушенным развитием.

Цель статьи – Выявить и проанализировать мнения педагогов о возможностях профессионального самоопределения обучающихся с ограниченными возможностями.

В статье описываются современные педагогические и организационные условия обучения общеобразовательным предметам и трудовой подготовки детей с ограниченными возможностями с усилением профориентационной и предпрофильной подготовки. Результаты проведенного исследования могут быть использованы при разработке программного и учебно–методического обеспечения процесса трудового обучения и предпрофильной подготовки детей с нарушениями психофизического развития.

Ключевые слова: профессиональное самоопределение, дети с ограниченными возможностями, предпрофильная подготовка, педгогические подходы, педагогическая поддержка.

Movkebayeva Z., [1] *Khamitova D.* [2*]
[1]*Zhetysu University named after I.Zhansugurov, Taldykorgan, Kazakhstan*
[2] *L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan*

PEDAGOGICAL APPROACHES TO THE PROFESSIONAL SELF-DETERMINATION OF ADOLESCENTS WITH DISABILITIES

Abctract

The article identifies the key attitudes and deficits of teachers regarding the professional future of students with disabilities at the stage of school education. Based on interviews with teachers and specialists of educational institutions who directly interact with students with disabilities, pedagogical perceptions of students' professional future, the role of school and teachers in career guidance, and the requirements for school conditions and infrastructure necessary for effective pre-vocational training are classified and structured.

The results emphasize the crucial role of teachers in the professional self-determination of school students, as well as the significance of their attitudes and potential barriers in understanding the professional future of children with disabilities. The

authors particularly highlight the importance of individualizing career guidance and pre-vocational training processes in educational institutions, with a focus on modern professions and specialties that are in demand in the labor market.

The article provides recommendations substantiating the need for early career guidance for students with disabilities based on their interests and needs, taking into account their psychophysical health status, as well as the advisability of additional training for teachers on issues related to pre-vocational preparation of students with developmental disorders.

Purpose of the article is to identify and analyze teachers' opinions regarding the possibilities of professional self-determination of students with disabilities.

The article describes contemporary pedagogical and organizational conditions for teaching general education subjects and vocational training of children with disabilities, with an emphasis on strengthening career guidance and pre-vocational preparation. The research results may be used in the development of programmatic and instructional-methodological support for labor education and pre-vocational training of children with psychophysical developmental disorders.

Keywords: professional self-determination, children with disabilities, pre-vocational training, pedagogical approaches, pedagogical support.

Кіріспе. Инклюзивті білім беруді белсенді енгізуге білім беру жүйесінің декларацияланатын бағытына қарамастан, мүмкіндігі шектеулі адамдарды жұмысқа орналастыруды, өзін-өзі жүзеге асыруды және өзін-өзі қамтамасыз етуді қоса алғанда, барлық қоғамдық және экономикалық процестерге толық енгізуге бағытталған педагогикалық практикада нормативтік-құқықтық қамтамасыз етудің жеткіліксіздігімен, тиімді әдістердің әзірленбеуімен және бейін алдындағы және өзін-өзі қамтамасыз етуді ұйымдастырудың нақты тәсілдерімен байланысты кәсіптік бағдар беру жұмыстарында белгілі бір қиындықтар байқалады. Сонымен қатар, мүмкіндігі шектеулі студенттердің мамандығын таңдау және болашақ кәсіби траекториясын құру көбінесе айналасындағы ересектердің әсеріне байланысты, өйткені олармен өзара әрекеттесу кезінде бала өзінің мүмкіндіктерін түсінеді және бағалайды, өз мүдделерін ынталандырады және өзінің кәсіби перспективаларына қатысты қажетті ақпарат алады. Педагогтердің мүмкіндігі шектеулі білім алушылардың кәсіби өзін-өзі анықтауын ұйымдастыруға және қолдауға жеткіліксіз дайындығы осы әлеуметтік топ өкілдерінің жұмысқа орналасу және тиімді кәсіби өзін-өзі жүзеге асыру мүмкіндіктерін төмендетеді. Сонымен қатар, мүмкіндігі шектеулі білім алушылардың кәсіптік бағдарлануы мен кәсіптік өзін-өзі анықтауы тиімдірек болуы мүмкіндігі бар,егер бейін алдындағы даярлыққа,педагогикалық тәсілдер тиімді педагогикалық әдістемелермен және педагогтердің болашақ кәсіптік қызметіне және олардың тәрбиеленушілерінің мансаптық өсуіне оң көзқарасымен сүйемелденетін болса тиімді болуы тиіс. Мақаланың мақсаты-Мүмкіндігі шектеулі оқушылардың кәсіби өзін-өзі анықтау мүмкіндіктері туралы педагогтардың пікірлерін талдау, олардың тәрбиеленушілерінің кәсіби болашағына қатысты көзқарастары мен тапшылықтарын анықтау.

Қазақстан Республикасында «мүгедектіктің әлеуметтік моделін» іске асыру жағдайында осы санаттағы адамдардың, оның ішінде жұмысқа орналасу кезінде де белгілі бір әлеуметтік теңсіздігінің болуы жалпыға бірдей болып танылған, осыған байланысты мемлекеттік деңгейде оларға барлық қажетті құқықтар мен теңдікті қамтамасыз ету ұсынылады,оның нәтижесі тәуелсіз және тәуелсіз өмір сүруге мүмкіндік беру болуы тиіс. Сәйкесінше, мүмкіндігі шектеулі білім алушылардың кәсіптік болашағын жоспарлау және кезең-кезеңімен құру мәселесі мектепте оқыту кезеңінде де ерекше маңызға ие. Бұл тапсырманы тиімді жүзеге асыру балаларда психофизикалық дамудың белгілі бір жеке ерекшеліктерінің болуымен, сондай-ақ педагогтардың оң немесе теріс педагогикалық көзқарастары мен үміттерімен байланысты бірқатар объективті және субъективті қиындықтар тудырады. Соңғысы көбінесе басым мәнге ие, өйткені бұл мүмкіндігі шектеулі оқушының еңбек қызметі мен кәсіби перспективаларындағы өзіндік мүмкіндіктері туралы пікірін қалыптастыратын мұғалім.

Белгілі бір педагогикалық теріс көзқарастардың, пікірлер мен тапшылықтардың болуы осы тақырып бойынша шетелдік және қазақстандық зерттеулердің нәтижелерімен куәландырылады. Мысалы, американдық ғалымдар мұғалімдер тарапынан мүмкіндігі шектеулі оқушылардан күтілетін нәтиженің төмендегенін атап өтті (Kullmann, 2025). Мұны Индонезиялық ғалымдардың зерттеуі дәлелдейді, сонымен қатар тәрбиешілердің кәсіби дайындық деңгейі, олардың

инклюзивті тәжірибесі және балалардың болашақ жетістіктері туралы пікірлері мен үміттерінің сипаты арасындағы корреляцияның болуын көрсетеді (Kristiana & Widayanti, 2017). Еуропалық комиссия жобасы аясында педагогтарды инклюзияға дайындау мәселесі бойынша жүргізілген зерттеу мүмкіндігі шектеулі балалардың кәсіби болашағы мен табысты мансабына қатысты көзқарастарының жоғары деңгейіне педагогтардың инклюзияға деген оң көзқарасының әсері туралы маңызды нәтижелер берді (European Agency for Special Needs and Inclusive Education, 2012).

Сауд Арабиясы ғалымдарының ғылыми жұмысында мұғалімдердің көзқарастарының мүмкіндігі шектеулі оқушылардың әлеуметтік және кәсіби жетістіктеріне әсері, олардың осы санаттағы балалардың ерекшеліктері мен мүмкіндіктері туралы идеялары туралы айтылады (Alsolami & Vaughan, 2023). Бұл ретте мүмкіндігі шектеулі балалардың академиялық және коммуникативтік жетістіктерінен күтілетін нәтиженнің оң сипатын төмендететін жағдайлар ретінде Джидда мұғалімдері мыналарды анықтады: оқушылардың психофизикалық және білім беру ерекшеліктері туралы білімнің жетіспеушілігі, әр баламен жеке жұмыс жүргізудің мүмкін еместігі (уақыттың жетіспеуіне байланысты), қажетті оқу-әдістемелік жұмыстардың болмауы немесе жеткіліксіздігі материалдар және т. б.

Айта кететін мәселе, жоғарыда аталған шетелдік дереккөздер, басқалар сияқты, мүмкіндігі шектеулі білім алушылардың әрі қарай әлеуметтенуі мен кәсіби табыстылығы мәселесіне педагогтердің көзқарасы мен пікіріне, олардың педагогикалық көзқарастарының сипатына, күтілетін нәтижелер мен тапшылықтарына баса назар аударып, олардың өзара ықпалы мен өзара тәуелділігін дәлелдейді. Зерттеушілер мұғалімдердің мектеп оқушыларының күшті жақтары мен мүмкіндіктеріне назар аударған жағдайда, олар біртіндеп шынайы және сонымен бірге сенімді және батыл кәсіби көзқарастарды қалыптастыратынын анықтады.

Осылайша, шетелдік зерттеулердің нәтижелері педагогикалық көзқарастар мүмкіндігі шектеулі балаларды мектепте оқытудың сәттілігіне ғана емес, сонымен қатар олардың мамандық пен кәсіби таңдаудағы тәуелсіздігінің дамуына тікелей әсер ететіндігін көрсетеді. Бұл ретте ғалымдар мен практиктер психофизикалық дамуының әртүрлі бұзылулары бар білім алушыларды бейін алдындағы оқытуды оларды еңбек қызметінің қарапайым түрлерін орындауға даярлаумен ғана шектемейді. Олардың пікірінше, мұндай дайындық балалардың әлеуметтік және материалдық жағдайын,өмір сүру сапасын жақсартуға және барлық қоғамдық процестерге барынша интеграциялануға мүмкіндік беретін жаңа мүмкіндіктердің ашық кеңістігі ретінде кәсіби қызметті түсінуін қалыптастыруға бағытталған.

Қарастырылып отырған мәселе бойынша Қазақстандық зерттеулерді талдау нәтижелері біздің еліміз үшін мүмкіндігі шектеулі және мүгедек адамдарды жұмысқа орналастыруға және оларды алдағы кәсіби қызметке дайындауға байланысты өзекті мәселелер тек қалыптасу сатысында тұрғанын көрсетеді. Осы мәселе бойынша қолда бар аздаған еңбектерді қарастыру негізінен педагогтердің инклюзивті білім беруге дайындығын қалыптастыру және дайындау, білім беру ұйымдарында арнайы жағдайлар жасау, мүмкіндігі шектеулі балаларды әлеуметтендіру және интеграциялау мәселелерін қозғайды (Оралқанова & Дүйсенбаева, 2020; Дюсенбаева, 2019).

